

Жанұзақ Физатов



Ұлы Даланың
қасиетті кумбезі

Ж. Ғизатов

**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ҚАСИЕТТІ КҮМБЕЗІ**

**Алматы
2009 жыл**

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Қаз)
Ғ 70

Ғизатов Ж.
Ғ 70 Ұлы даланың қасиетті күмбезі.– Алматы,
2009. 288 б.

ISBN 978-601-06-0203-8

Кітаптың бірінші тарауындағы тарихи тақырыптарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (2005 жылғы 22 қаңтардағы №29 және 2006 жылғы 6 қаңтардағы №6 бұйрықтарымен) жалпы білім беретін мектептерде өтілетін «Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығына қосымша материал ретінде ұсынған.

Тарихшы-өлкетанушы Ж. Ғизатовтың «Ұлы Даланың қасиетті күмбезі» кітабында орта ғасырлық дәуірдегі **Жастық** пен Еділ өзендері сағасы – Атырау өлкесі тарихы, онда кезінде Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы мемлекеттерінің астанасы болған Сарайшық қаласының пайда болуы, дәуірлеуі және құлауы тарихи деректермен баяндалған.

Автор ислам қағидаларымен байытылған ұлттық мәдениетіміздің әлемдік өркениеттегі орнын сәтті кестелеген.

Автордың бүгінгі күнгі түркітектілердің ортақ проблемалары және исламды қорғау турасында көтерген мәселелері әркімнің көкейіндегісін қозғағандай.

Кітап тарих тағылымынан сабақ алып, өз болашағына батыл қадам жасай білетін саналы қауымға, сәулелі ұрпаққа арналған.

Ғ 0503020905
00(05)09

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-06-0203-8

© Ғизатов Ж., 2009

*Жастардың еліне, туған жері –
Атамекеніне деген сүйіспеншілігін
ояту, еліміздің кемел
келешегіне сенімін
қалыптастырып, отаншылдық
сезімін тәрбиелеу үшін олардың
санасына ұлтымыздың
тамырлы тарихы мен
адамзат өркениетінде
елеулі орны бар өнегелі
мәдениетін сіңіруге көмектессек де-
ген ағалық оймен бұл кішкене еңбек
Сіздерге арналады,
XXI ғасыр жастары!*

Талайды туыс қылған, қандас қылған,
Төрінде талай мейман малдас құрған.
Сарайшық-Европа мен Азияның
Арасын алтын көпір жалғастырған.

Бұл жерде даңқы тарап шетке небір,
Дулатып дүниені өткен өмір.
Дамылдап жатыр мұнда дала ұлдары –
Тоқтамыс, әз-Жәнібек, Мөңке-Темір.

Көтеріп тағдырының талай жүгін,
Бұл жерде хандар өткен талай мығым.
Сарайшықта тәтті ер Едіге
Шұлғытып шұбар туын Ноғайлының.

Көк найза, сары садақ асынғандар,
Есесін жібермеген басынғанға.
Мәңгілік мекен тауып жатыр мұнда,
Қасқа жол салып кеткен Қасым хан да.

Алысқан дұшпанынан асқан әлі,
Кеше де ел болғанбыз астаналы!
Қазақта елдік, бірлік өнегесі
Осынау Сарайшықтан басталады.

Нұралы Әжіғалиев.

АЛҒЫ СӨЗ

Автордың еңбегі бірнеше тақырыптардан тұрады. «Атырау өлкесі Алтын Ордаға дейін» тақырыбында батыс өлкеде ескі заманда өмір сүрген тайпалар, рулар, олардың кәсібі мен жүргізген саясаты, көрші халықтармен қатынастары, ұстанған діндері байыпты ғылыми тұрғыда баяндалған. Жыл санауымыздан бергі кезеңдегі Арал-Каспий, Еділ-Жайық аралығын мекендеген тайпалар мен мемлекеттер жәйлі тарихи сараланған сүбелі материалдар берілген.

«Ұлы Жібек Жолы – дүниежүзілік өркениет жолы» тақырыбы автордың көп ізденісінен туған, дәйекті қорытынды жасауымен ұтымды. Ж.Ғизатовтың еңбегі негізінен Атырау өңірінің тарихы болғанмен алған бағыты, қояр нүктесі – Сарайшық. Солай болуы да заңды. Ол – Сарайшық тарихын марқұм М.Намазғалиевтан кейін үзбей зерттеп келе жатқан сол аудандағы бірден-бір өлкетанушы.

Сарайшықтың біздің тарихта алатын орнына автордың ерекше мән беруі өте орынды. Сонымен бірге Ж.Ғизатов өз еңбегінде бұған дейін өлкетанушы-тарихшылардың жазғандарын қайталап оқырманды зеріктірмейді, өзге қырынан баяндайды. Еңбекте Сарайшықтың Алтын Орда мемлекетінде экономикалық, саяси орны болуымен бірге, сауда керуені жолдарының түйіні болғаны жан-жақты ашылған.

«Алтын Орда хандары» тақырыбында әлемге аты жайылған ортағасырлық мемлекеттің атақты хандары туралы, әсіресе Ноғай батыр мен Ер Едігеге берген бағалары ұтымды шыққан. Тарихи тұлғаларға берілер баға жәй болжамға емес, нақты деректерге және олардың қисындылығына негізделетіні түсінікті.

«Бабамның жұрты – Ноғайлы» тақырыбындағы ноғай ұлысы тарихын кең көлемді деректерге сүйене отырып, тарихшы, филолог, философ ғалымдар жазғандарын екшелей келе өз тұжырымын түйіндейді. Ноғайлардың мекендеген аймағы, оны басқарған хандар мен билер, олар өмір сүрген орта, жүргізген соғыстары хронологиялық ізбен берілген. Ноғай Ордасы, оның дәуірлеуі, Ноғайлының Ресеймен, Қазақ

хандығымен қатынастары архивтік деректерге негізделіп жазылған. Ноғайлы жұртының бүгінгі аянышты күйі жөнінде толғана жазады автор. Ноғайлы жөніндегі қолына жинақтаған біршама тарихи деректерді автор жете зерттеп, орынды пайдалану арқылы тақырыпты аша алған. Еңбекте ұлттық мәдениет, ислам дінін таратушылар жөніндегі тақырыптар да өз орнын алып тұр.

Ж.Ғизатов еңбегіндегі бір ерекшелік – ортағасырлық тарихтың бүгінмен қисынды байланыстырылуы. Жібек Жолының ХХІ ғасырда жаңаруы, Ноғайлының бүгінгі аянышты халі, ұлтымыздың көне мәдениеті және ислам діні туралы тақырыптардың бүгінгі күні үлкен проблемаға айналып отырған жастар тәрбиесімен байланыстырылуы осыған дәлел.

Халқымыздың ертеңгі болашағы – жастарға деген ұстаздық үлкен жүректің лүпілі сезіледі.

Автор пайдаланған тарихшылар еңбектеріне өзге деректермен салыстыра, сын көзбен қарап, олардың атақ-даңқына қарамастан, келіспейтін жерлерінде өз пікірін, деректерге сүйеніп дәлелдейді.

Ноғай батырды, «ел қамын жеген» Едігені кейбір авторлардың пікірлерінен дәлелді қорғауы, «ежелгі ноғай жолы», «ноғай–қазақ руы» жөніндегі қисынды да батыл ұсыныстары, кейде дәлелі осалдығына қарамастан, ұнайды.

Батыс аймақта ортағасыр тарихы оқытылатын орта мектеп сыныптарында бұл еңбекті өлке тарихымен таныстыруда оқушыларға оқулыққа қосымша ретінде пайдалануға болады.

Тілі жеңіл, сөйлем құрастары келісімді, оқуға ыңғайлы, қызыға оқитын ғылыми тұрғыда жазылған, көпшілік қауымға арналған еңбек деп бағалауымыз керек.

Хисмет Табылдиев,
Қазақстан Республикасы Қоғамдық Ғылымдар
Академиясының академигі, тарих ғылымдарының
докторы, профессор.

ӘЛЕМДІК ДАМУ ИСЛАМ ЖОЛЫМЕН

Автор кітабының екінші тарауында ислам дінінің қазақ жеріне таралу тарихы, исламды сақтап қалу жолындағы түркітектілердің жанкешті күресі, Дешті Қыпшақта исламды таратушы діндарлар туралы тарихи деректерге негізделіп баяндалған.

Құранның ғылымдар негізі екендігіне көптеген нақты мысалдар мен дәлелдемелер келтірілген. Тарихи деректерді жалықпай іздеп, зерттеп, жүйелеп, хронологиялық негізде орналастырған, бір кездері халқына қызмет еткен діни қайраткерлеріміздің, ғұлама ғалымдарымыздың қасиетті есімдерін тірілтіп, сауапты іс атқарған авторға ризашылығымызды білдіріп, еңбегіне табыс тілейміз.

Автордың Қожа Ахмет Йассауи бабамыздың өмірінің бір ғана сәтін суреттеуінде үлкен ғибрат жатыр. Исламның таралуы тақырыбының басында, кезінде білместікпен әке жүрегіне жара салған ұлдың жарты ғасырдан кейін оның аруағы алдында бас иіп, арылуы – көпшілікке ой салар көрініс. Бұған дейін ислам тарихы, оның Қазақстанда таралуы туралы ғалымдарымыздың терең талданған тарихи еңбектері болған. Оларда республикамыздың түстігі мен орталық бөліктері жөнінде айтылғанмен, батыс аймақта исламның таралуы туралы деректер жетімсіз болатын. Автордың бұл еңбегі осы бір кемшіліктердің орнын толтырыпты.

Автор сөзімен айтсақ, «ұрпағына бабасы өсиетіне сай тәрбие беру, оның бойына ұлтының ата салтын қалыптастыру арманы болған әке мұсылмандықты шын жүрегімен қабылдады. Сөйтіп, ислам аузын ашса жүрегі көрінетін, жаны жомарт түркі халықтарының лас ой, жат пиғылдан таза ақ жүрегінен мәңгілік орын тапты».

Исламның қазақ даласына тарауы қаншалықты қиындықпен келген болса, оны қорғап қалу да бүгінгі күні үлкен проблемаға айналып отыр. «Көпшіліктің жүрегін жаулап алған исламның рухани зор қуатын

білім күшімізбен қоса бүгінгі жаһандану үрдісінің жасампаздық бағытына орайластыра, жойымпаздығына (жұтып жіберу қаупіне) қарсы бағытта алсақ қана ғасырлар бойы қалыптасқан ислам өркениетін байытып, оның аясындағылардың ұлттық болмысын сақтап қалуға болар».

«Әлемдік дамудың қатал сынынан өткен сара жолымен бүгінгі күнгі адамзат өркениетін одан әрі байытуда ислам діні негізге алынуы керек» – деген автор ойы өте орынды.

«Исламды қорғау жолындағы шайқастар» тақырыбында автор дабылды орынды көтеріп отыр. Әртүрлі секталарға еліктеп жүрген жастарымыздың белгілі бір тобына дәл осындай оралымды да түсінікті тілмен, ойып тұрып айтылатын, нақты деректерге құрылған уағыз керек.

Қазақстан діни басқармасының
Атырау облысы бойынша өкілі
Қазбек қажы Ахметов.

АВТОРДАН

Ұлы Дала, о шеті мен бұ шетіне құс қанаты талатын көсіле жатқан кең дала – Еуразия кеңістігі. Түркітекті бабаларымыз далалық көшпелі өркениетін осы ұлан байтақ далада қалыптастырыпты. Ежелгі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, өзге де тайпалық бірлестіктердің ізімен құрылған Түркі елі V ғасырдан XII ғасырға дейінгі аралықта ірі империя атанады. Өз кезінде Түркілер Еуразия кеңістігінде «елдің қамы, жердің тұтастығы үшін басы барларды идіріп, тізесі барларды бүктірген».

Бабаларымыздың «Тәңірі текті бек ұлдаран құл болғызбай, ару қыздарын күң болғызбай, ішер асын мол етіп, аз халқын көп еткенін» Құлтегін құлпытасынан оқып білдік.

Ақ Жайық – Ару Жайық – Кәрі Жайық ықылым замандардан бері түркітектілердің атамекені болған апайтөс Ұлы Даланы екі құрлыққа – Азия мен Еуропаға бөліп жатыр. Дала абыздары Асан Қайғы мен Қазтуған қой үстіне бозторғай жұмыртқалар Жерұйықты осы Жайық бойынан іздепті-ау!

Зәмзәм суы, тайдай тулаған балығы, шүйгін шөбі мен қыстың боранында мал-жанға ықтасын пана болған қоғалы қамысы, қалың тоғайы осы өлкені мекен еткен түркітектілердің ұрпағын сан ғасырлар бойына асырап келді.

Өзеннің сол жағы – көсіле жатқан Азия даласында жайраны мен құланы қайысып, төсінде аққу-қазы қалқып, құрағы мен тал-терегі майысып, айдыны шалқар шалқыған – Ұлы Су – Жайықтың оң жағалауындағы осы бір иінінде XIII ғасырдың орта шенінде Сарайшық қаласы бой көтеріпті.

Сарайшық – айбынды Алтын Орданың ірі сауда орталығы, кейін астанасы болған, ортағасырлық ғылым мен мәдениеттің ошағы, батыс өлкеде исламның алғашқы діни орталығы болған әулиелі орын, сонымен бірге жеті хан жерленген қасиетті мекен.

Кезінде Алтын Орда (XIV ғ.), Ноғай Ордасы (XV-

XVI ғғ.) және Қазақ хандығының (XVI ғ.басы) астанасы болған Сарайшық – Ұлы Даланың киелі күмбездерінің бірі.

XVIII-XIX ғасырларда Сарайшықтың, жалпы Атырау өлкесінің тарихын терең зерттеп, еңбектерінде құнды деректер қалдырған ғалымдар П.И. Рычков, А.Левшин, Н.М.Карамзин, И.Казанцев, Г.И.Пацевич, П.С. Паллас, Ф.Гебельдер, ал XX ғасырда Н.К.Арзютов, ұлтымыздың ғұламасы Әлкей Марғұлан болды. Әріректе, XIII-XV ғасырларда осы өлкеде болып, Сарайшықты өз көздерімен көрген шетел саяхатшыларының естеліктері де бар. Жергілікті өлкетанушы Намазғалиев Мұстажап өмірінің біраз жылдарын Сарайшық тарихын зерттеуге арнады. Еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бері ғалым З.Самашев бастаған қазақ археологтары көне қала орнында қазба жұмысымен айналысуда.

Бұдан бұрын Сарайшықтың тарихы, оның Алтын Орда мемлекетінде алатын орны туралы, Алтын Орданың салтанат құруы, Бөкей Ордасы, ондағы халық көтерілістері, осы өңірде кеңес өкіметінің орнауы, Атырау Ұлы Отан соғысы жылдарында тақырыптарында жергілікті тарихшылардың көлемді зерттеу мақалалары мен кітаптары жарық көргені оқырман есінде болар.

Қолыңыздағы кітапта (толықтырылып, екінші басылуында) ортағасырлық Сарайшық қаласы орналасқан Атырау, қос өзен сағасы, жалпы батыс өлкенің Алтын Ордаға дейінгі (I-XII ғғ.) және одан кейінгі (XV-XIX ғғ.) тарихын ашуға талаптандым. Қосқаным: Қазақ Даласында исламды тарату, бұл істе Қожа Ахмет Йассауи мен оның шәкірттерінің еңбектерін деректерге негіздеп баяндадым.

Жастарымызға үлгі-өнеге болар деген оймен батырлар туралы және Атырау ардагерлерінің өмір жолдары туралы мақалалар енгізілді.

Исламды қорғау, түркі әлемінің бүгінгі проблемалары туралы да өз көзқарасымды қостым.

Кішкене еңбек ел тарихын тануда оқырман қажетіне жараса – автор мақсатының орындалғаны.

I ТАРАУ

**АТЫРАУ ӨЛКЕСІ
I–XIX ҒАСЫРЛАРДА**

**...Шалкиіз жырау шалған жұрт,
Қазтуғаннан қалған жұрт.
Доспамбеттей қыршын ер
Соңғы демін алған жұрт.
Ақтамберді толғанып,
Махамбет атой салған жұрт.
Дауға түскен тектінің
Таңдайынан түйірлеп,
Сөз асылы тамған жұрт...**

Жанат Әскербекқызы

АТЫРАУ ӨЛКЕСІ АЛТЫН ОРДАҒА ДЕЙІН

Қос құрлықтың тоғысқан шекарасының біраз бөлігін ішіне алып жатқан республикамыздың батысы – Батыс Қазақстан өлкесі – Солтүстік Каспий, оның шығыс жағалауы, түстігі Үстірт, шығысы Торғай даласы, терістігі көрші Ресей, батысы Еділ өзенімен шектесіп жатыр. Біздің көне тарихын әңгіме еткелі отырған Солтүстік Каспий, Еділ мен Жайық өзендерінің төменгі сағалары (Атырау) аймағы осы батыс өлкеде. Бабалар мекені болған, қойны-қонышы байлыққа толы бүгінгі Батыс өлкеміздің «білсем» деген талабы бар жастарға тағылым берер терең тарихы да бар. Кәрі Каспий, Ақ Жайық, Атырау өңірін, атамекенін жатқа бермеу үшін талай ерлер «тебінгісін терге шірітіп, терлігін майдай ерітіп, ат үстінде күн кешті», талай боздақтар елінің тәуелсіздігі үшін қыршын кетті. «Бұл жерден халқына жайлы қоныс іздеп, желмаясымен арман қуып Асан Қайғы баба өткен. Жүрген жолын қан сасытып, құмырсқадай қалың қолмен өрт жайлатып Бату хан да өткен. Бостандық туын көтеріп Сырым би өтсе, отаршылдықтың ордасын ойрандау армандары болған ердің соңы Исатай мен жалынды ақын Махамбет өткен арманда. Елінің қайғысы мен қасіретін, қайраты мен жігерін Құрманғазы мен Дина күй ғып төксе, Мұхит аспандаған әнімен шырқап, Мұрат ақын жырына қосқан. Алтай – Алатау қазақ жерінің шығыс жақ қалқаны болғаны сияқты Атырау елге батыстан енгеннің тосқауылы бола білді» (Б.Қорқытов).

Бұл жерде Атыраудың ерлері «Еділ үшін егескен, Жайық үшін жандасқан, Тептер үшін тебісіп, Қиғаш үшін қырылған».

Географиялық бір ғана аймақтың тарихын оған іргелес жатқан өлкелердің өткенінен бөліп қарауға болмайтындығы жұртшылыққа түсінікті жәй. Осыны ескере отырып, қолымыздағы бар деректерді барынша саралап көрелік.

Тұран және Каспий маңы ойпаты тіршілік үшін мейілінше тұрақты жағдайларымен сипатталады.

Каспий теңізінің жағалауымен Үстірт қыратында тас ғасырының алдыңғы кезеңдерінен қола дәуіріне дейінгі үздіксіз эволюцияны дәлелдейтін көптеген тұрақтары сақталған. «Қазіргі Атырау облысы жерінен табылған неолиттік тұрақтарды: Шатпакөл, Құлсары-1-5, Шаңдыауыл, Қыземшек, Жыланқабак, Қойқара, Сарықамыс, Шаянды тұрақтарын мысалға келтіруге болады».1*

Каспий маңы ойпаты мен Үстірт қыратындағы эволюцияның ұзақ уақытқа созылуына табиғи жағдайлардың тұрақтылығы: қолайлы климат, аң аулау объектілері мен мекендеу орындарының көптігі, шикізаттың жеткілікті мөлшерде болуы, тұщы судың молдығы негіз болды. Атырау жері осыдан 10 мың жыл бұрын, жаңа тас ғасырының басында игеріле бастаған. Б.д.д. 3-мыңжылдықтың басында Солтүстік Каспий аймағында үй жануарларының алғашқы отарлары пайда бола бастаған. Атырау облысының бүгінгі күнгі Құрманғазы ауданындағы Қоңыркұдық, Көкмұрын, Үштаған, Қадырғали және Сазды деген жерлерден ежелгі малшылар тұрақтары табылған. Жез және қола қорыту орындарының ескі қалдықтары Қаратон, Сарықамыс, Аралтөбе қорғаны мен Иманқара тауы маңынан кездесті. Бұл өлкеде б.д.д. IV-III ғасырларда сармат тайпаларының қорғандары мен бейіттері болғандығын археологтар дәлелдейді.

Қола дәуірі кезеңінде бұл аймақты арийлер мекендеген. Бұл – сол кезгі зороастризм дінінің қасиетті заңдар жинағы Авеста бойынша тайпалардың жиынтық атауы екен. Авестада бұл өлкеде болған сайрима, хьона тайпалары аталады. 2*

Ал белгілі ғалым Мэри Боис зороастризм дінінің отаны Еділдің шығыс бетіндегі дала деп көрсеткен.

«... Парсы деректерінде Гиштасп патшаға Каспий теңізі маңындағы дала көшпенділерінен габр дінін уағыздаушы Зардуш (Заратуштра) деген адам келген.

Ол жыл – б.д.д. 1253 жыл. Осы жыл зороастризм дінінің (дуализм) шығу жылы болып есептеледі. Пайғамбарлық Заратуштраға 30 жасында келген екен. Ол Еділдің шығыс жағында көшіп жүретін, мал өсірген спитама (тама) деген көшпенді тайпадан шыққан. Гиштасп патшаға келгеннен кейін, осы жерден бастап зороастризм діні тараған». 3*

Біздің дәуірімізге дейінгі V-IV мыңжылдықтар шегінде солтүстік Арал мен Каспий өңірінде жылқыны жерсіндіріп, қолға ұстау іске асырылған. Зерттеушілер М.А. Итина мен В.А. Алешкиндердің қола дәуірінде Орта Азиядағы шаруашылық түрлері туралы еңбектерінде Еділ-Жайық өңірінде б.д.д V және IV мыңжылдықтар шебінде дамыған мал шаруашылығы болғаны айтылады. Өйткені суы мол, шөбі шүйгін өзен бойлары, теңіз жағалаулары малдың жайылысына, қыстағына өте қолайлы болған. Көне грек тарихшысы Геродоттың деректері бойынша өзінің солтүстік жағалауын мекендеген каспи деген халықтың атымен теңіз Каспий аталған. Сөйтіп, біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда осы аймақта «каспи» деген тайпа өмір сүрген, олар біздің дәуіріміздің VI-XI ғасырларында өздерінің этнонимін тайпа «хазар» атауында сақтап қалған, бұл атау бізге белгілі «қазақ» формасына ұласады. Ғалым Диаров Мұфтахтың айтуынша, Каспий теңізінің өте әріде Тетис, кейін Гиркан, Хазар, беріректе Жібек теңізі болып атауы өзгеріп отырған.

Ежелгі көшпелілер заманындағы Қазақстан мен Орта Азия аумағында тайпалардың орналасуын көрсететін картадан 4* б.д.д. VII-IV ғасырларда Каспийдің солтүстігі, шығысы, сондай-ақ Еділ мен Жайық өзендерінің теңізге құяр сағалары маңын савроматтар жайлағанын көреміз. Геродоттың деректерінде (IV том) савромат-Үлкен Плиний, Эфор, Псевдо-Скилак, Эвдокс сияқты тілі мен мәдениеті жағынан туыстас тайпалардың тобын біріктіретін атау. Савроматтар сол кезеңде Донның құйылысынан Еділдің сағасына дейінгі аралықтарда да болған.

Б.д.д II ғ – б.д V ғ. дейінгі кезеңде тарихта Еуразия даласында шығыстан батысқа түрлі тайпалардың орын ауыстырғандары айтылады. Бұл үрдіс II-V ғ-да кең етек алған. Алғашқыда ғұндардың қысымымен шығыстан батысқа басталған тайпалар қозғалысы Орталық Қазақстанды, Сырдария бойын, солтүстік аймақтарды қамтып, Арал, Каспий аймағына жалпылама ғұн деген атпен II ғасырда жеткен. Қоныстану қозғалысының Еуразия материгі үшін маңызы зор және Қазақстан халқының қалыптасу тарихына айтарлықтай әсерін тигізді. Ал Арал-Каспий даласының солтүстігі көптеген халықтардың шығыстан батысқа өтетін «дәлізі» іспетті болды деп жазады тарих ғылымдарының докторы С.Әжіғали. Табиғи ортаға мейлінше бейімделіп, мал шаруашылығын жақсы дамыта алуы сол дәуірдегі көшпелі тайпалардың өзін қоршаған экожүйемен үйлесімді өмір салтын қалыптастырып, әлеуметтік және саяси жағынан да кемелденіп, тайпалар бірлестігінен іргелі мемлекет болып бой көтеруге негіз болды. Қазіргі қазақ даласында пайда болған мемлекеттердің біздің дәуірімізге дейінгі кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейінгі үш мың жылдық шежіресін тарихшыларымыз мына кестемен түсіндіріп келеді: ертедегі Сақ, Үйсін, Қаңлы мемлекеттері, ортағасырлық Түркі, Түргеш, Қарлық қағанаттары, Хазар, Оғыз, Қыпшақ, Қарахан мемлекеттері, Найман, Керей хандықтары, Алтын Орда ұлысы, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы.

Осы ойымызды тақырыбымыз шеңберінде өрбітелік.

Арал-Каспий, Еділ-Жайық аумағында дәуіріміздің бастауында және Азия мен Еуропаның ортағасырлық тарихында аса маңызды рөл атқарған мемлекеттер пайда болды.

Олардың қатарында:

II-V ғасырларда – ғұн (кейбір әдебиеттерде гүн, гун деп те аталады),

VII-X ғасырларда – Хазар,

VIII-XI ғасырларда – Оғыз,
XI-XIII ғ.басында – Қыпшақ.

XIII-XIV-ғасырларда – Алтын Орда мемлекеттерін
атауға болады.

(Тақырыбымызға байланысты кейінгі мемлекеттерді атамадық).

Ғұндар

Француздардың энциклопедиясында ғұн ордасы II ғасырда Каспий теңізі солтүстігінде, қазіргі Батыс Қазақстан жерінде, Еділ мен Жайық аралығында пайда болған делінеді.

Ал ғұндар тарихын ұзақ жылдар зерттеген тарихшы, «Аттила» кітабының авторы С.Өтенияз Л.П.Гумилевтың жазбаларына сүйеніп, ғұн мемлекетіне б.д.д. 36-жылға дейін салық төлеп келген Қытайлар осы жылы шабуылға шығып, оны жеңеді, сөйтіп ғұндар төрт бөлікке бөлшектеніп кетеді. Сол бөліктердің бірі Еділ мен Жайық өзендері аралығына көшіп келіп мекендеген деп жазған.

Біздің әңгіме жасап отырған тақырыбымызға байланысты болғандықтан әуесқой зерттеуші Жұпбаев Құмарбектің Құран Кәрімде және одан бұрынғы киелі кітаптарда келтірілген тарихи деректерді кейінгі ғылыми мәліметтермен ұштастыратын мақаласынан үзінді келтірсек:

«... Әйгілі Тұран билеушісі, бүкіл түрік дүниесін біріктіріп, 116 жыл билік құрған Оғыз қағанның өмір сүрген заманы б.д.д. XII-XI ғасырлар. Оның алты ұлы болған: Күн, Ай, Иұлдыз, Көк, Тағ, Теңіз. Үлкен ұлы Күн хан билеген түріктерді күндер (гүндер) деп атап кеткен. Сол атпен олар тарихқа енген. Олар Қытаймен көп соғысқан. Ғұн империясын құрған. Ғұндар Орталық Азиядағы ең күшті жауынгер тайпалар болған. Олардың заманы б.д.д. III ғасырдан – б.д. V ғасырының ортасына дейін дәуірлеп тұрған. Ғұндар Еуропаға жорықтар жасаған. Ғұндарға оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар кірген». 5*

Еуразия даласында қалыптасқан көшпенділерді Қытайлар – ғұн,хұн деп атаса,грек тарихшылары – Скиф деп,ал парсылар – Сак деп атаған. Ғұндардың тарихта аса жауынгер халық болғандығы айтылады. Сондықтан болар б.д.д 206ж. Мөде басқарған ғұн тайпаларына Қытай да,Хань мемлекеті де ұзақ уақыттар салық төлеп келген. С.Өтенияз айтатын бөлшектенуден кейін де ғұндар ес жиып, II–V ғасырларда батыста Судэ, шығыста Юбань деп аталған қуатты мемлекеттерін құрған. «Ғұндардың арқасында – деп, көрсетеді профессор Б.Ермұқанов, – түркі тайпалары мен халықтары Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі орасан зор алқапты өзінің ата-мекені етті. Олар Ұлы даланы XVIII ғасырдың аяғына дейін мекендеді.Патша үкіметі (Ресейдің, Ж.Ғ.) даланы ноғайлардан «тазартты», оларды қырып-жойды, жер аударды, көбі жерін,елін тастап қашуға, босқын болуға мәжбүр болды.Қырым татарларының басым бөлігі,сол сияқты ноғайлар да Түркияны паналады». Тарихшы Абель Ремюза Қытай деректеріне сүйеніп, ғұндар-түркі тайпасының арғы атасы десе, ұлтымыздың ғұламасы Әлкей Марғұлан ғұндар тегісімен түріктер деп жазған. Құрамында Орта Азия мен Оңтүстік Сібірдің көшпенді түрік тілдес үйсін, қаңлы, дай, алан тайпалары бар ғұн мемлекеті II–V ғасырларда Каспий теңізінің солтүстік жағалауын мекендеген. Ғұн туралы А.Н.Бернштам: «Гуннский племенной союз в Средней Азии играл еще ту положительную роль, что он способствовал объединению кочевых племен Средней Азии и подготовлял сложение таких народностей, как киргизы, казахи, в известной мере и туркмены»– деп жазған. Ғұндардың өмірінде мал шаруашылығы үлкен орын алған. Олар жылқы малын ерекше құрметтеген, қой-ешкі өсірген,түйе,есек те ұстаған.Қойдың етін жеп, жүнінен киіз басып, терісінен тон тігіп, аяқ киім жасап пайдаланылған, аңшылықпен де айналысқан.

Ғұндар егіншілігі С.И. Руденко., В.С.Таскин жазбаларында айтылады.Н.Я.Бичуриннің жазуынша ғұндарда әскери қуатының негізі тез орын ауыстыра ала-

тын атты әскер болған. Қарулары – ағаштан иіп, аса ұқыптылықпен жасалған садақ, жеңіл және ауыр (сауыт бұзар) жебелер, оқтан қорғар қалқандар. Ғұндар 24 руға бөлінген, оларды рубасылары – ақсақалдар басқарған. Рулық құрылыстың ақсақалдар кеңесі және халық жиналысы сияқты жүйесі сақталған. «Ғұндарда жылына үш рет Лунциге жиналатын әдет болды, олар бірінші, бесінші және тоғызыншы айларда өткізіледі, «сюй» деп аталатын күні көк рухына құрбан шалынады. Сол жиналыстарда рубасылары мемлекеттік істерді талқылап, ат жарысы мен түйелердің жарысын қызықтайды». 6*

Уақыттың өтуімен Каспий жағасындағы ғұндар оңтүстік-батысқа қарай жылжып, иелік жерлерін кеңейтеді. Өйткені мал шаруашылығымен айналысқан ғұндарды Қара теңіз жағалауындағы шұрайлы жерлер қатты қызықтырған. Бұл кезеңде ғұн мемлекетінің нығаюына әйгілі қолбасшы Балаөмір (Баламбер) көп еңбек сіңірді. Оның тұсында ғұн ордасының шекарасы батыста Дунайға дейін кеңейеді. Мемлекет басына 445 жылы дарынды қолбасшы Еділ (Аттила) Мыңзықұлы келуімен ғұн державасы одан әрі дәуірледі. Дүниеге аты әйгілі Рим империясын бағындыратын да, бүкіл түрік жұртына енді қарсы тұрар ешкім қалған жоқ деп, Алтынжал деп атайтын арғымағынан түсіп, оның жүгенін сыпырып, босатып қоя беретін де осы Еділ. Аттила тұсында ғұн мемлекетіне Еділден Рейнге дейінгі, Македониядан Балтық теңізі аралдарына дейінгі аймақ елдері бағынды. Оның батырлығы, кемеңгерлігі мен әділеттілігі Еуропада аңыз болып тарады. Өйткені Аттила жеңгенінің бәрін талаған жоқ және өз мемлекетінде де, бұған бағынған тайпаларда да адамгершілікке негізделген реттілік пен тәртіп орнатты, әр сарбазын өзімен тең ұстады. Еуропа әлемін аузына қаратқан Римді жеңіп тұрып, оны таламай, талқандамай, атының басын кері бұруы Аттиланьң ұлылығын аңызға айналдырды. Әлемге аты әйгілі Италия суретшісі Рафаэль Аттиланьң Римге кіру сәтін өзінің сиқырлы қылқаламы күдіретімен тарихи суретке

айналдырды. Баба заманындағы Сақтардың бір ұлының ұлылығына, дарқандығы мен кемеңгерлігіне бас иген Италия елінің бүгінгі ұрпағы аталған суретті Римде діни орталықтың төріне іліп қойған көрінеді. Ғұндар туралы құнды деректерді II ғасырдың соңғы жартысында жазып, қалдырған грек жазушылары Дионис Перигет пен Кл.Птолемейді және Еділді өз көзімен көрген Приск-ні атайды өз еңбегінде С.Өтенияз. Ғұндардың Еділ мен Жайық, Қара теңіз арасындағы аумағын Еділдің ұлы Эллақ билеген екен.

453 жылы Еділ қайтыс болғаннан кейін әртүрлі ру-тайпалардан құрылған ғұн ордасының бірлігі әлсіреп, ыдырай бастайды.

Хазарлар

Бұрынғы ғұн мемлекеті иеленген аумақта келесі бір ғасыр бойы бірнеше хандықтар пайда болады. Солардың ішіндегі ірісі – 552 жылы Алтайдан Днепрге дейінгі алқапты түгел билеген Түрік қағанаты құрылды. Көшпелі тайпалардың басын қосып, іргелі мемлекетке айналдырған Бұмын (Елтеріс) қаған болған екен. Түрік қағанаты тарихында Құтылығ, Білге есімді кемеңгер қағандардың, Тоныкөктей дананың, Құлтегіндей асқан батырдың болғандығымен қалың оқырман енді танысып жатырмыз. Түрік қағанатының 603 жылы Шығыс және Батыс қағанаттары болып бөлінгені тарихтан белгілі. Осы кезде, 651 жылдар шамасында Солтүстік Каспий, Еділ мен Жайықтың төменгі сағалары аймағында ежелгі көктүріктердің қолдауымен Хазар мемлекеті пайда болады.

«Еділдің сағалық тұсында Хазария атты ұлы империяның – көшпелілер мемлекетінің астанасы дәуірлеп тұрыпты. Бір қызығы, сол ұлы елдің билеушілері ебірейлер еді де, айбаты мен қайрат-қаһары өз аталарымыз еді. Далалықтардың табиғи жауынгерлігін, ерлігін, ебірейлердің салқын, салиқалы ақылына әкеп қосақтаған тарихи тағдырдың нәтижесі тұсында Еура-

зияны тітіреткен қуатты мемлекет Хазария болатын»— деп жазған еді, халқымыздың тарихын насихаттауға үнемі көңіл бөліп келе жатқан «Алтын Орда» газеті өзінің алғашқы сандарының бірінде. Профессор С.Аманжолов VII ғасырда Каспий теңізі жағасында Хазар қағанатының болғанын, оны Алшын әулетінің басқарып отырғанын жазады. 7*

Хазар мемлекеті басшылығы туралы біз келтірген екі түрлі пікірді Лев Гумилев өзінің «Ежелгі Русь және Ұлы Дала» атты кітабында әдемі жымдастырады:

«803 жылы Хазария қағанатында аса ықпалды иудей Обадия дейтін біреу күллі билікті өз қолына алып, Ашина(Алшын) династиясынан шыққан ханды қуыршақ-билеушіге айналдырды да, раввиндік иудаизмді Хазарияның мемлекеттік дініне айналдырады».

Л.Гумилевтің аталған еңбегінде ебірей тұқымдастардың Хазар мемлекеті басшылығына келу жолы толық жазылған.

Хазарлар – сақтар тілінің ерекше бір тармағы деп түсіндіреді тарихшы Ө.Панзарбеков. Хазар атауының өзі үнді-арийлердің ассар-хассар немесе хазар деп дыбыстауынан пайда болған екен (Сақтар тілінде с әрпі ғұндар тілінде көмейлік ғ әрпімен алмастырылып айтылатыны тарихшы М.Ақынжановтың 1957 жылғы «Қазақтың тегі туралы» тақырыбындағы еңбегінде дәлелденген.) 8*

Славяндармен күреске толы өмір кешкен Хазар қағанаты – оңтүстік-шығыс Еуропадағы алғашқы феодалдық мемлекет, батыста Дунай, шығыста Маңғыстау мен Атырау және Арал өңіріне қанат жайып, қазіргі Батыс Қазақстан аймағын түгел алып жатты.

Хазарлар Византия, Араб халифаты елдері санасатындай күдіретті ел деңгейіне көтерілді. Оның астанасы Еділ өзенінің төменгі құйылысындағы Еділ қаласы болған. Кейін, X ғасырда теңіз суының астында қалған астана қаланың орны қазіргі Астрахан қаласынан біраз төменірек (теңізге қарай) болса керек.

Өзге тілдегі тарихи материалдарда Еділ өзенін

де, Хазардың астана қаласын да Итиль деп атау кездеседі. Итиль сөзі – көне түрік тілінен аударғанда (Ит – собака, волк, иль – страна, родина) – Көкбөрі елі мағынасын береді. 9*

Сақ, сармат, ғұндардың арғы бабасын бала кезінде қаншық қасқыр алып кетіп, өз сүтімен асыраған деген аңызға соқтыратын сияқты.

Махамбет Хакимовтың түсіндіруінше ғұндардың батыс аймақтағы (Каспий жағалауынан Кавказға дейінгі) сармат тайпаларымен, Қара теңіз маңындағы скифтермен араласып, жергілікті халықпен бір этносқа кіруінен хазарлар, бұлгарлар, печенегтер және Солтүстік Кавказ халықтары шығады. I-IV ғасырлар кезеңінде ғұндар батысқа орын ауыстыра отырып, көне сақ және сармат тайпаларының Алтайдан Азовқа дейінгі қосындарымен бірігеді.

Осы кезде «түрік» атауы пайда болды, оның сол кезгі мағынасы — әскери ақсүйек (военная знать) немесе әскери атақты (белгілі) адам.

Кейін түрік атауы алдыңғы аталған тайпалардың қосындысының жалпы атауына айналады. 10*

Академик Бартольд және профессор Танйұ ең алғашқы мұсылман – 732 ж. исламды ресми қабылдап, 68 жыл мемлекеттік дін еткен Хазар дәулеті болған дейді. Қазақстанның Атырау, Орал, Маңғыстау қатарлы батыс өңір аймақтарының бір кездері осы Хазар қағандығының жері болғанын ескерсек, исламияттың Қазақстанның батысына Хазарлар арқылы 732 жылы тым ертеде келгеніне көз жеткіземіз. 11*

VIII-X ғасырларда Маңғыстау, Үстірт, Арал өңірінде оғыздар мемлекеті де хазарлармен қатар өмір сүрді. Батыстан Маңғыстауға келіп тірелетін жазық далалардағы оғыздар мен хазарлардың қантөгіс соқтығыстары жиі болып тұратын. X ғасырдың ортасында Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларына дейін жеткен Хазар елінің шекарасы Маңғыстау далаларын да алып жатқан. Оғыздардың көшпелі ақсүйектері өздерінің отарлары үшін жаңа жайылым жерлерін, хазарлар жолын жауып

тұрған Дон және Қара теңіз жазықтарын қажет етті. Оғыздар үшін Еуропа мен Азияны жалғастыратын және Еділ бойы, Маңғыстау, Үстірт арқылы өтетін сауда жолдарының да маңызы зор болды. Аталған жолдарға бақылау жасауға қызыққан ежелгі орыс мемлекеті де одақтас іздеді. Саяси және сауда-экономикалық мүдделері тоғысқан оғыз және орыс мемлекеттері Хазар еліне бағытталған әскери одақ құрды.

Орыс елімен күш біріктірген оғыздар өз мүддесі жолында түрік тектес туысқаны – хазарларды құрбандыққа шалды. Сөйтіп, үш ғасырдан астам көршілерін мойындатқан қуатты Хазар елі 965 жылы тарих сахнасынан кетеді. 12*

Оғыздар

Оғыздар – VIII- XI ғасырларда өмір сүрген түркі тілдес тайпа. Оғыз тайпасының алғашқы ұйтқысы Жетісуда қалыптасады да, батысқа қарай жылжу кездерінде тайпа Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы көшпелі және жартылай отырықшы халық есебінен толығыады. Оғыздардың құрамына сол замандағы Сырдария аңғары мен Арал-Каспий даласындағы түріктенген тайпалар да еніп, оның этникалық қауымдастығы қалыптасады. А.Н.Бернштам оғыздарды иран-түркі элементтерінің өзара араласуынан пайда болған дейді. Ал С.П.Толстов «Олар массагет-ғұндардың арасына эфталиттер белсенді араласуынан шыққан» деген пікірге жүгінеді. «Оғыздардың шығу тегі туралы мағлұматтарды сұрыптай келе, олар да Каспий өңіріндегі жалпы түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақтардың этногенезінде ерекше орын алады деген қорытындыға келеміз». 13*

Оғыз тайпалары – қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен, өзбек, қарақалпақ халықтарының қалыптасуында негіз болған халықтың бір тобы. Махмұд Қашғари оғыздар 24 тайпадан құралған дейді. 14*

Оғыздың аталған тайпалары Ырғыз, Жайық, Жем, Ойыл өзендері бойы мен Арал өңірін қоныстанып, шығыста кейбір топтары Балқаш көлінің

түстігіне дейін барды, Қаратау баурайы, Шу алқабында да мекендері болды. Дегенмен Оғыздардың мейлінше тұтас қоныстанған жерлері – Каспийдің солтүстік өңірі мен Сырдарияның төменгі ағысы.

Араб деректемелерінде Сыр бойы, Арал өңіріне келместен бұрын-ақ Оғыздардың ордасы болғаны, оның Ескі Гузия деп аталғаны, астанасы болғаны айтылады. Шамамен алғанда Ескі Гузия қаласы – Оғыздардың алғашқы астанасы – Тянь-Шанның батыс сілемдері, Шу өзені және Сыр бойындағы Қаратау аралығында орналасқан болуы керек. 15*

VIII ғасырдың аяғы, IX ғасырдың бас кезіндегі кангар-печенегтермен соғыс, сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өмірлік қажеттігі оғыз тайпаларында мемлекеттік ұйым элементтерінің дамуына тікелей әсер етті. Оғыздардың IX ғ. аяғы – X ғ. басында қалыптасқан өз мемлекеттілігі болды делінген тарихта. X ғасырда Оғыздың астанасы Янгикент деп аталатын қала болды. Оғыздар иеленген Сырдың төменгі ағысында Жент, Жанкент және Хора деп аталатын қалалары болған.

IX-XI ғасырларда Оғыз мемлекетінің басшысы «жабғу» деген атағы бар жоғарғы билеуші болды. Оғыз мемлекеті саяси және әлеуметтік табиғаты жағынан феодалдық мемлекет болды. Жоғарғы билікші «жабғуды» жеке-дара билігін ірі әскери-тайпалық ақсүйектердің кеңесі шектеп отырды. Оғыз мемлекетінің дәуірлеген тұсы – Әлихан мен оның ұлы Шахмәліктің ел билеген кезі. Көшпелі және жартылай отырықшы тайпалардан құралған Оғыз елінің шаруашылығының негізі мал болғандығы түсінікті. Өзендер аңғары, көл, теңіз маңын мекендеген тайпалары малмен қоса, егіншілікті де кәсіп етті.

X ғасырда Оғыз тайпаларының көпшілігі Арал мен Каспий теңіздерінің маңындағы далаларға қоныстанды. Сондай-ақ, Оғыздар Ырғыз бойында, Мұғалжар тауының баурайында, Жем мен Жайық бойында, Аралсор, Ойыл жағалауларында көшіп жүрген. Мұғалжар жотасы маңында Оғыздардың Нуджак және Бадағак деген қамалдары, осы қамалдар мен оңтүстік Орал сілем-

дері арасында Даранда (Дендера) және Дарку деген шағын бекіністері болғаны айтылады. Қазіргі Атырау облысының Индер ауданы орталығы Дендер қалашығы – сонау X ғасырдағы Оғыздардың Дендера бекінісінің орны болуы жобаға келеді. Сөйтіп, Оғыздардың қоныстары мен қамалдарының батыс шекаралары Оңтүстік Орал мен Еділдің төменгі бойына дейін жеткен. X ғасырда Оғыздардың Еуразия далалығында үлкен саяси күшке айналғандығы, олардың орыстармен одақтасып, хазарларды талқандағаны бұрын айтылды. Кейін XI ғ. ортасында қыпшақтар оғыздарды ығыстырды. Қыпшақтардан жеңіліс тапқан оғыздардың бір бөлігі Маңғыстау түбегін паналаса, екінші бөлігі батысқа – Еуропа даласына ығысады.

Қыпшақтар

С. Аманжолов, М. Тынышбаев және Ш. Құдайбердиевтердің шежірелерінде қыпшақты – түркі тайпасы, түрік-қыпшақ бір ұғым деп түсіндіреді. Қыпшақ атауының тарихта әріден келе жатқаны айтылады. Профессор А. Бернштам қыпшақ сөзін б.д.д 201 жылы жазылған қытай тарихшысы Ши-Цзидің еңбектерінен кездестіргенін айтса, тарихшыларымыз Селенга маңынан табылған, 759 ж. орнатылған тас ескерткіште қыпшақ атауы бар екендігін жазады. М. Қашқари XI ғасырда жазылған еңбегінде:

«Түркілердің бір тармағы – қыпшақтар Еділ мен Жайық бойын қоныстанған...» деп көрсетеді. Қыпшақ пен қаңлы тайпаларының қандастығы туралы Бартольд пен Аристовтың, қыпшақ руы туралы Рашид-аддиннің, қыпшақ бірлестігінің тармақтары туралы Ибн-Халдунның, өзге де зерттеушілердің еңбектері бар. IX ғасырда өмір кешкен араб географы Ибн-Хордадбех те қыпшақтарды түрік тайпаларының қатарында көрсетеді. Қазақстан аумағында қыпшақтардың этникалық қауымының қалыптасуының ұзақ процесі үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – қимақ тайпалық одағы негізінің құрылуымен байланысты. Бұл кезеңде VII ғ. екінші жартысынан – VIII ғ. аяғына дейін, қыпшақтар маңызды рөл атқарады. Бұл уақытта қыпшақтар мен түрік тайпалары арасында тығыз мәдени әрекеттестік жүріп жатты.

Екінші кезең – VIII ғ. аяғынан XI ғ. басына дейінгі аралықта қыпшақтар қимақ мемлекетінің ыдырауынан тарих сахнасына шықты. Бұл кезеңде қыпшақтар шығыста Алтай мен Ертіске дейінгі, батыста Оңтүстік Орал таулары мен Еділге дейінгі кең аумақты бірте-бірте қоныстана бастады. Оғыз даласы енді Қыпшақ даласы – Дешті-Қыпшақ деп аталды. Бұл атауды алғаш «Диван» деген шығармасында парсы тарихшы-ақыны Насыр ибн-Хұсрау қолданған.

Дешті-Қыпшақтың тарихи-географиялық аумағын шартты түрде Еділ өзені бойымен екі ірі этнотерриториялық бірлестікке бөлуге болады:

– династиялық ру билейтін Батыс Қыпшақ («половецтер даласы» аймағы)

– хан тұқымы басқаратын Шығыс Қыпшақ (Дешті Қыпшақ аймағы). Үшінші кезең – XI ғ. басынан – XIII ғ. басына дейін – хан династиясымен заңды деп танылған қыпшақ хандарының қуатының өсуімен байланысты. Қыпшақхалқықандық-туысқандық байланыстар негізінде емес, территориялық-шаруашылық қатынастар принципі бойынша біріккен көптеген рулар мен тайпалар негізінде қалыптасты. Орда деп аталатын хан ордасында оның мал-мүлкі мен армиясын басқаратын басқару аппараты орналасты. Әскери әкімшілік жағынан Қыпшақ хандары ертедегі түріктердің дәстүрлерін ұстанып, екі қанатқа: ордасы Жайық өзенінде, Сарайшық қаласы орнында орналасуы ықтимал оң қанатқа және ордасы Сығанақ (Сырдариядағы) қаласында орналасқан сол қанатқа бөлінді. 16*

XI ғасырдың басында Қыпшақтар әскери-саяси үстемдікке ие болды. Сыр бойындағы Оғыз жерлерін, Арал-Каспий, Жайық пен Еділ аймағындағы бұрынғы

Хазар иеліктерін басып алды. Қыпшақтар оңтүстік орыс даласын, Кавказ бен Қырымды өзіне қаратты.

Еуропадағы аз санды тайпалар қаптаған Қыпшаққа жұтылып кетті.

Сөйтіп, Қыпшақтар XIII ғасырдың басында Дон өзенінен сонау шығыста Қытайға дейінгі, Қара теңізден Оралға дейінгі ұшан-теңіз аймақты иеленді. Өз заманында дүниені тітіреткен Қыпшақтың осал жері – бір орталыққа бағынған мемлекет құрмай, әртүрлі ұсақ хандықтарға бөлініп, әр өңірде өмір сүрді. Сол бытыраңқылығы өздерінің түбіне де жетеді. XII ғ. соңына таман Қыпшақтың негізгі күші түстікте Хорезмшах әскерінен жеңіліс табады. Бұл үлкен апаттың хабаршысы еді, бірақ одан қорытынды шығарылмады. Билік жолындағы өзара қырқыс ақыры өздерінің монғолдарға оңай жем болуына соқтырды. Л. Гумилев жазғандай, XI ғасырда түркі суперэтнос санатында сөне бастағанда тоқсан екі баулы (рулы) Қыпшақтар тарих сахнасына шықты. М. Көпеев шежіресінде: «XII ғасырда Қыпшақтар бүкіл араб, парсы, славян, роман – герман халықтарының үрейін ұшырған күдіретке айналды, Ертістен Еділге, Шу мен Таластан Каспийге дейінгі біртұтас ең далада Қыпшақ одағы үстемдігін жүргізді. 1055 ж. олар орыс шекарасына жетіп, Еділден Донға, одан Днепр мен Днестрге өтті. Енді бұл кеңістікті орыс шежіресі Поле половецкое деп атауға мәжбүр болды...» деп жазады.

Біз атаған Ғұн, Түргеш, Қарлұқ, Хазар, Қарахан, Қимақ, Оғыз, Қыпшақ мемлекеттері бір негіз – Түріктен тарағандығын дәлелдейді тарихта.

Түрік тектестердің Еуразия кеңістігіндегі жеңістеріне толы (жеңілістері де жоқ емес) үш мың жылдық тарихы босқа өткен жоқ.

Батыс қыпшақ тайпалары оңтүстік орыс даласының, Еділ бойы мен Жайық өңірінің түркі тілдес халықтары – печенегтердің, оғыздардың, хазарлардың қалдықтары мен ертедегі болгар және башқұрт тайпаларының бір бөлігін қамтиды. Шығыс қыпшақ

құрамында қарлұқтар, қимақтар, қарақытай және өзге де ұсақ тайпалар болып, кейін бұл кеңістікте қырғыз, қазақ, өзбек, қарақалпақ, түркімен халықтарының қалыптасуына әсер етті. Қыпшақтар өздерінің ана тілінде сөйлеп, ислам дінін ұстады. Қыпшақтың ана тілі дегеніміз – түрік тектестердің сонау Сақ, Ғұн бабаларынан бері келе жатқан орасан зор кеңістікте өмір сүріп жатқан тайпалардың ортақ тілі болатын.

Сонымен бірге қыпшақ тілі сол бір кезеңде сонау түстіктегі Мамлюк мемлекеті мен Армян колониясында, Қырым далалары мен Кавказ өлкесінде де қолданылғаны тарихта айтылады.

«Түркі қағанатындағы саяси-әлеуметтік өмір салтының біртұтас болғандығы соншалық, күні бүгінге дейін Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы қырыққа тарта түркі тілдес ұлттар бір-бірімен аудармашысыз-ақ түсінісе алады». 17*

Реті келгенде айта кетелік, бүгінгі күні (XXI ғ. басында) Византияда 350 мыңдай қыпшақтар тұрады екен. Бұл мәлімет Қазақстанда ұйымдасып, 1999 жылдың мамырынан 2001 жылдың қазаны аяғына дейінгі кезеңде 5500 шақырымдық жол жүрген «Алтай-Дунай» халықаралық бейбіт ынтымақтастық экспедициясының деректерінен алынды. Қазақстан, Ресей, Украина, Молдова, Румыния, Башқұртстан және Венгрия елдерін аралаған бұл халықаралық экспедицияның олжалы оралғаны жөнінде жұртшылықты жақында ақпарат көздері хабардар еткен-ді.

*

* * *

Шебіне құс қанаты талатын байтақ өлке – өзін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен үш мың жыл бойы қорғап келген түркі-қыпшақ тектілердің ата мекені болған бай өлке – бүгін солардың заңды мирасқоры ретінде біздің ұлтымыздың иелігінде.

«... Қазақ-евроцентристер жазғандай, бұратана, қашақ, кезбе, қаңғыбас емес, Шоқан айтқандай, даланың

серісі, сайын даланың иесі, айбынды халық. Ол – құрама халық емес, тілі, діні, ділі бір, түбі мен түбірі бір Азия сахарасындағы іргелі халық. Аумақты жері бар, аруақ қолдаған, Қыдыр дарыған елі бар, айбынды халқы бар, айдынды салты бар, ұлы іс, аталы сөз қалдырған ата-баба орнатқан даңқы бар Қазақ ұлты жаңғыру дәуіріне жетті». 18*

Бұл – бүгінгі ұлтымыз жөніндегі Елбасымыздың сөзі.

Ұлы даланы мекендеген көшпелі және жартылай отырықшы түркі тектестердің әлемдік өркениетте сан ғасырлық өзіндік қолтаңбасы бар. Олар көшпелі өмір салтымен үндес қайталанбас төлтума мәдениет әкелді. Әлемнің шағын үлгісіндей киіз үй, орындалу шеберлігі үлкен өнер деңгейіне көтерген қолданбалы-кәделік, бағалы әшекей-әсемдік бұйымдар, ескерткіш-кесене түріндегі жоралық сәулеттер мен балбал тастар сияқты тарихи жәдігерліктер – бабалардан жеткен рухани құндылықтар.

Көптеген этно-саяси сапырылыс-өзгерістерге қарамастан, Арал-Каспий, Еділ-Жайық аймағының тарихы мен мәдениетінің өзіндік ерешеліктері бар. Мұның негізі экономикалық бағыт-көшпенді мал шаруашылығында жатыр. Бұған сондай-ақ, Каспий өңірін мекендеген тайпалар мен халықтардың генетикалық жағынан ежелгі туыстығы да күшті әсер етті. Алғашқы кезеңде олардың арасында ирандық сипат, яғни массагет-дах, сармат-аландар үстемдеу болса, кейінірек түркілер: оғыз-қыпшақ, қазақ, түркімен басым бел алды.

Арал-Каспий даласының өзіндік тарихы Каспий өңірінің тұрғындары мәдениетінің айтарлықтай дамуына әсер етті.

Батыс Қазақстанда зергерлік өнер кеңінен дамыған, әрі ондағы «геометриялық дәлдік» стилі, металл бетін бедерлеу дәстүрі түрікмен, қарақалпақ пен Солтүстік Кавказ халықтарына ұқсайды.

Каспий өңірі әу бастан ән мен жыр мекені, мұнда

әсіресе күйшілік өнер мықты дамыған және оның бірнеше өзіндік мектептері бар.

Бұл аймақта халықтық сәулетшілік, тас қашаушылық өнер ерекше дамыған. Бұл сала шеберлері ғасырлар бойы мешіт, кесене, сағана там, құлпытас, бейіт, басқа да ғажайып құрылыстар салып, өзіндік мемориалдық-діни ескерткіштер әлемін сомдаған. Көшпенділер мәдениетінде оның тап сондай баламасы еш жерде кездесе қоймайды. 19*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А Макаров «Териофауна пещеры Караунгур» А-1973, 146-155 стр.
2. Б.Ермұханов «Сарайшық – қазақ хандығының тұңғыш астанасы» «Атамекен» газеті 28,2000ж., 8-бет.
3. Қ.Жұпбаев «Адамзат тарихы қашаннан басталады» Қазақ тарихы журналы 2,2001ж., 26-бет
4. Қазақстан тарихы, 4томдық. 1-том А-1996. 160-бет.
5. Осы тізімде 3-ші аталған әдебиет. 26-бет.
6. В.С.Таскин «Скотоводство у сюнну по китайским источникам» М-1968,31-32 стр.
7. Атырау энциклопедиясы А-2000,63-бет.
8. Ө.Панзарбеков «Иассы атауының төркіні» Қазақ тарихы журналы 5, 2001ж., 18-бет.
9. М.Хакимов «Айқын тарих» кітабы, А-97,3 86-бет.
10. Бұл да сонда,148-бет.
11. Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтай «Түркілер исламды қашан қабылдады» «Ислам әлемі» журналы 1,2001ж. 4-бет.
12. Қазақтар, 9 томдық анықтамалық, 1 том,А-98, 53-бет.
13. С.Әжіғали «Бабалардан қалған із» «Алтын Орда» газеті 7 қыркүйек 2001ж.
14. Осы тізімде 4 ші аталған әдебиет,319-бет.
15. Бұл да сонда, 315-бет.

16. История Казахстана с древнейших времен до наших дней А-1993,76-стр.
17. М.Жолдасбеков және басқалар. «Тарих және тәуелсіздік» Егемен Қазақстан газеті, 30 қараша 2001 ж.
18. Н.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабының «Ұлттың келбетін ұлықтайық» тарауынан.А-1999.
19. Осы тізімде 13-ші аталған әдебиет,18-бет.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫ

Өркениетке бастаған қадам

Ұлы Жібек Жолы дүниежүзілік өркениеттің ғажап жетістігі болғанына адамзат тарихы куә.

Әр елдегі ғылыми жетістіктің, жаңа ұтымды технологиялық шешімнің, әдебиет пен өнердің озық туындысының, құнды мәдени мұралар мен өмірлік маңызды тәжірибелердің бір аймақ шегінде томағатұйық қалып қоймай, дүниежүзілік өркениетпен араласуы, бірін-бірі байытуы үшін, сондай-ақ урбанизациялық үрдістердің тездеуіне, қазақ даласында отырықшылық пен қала мәдениетінің жедел дамуына Жібек Жолының ықпалы зор болған. Мемлекет аралық экономикалық және мәдени байланыстардың ұйтқысы болған, сөйтіп адамзат қоғамының прогрестік дамуына қомақты үлес қосқан Жібек Жолының он алты ғасырға жуық уақыт бойғы керуені өз тарихын біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдан бастайды.

1990 жылы Қытайдың Үрімші қаласында өткен халықаралық симпозиумда дүниежүзінің ғалым-тарихшылары, географ, этнограф және археологтарының көпшілігінің пікірлері–Жібек Жолының бастау алуы Қытай елшісі Чжань-Цяньнің («Батыс елдеріне саяхат туралы» кітаптың авторы.) Орта Азия, Ауғанстан аймағына барып қайтқан б.д.д. 138 жыл дегенге сайыды. С.И.Руденконың, Лубо-Лесниченконың, К.Байпақовтың еңбектерінде керуен жолының алғашқы бөліктерінің, жеке тармақтарының өте ертеде-ақ пайда болғандығы туралы деректер бар. Геродот жазбаларында б.д.д. I-мыңжылдықтың орта кезінде жұмыс істеген «Дала жолы», кейбір тарихшылардың «Сақ жолы» деп атаған керуен жолы туралы деректер кездеседі. Айтылып отырған «Дала жолы» Қара теңіз өңірінен Дон жағалауына, Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтар жеріне, Ертіске, одан әрі Алтайға, Жоғарғы Ертіс

пен Зайсан көлі маңын мекендеген аргиппейлер еліне шыққан. Бұл жолмен аң және мал терілері, иран кілемдері, қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдар таралған. 1*

Сақтар жолы одан әрі өркендей алмады, өйткені ұсынатын тауары өтімдірек, тұтынушылары да жиірек орналасқан, керуеннің жыл бойы тоқтаусыз жүруіне табиғи жағдайы да келісті Жібек Жолымен бәсекеге түсе алмайтын еді. Осы сақ жолының кезеңімен қарайлас және одан әрірек заманда (б.д.д III-II мыңжылдықтарда) Бадахшан тауынан өндірілген сапалы көктас алдымен Иранға, Месопотамияға, Анадолыға, Мысыр мен Сирияға, ал кейіндеу Қытайға апарылып, өзге тауарға айырбасталады. Аталған «Көктас жолы», шығыс Түркістанды Қытаймен байланыстырған «Нефрит жолы» да Ұлы Жібек Жолының бастауы болатын. VI ғасырдағы белгілі бөлігі құрлықпен болса да, келесі бөлігі су жолымен жалғасқан «Бұлғын Жолы» деп аталған керуен жолын да Жібек Жолының бір тармағы десек, қателеспеспіз. Өйткені Бұлғын жолымен Византия, Иран, Түрік қағанаттары мен Соғды княздіктері Жапониямен байланыс жасаған. 2*

Қытай жібегі туралы қысқа әңгімелесек:

Қытай археологтары Чжецзян провинциясында Тайху көлі маңында жүргізген қазба кезінде неолит дәуіріне жататын б.д.д. 2800 жылдар шамасында қабірге көмілген немесе тоқылғанына 5 мың жылдай болған жібек маталарды тапқан. (Ал бұған дейін Қытай жібегінің тоқылуы мен саудаға шығуы б.д.д. 1-мыңжылдық кезеңі делініп келінген.) Еуропаның оңтүстік және батыс аудандарындағы қазба кезінде б.д.д. VI-V ғасырлардағы қабірлерден жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар шыққан. Жібек жолы қалыптаспастан бұрын Еуропаға жібекті жеткізген, алдында өзіміз әңгіме еткен Сақ (Дала) жолы болуы керек. Бұл—авторлар: Мя Юн мен А.П.Франкфордың болжамдары. 3*

Қытай ықылым заманнан жібек өндірумен аты

шыққан ел. Қытай елінен шыққан керуеннің негізгі тауары жібек болды. Керуен жолының Жібек Жолы аталуы да сондықтан. Керуен жолының Жібек жолы аталуы беріде, ХІХ ғ. екінші жартысында. Бұл атауды немістің ғалым-географы Фердинанд Фон Рихтгофен (1833-1905) өзінің «Қытай» (1877ж.) деп аталатын зерттеу кітабында алғаш жазған екен.

Жібек Жолы керуенімен он алты ғасыр бойына шығыстан батысқа, оңтүстікке, кейіндеу терістікке тасылған үлбіреген Қытай жібегі өз кезеңінде сан ондаған елдерді қамтып, олардың сән-салтанатын арттырды, ақсүйектері үлде мен бүлдеге армансыз оранды, күлкісінен күн шуағы төгілген құралай көз арулардың көркіне көрік қосып, әлемді тамсантады.

Бір кезде ел байлығының көрсеткіші болған, тауар айырбасында ақша орнына қолданылған Қытай жібегі күні бүгінге дейін сәні мен сапасы жөнінен өзінің қадірін кеміткен жоқ.

Орта Азияда жібек өндіруді, қағаз жасауды Қытайдан үйренсе, ал қытайлықтар бұлардан жүзім, пияз, анар, грек жаңғағы, інжір ағашы мен қияр, мақта және жоңышқа өсіруді үйренді. Ұлы Жібек Жолының дүниежүзілік картасына көз жіберсек, шығыстағы Қытай мен Үнді елін, Орта Азияны батыста Европа әлемімен, терістіктегі Сібірді, Еділ бойын түстіктегі Араб, Парсы елдерімен байланыстырғанын көреміз. Саудамен қоса керуен жолы елдер арасындағы дипломатиялық бейбіт қатынастардың дамуына жол ашты. Сауда керуені үшін керуен жолындағы саяси тұрақтылық, қырғи-қабақ соғыссыз, дау-жанжалсыз, елдер арасындағы тыныштық пен бейбіт түсіністік қажет екені белгілі. Сол ауадай қажет тұрақтылықты, елдер арасындағы өзара сенім мен бейбіт қатынасты осы керуенмен ілесе жүрген жанкешті елшілер орнықтыра алды. «Елдестірмек – елшіден» деген нақыл осы кезден қалса керек.

Керуен Жолы әртүрлі мемлекеттердің, түрлі діни сенімдегі ұлыс-тайпалардың, әртүрлі нәсілдердің бір-бірімен еркін араласуына, жақындасуына, саудадағы

ортақ мүдделілікпен өзара түсінісуіне жол ашты. Батыстықтар шығыс адамдарының, терістіктегілер түстіктегілердің бейбіт экономикалық қатынасқа мүдделі екендіктеріне көздері жетті. Сауда керуені ел-елге әртүрлі тауарлар әкелумен ғана шектелмей, ғылым мен мәдениеттің, технология мен діннің, әдебиет пен өнердің озық туындыларын да ала келді.

Шығыстан келген керуендермен ислам елдерінің жұлдыздары: Әбу Насыр әл-Фараби мен Ибн-Синаның сан салалы ғылыми еңбектері, Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастаны, көрнекті ақын, исламның діни философиясының білгірі Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани Хикметі», шығыс ғұламалары Рудаки, Фирдоуси, Бирунилердің інжу-маржан дастандары, Әбу-ар-Разидің, Али ибн-Аббастың дәрігерлік энциклопедиялары, Мұхаммед ибн Мұса Әл-Хорезмидің математикасы әкелінді. Ал шығысқа бағыт алған керуендермен Эвклид пен Архимед геометриялары, Аристотель, Сократ, Платон, Демокриттің ғылыми еңбектері жеткізілді. Талас аңғарындағы көне Қостөбе қаласының орнынан табылған VIII-IX ғасырларға жататын ғибадатхананың қабырғаларындағы ою-өрнектер мен әшекейлердің салыну мәнері сол кезгі Бағдад, Афрасиаб, Варахша, Самарра, Фустат сарайлары қабырғаларындағы өрнектерімен өте ұқсас екендігі анықталған. Түрлі тауарларды, қолөнердің, сәулет өнерінің, қабырғалық көркем суреттердің тамаша үлгілерін Шығыстан Батысқа, Түстіктен Терістікке және оған қарсы бағытта керуен жолы тасымалдап жатты. Музыка мен би өнері шеберлері, жабайы хайуанаттарды үйретуші мен сиқыршылар, акробаттар елден елге өтіп, өнерлерін тамашалатты. Жергілікті шеберлер өзге елден келген қолөнердің, сәулет өнерінің сүйектен, асыл тастардан, қымбат металдан жасалған әшекей бұйымдарының озық үлгілерін көріп тамашалаумен бірге оның жасау тәсілін ізденді, үйренді, өзінің, аймақтық ерекшелігін қосып, одан әрі байытты. Жібек Жолын терең зерттеген, ол туралы бағалы еңбек жазған К.Байпақов пен А.Нұржанов

парсының шежіреші ақыны Нәсір Ибн-Қысыраудың екі куплет өлеңімен әр елдің өнердегі ерекшеліктерін шебер келтірген.

...Жадына тұт, аль-арабтай кешегі,
Шабандоз жоқ жыр-бәйітке көшелі.
Ал гректің ежелгі есті ұлдары,
Жер жиһанды емшілікпен нұрлады.
...Қытай күшті-ақ суретке жырақта,
Бағдаттықтай қыл қаламнан гүл төккен
Шын шеберді көрмепті әлем бірақ та.

Керуенде саудагерлермен бірге елшілер, ғалым-саяхатшылар мен зерттеуші ғұламалар да, дін насихатшылары, тіпті тыңшы-жансыздар да болды. Мысалы, Жібек Жолымен 569 ж. Византияның Түрік қағанатына жіберілген елшісі Земархтың, VII ғасырда арабтың саяхатшы-ғалымдары: Әл-Масуди, Әл-Идриси, Ибн-Хаукал, Ибн-Рүстелердің, беріректе XIII ғ. Орта кезеңіндегі Плано Карпини, Вильгелм Рубрук пен Марко Пололардың өткенін, керуенде цирк артистерінің де болып, талай елді аралағанын тарихи деректерден білеміз. Жол бойғы қалаларда Керуенсарай іші күн сайын мерекедегідей салтанатты. Өйткені сан түрлі елдің өкілдері көз жауын алар тауарлармен бірге өз елінің озық, өзгеге үлгі боларлық мәдениетін де ала келеді. Киім киісі, жүріс-тұрысы мен өзге адамдарға қарым-қатынастағы ұнамды ылтипаты, сәлемдесуі мен қоштасуы аралығындағы ұнамды жақтары, болып өткен жерлерінде өз үлгісін қалдыратын. ЮНЕСКО-ның бас директоры Фредрико Майор: «Жібек Жолы ...озық өркениетті өзара бірлесіп байытуға септігін тигізді» – деген. Сөйтіп, кезінде Батыс пен Шығыс елдерін, Терістік пен Күнгейдің халықтарын бір-бірімен ағайын-туысқандай жақындастырған Жібек Жолы халықаралық сауданы дамытумен бірге халықтар арасында ғылым мен мәдениет, өнер мен әдебиет жетістіктерінің өзара алмасуын жасауымен әлемдік өркениет көшінің толығына оң ықпал жасады.

ЖІБЕК ЖОЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА

II-V – ғасырларда ішкі Қытайдан шыққан Жібек Жолы атақты Такла Макан шөлін терістігінен түстігіне айналып өтіп, үшке: жолдың оңтүстік, орталық және солтүстік бағыттарына бөлінген.

Оңтүстік бағыттағы жолмен керуен Дунхуан, Хотан және Үнді елі арқылы Жерорта теңізіне шыққан. Жолдың орталық тармағымен жүргендер Карашар, Ақсу мен Бедел асуынан өтіп, Ыстықкөлдің түстік жағасына құлаған. Одан әрі сан салалы жол тармақтарымен Еуропаға асқан. Ал солтүстік тармақпен жүрген керуен Турфан, Бешбалық арқылы Іле өзені аңғарымен Кашгар, Ферғана, Самарқан, Бұхара, Мерв арқылы Сирия еліне шыққан. Бұл аталған жолдың тармағының Еуропаға төте және үйреншікті болғанына қарамастан, VI-VII ғасырларда Қытайдан шыққан керуеннің батысқа-Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерімен жүруі етек ала бастайды. Ферғана арқылы өтетін бұрынғы төте жолдың Орталық Қазақстанға ауысу себебін тарқатып көрсек:

– VI ғасырдың ортасында қазіргі Қазақстан территориясында Түрік қағанаты құрылғандығы, оның VI-VII ғасырларда өмір сүргендігі, территориясының сонау Кореядан Қара теңізге дейінгі кеңістікті қамтығаны оқырманға тарихтан белгілі. Сол түрік қағандарының Жетісуда, Орталық Қазақстанда бірнеше ордалары болған. Олар Орта Азия арқылы өтетін керуен жолының қауіпсіздігін өз қамқорлықтарына алады.

– Түріктің бай қағандары, халқы керуен саудагерлерінің әр алуан тауарларының ірі мөлшерде тұтынушылары болды, – ең басты себеп, В.В.Бартольдтің мәліметіне сүйенсек, Ферғана арқылы өтетін жол өзара қырқыс салдарынан осы кезеңде қауіпті болған. 4*

Сауда керуенінің негізгі бөлігі VII-XIV ғасырлар аралығында Оңтүстік Қазақстаннан өтетін осы жол бойымен жүрді.

Жібек Жолының бұл бағыты араға сан ондаған жылдар, ғасырлар салып, белгілі бөліктері мен тармақтары

үлкен маңызға ие болып, өз бойындағы қалаларды, бекеттерді өркендетсе, ал керісінше, кейбір бөліктерінде керуен жүрісі тоқтау салдарынан бұрынғы салтанатты мекендер құлдырауға ұшырап жатты. Оған мысал біздің Қазақстан жерінде де жеткілікті.

VI-VIII ғасырларда Жібек жолының негізгі бағыты Сирия-Иран Орта Азия-Оңтүстік Қазақстан-Талас аңғары-Шу-Ыстықкөл ойпаты-Шығыс Түркістан-Қытай болса, бұл жолдың келесі бір бұтағы Византиядан Дербент арқылы Каспий өңірі – Маңғыстау даласы – Арал-Сырды бойлай отырып, Оңтүстік Қазақстанда негізгі жолға қосылатын болған. Оқырманның байқағанындай, Жібек Жолы керуені енді: Қазақстан жерін оңтүстік-шығыстан батысқа түгелдей аралап өтетін болды. Бұл – сол заманда көп елге бұйыра қоймаған бақыт!

Жібек жолы керуенінің Қазақстан территориясын шығыстан батысқа көктей өтуі қандай қажеттіліктен туды? деген сұрақ төңірегінде ой өрбітсек: Керуен жолының аты айтып тұрғандай, Қытайдан келетін керуенде негізгі тауар жібек болған. Қытай дүниежүзіне жібегімен танымал ел және оны өте ертеден өндірген. Бертін келе жібек өндіру технологиясын өзгелері де игере бастайды. Түрік қағаны қалалары мен Соғдыда дайындалған жібек сапасы жөнінен Қытайдікінен кем болмаған. Бәсекенің нәтижесінде батысқа бет алған керуендегі жібек тауарының белгілі бөлігі Қытайдан болса, келесі бөлігі түріктер мен Соғдылық болды. Жібек көбейді, оны өткізу өткір проблемаға айналды. Жібектің ең ірі мөлшерде тұтынушысы – Византия. Онда жібек сарай ақсүйектерінің қажеттеріне ғана емес, сонымен қатар жалдамалы әскерлер жасақтауда валюта ретінде қолданылады екен. Жалдамалы әскерін көбейтсе, Византия тарапынан өздеріне қауіп туатынын ойлаған Иран өз елі үстімен өтетін Жібек жолында батысқа жібек алып жүргізбеуге мүдделі болды. Енді батысқа жүретін керуен Иранды айналып өту мүмкіндігін қарастырды. Осындай себеппен Жетісудан өте Оңтүстікке бұрылатын Жібек жолы енді батысқа – Сырдария бойын бойлап,

Арал-Маңғыстау арқылы Солтүстік Каспий-Солтүстік Кавказ-Кавказ жотасы арқылы Константинопольге бағыт ұстады. 5*

XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі Жібек жолы картасына көз жіберсек, Қытайдан Көктал – Сүмбе арқылы Қашғария еліне асатын бір тармақ болғанын байқаймыз. Келесі тармақ Алакөлдің түстігін айналып өтіп, Көктума – Дүнгене – Жаркент – Талғар – Баласағұн – Суяб қалалары арқылы оңтүстікке ойысатын. Үшінші тармақ – бұл Қазақстан жерін шығыс-оңтүстіктен сонау батысына дейін аралап өтетін Жібек Жолы бөлігі – Каспийдің солтүстігін айналып өтіп, Алтын Орда астанасы Бату Сарайы, Сарайшық арқылы Сыр бойы қалаларын аралап, Жетісу жолымен Таразда жалғасады.

Сырдарияның оң қанатымен жүретін керуен жолының Тараздан бастап, сонау Аралға таяу Сунаққа дейін екі тармаққа бөлінгенін байқаймыз. Батыс бағытқа жүргендегі жолдың сол қол бөлігі Тараздан Фараб (Отырар), Иассы (Түркістан), Сауран, Сығанак, одан Аралдың шығысындағы Қорқыт Ата қаласына шықса, оң қол бөлігі Саудақент, Құмкент, Созақ, Ақсүмбе қалалары арқылы Сунақта сол қолдағы жолға қосылған.

Қытайдан шыққан керуен Оңтүстік Қазақстанды аралай келіп, Отырар тұсындағы Сырдың өткелінен өтіп, Зернук (Васидж) қаласынан өтетін өзеннің сол қанатындағы керуен жолына шыға алатын. 6*

Сырдарияның сол қанатымен қапталдай жүретін керуен жолы Зернук, Үзгендетіп, Қызтөбе (Баршынкент) қаласына келгенде, Түркиядан, Хорезм бағытынан, тіпті сонау Араб елінен келетін Жібек Жолының тармақтарымен тоғысып, одан әрі Аралдың солтүстігімен батысқа бағыт алады екен. Бұл бағыттағы Жібек Жолының XIII-XIV ғасырлардағы ізі Маңғыстау даласы, Солтүстік Каспий өңірі, Сарайшық арқылы Алтын Орданың астанасы Сарай қаласынан әрі Каффа қаласына бағыт ұстайды. Сырдың сол қанатындағы

жолдың Зернүктен түстікке қарайғы қарсы бағытын тарқатсақ: Сырдария өткелімен Зернүкке келген керуен түстік беттегі оғыздар қаласы Сүткентті басып өтіп, Шашқа бара алады. Бұл керуеннің Еуропа елдеріне жетуіне екі жолдың бірін таңдауына мүмкіндігі болған. Оның бірі—Жібек Жолының жоғарыда айтылған солтүстік тармағы (Бұхара, Самарқан арқылы өтетіні), екіншісі — Шаштан Үргенішке, одан Үстіртті басып өтіп, Сарайшық арқылы батысқа асу, Жолдың соңғы, Үстіртпен өтетін тармағы XIII-XIV ғасырда жандана түскенін жазады тарихшылар. Жібек Жолының біз әңгіме етіп отырған тармағы іске қосылған VI ғасырда керуен Қазақстан территориясында бұрыннан бар Тараз, Испиджаб (Сайрам), Фараб (Отырар), Зернук (Васидж), Иассы (Түркістан) қалалары арқылы өтсе, уақыт өте келе жол бойында сан ондаған қала бой көтерді. Олар жедел дамыды. Өйткені, сан жүздеген адаммен, мыңдаған көлікпен керуен бір бағыттан келіп орналасып жатса, қарсы бағыттан сондай мөлшерлі керуен қалаға жақындап келе жатты. Жолдағы бекет біткен керуенді қабылдауға даяр болуы керек болды. Керуендерге сыйымды керуенсарай, тауарға сенімді қойма мен мықты күзет керек болса, адамдарға жәйлі қонақ үй, дәмді тағам, сапалы тұрмыстық және мәдени қызмет көрсету қажет болды. Аталған талаптар — өмірдің өз талабы — қарапайым бекеттің ірі қалаға айналуын тездетті. Керуенді тамақ түрлерімен, көкөніспен, жеміс-жидекпен қамтамасыз ету үшін халықтың ежелгі кәсібі мал шаруашылығымен бірге өзен аңғарларында егін шаруашылығы дамыды, отырықшылық етек алды. Қазақ жерінде қала саны тез өсті. Жібек Жолы бойында орта ғасыр кезеңінде қалада халықтың 20 пайызы тұрса, Еуропа елінде бұл көрсеткіш сол кезеңде 12 пайыз болған. 7*

Сөйтіп, Жетісудағы, Оңтүстік, Орталық, Батыс Қазақстан жеріндегі өзен-көл, теңіз жағаларындағы қалалар өмірге келді.

Ұлы Жібек жолының негізгі арнасында орналасқан

қалалар мен керуен сарайлар туралы алғашқы толық деректі Араб географы Хордадбек 846-847 жылдарғы жазбасында келтіреді. Онда Шаштан бастап Қытайға дейінгі жол бойғы бекет, керуенсарай атаулары және олардың араларының фарсах өлшемімен қашықтығы ұқыптылықпен берілген. Дәл осы деректер Х ғ. басында Бағдат халифінің сарай қызметкері Кудамма ибн-Жафардың күнделік жазбаларында бар. Сондай-ақ, 985 ж. әл-Максидің жазбаларында негізгі керуен жолының жаңа тармақтарындағы қалалар жөнінде нақты мәліметтер келтірілген.^{8*}

Үш жазбада да керуен жолымен қоса пошта байланысы болғандығы айтылады. Мысалы: Құбалдан Қытай шекарасындағы жоғарғы Барсханға дейін жайылымдық және сулы жермен жүретін керуенге 15 күндік жол, ал түріктердің поштасына 3 күндік жол, ...Испиджаптан Шавабқа дейін екі пошта бекеті, ...Шауғардан Таразға дейін екі пошта бекеті бар деген деректер келтіріледі. Бабалар заманындағы пошта байланысы қашан, қай елдердің арасында, қандай мақсатпен пайда болғандығы туралы деректерді зерттеуші тарихшылар үлесіне қалдырып, тақырыбымыздың сұрлеуіне түселік. Ұзындығы жеті мың шақырымнан асып түсетін жол бойымен керуен тізбегі толастамайтын. Қытайдан шығып, Еуразияны қақ жарып өтіп, Жерорта теңізіне баратын керуен жолы бойымен келіп, кезінде оғыздар орта және төменгі Сыр бойындағы кангар-печенегтерді ығыстырып VIII-IX ғасырларда өздері орнықты. Осы жол бойымен XI ғасырда қыпшақтың қалың қолы өтсе, одан екі ғасыр кейін, XIII ғасыр басында құмырсқадай қаптаған қолмен монғолдар өтті батысқа. Жаугершілік кезеңдерде саябырсығанмен, жағдай тұрақтанған аймақтарда керуен жүрісі жалғасып жатты. Жоғарыда біз атаған авторлардың жазбаларында көрсетілген керуен жолы бойындағы сәнді сәулеті, байлығы шалқыған қалалар түгелге жуық 1218-1219 жылдары Шыңғысхан шапқыншылығынан қираған. Ол туралы 1246 ж. Ұлы Жібек жолының сұрлеуімен жүріп өткен римдік Пла-

но Карпини «бұл жерде біз қиратылған, талан-таражға түскен көп қақпалы сарайлары бар сансыз қалалар мен қаңыраған бос көптеген ауылдарды таптық» деп жазған. Асқан ұқыптылықты талап ететін кәсіптің иелері-археологтардың маңдай терінің арқасында біздер бүгінгі күні еліміздің мұражайларынан ерте дүниеде және орта ғасыр кезеңінде көсіле жатқан мынау Еуразияны мекендеген ескі жұрттың мәдени мұраларымен танысудамыз. Қазақстан жеріндегі, Орта Азиядағы орта ғасырлық шеберлер қалдырған сәулет өнері ескерткіштері ХХІ ғасырдағы дүниежүзінің талғампаз көрермендерінің өзін тамсантауда. Республикамыз аумағындағы ертедегі архитектуралық өнердің өзіндік үлгілері: Қожа Ахмет Йассауи, Айша Бибі, Алашахан, Сырлытам, Жошыхан, Қарахан ескерткіштері неше ғасырлар бойғы жаңбыр мен желге, күн сәулесі мен температура өзгерістеріне сырын да, сынын да жоғалтпастан шыдас берген ғимараттар, хас шебердің қиялынан туған, ұрпаққа мақтаныш боларлық ұлттық мұралар екендігі халқымызға бұрыннан таныс. Бұлардан табиғаты өзге, ертеде қазақ жерінде көлемі жөнінен Египет фараондары жатқан Хеопс пирамидасынан да асып түсетін құрылыс болғандығы жөнінде дерек бар.

Қазіргі Жамбыл облысы жеріндегі Жылықұмға үш фарсахтай ($3 \times 6 = 18$ км) еніп жатқан Қайрақтас тауы тасынан есте қалмаған ескі заманда Ақыртас қорғаны жасалыпты. Оның VIII ғ. кезеңіндегі керуен жолы бойындағы бекет ретінде Касрибас, Атлах деген атаулары болғаны айтылады. Тараздың шығысында 5 ферсах, шамамен 30 шақырым жерде орналасқан, құрылысы аңыздағыдай Ақыртастың не мақсатпен және қай кезеңде салынғаны жөнінде деректерді Жібек жолын зерттеген авторлар еңбектерінен кездестіре алмадық. (Бәрі бірдей қолымызға түспеген де болуы мүмкін),

Ә.Байбатшаның «Қазақ даласының ежелгі тарихы» еңбегіндегі 751 жылы Тараздың шығыс жағындағы Атлах (Ақыртас) қорғанының түбінде Қытай мен Араб әскері соғысты, жергілікті Түргештердің қолдауымен

Арабтар жеңіске жетті деген дерегін ескерсек, Ақыртасымыз VIII ғасырдың ортасынан әріде салынған болады.

Енді аңыз-қорғанның ерекше құрылысын оқырманға таныстыра кетелік.

«Ақыртас – сыртқы өлшемдері 185 метр және 205 метр болып келетін тік бұрышты алып ғимарат. Қорғанның терістігіндегі үлкен есік сопақша пішінді екі хауз (су бұрқак) сәнін келтіріп тұрған ішкі сарайға әкеледі. Хауздарды айнала қоршай, әрбірінің табан ауданы 25 шаршы метр болатын 28 шомбал баған тіреулер сақталған. Бағандар тізбегіне күрделі жүйедегі коридор жолдары бар әртүрлі өлшемдегі жүз шақты бөлмелер жанаса орналасқан. Қалыңдағы 5 метрдей ғимараттың сыртқы қабырғасы, ұзындығы 150 см, ені 80, биіктігі 90 см болатын күрең-қызыл құмтас блоктарынан қаланған. Блоктардың жоғарғы бетіндегі астауша ойық пен астыңғы бетіндегі сопақша дөңес қаланғанда мықты ұстасып қалу үшін әдейі қашалып жасалған. V-VII ғасырлар архитектурасында бұндай әдіс кездеспейді. Ақыртас – инженерлік ой-шешімнің күрделілігімен және оның батыл іске асырылуымен адамды таңқалдырады. Салмағы бірнеше ондаған тонна ірі өлшемді тас блоктарды тасымалдау, әрлі-берлі қауіпсіз қозғап, қиюластыра орналастыру жұмыстары бүгінгі күннің өзінде күрделі инженерлік шешімді талап етер еді. Аталған ғимаратты тұрғызу үшін сол кезгі құрылысшыларда тәжірибемен ұштасқан асқан шеберлікпен қоса, өте ауыр блоктарды көтере алатын механизмдер жүйесі де болған болуы керек. Ақыртас қабырғаларындағы блок тастар Египет пирамидасының блоктарынан ірілеу, ғимарат ауданы да атақты Хеопс пирамидасынан көлемдірек – 4 гектар шамасында». 9*

Тарихшыларымыз айтатын Сақ Ғұн – Түрік – Үйсін – Түргеш – Оғыздардың қайсысының өкілі болса да, Ақыртастай ғаламатты тұрғыза алған құрылысшы өз заманында физиканың механикалық заңдарын бес саусағындай білген және іскерлікпен пайдаланған!

Алтын Орда жеріндегі құрылыстарға тән ортақ ерек-

шелік-құрылыс қыш тасының өлшемдерінің (24x24x5 см) бірдей болып келуі. Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен сол қыш тастардың сынықтарының мықтылығы таңқаларлық. Орта ғасырлар заманындағы құрылыс қыш тасын жасаудың әдісін Дүкенбай Досжановтан тыңдап көрсек: «...Қышкер алдымен дарияның жарқабағын үңгіп, сары саз жинайды. Сазды құмнан, бөгде топырақтан бөліп, кең апанға салып, сағыздай созып илейді, иі қанған кезде ешкінің түбітін қосады, бетіне бие сүтін бүркеді, үстінен үйірлеп жылқы айдайды. Шымыр тұяқ иін қандырады. Әзір болған қамырдай қоймалжынды қыш қалыпқа құйып, қайыра қатар-қатар жерге төгіп, күн көзіне кептіреді, әбден кепкен қол басындай кесекті шатынаған шадыр көз сексеуіл шоғына өртейді. Осылайша қызыл күрең саңғыраған Сығанак, Отырар қышы дүниеге келеді. Әлгі қыш енді суға езіліп, соққыға сынып, ыза-ылғалға мүжілмейді, кәдуілгі Қаратаудың қайрақтасына парапар қасат мүлік қалыптан шығады екен. Қышкерлер өз бұйымының мықтылығын қылышпен шауып сыннан өткізген». 10*

Қазақстан жеріндегі Жібек Жолының шарықтап дамыған кезеңі VIII-XII ғасырда дейді тарихшы Ракип Насыров. Керуен жолында 6-8 кей жерлерде 12 түйе қатар жүре алатын таптанды сүрлеу пайда болды. Маңғыстаудағы Жібек Жолы сілемінен байқағанымыздай, керуен жолы бойында мына шарт қатаң сақталған: әрбір 25-30 шақырым сайын жол бойында көлік ішерліктей су көзі (құдық) болады, ал әрбір 100-150 шақырым сайын тұщы сулы құдық немесе бұлақ көзі ұшырасып отырады. Бұның өзі керуеннің әр күн сайын көлігін суарып жүруін, әр үш-төрт күн сайын тұщы су алатын ыдысын толтырып алуына жағдай жасаған. IX-X ғасырларда Орта Азияда қымбат бағалы тастар мен металдар өндіру өркендеді. Жергілікті зергерлер мен қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан алтын, күміс, жақұт, гауһар тастардан жасалған әшекей-әдемілік бұйымдар Жібек Жолы бойындағы Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, Сығанак т.б. қалалары

базарларының сән-салтанатын арттырды. Керуен сарайларда сауда қызып жатты. Орта ғасыр кезеңінде мал өсірумен айналысқан көшпелілермен қатар егін өсірушілер де болды. Егін егу отырықшылыққа бет алу Ертіс, Сыр, Сарысу, Кеңгір, Жезді, Байқоңыр өзендері жағаларында, бұлақты Ұлытаудың бауырайында етек алды. Кен қазып, одан мыс, қорғасын, қалайы, күміс балқытып айыру жолға қойылды. Оқырманның зерделеп отырғанындай, Жібек Жолы Қазақстан аумағында сонау Сак (Ғұн) дәуірінен – Хазар – Оғыз – Қыпшақ – Моңғол дәуірі аралығындағы кезеңдерде керуен жолы бойында жүздеген қалалардың өркендеуіне, сол арқылы көшпелі халықтың белгілі бөлігінің отырықшылыққа дағды алуына, арнаулы кәсіпті меңгеруіне, шаруашылықтың барлық түрінің дамуына, оның өзге елдердегі озық тәсілдерін игеруіне тікелей ықпал етті. Қазақ жеріндегі құлдық, феодалдық қоғам заманында елді прогреске бастаған қуатты қозғаушы күш болды.

Жібек Жолы базарларында

Керуен жолындағы шығыс базарлары ғасырлар бойына әртүрлі тілде дуылдап жатты. Кезінде дүниені әдемілігімен тамсантақан талай қалалар қанқұйлы соғыстар нәтижесінде күлге айналды, кейбірі кері еңсе көтеріп, жұрттың керегіне жарады. Қазақстан аумағындағы көне қалалар – Жетісуда V ғасырға дейін болған үйсіндер астанасы Чига, Оңтүстік Қазақстанда қаңлылар астанасы – Битянь болса, VII ғасырдың басында Суяб, Тараз, Испиджап, Фараб, Иассы сияқты қалалар гүлденіп өсті. Осы қалалардың біріндегі базар өмірінен тарихшы Ракип Насыровтың деректерін келтірелік.

Үстіміздегі жылы 2000 жылдығы тойланғалы отырған Тараз қаласы Жібек Жолындағы ірі сауда орталығы болған. Бұнда дүниенің төрт бұрышынан дерлік керуен келетін. Шығысы – Қытайдан, түстігі – Оңтүстік елдерін аралап, сонау Жерорта теңізі жағасынан,

батысы – Сарайшық арқылы өткен Еуропа керуені, терістігі – Ресей елінен.

«Тараз базары – дүние айнасы» деп орынды айтылған. Бұндағы Үнді саудагерлері тұрған бөлімде әшекейлі ұзын құйрықты құстар, сырнай сазына билейтін жылан, маймыл, тіпті пілге дейін кездестіруге болатын. Бұл базарда Үнді елінің небір шеберлері жасаған сапалы бояулар жоғары бағаланған. Тек Инд суында ғана өсетін көз жауын алатын индиго гүлінен таза көгілдір түс бояуын жасайды. (Инд өзені Батыс Қытайдан басын алып, Үнді елінің терістік аудандарын басып өтіп, Пакистан жерін терістігінен түстігіне дейін түгел аралап барып Араб теңізіне құяды. Солтүстік Үнді жерінен басын алатын бірнеше салалары бар. Ж.Ғ.)

Бояудың әдемілігі мен тұрақтылығы жөнінен теңдессіз. Боялатын ашық түсті жібек те, индиго бояуы да Тараз базарына әкелініп сатылады. Индиго түсті жібектен киім кию ол кез үшін адамның жоғары дәрежесін, байлық деңгейін көрсететін болған.

Тараз базарының Қытай тауары бөлімінде: женьшеньнен жасалған емдік дәрілер, бұғы мүйізі, арыстан өті, маймылдың бауыры, Тибеттік құпия медицина жасаған дәрі-дәрмектер болса, Византия бөлімінде: түрлі-түсті жіптермен кестеленіп тоқылған барқыт, мөлдір жұқа жібек, күміс бұйымдар, алтын жіпті оқалы жібектер, Парсы бөлімінде: тоғай жолбарысы терісі, бағалы тастар, әртүрлі емдік дәрілер, ал жергілікті шеберлер тоқыған сапалы мақта маталарының бағасы жібектен кем түспеген. Тараз базарында жергілікті халықтың қолынан жасалған тауарлар да өзінің сапалылығымен беделді болған. Мысалы: қой терісінен иленіп жасалған, көрмеге атлас дерлік, көпшік тыстар өңделген, құлын терісінен керіліп жасалған, күміспен әшекейленген ер-тұрмандар, садақ, жебе, қақталған күміс, ақтышқан мен түлкі терілерін жібекпен тыстаған көрпелер, металл мен ағаштан шебер жасалған үй тұрмысы құралдары, түрлі-түсті түркістан шынысы, емдік дәрі-дәрмектер т.т. Тараз зергерлерінің бирюза-

дан (көгілдір асыл тас) және қақтаған (қарайтылған) күмістен жасаған әсемдік-әшекей бұйымдары Жібек Жолы базарларында әйгілі болады. Атақты зергерлердің аттары ел-елге жайылады. Сол замандағы түрік елінде аты шыққан зергерлер Мұхаш пен Елаштың есімдері әлі күнгі ел ішінде аңыз ғып айтылады. 11*

Кезінде Қаратаудағы Терісаққан өзені маңындағы Қайрақтас тауынан тас құлатып, диірмен жасап, Тараздың ұн базарында сатылыпты. Тараз маңынан көп мөлшерде күміс өндіріліпті деген де деректер кездеседі. Моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде Ресей Жібек Жолы базарларына көптеген өнімдер шығарған: көгілдір поляр түлкісі, сутышқан, ақтышқан, құндыз, сусар сияқты түбіт жүнді өте қымбатқа бағаланатын аңдар терілері, жұқа бәтес және кенеп маталар, мамонттың азу тісі, үйретілген қыран бүркіт, алтын түсті янтарь, бидайдың бірнеше түрлері, ара балы, қақталған күміс, асыл тастар, алмас қылыш, сауыт, қалқан, ұсталық құралдар жиынтығы – тағы-тағылар. Ол кезгі Еуропа базарларындағы тауарлардың айырбас құны туралы: қабылан терісі–бес қойға, жақсы кептірілген марал мүйізі – салмағы сонша тартатын құйма күміске айырбасталған.

Керуен сарай қандай болған? XIV ғ. екінші жартысындағы Маңғыстау Үстіртіндегі «Білеулі» керуен сарайы туралы жергілікті өлкетанушы Рахат Қосбармақов былай деп жазады: «Керуен сарай қақпасының ені 8м, биіктігі –10 метрдей. Бұрын алып қақпаның жоғарғы жағында бір-біріне қарсы қарап жатқан айбарлы екі арыстанның мүсіндері болған екен. Керуен сарай қақпасы доғаша иіліп келіп, сәулет өнерінің арқа мәнерімен салынған. Керуен сарай ені 35 м, ұзындығы 45 метрдей, ортасында адамдар алқақотан отыратындай үлкен алаңқай бар. Ал алаңқайды айнала 10-15 бөлменің есігі шығатын іргетастың іздері көрінеді. Шамасы бұл үш-төрт адамдық шағын бөлмелер бай-бағыландар мен керуенбасылардың демалатын, қазіргі қонақүйлердегі люкс-номері ролін

атқарса керек. Ал ортадағы алаңқайға керуеннің малшы-жалшы, бақташы, қызметшілері, дәрежесі төмен адамдар жатып демалғанға ұқсайды. Керуен сарай екі қатарлы болған, баспалдақтар соны дәлелдейді» Керуен сарайда әдейі жолаушылар үшін жұмыс жасайтын монша, шаш қиятын, сақал алып, мұрт басатын тұрмыстық қызмет орындары болған.

Жібек Жолы және Сарайшық

«Солтүстік Каспий арқылы өтетін керуен жолы IX-XII ғасырларда маңызын жоғалтқанмен, XIII-XIV ғасырларда қайта жанданады». 12*

Жібек Жолының Солтүстік Каспий бағытындағы Сарайшық арқылы өтетін тармағының XIII ғасырдың ортасынан бастап қайта жандануының бірнеше себебі болды.

Біріншіден Дешті Қыпшақ пен Мауреннахр территориялары моңғол жаулауы нәтижесінде бір саяси кеңістікке енеді де, тұрақтылық қалыптасады. Біртұтас саяси кеңістік пен тұрақтылық сауда қатынастарының дамуына қажетті ең басты шарттың бірі екендігі белгілі. Екіншіден, XIII ғасырдың ортасынан бастап Алтын Орданың астанасы Бату Сарайы Еділдің төменгі ағысы бойында орналасуына байланысты Еуропа елдері мен Византия саудагерлері, елшілері шығысқа барар жолын Алтын Орда Сарайынан бастағанды ұтымды санаған. Осылайша Еділдің төменгі бойындағы Бату, Берке хан сарайлары, Жайық бойындағы Сарайшық қаласы сол кезгі халықаралық сауда жолындағы маңызды бекетке айналады да, Шығыс Түркістанға апарар ең қысқа, ең қауіпсіз бағыт болып саналады. Шыңғыс ұрпағы Батудың XIII ғасырдың алғашқы жартысында Қыпшақ даласын батыста сонау Дунайға дейінгі жерді басып алып, Алтын Ордадай алып мемлекет құрғаны тарихтан мәлім. Алтын Орданың астана қаласы – Бату Сарайы XIII ғасырдың ортасында салынады. Академик Ә.Марғұланның қазба деректерімен дәлелдеуінше

Сарайшық қаласы сол шамада тұрғызылған. Сарайшықтың терістік, шығыс, оңтүстік жақтарын орай ағатын Ұлы су (Жайық) өзеніндегі Бату хан салдырған қалқымалы көпір алғашқы кезде батысқа жорық кезінде олжаланған байлықты моңғол жеріндегі Қаракорымға – Шыңғыс хан ордасына жеткізуге пайдаланылса, кейін Еуразияда беделі өсіп тұрған Алтын Орданың астанасы арқылы өтетін Жібек Жолы керуені осы қалқымалы көпір арқылы шығысқа жол тартқан. Ол кезеңде Жайық өзенінің суы мол, ағысы өткел берместей қатты болғандығы туралы деректер бар. 922 жылы Еділ бойындағы Бұлғар еліне жіберілген Бағдат халифаты елшісі Ахмад Ибн-Фадланның естелік жазбасында Жайық өзені жөнінде мына сөздер жазылған: «... Бұл біз көрген ең үлкен өзен, оның ағысы тым қатты. Шындығында, мен жүктердің қалай ауғанын және өткелде кісілердің суға ағып кеткенін өз көзіммен көрдім. Жалпы біз өткелден өтерде көптеген адамдарымыздан, түйелер мен жылқыларымыздан айырылдық. Біз Жайықтан төтенше қиындықпен өттік». 13*

(Бұл оқиға X ғасырдың алғашқы ширегінде болғандығын, ал Бату ханның Жайық үстінен салдыратын көпірі – сол кезгі Бағдаттағыдан кейінгі екінші қалқымалы көпір – XIII ғасырдың 30-40-шы жылдары кезеңінде өз жұмысын бастағанын оқырман есіне береміз.)

Жайықтың Сарайшық қаласы тұрған осы иінінде, кезінде хорезмкүлдары тұрғызған X-XII ғасырларда қала болғандығы жөнінде дерек бар (авторлар: С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Ә. Марғұлан еңбектерінде). Қаланың аты туралы әртүрлі болжам айтылады. Қалай деп аталса да, қазба жәдігерлерінің дәлелдеуіндей, IX-XI ғасырларда Сарайшық қаласының орнында кен қорыту, металдан тұрмыстық құралдар жасау сияқты кәсіпкерлік болған. Сарайшық қаласын айналып ағатын Жайықтың сол жақ (Азия беті) жағалауы қалың да, биік тоғай болған деседі (750 жылдай өтсе де, сол тоғайлар сирексіген күйі әлі бар).

Ал қала тұрған ішкі беті – түбек тек батыс жақтан

ғана ашық қатыс болатын, табиғаты жан сүйсінерлік, Кавказдың Қара теңіз жағалауы сияқты шуақты мамыражай қойнау болыпты. Алғашқы кезде Алтын Орда хандары мен оның төңірегіндегілер Сарайшықты саят құрып, көңіл көтеретін, қаланың шуынан табиғатқа шығып, демалатын орын ретінде пайдаланған. Жібек Жолының Солтүстік Каспий тармағының Алтын Ордаға байланысты қайта жандануы Сарайшық қаласының жедел өркендеуіне, оның келешекте Хан Ордасы болуына жол ашты. Картада көрсетілгендей, тоғыз жолдың торабында тұрған Сарайшықтың қамбасына, керуен жүрісі жиілеген сайын байлық еселеп құйыла түсті. Сарайшыққа өзге бекеттермен салыстырғанда түсім екі есе артық түсетін-ді. Керуенге көрсеткен қызметі үшін бір төленсе, ағысы қатты, терең өзеннен қауіпсіз өткізетін қалқымалы көпірі үшін екінші үлес төленетін. Шығыста Қытайдан, оңтүстікте Араб елінен, Түркиядан шыққан керуендер жолдағы мемлекеттерді аралай отырып, Сарайшық арқылы Еуропаға асатын, ал қарсы бағытқа да керуендер толастамайтын. Еуразия даласының осы маңдағы мал өнімдерімен ғана күнелтіп отырған тұрғындарына керуен жолы сан жүздеген, тіпті мыңдаған жұмыс орнын ашып берді. Керуенді қабылдау мен оны шығарып салғанша түрлі қызмет көрсететін маманданған аспаздар, қасапшылар, егіншілер, малшылар, күзетшілер, жүкшілер, тазалық сақтаушылар мен тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетушілер, жаршылар іріктеліп шықты. Мінсіз, адал қызмет көрсету олардың дағдысына айналды. Қаланың сән-салтанаты артты, сәнді ғимараттар бой түзеді, халықтың тұрмысы жақсара бастады. Бату, Берке сарайларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасы болды, ал XV-XVI ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғандығы тарихтан белгілі. Жәнібек хан атағы шартарапқа тарап, аңызға айналған Сарайшықтағы «Аққу көлін» осы кезде жасатқан болу керек. Бұл кезең тарихта 1341-1357 жылдар делінеді.

Сарайшықтың сол бір шаршысына толып тұрған

кезендегі Керуен сарайында алыстан келген салтанатты керуенді қарсы алу сәтін көз алдыңызға елестеткіңіз келсе, қиялыңызға қанат байлап жіберелік. Жібек Жолы, Отырар тарихын көптен зерттеп жүрген тарихшы-жазушы Дүкенбай Досжанов осындай оқиғаны көзімен көрген Қытай турісі Сюань-заньның VIII ғасырдың басында жазған естелігін келтіреді: «Испиджап (Сайрам) қаласына керуен басын бұрғанымыз сол, алдымыздан қызылды-жасылды киініп, арғымақ атты көсілтіп елші шықты. Найзаласа ма деп үрпісіп қалып едік. Әлгі елші бұрымы арқасына төгілген ару қыз екен, жарқырай күліп, ат басын іркіп: «Хош келіпсіздер!»— деді. Қаладағы керуен сарайға бастады. Керуенбасының жанары шырадай жанды. Керуен сарай жер үстінің жұмағы секілді: төрде әуіз, жағасында саз төгіп жыршы отыр. Бұрқырап піскен палауға тойып, жантая бергеніміз сол, сусын ұсынған сұлу қыздар бәйек болды. Сүттен ашытқан шарап іштік. Керуенбасының басы былғандап мас болып қалды. Қолтығынан көтеріп моншаға әкетті. Түн баласында шілделік шырылдап, есік сықырлап, сұлу қыздар ән салып еш ұйқы бермеді. Түстенеміз де әрі қарай аттанамыз деген керуенбасы табан аудармай төрт күн жатты. Қаланың көркіне көз тояды. Жер үстінің жұмағына ұқсайды». 13*

Тәтті түс көргендей, тамсанып қалдық-ау. Келесі біреуін тыңдасак, бұл енді беріректегі, орыс саяхатшысы Семенов Тянь-Шаньский кезіндегі оқиға. «Жаркент керуен сарайы жолаушының есінде ұзақ сақталар ғажайып ғимаратта: бір жағы ұлттық ою-өрнекпен әшекейленген гобеленді қабырғалар, келесі жағы ашық аспан, ақ басты қарлы таулар, сарқырап аққан бұлақ, кірсе шыққысыз мейманхана сізге жер үстінің жұмағындай сезіледі. Асы қандай дәмді, аспазы неткен әдемі. Алыстан арып-ашып жеткен керуеншілер қашан күш жинап, саудасын жасап, қаланы аралап болғанша көліктерді тау ішіне айдап, бағатын малшы бар. Қазақтар қонағын төріне шығарады, жаны қалмай қызмет қылады, тегі бар ғой; мына тіршілікте екінші мәрте қайыра кездесуі

екіталай, мүлдем беймәлім жатжерлік туриске осынша жігі-жапар пейіліне таңданаңыз, әрі мәрт мінезіне тәнті боласыз. Жер бетінде осыншалық мейірбандық, ақжүректік, қолы ашықтық болатынына ерікіз иланасыз.»14*

Оқырманның байқағанындай, екі қаладағы керуен сарайлар қызметі, арада он бір ғасырдай уақыт айырмасы жатқанына қарамастан, бір-біріне өте ұқсас және жолаушының жанына жайлылығымен өзіне ынтықтырып тұр. Дүкенбайды оқып отырсаңыз Дешті Қыпшақтың сағым кернеген сайын даласының сары белінен бері асып келе жатқан Жібек Жолы керуені күміс қоңырауының сыңғыры естілетіндей. Сарайшықта қол-өнері дамыды, қыштан құмыра түрлерін, су жүретін құбыр жасау шебер игерілді, олар қала тұрғындарының игілігіне пайдаланылды. Одан өзге зергерлік, әшекей, әсемдік бұйымдарды қымбат металдан, асыл тастардан, сүйектен жасайтын шеберханалар, сондай-ақ тиын ақшалар соғу игерілді. Сарайшық шеберлері қолынан шыққан өнімдердің қай-қайсысы болса да, шетелдік базарларда ұялмай ұсынарлық деңгейде болған. Жібек Жолы керуенімен бұнда Сирияның көздің жауын алатын түрлі-түсті эмальдармен әсемделіп, жиектеріне алтын жалатылған шыны ыдыстары, Қытайдың құлпырған жібегі, айнасы мен лакталған ыдыстары, Иранның әсемдік бұйымдары, Парсының теңдессіз кілемдері, Ферғананың асыл тұқымды аттары, Араб арғымақтары келетін. Византия мен Римнен, Үндістан мен Иранның, Араб елі мен Еуропадан сирек кездесетін жоғары сапалы қымбат бұйымдар: жасмин суы, мұскал жаңғағы, женьшен, айдаһардың өті, алмас, янтарь, маржан, піл сүйегі, құйма күміс пен сом алтын, бағалы аң терілері мен соғыс құралдары әкелінетін. Сарайшық шеберлері өзге елден әкелінген тауарларды зерттеу арқылы сапалы өнім жасаудың әлемдік озық әдіс-тәсілдерін меңгеру жолында ізденеді, нәтижесінде Жібек Жолы саудасы талғамына сәйкес деңгейде тауар өндіруге қол жеткізеді. Оған қала асты қазбасынан табылған

5-6 ғасыр бойы топырақ астында жатса да, сыры да, сыны да кетпеген түрлі бедерлі, әшекейлі керамикалық ыдыс сынықтары, әдемі өрнектермен жасалған қыш құмыралар түрлері, шебер безендірілген тиын ақшалар, т.б. әшекей бұйымдардың сынықтары дәлел. Тарихшы ғалым А.Ю.Якубовскийдің деректеріне сүйенсек, Орта Азия XIII және XIV ғасырлардағыдай Шығыс Еуропамен бүкіл феодализм дәуірінде қарқынды да жүйелі сауда жасап көрген жоқ. Бату Сарайы мен Берке Сарайы қалалары ірі қолөнер өндірісі мен сауда орталығы бола отырып, XIV ғасырда Қытай, Орта Азия, Кавказ және Персиямен сауда жасауда орасан зор шешуші рол атқарған.

Сарайшық қаласынан Хиуа бағытына шығатын, Каспий мен Арал теңіздері арасынан өтетін үш жол болғанын жазады А.И.Левшин. (Оқырманымыздан кешірім сұрай отырып, жол тармақтары туралы автор түсіндірмесін, ұзақтау болса да, толық келтіруді жөн көрдік). «Олардың ең кереметі – ежелгі Ноғай жолы деп аталады. Сарайшықтан шыққан керуен Ноғай жолы арқылы жүріп отырып, Тентексорға келеді, одан Білеулі алқабы арқылы, көне бекініс Ұзынтамның жанынан Сағыз өзенінен өтеді, одан Қайнар тауын жағалап, Жем өзеніне келіп, одан Боқаш Әулие қорымының жанынан өтіп, Ұшқанға келеді, одан Желді тауының оң жағымен Үстіртке жетеді. Үстіртте Сам құмы арқылы Айбоғұр алқабымен Айдабол құдығына жетіп, одан Ақтөбе мен Күркіреуікке барады».

Екінші жол Жем өзенінен Үстірт арқылы Желді тауының жанымен жүріп, Көптам арқылы Қосбұлақ құдығына жетеді, одан Есекқырған даласымен керуен Үстірттен түсіп ежелгі Үргенішке келеді.

Сарайшықтан Хиуаға баратын үшінші жол – Қайнар тауының жанынан жоғарыдағы баяндалған жолдардан бөлініп, шығысқа бұрылып, Сарықасқа құдығы мен Біркүндік алқабы арқылы Аққаудан бұлағына жетеді. Үстіртке Арсай мен Қарсай жыралары арқылы

көтеріліп, Аралға жетеді. Аралды жағалап, Дуаналы-Құлама мен Құлмағыр шығанақтары арқылы Амудария жағасындағы Қоңырат қаласына келеді». 16*

Итальяндық Франческо Пеголотти XIV ғ. ортасында (1347-1355ж) Сарайшықтан түйе арбамен 20 күнде Үргенішке жеткенін жазған. Ол Арал-Каспий арасымен өтетін жолдардың бірімен жүрген болуы керек. Ұлтымыздың тарихын терең зерттеген, құнды еңбектер қалдырған А.И.Левшинді кезінде өзіміздің Шоқан «Қазақ халқы тарихының Геродоты» деп жоғары бағалапты. Біз де ғалымның тарихи еңбегіне бас ие отырып, өз пікірімізді қосуды жөн санадық. Әңгімеміз ежелгі Ноғай жолы атауы туралы.

Еділ бойынан, Маңғыстау даласы арқылы өтіп, Хиуаны, одан әрі оңтүстік елдерімен қосатын керуен жолы сонау I ғасырда-ақ бастау алып, XII ғасырда оның маңызы арта түсті делінеді тарихымызда. «Ежелгі» деп айрықша аталатын жол осы болса керек. Ал, Ноғай есімі беріде, XIII ғасырда ғана аталады. Қысқарта баяндасак:

Ноғай батыр –тегі маңғыт, Бату ханның қызынан туған жиені, Мөңке-Темір хан әскерінің түмен басы, алғыр да қызуқанды әскери қолбасшы. Еділ мен Днепр аралығындағы аймақ Хан тарапынан жеке иелігіне бөлініп беріледі де, оның қол астындағы елі Ноғай ұлысы атанады.

Кезінде Ноғайды тақаппар Византия императорының өзі құрметтеп, қызын берген. XIV ғ. басында Алтын Орда ханы Токтаның қастандығымен өлтіріледі. Жоғарғы айтылған керуен жолын Ноғай батыр есіміне байланыстырудың реті келмейді. Олай болса, керуен жолының Ноғай атауы қайдан шыққан? Ноғай өлтірілгеннен кейін бір ғасыр өткенде маңғыт тайпасы өкілі, есімі тарихта қалған Едіге батыр Ноғай Ордасы мемлекетін құрады. XV-XVI ғасырларда Ноғай Ордасының көршісі Ресеймен, Орта Азия, одан әрі оңтүстік елдерімен де тұрақты сауда жасағаны туралы деректер бар. Сонда «Ноғай жолы» XV-XVI ғасырларда

Ноғай Ордасы кезеңіндегі оның астанасы Сарайшықты Үргенішпен байланыстырған деудің қисыны келеді. Айтпағымыз – ноғай жолы «ежелгі» емес, кешегі ноғайлы заманында туған, өзге тармақтармен салыстырғанда уақыты жөнінен жаңа жол болуы керек.

Жылдар өте керуен жолы сан тарамдалып, оның бойларында отырықшылықтың арасалмағы өсе түсті. Сайрам, Отырар, Жаңакент және Сарайшық қалаларынан керуен жолының тармақтары Қазақстанның терістігіне, шығысына, кейін Сарыарқа атанған Дешті Қыпшақ даласына, Ресей қалаларына таралып жатты. Олар Алтай мен Моңғолияны, Ертіс бойын, Жезді, Ұлытау алқабын, сондай-ақ Ресейдің Түмен, Самарасын Жібек Жолының негізгі бөлігімен байланыстырған. Сөйтіп, XIII-XIV ғасырлар бойында Жібек Жолы бүгінгі Қазақстан жерін оңтүстік-шығысынан батысына бойлай өтіп қана қоймай, оның ішкі аймақтарының көптеген бөліктерін де қамтығанын көреміз. Сарайшық үшін бұл жылдар қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған бір үзік кезең болды. Кешікпей Алтын Орда тағына талас басталды, бірлікке, тұтастыққа іріткі салынды, сөйтіп, бір кезгі алып мемлекет ыдырай бастады. XIV ғ. аяғында Ақсақ Темір шапқыншылығынан Еуразия кеңістігінде, Алтын Орда аумағында тыныштық бұзылды. Осының салдарынан Жібек Жолының Солтүстік Каспий – Орталық Қазақстан тармағы өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Бұл адамзат тарихында үлкен прогрестік орны бар Ұлы Жібек Жолының ыдырауының басы еді. Тарих алдан Жібек Жолын айырбастар, географиялық ұлы ашулар нәтижесінде пайда болатын халықаралық су жолдарының ашылуын күтті. Оған ілесе бу машинасының, іштен жану двигателінің күшімен жүретін транспорт құралдарының заманы келе жатты. Бұлар адамзат қоғамының дамуында бір кезгі Ұлы Жібек Жолының атқарған міндетін одан әрі ілгері апарушылар эстафетасы еді.

Жібек Жолы –XXI ғасырда

«Ұлы Жібек Жолы – өзара келісім мен түсіністік және мәдениеттерді жақындастыру жолы» деп аталатын ЮНЕСКО-ның шешімі дүниежүзі жұртшылығынан кең қолдау тапты. Ұлы Жібек Жолы өзінің қайта туу дәуірін бастауда. Республикамыз аумағында 1700 шақырымға созылған Жібек Жолы сілемінің ғасырлар қойнауында көміліп қалған тарихын жүйелеп зерттеу, керуен жолы сыр ғып шертер ен байлықты ұлтымыздың толыққанды тарихын жасауға пайдалану, оның бойындағы тарихи мұрағаттарды, жәдігерлерді теріп, жастарымызды бабалардың өр рухымен табыстыру, тарихи орындарымызды түлетіп, туристік жүйе арқылы елімізді өзге елдерге таныту бағытында жаңа істер ұйымдастырылып жатқанынан көпшілік хабардар болар.

Республикамызда Ұлы Жібек Жолы бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту туралы 1997 жылы Президентіміздің арнайы жарлығы шыққан болатын. Ізінше «Жібек Жолы» деп аталатын компания құрылып, сол компанияның, жергілікті әкімшіліктердің, қаржылы азаматтардың қолдауымен туристер үшін Талғар қаласында «Талхиз» (Талғардың ортағасырлық атауы) керуен сарайы, 1500 жылдығы атап өтілген жылы қасиетті Түркістанда керуен сарай ашылғаны туралы баспасөзден оқығанбыз. Бабалар заманындағы керуен жолында қозғалыс басталғаны қуантады.

Сол өнегелі іс Атырау өңірінде де өзінің жалғасын табуда. 1999 жылдың күзінде, Жібек Жолы бойындағы маңызды бекеттің бірі, кезінде Хан Ордасы болған көне Сарайшық қаласының орнында осында жерленген жеті ханға ескерткіш кесене тұрғызылып, ескі қала қазбаларынан табылған жәдігерлерге мұражай үйі салынды. Маңғыстаудың мәрмар сапалы ақ тасымен көмкерілген биіктігі 14 метрлік хандар кесенесі, мұражай мен мешіт ғимараттары ауылға көрік беріп тұр. Аталған құрылысқа ел бюджетінің бір теңгесін де шығармастан, сол кезгі облыс әкімі И.Тасмағамбетовтың

іскерлік бастамасымен облыс мекеме, ұйымдарының, кәсіпорындары мен жекелеген азаматтарының қаржылық қолдауымен келешек ұрпақ үшін де, ел рухын көтеруде де тарихи маңызды іс тындырылды.

«Хан Ордалы Сарайшық» мұражай-қорығының болашағы туралы Премьер-министр Иманғалидың жобасын тыңдасаңыз көне Сарайшықтың санаулы жылдардан кейін Жібек Жолы бойындағы үлгілі туристік базалардың бірі боларына сенесіз. Жібек Жолын жаңғыртудың бағдарламасына сәйкес, 1991 жылдың өзінде «Ұлытау» қоғамдық қозғалысы Отырардан Бетпақдала арқылы Ұлытауға 12 түйемен 40 күнде 1300 шақырым жолды жүріп өткен болатын. 1999 жылдың мамыр айынан 2001 жылдың қазанының аяғына дейін созылған «Алтай-Дунай» халықаралық бейбіт ынтымақтастық экспедициясы көне керуен жолы сүрлеуінен 5500 шақырымдық жол жүріп өтуі тек біздің республикамыз ғана емес, экспедиция үстімен өткен Башқұрт, Ресей, Молдава, Украина, Румын, Венгер елдері жұртшылығы үшін де есте қалар оқиға болды. Керуен құрамында 11 түйе, бір ескі арба, екі автокөлік, 13 адам болыпты. «Жас Алаш» бұл жорық туралы: «... Ғажабы, Еуразия даласының жазығы мен таулы ойпаттарын керуен жолы бойымен жүріп өткен жорықшылар Челябі, Башқұртстан, Орынбор, Саратов өңірлерінде көптеген қазақ ауылдарында қонақасынан дәм татқан. Украинада қазақ топырағынан қоныс аударған украиндар мен орыстар керуенді қазақтың әнбиімен қарсы алыпты. ...Ал, Византияда 350 мыңдай қыпшақ бар екендігі ақиқат болып шықты» – деп жазды. 17*

Сөйтіп, Жібек Жолының жаңа дәуірі – оны бүгінгі ұрпақтың танып-білу дәуірі басталды. Жібек Жолы заманынан бері араға бірнеше ғасырлар салып қазақ даласында темір жолдар мен автомобиль қатынас жолдары іске қосылды. Жол салу жұмысы орасан зор қаржылық, материалдық және күш-қуат жөнінен де шығындармен байланысты болатыны түсінікті. Он-

дай жұмыс көлемін жобалауда жол өтетін жердің еңіс-дөңестігі, тау-тастығы сияқты жергілікті ерекшелігі мен ел қоныстануға болардай тұщы сулы жерлермен өтуі, сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын қамтуы ескеріліп, қатаң ғылыми есеппен жоспарланатыны көпшілікке аян. XX ғасыр ғылымының ақыл таразысынан өткен жобалармен салынған қазақ жеріндегі темір жол, автомобиль жолдарының бағыты – бұдан 7-10 ғасыр бұрынғы Жібек Жолының сорабы бойымен салынғаны анықталып отыр. Бұны Токтар мен Талғаттың космостан түсіріп әкелген суреттері дәлелдеп беруде.

Оптикалық талшықты байланыс кабелі–лазер сәулесін тасымалдайтын ерекше желі, болашақта ғаламат ақпарат тасқынын қамтамасыз ете алатын бірден-бір құрал. Еуропаның ортасындағы Франкфурт қаласынан сонау Азияның ортасы Шанхайға дейін жарты Азияны басып, оптикалық-талшықты супер магистраль салынып жатқан көрінеді. Бойымен бір мезгілде миллиондаған ақпарат беруге, мыңдаған телефон-теледидар хабарын таратуға мүмкіндік беретін бұл магистраль тағдырдың мырзалығымен біздің Қазақстан үстімен, дәлірек айтсақ, Жібек Жолы керуені сүрлеуімен өтетін болыпты.

Жақында Германияның атақты «Сименс» концерні талшықты-оптикалық магистральдың Қазақстан жеріндегі батыс тармағын салып бітірді. Ұзындығы екі жарым мың шақырымға жуық жерде Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Атырау (одан әрі Ганюшкин арқылы Ресеймен шекараға шығады) қалалары мен 23 аудан орталықтарының арасын осы заманғы байланыс желісімен жалғастырып жатыр.

Айтпағымыз – адамзаттың XX-XXI ғасырлардағы өмірлік маңызды күретамыр қатынас және байланыс жолдарының бағытының бабалар салған көне керуен жолы сорабымен сәйкес келуі. Ол– бабаларымыздың ақыл-парасатының, табиғи ортаны танып-білу тереңдігінің тағы бір айғағы.

Жақында Республикамыздың ақпарат құралдары

жұртшылыққа жағымды жаңалықты жеткізді. 2001 жылы Баку қаласында қол қойылған «Трансазиялық темір жол магистралының Алматы – Ташкент – Түркменабад – Тегеран – Стамбул маршрутындағы халықаралық жолаушылар қатынасын ашу жөніндегі Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түркменстан және Өзбекстан елдерінің темір жол әкімшіліктері арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум негізінде 2002 жылдың 14 наурызында Алматы – Тегеран жолаушы поезының сапары басталды. Маршрут, елдер аралық келісімге сай, Алматы – Ташкент – Түркменабад – Серахс – Мешхед – Тегеран – Стамбул қалаларын қосатын болады. Стамбулға дейінгі жол салыну үстінде. Аталған маршруттағы халықаралық жолаушылар қатынасының ашылуы осы аймақтағы елдер үшін зор маңызды болатыны түсінікті. «...Бүгінгі заманға сай темір жол көлігі мен саланың соңғы жетістіктерінің арқасында ерте замандарда орталық Азия аумағынан өткен Ұлы Жібек Жолын жаңа үлгіде жаңғыртуға тағы да бір маңызды қадам жасалуда» – деп жазды «Егемен Қазақстан». Бұл жаңа маршрут Достық – Алашанькоу шекара өткелі арқылы Қытайдың Тынық мұхиттағы порттарына дейін жалғасқан жағдайда, әлемдік экономиканың орталықтары Еуропа мен Оңтүстік Шығыс Азияны қосатын алып магистраль қатынасының қақпасы ашылмақ. Сөйтіп, біздің Қазақстанымыздың экономикасының жедел де жан-жақты дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылғалы тұр. Ұлы Жібек Жолы керуені ХХІ ғасыр бастауында бабалар заманындағы ат көлігін «айшылық жолды алты-ақ сағатта алатын» отарбаға айырбастады.

Жібек Жолы керуені ісін жалғастырушыларға, олардың халықаралық дамуға қалтқысыз қызмет ететініне сенім білдіріп, ақ жол тілейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С.И.Руденко «Культура населения горного Алтая в скифское время» М-1953.
2. Қазақстан тарихы 4 томдық. I-том А-1996. 493-бет.
3. Бұл да сонда. 492-бет.
4. В.В.Бартольд «Очерк истории Семиречья» Соч. Т-II 1963 стр. 31.
5. Осы тізімдегі 2-ші әдебиет, 494 бет.
6. Бұл да сонда, 498 бет.
7. М.Қозыбаев «Ата тарихы туралы сыр» Егемен Қазақстан газеті 30.04.99 ж.
8. Ә.Бәйбатша «Қазақ даласының ежелгі тарихы» Егемен Қазақстан 11.XI.97 ж.
9. Ракип Насыров «По Великому Шелковому пути» фотоальбом А-1991. Стр. 17-18.
10. Д.Досжанов Жібек Жолы романы А-90, 21-22 беттер.
11. Осы тізімдегі 9-шы әдебиет. 21-бет.
12. К. Байпақов, А.Нұржанов «Ұлы Жібек Жолы және ортағасырлық Қазақстан» А-1992 ,8-9 беттер.
13. И.Тасмағамбетов, З.Самашев Сарайшық А-2001, 11-бет.
14. Л.А.Боровиков «Центральная Азия, исторические документы» II в до н.э. М-1989 г.
15. Семенов Тянь-Шаньский «Неизданные записки» М-1997 стр. 57.
16. А.И.Левшин «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.» А-1996, стр.97-98.
17. Назира Байырбек «Көшпелі елдің ұрпақтары көне дәстүрді жаңғыртып қайтты». «Жас Алаш» 7 ақпан 2002 ж. 16 саны.

БАБАМНЫҢ ЖҰРТЫ НОҒАЙЛЫ

«...Орманбет би заманынан бері Ноғайлы халқының тарихы біз үшін тым күнгірт. Біз шынымен тарихымызды, тегімізді сыйлайтын жағдайға жеттік десек, дәл осы бір ақтандаққа назар салуымыз әбден қажет. Ноғай тарихы, ноғай халқының тағдыры, түптеп келгенде ноғай намысы да – біздікі».

Дүйсенбек Қанатбаев

Ноғай ұлысы

Ноғай ұлысы, Ноғай Ордасы жөнінде әңгіме бастауында алдымен Ноғай есіміне тоқталғанымыз жөн сияқты. Тарих зерттеушілерінің деректеріне сүйенсек, Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық тарихын зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты К.Пишулина былай деп жазады:

«Тарихшылар Б.А. Кочекаев, И.Х. Калмыков және басқалары ноғайлардың моңғол-қыпшақтардан тарағандығы туралы белгілі зерттеушілердің пікірлерін келтіреді; олардың көпшілігі (С.Е. Малов, Р.Г. Күзеев және басқалары) ноғай ұлысының негізгі тұрғындарының шығу тегін XIII ғасырдағы Жошы руынан шыққан Алтын Орда түмені – Ноғай батыр әскерінің құрамына кірген тайпалармен байланыстырады». 1*

Егер аудармада қате жіберіліп жүрмесе, бұл деректен Ноғай батырдың Жошыға туысқан ұрпақ, XIII ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің түменбасы (он мыңдық әскербасы) болғанын байқаймыз.

Бату ханның немересі Мөңке Темірден кейін Алтын Ордадағы билік үшін мұрагерлер арасындағы талас кезінде Батудың шөбересі Тоқтаның қарсыластарын

жойып, оны хан тағына отырғызатын да осы Ноғай батыр. Бұл – 1290 жыл деп көрсетеді түркі тілдес халықтардың шежіресін алғаш хатқа түсірген Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр өз жазбаларында.

Салих Закиров Рашид-ад-дин жазбаларына сүйеніп, «Ноғай – Жошының асыранды ұлы Бувалдың (Бууал) немересі, Татардың ұлы» деген дерегін келтіреді. 2*

Алтын Орда тарихын терең зерттеген шебер жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» кітабында: «Дешті Қыпшақ рулары да моңғол тәрізді көшпелі жұрт, қашып жүріп, босып жүріп соғысып, өз теңдігін оңай бермеді. Жошы ұрпағының бұнымен де санасуына тура келді. Тиімді болса, қыпшақтан қыз алып, қыз беріп кетуден де тайынбады. Осындай жағдайда Бату өзінің бір қызын маңғыт жігітіне ұзатады. Одан Ноғай деген инал (көне түркі тілі, шешесі хан тұқымынан, әкесі қарадан, ақсүйек тұқымы екенін білдіру үшін арнаулы «инал» деген ат берген) туады.

Ноғай асқан батыр, ақылды болады. Хан тағына отыруға хұқы жоқ, әке жағынан Шыңғыс тұқымынан емес, бірақ Бату хан өлген кезде, оның әскерін басқарады. Осы Ноғай қырық жылдай бүкіл Жошы тұқымына айтқанын істетеді. Алтын Орда хандарын өз қолымен отырғызып, алып тастай алатын әмірші болады». 3*

Оқырманның байқағанындай, қолында сонша билік пен бедел тұрғанда Ноғайдың хан тағына өзі отырып алмауы – оның хан тұқымы, мұрагері болмағандығынан екендігі ақылға сыйымды көрінеді. (Әдеби шығармадан тарихи шындықты іздеу үнемі оң нәтиже бермеуі мүмкін екендігі де есімізде). Хан тағына мұрагерлер арасында Ноғайсыз-ақ қиян-кескі таластар жеткілікті болатын. К.Пишулинаның тарихи зерттеулерін жоғары бағалай отырып, Ноғай батыр Жошының ұрпағы емес, асыранды баласының ұрпағы немесе жиені деген Есенберлин дерегіне тоқтаған жөн сияқты. Орыс ұлтында қыздан туғанды (жиенді) атасы басқалығына қарамай немересімен теңестіре, кейде «внук» деп атай беретінін ескерсек, күдікке орын да азаяды.

Немесе С.Закиров жазғандай, асыранды ұлдың ұрпағы болғанда да Ноғай хан тағына заңды мұрагер бола алмас еді.

Сонымен Ноғай батыр – тегі маңғыт, Бату ханның қызынан туған жиені, алғыр да қызуқанды әскери қолбасшы. Көзсіз батыр Ноғай нағашы атасы Батудың Батысқа бағыттаған жойқын жорығын жалғастырушылардың үнемі алдыңғы сапында болады. Қырғидай қиып түсер жылдамдық, әрдайым өз жасағының алдында жүрер жанкештілік, арыстанның өзін тәубесіне түсірердей жүректілік Ноғайды хан алдында да, қара алдында да беделді етті. Кезінде Ноғай батырды тәкаппар Византия императорының өзі құрметтеп, оған қызын берген дейді.

Еуропа елін жаулаудағы ерен еңбегі үшін Мөңке Темір хан оған Еділден Дунайға дейінгі (келесі бір деректерде Дон мен Днестр аралығы, тағы бірінде Днестрдің оң жағалауы делінеді) аймақты тарту етеді де оның қол астындағы елі Ноғай ұлысы атанады. 4*

(Кейбір деректерде Ноғайды Алтын Орданы әлсіретуге, хан мұрагерлері арасында іріткі салуға әрекеттенген арам ойлы адам ретінде суреттейді. Оқырманның байқағанындай, Ноғайдың, өмір бойы Алтын Орда үшін күрескен Ноғайдың еліне сатқындық жасауы қисынға келмейді. Ол ел басқаруға қабілетсіз мирасқордың Ноғайға деген көзқарасы болуы мүмкін).

Бұл – XIII ғасырдың екінші жартысы, оның соңғы ширегінің шамасы болуы керек. Ноғай Дунайда тұрғанмен оның ұлысының ұйтқысы Прут пен Днестр өзендері орталығы болыпты. Ноғай 1300 жылы (М. Тынышбаевтың түсіндіруінде 1306 жылы) Тоқта ханмен соғыста қаза табады. Ноғай өлтірілгесін батыстағы оның иелігі Шыңғыстың басқа ұрпағына ауысады да, халқының біраз бөлігі Еділдің сол жағалауына көшіріледі.

Ноғай ұлысының халқы туралы әңгімелесек. Дунай жағалауы – бұл Еуропаның ортасы, XII ғасырда Қыпшақтардың ат басын тіреген жер шеті –

оның тұрғындарын шамамен сол жердегі жергілікті еуропалықтар (олар да кезінде Ғұн, Хазар, Оғыз – жалпы түрік тектестермен араласқан) мен Қыпшақтардың араласуынан, кейін Ноғай батырдың сан түрлі тайпалар жауынгерлерінің «жанынан безгендер» жасағынан тұратын жанкешті әскері құрамынан тұрады деп жобалауға болар.

(Ноғай сонау Еуропа шетіне өзінің маңғыт туыстарын көшіріп апарды деудің қисыны келмейді). Ноғай өлтірілгеннен кейін оның ұлысындағы халқының біраз бөлігін батыстағы Днестрден Еділдің шығысына көшірудің қандай қажеттігі болды екен? Ноғай батырдың Алтын Орда хандарының қынабынан суырған алмас қылышы болудан өзге жазығы жоқ болатын. Өмір бойы Алтын Ордаға қалтқысыз қызмет етіп өтті. Тіпті өзімен жауласып, ақыры өлтіретін Тоқтаны хан тағына өз қолымен отырғызған еді-ау!

Көсемдерінің жазықсыз өлтірілгенінен хабардар болған ұлыстың белгілі бір бөлігі қарсылық көрсеткен болуы мүмкін. «Бүлікшіл» ренішті топты көз алдында ұстау үшін оларды Хан Ордасы маңына алдырған деудің жөні бар. (Бұл – тарихи дерексіз, автордың жеке пікірі екендігін оқырман есіне береміз) Міне, осы Ноғай ұлысынан Атырауға көшірілген тайпалардың болашақ қазақ халқының қалыптасуында айтарлықтай орны болғаны айтылады тарихымызда.

Ноғай Ордасы

Алтын Орда XIII-XIV ғасырларда Ертіс пен Дон өзендері, Қазан мен Хорезм қалалары аралығындағы ұланғайыр аймақты алып жатқан ірі мемлекет болғаны тарихтан белгілі. Дүние жүзіне аты әйгілі Шыңғыс ұрпағы Батый хан құрған Алтын Орда мемлекеті XIV ғасырдың екінші жартысында тоқырауға ұшырайды. Хан тағы үшін мұрагерлер арасындағы бітіспес қырқысулар, орыс халқының азаттық күресі, оған қоса Ақсақ Темір шапқыншылықтары Алтын Орданың ір-

гесін шайқалтып, ыдырата бастайды. Жәнібек хан (1341-1357) қайтыс болғаннан кейін, Алтын Ордада билік үшін өзара қырқыс, бітіспес бақталастық, сарай төңкерістері басталады. Орталықтан берілер қуатты басшылықтың болмауынан бұрынғы айбынды мемлекет жеке-дара тәуелсіз иеліктерге бөліне бастайды да, оларды жеке билеушілер басқарады. Қырым, Астрахан, Қазан, шығыста Көк Орда хандықтары осылайша бөлінеді. Алтын Орданың ыдырауы барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі – Ноғай Ордасы болды. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан XIV ғасырдың соңына қарай бөлектене бастайды да, Әмір Едіге тұсында мемлекет ретінде қалыптасуы жалғасып, оның баласы Нұраддиннің (1426-1440) кезінде аяқталады. Ноғай Ордасының негізгі аумағы Жайық пен Еділ өзендері аралығындағы далалық. Хандықтың орталығы – Жайық өзенінің төменгі ағысындағы Сарайшық қаласы. Шығысында Ноғайлар Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп жүрген, солтүстік-шығысында Батыс Сібір ойпаты Түмен қаласына дейін, солтүстік-батысында Қазанға дейін, оңтүстік-батысында Арал мен Каспий өңірінің солтүстігіне дейін жететін.

Ноғай Ордасындағы саны жөнінен үстем тайпа маңғыттар болды.

Орданың халқы құрамына маңғыттармен бірге қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгерес, қарлұқ және басқа да тайпа, рулардың бөліктері енген. Бұлардың бәрі Орта Азия мен Қазақстанның кең аумағына XIII ғасырдағы буырқанған оқиғалар (шығыстан батысқа орын ауыстыру, кейін Қыпшақ-Оғыз қырқысы) бытыратып, араластырып жіберген түрік және түркі тілдес тайпалар мен рулар болатын. Олардың басшылары арасында билік пен көшіп-қонатын жер үшін үнемі күрес жүріп жатты. Ноғай Ордасы этникалық құрылым емес, Алтын Орданың қираған тамтығынан жиналған саяси құрылым болды. Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқы қалыптасуының күрделі процесіне тікелей қатысты.

Енді Ноғай Ордасы халқының құрамы туралы әңгімелесек.

Моңғол шапқыншылығынан кейін өте ұзақ уақыт өтпей-ақ аз моңғолдар көп қыпшаққа сіңіп, тілін жоғалтты, қаны араласып, түркіленіп кетті. Моңғолдық тайпалардың түркіленуі олардың (екі жақтың да) тайпалық атауларының өзгеруіне соқтырды. Мысалы, қыпшақ даласындағы сол кезгі көшпелі тайпалардың жинақы атын шығыс деректерінде өзбек деп, түркі аңыз-жырларында ноғайлы деп атаған. 5*

Осы еңбегінде тарихшы-ғалым Б.Ермұханов қазақ пен ноғайдың рулық-тайпалық құрамы мен аумақтық орналасуының бірдейлігін көрсете отырып, олардың тарихтың белгілі бір кезеңінде тарихы да тағдыры да ортақ туысқан бір халық екендігін дәлелдейді.

Жоғарыда көрсетілген Ноғай Ордасы халқының құрамындағы бірнешесі қазақ ұлтын құрайтын рулар, ал алшындардың кіші жүз қазақтарының жиынтық атауы екендігін білеміз. Оқырманның байқағанындай, Ноғай Ордасы – Ноғай ұлысынан бір ғасырдай кейін пайда болған, тіршілік ету аумағы да өзге. Ноғай Ордасы – XV ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс Еуропада ірі күшке айналған, кезінде Ресей, Қырым, Орта Азия да санасқан, Ноғай батыр көз жұмғаннан кейін 80-90 жыл өте өмірге келген мемлекет. Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының жақын туысқандығы туралы Шоқан Уәлиханов «екі туысқан орда» деп көрсеткен. Мұндай қатынастар қазақтар мен ноғайлардың ханы аталатын Хақназар хан тұсында XVI ғасырдың ортасында да сақталады. Ноғай жұртының көсемдері шығыстағы көршілерінен бағдар алып, Әбілқайыр ханның, содан соң қазақ хандарының одақтастары болған. XV ғасырдың ортасына қарай Ноғай Ордасы тәуелсіз мемлекетке айналады. Ноғайлы тарихында Әмір Едігенің – Батыр Едігенің ерекше орны бар. Ол XIV ғ. аяғында Жайық пен Еділ арасындағы ноғайлы жұртын Алтын Ордадан бөліп, өз алдына дербес ұлыс құрады.

XIV ғасырдың аяғында Едіге батыр он бес жылдай

(1396-1411) шын мәнінде Алтын Ордадағы бүкіл билікті өз қолында ұстады. Едіге өз ордасында екі жүз мыңнан астам атты әскерді ұдайы әзірлікте ұстаған. Өз қолымен қойған хандар арқылы Алтын Орданы басқара отырып, «Ұлы Әмір» (әмир әл-умара) атағы бар Едігенің билігі зор болған және көрші ұлыстардың өміріне зор ықпал еткен. Алтын Ордадан бөлектенген бірқатар иеліктерде Астрахан, Қырым, Қазан хандықтарында кезінде Шыңғыс ұрпақтарынан біреуін хан көтеру үшін Едігенің келісімі алынатын дәстүр болған. Атынан әлем үрейленген Шыңғыстың, Жошының ұрпақтарына осынша ықпал ете алған Едіге кім еді?

Едіге туралы Арабшах, Әбілғазы, Қадірғали Жалайри жазбаларында мәліметтер келтірілген. Сонау түстіктегі Шам мен Меккені билеген мұсылман сұлтандары мен олардың мұрагерлері түгел мойындаған, ерлігі жөнінде «Ер Едіге» жыры жазылған Едіге (1352-1419 жылдар өмір сүрген) – Оңтүстік Қазақстандағы көне Құмкент қаласы билеушісінің баласы. Ол ерен сайыпқыран ержүректілігінің арқасында әмірлікке қол жеткізеді.

Аты аңызға айналған тарихи тұлғаның арғы тегі маңғыттан шығады.

Едігенің көзі тірісінде екі жауы болды дейді тарихта, бірі – шығыста Ақсақ Темір де, екіншісі – батыста Тоқтамыс. Едіге Тоқтамысты 1405 жылы өлтіреді.

Ал, Ақсақ Темір қолы Хаджи – Тарханды (Астрахан), Алтын Орда астанасы Берке Сарайын тонап, талқандап жолындағы Сарайшыққа неге тимеген? Бұл 1396 жыл еді ғой. Едігенің кемеңгер дипломатиясынан ба, әлде Қожа Ахмет Йассауидей бабаға көз тартарлық ескерткіш орнатқан, мұсылмандықты, қасиеттілікті құрметтеген Темір, Сарайшықтың қасиетті әулиелер мекені екенін ескерген болар ма?!

Едігенің жиырмаға тарта балалары болғаны, олардың әрқайсысы әскери іске маманданғаны және жеке-жеке әскер ұстағаны туралы тарихи деректер бар. Билікке талас ақыры Едіге батырдың да түбіне жетеді. 1419 жылы Тоқтамыстың кіші баласы Қыдырберді (кей

мәліметтерде Қадірберді) Едігені Сарайшық маңында қапылыста қолға түсіріп, әке кегін қайтарады. Ноғай Ордасында бүкіл саяси билік пен экономикалық өмір Едіге ұрпағы – маңғыт әмірлерінің қолында болды және оны рудағы жасы үлкендігіне қарай мұраға қалдырып отырды. Ноғай Ордасы саяси құрылымында Би – ең жоғарғы мемлекеттік лауазым болды. Биді ру, тайпа болып сайлап қоятын болған. 6*

Ел басқару жұмысында XV ғасырда Едігенің ұрпақтарынан Охас би (Уақас), Мұса мырза, Жаңбыршы және басқалары аталады. Ноғайлы көсемдері шығыс көршілеріне, қазақ хандарына одақтас болды десек те, уақыт өте олардың арасында да қақтығыстар болмай қалмаған. Мысалы, XVI ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ хандарының тарихи орыны туралы тарих ғылымының кандидаты Б.Кәрібаев жазады: 1534 ж. Ноғай Ордасында болған орыс елшісі Даниил Губиннің Қаһарлы Иванға жазған хабарламасында «қазақтар күшті, олар ноғайларға қарсы соғысқа дайындалуда, ал Мұсаның ұлдары Шейх-Мамай мен Жүсіп мырзалар Қазақ Ордасынан қорқып, Жем бойында тұр» делінген. 7*

Сол жылы қазақ-ноғай арасында соғыс болып, қазақтар жеңіледі. Өйткені, 1535 жылы Мұсаның екінші ұлы Сейдақ бектің орыс патшасына жазған хатында қазақ ханы Қожа Махмудтың (Қожа-Ахмет) 15 ұлымен бірге өзінде тұтқында отырғандығын жазады. Сондай-ақ Ахмет ханды Мұсаның немересі Орақ батырдың өлтіргендігін Қадірғали Жалайри шежіресінде келтіреді. Орыс патшасы Қаһарлы Иван 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахан хандығын жаулап алады. Бұл кезде Ноғай Ордасы да бірнеше дербес иеліктерге ыдырай бастаған еді, жекелеген аудандарын бір-бірімен жауласқан, тәуелсіз әмірші мырзалар басқаратын. Сондықтан толассыз жүргізілген өзара қырқыстардың салдарынан ноғайлар көбінесе тұтас ауылдарымен қазақ ханының қол астына қашып паналаған. Қазақтар туралы ноғай көсемдері де орыс

патшасына жазып тұрған. 1537 ж. Ноғай биі Жүсіп Қаһары Иванға жолдаған грамотасында:

«Егер Қазақ Ордасымен соғысу керек болса, мен қазір де Жайықтың арғы жағындағы Елек өзенінде көшіп жүрмін» – деп хабарлаған. Сондай-ақ өз ұлыстарының Ноғай Ордасынан бөлініп, қазақтарға қосылып жатқаны айтылған. 1557 ж. Ноғай биі Ысмайыл орыс патшасына: «Қазір менің немерелерім Жайықтың арғы жағында қалып, қазақ ханына қосылды, сөйтіп менімен соғысу сәтін күтіп жүр» – деп шағымданған. Ресей Қазан мен Астраханды қосып алғаннан кейін Еділдің бүкіл аңғары орыс мемлекетіне қосылды. Соның салдарынан Ноғай жұртының қалдығы оңтүстік пен шығысқа ығысады. Жүсіптің орыстар әлі алып үлгермеген Қырым хандығымен достық қатынас жасай бастағанын сезіп қалған Қаһарлы Иван кешікпей Сарайшыққа ауыр қол аттандырады. 1573 жылы орыс әскерлері мен Сарайшықты қорғаушы сарбаздар арасында ауыр шайқас жүреді. Күш тең емес болатын. Қорғаушылар саны 16 мың ғана болса, жау қолы 40 мыңның үстінде. Нәтижесінде орыс әскері Сарайшық сарбаздарын талқандайды, қаланы тонайды.

Бұдан бес жыл кейін, 1578 жылы олжа мен қымбат қазына іздеген Дон (кейбір деректе Еділ) казактары Сарайшыққа келіп, тірілерді қарақшылықпен талап, өлілердің қабірлерін қопарып, айуандықпен тонайды. Сөйтіп, Ноғай Ордасының астанасы, кешегі гүлденген орталық, хандар ордасы болған Сарайшық, бір кезгі Отырар қаласының тағдырына ұқсас, үйіндіге айналды.

Тарихшы Б.Ермұханов бұған басқа пікірде. Оның түсіндіруінше, казак топтарында Сарайшықты талқандап, жойып жіберерлік күш болмаған. Сарайшықтың қырғы жайлаудағы халқы, қорғаушы қолы хабарланып болғанша, бұлар тонаған олжаларын алып, су жолымен тез кетуге асығуы тиіс. Сарайшықты талқандаған XVII ғ. басында Еділ-Жайық өңіріне келетін қалмақтар болуы мүмкіндігін айтады.

XVII ғасырдың басында Ноғайлы халқы ата қонысын тастап, Еділдің арғы бетіне көшеді. Енді осы көшудің себебін іздестіріп көрелік. Орыстың жазба деректерінде XVI ғасырдың екінші жартысында Еділдің шығысын Үлкен Ноғайлы, батысын Кіші Ноғайлы ұлысы деп атаған. Үлкен Ноғайлы – Каспий жағалауын, Еділдің төменгі сағасын, Оралға дейін жайлаған. Кіші Ноғайлы – XVI ғасырдың 50-жылдары Ноғай Ордасынан бөлініп шыққан феодалдық мемлекет. Ол Еділдің оң жағына, Азов маңына, Кубань даласы мен Донның аралығына орналасқан бірнеше тайпалардан құрылған (XIII ғ. аяғындағы Ноғай ұлысы аумағын еске түсіріңіз) Қазан, Астрахан хандықтары Ресейге бағындырылған XVI ғасырдың екінші жартысының бастауында-ақ Ноғай Ордасының бірнеше дербес иеліктеріне ыдырап, оларды өзара жауласқан, тәуелсіз әмірші мырзалар басқарғанын жазған едік. Сөйтіп елде ауызбірлік жоғалды. Шейх-Мамай мен Жүсіп билер кезінде басталған ыдырау Исмайл би кезінде мүлде асқынып кетті. Оның бақталастықпен бауыры Жүсіпті өлімге қиюы – ағайын-туыстар арасында ашу-ыза мен өшпенділік, бөлшектену туғызды. Бұл жағдай Ноғай Ордасының мемлекеттік тұтастығын жойды, қорғаныс қабілетін жоғалтты.

Қиюы қашқан тірлікті түзеу, бет-бетіне жайылған билікшілердің басын біріктіріп ел ету Исмайлдан кейінгі билік басына келгендердің де қолынан келмеді. Жайылым жер үшін өзара қырқысқан ноғайлының жеке иеліктерін батыста Ресей Еділ жағалауынан ығыстырса, шығыс терістіктен қазақ даласына ұмтылған башқұрттар мен сібір татарлары тықсырды. Қазақ хандығымен де ара қатынастың шиеленіскен кезі екендігін жоғарыда аталған Қаһарлы Иванға жазылған хаттардан пайымдауға болады. Оның үстіне, бұларға қазақ ағайындардың туысқандық көмек беруіне олардың жоңғар қалмақтарымен жағаласудан қолдары босамайтын екі жүз жылдық соғыс кезеңі басталған-ды. «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына»-ның заманы туды. Ноғай Ордасы халқының құрамындағы ал-

шындар (кіші жүз рулары), олармен бірге Жембойлық ноғайлының қомақты бөлігі қазақ хандығына қосылды. Үлкен Ноғайлының соңғы биі Орманбет (1590-1601ж) о дүниелік болысымен, өзін қорғар күші жоқ, жайылымы тарылған атыраулық ноғайлы халқы тік көтеріліп, Еділдің арғы бетіндегі Кіші Ноғай Ордасы иелігін паналауға көшті. Бұл – соңғы көштің уақыты, ал көшу үрдісі ерте басталса керек.

Сөйтіп туысқан қазақ-ноғай халқын тарихтың шатқалаң бұрылысында қатал тағдыр екіге айырды. Туған жерден еріксіз көшу-тарихи үлкен трагедия болды. Туысқан халықтар трагедиясы сол кезден жеткен ауыз әдебиеті туындыларында бейнеленген.

«Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бөлген күн» ...

Шоқан еңбектерінде Асан Қайғы, XV–XVI ғасырлардағы ақын-жыраулар Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіздер қазақ пен ноғайдың ортақ перзенттері делінеді. Көңіл аударарлық тағы бір дерек бар.

«... Түрік философиясының ең көрнекті өкілдері – XV ғасырдан бері бүкіл Дешті Қыпшақты шулатқан ноғайлы-қазақ жыраулары. Егер бұл поэзияның шығу тегіне тоқталсақ, жыраулар поэзиясы ноғайлы мен қазақ айырылысып Қазақ хандығы құрылған заманда басталады» – деп, ғалым Әуезхан Қодар туысқан, тағдырлас халықтың айырылысу трагедиясының әріден, XV ғасырдың ортасынан шыға берісте басталғанын жазыпты. 8*

XVII ғасырдың 20-шы жылдары қалмақтар Еділ-Жайық аралығын жаулап аларда, бұл жерде ноғайлардың бытыраңқы қалдықтарын ғана кездестіреді. Ноғайлы елінің 1601 жылы көтеріле көшуіне оның алдыңғы жылы болған ашаршылықтың да әсері болды деп көрсетеді өз еңбектерінде түрік ғалымы Зәки Валид. «Кіші жүзде Әлімұлы, Байұлы, Жетіруға кірмейтін Ноғай – Қазақ руы бар. Олар – ертедегі ноғайлы заманынан келе жатқан Орақ, Мамай, Сейдақ, Қазтуғанның тұқымдары, Қояс, Үйсін, Қазанқұлақ, Қостаңба аталықтарына бөлінеді». 9*

Ноғай-Қазақ руының ұрпақтары республикамыздың Ресеймен шекаралас аудандарында, әсіресе Батыс Қазақстанның Жәнібек ауданында, сондай-ақ көрші елдің Астрахан, Волгоград, Саратов, Орынбор, Челябині т.б. облыстарында тұратын көрінеді. Оралдық тарихшы Жайсан Ақбай:

«Самар өзені жағасынан қазақ жері, Бөкей хандығына, Нарын құмына ноғайлардың бір тобы көшіп келіп қоныстанды. Олар ішкі Орда ханына беріле қызмет етеді. Адал қызметі үшін соңғы хан Жәңгір өзінің жарлығымен бұл ноғайларды қазақ рулары қатарына қосады. «Ноғай-қазақ» руы осылай (XIX ғ.) пайда болған» – деп түсіндіреді. 10*

Оқырманның байқағанындай, Оралдық Жайсанның «Ноғай-Қазақ» атауын XIX ғасырда Жәңгір хан берді деуінің қисыны келіңкіремейді. Оның бастауының әріде жатқандығын алдыңғы деректер дәлелдесе керек. 1875 жылы жазылған Сайдаққожа Жүсіпұлы шежіре кітабынан үзінді келтірсек:

«...Ноғайлылар XVII ғасырда Ноғай ұлысының соңғы Ордасы Аштархан хандығы құлаған соң қазақ жеріне келген. Діні мен тілі ұқсас олар қазақ тайпаларымен араласып кетті. Ноғайлардың Ширбан аталған тобы Орта жүздің Қоңырат тайпасының, Мамай-Герлик аталған бөлігі Кіші жүздің Жағалбайлы тайпасының құрамына енген. Ол сол тайпалар құрамында Ноғай, Ноғайлы атымен аталып жүр. Ноғайлының Айдархан атты бөлігі қазақтың Құрама тайпасына енген. ... Жалпы ноғайлылар соңғы деректер бойынша бір миллионға жуық. Оның 700 мыңдайы жеке Ноғайлы халқы болып есептеледі. Қазақ құрамына 200 мың, татар, башқұрт құрамына 100 мыңдайы кірген. Біз сөз етіп отырған қазақтың Құрама тайпасының ноғайлылары қазіргі уақытта Хиуа, Ташкент мандарын мекендейді». 11*

Деректе көңіл толарлықтай-ақ цифрлар келтіріліпті. Бұл – бұдан 127 жыл бұрынғы мәліметтер екенін де ескеру керек болар.

Шежіреші-ғалым Сайдекең атамыздың еңбегін үл-

кен ризашылықпен жоғары бағалай отырып, ноғайлар саны туралы цифрларының дұрыстығына бас изеу де қиын. Өйткені, бүгінгі күнгі Батыс жақта тоз-тозы шығып, бытырап жүрген ноғай туыстарымыздың барлық саны көңіл құлазытарлық, сексен мыңнан аспайтыны туралы дерек бар.

Ноғайлар және Ресей

Ноғайлардың қыпшақтың көшпенділік салтын сақтағандығы, негізгі күнелтіс көзі – мал және оның өнімдері болғаны белгілі. Ресей елімен экономикалық байланысында сыртқа шығаратын жалғыз ғана тауары – мал болған. XVI ғасырда Москваға сонау Жайықтың төменгі ағысындағы Сарайшықтан баратын елші мыңмыңдап жылқы айдаған. Кейде саттық жылқы саны 40-50 мыңға жеткен. Орыстардың той-мерекелерде сәндікке мінетін қаз мойынды арғымақтарындай емес, ноғай жылқылары қайратты, шомбал, мүсінді болмаса да жүріске өте төзімді, жауынгердің жауға мінетін нағыз қазанаты болатын. Осы қасиетіне байланысты ноғай аттарының Москва базарында бағасы жоғары болған. Ресей атты әскері түгелдей ноғай жылқысынан жасақталады. Ноғай атына мінген орыс жауынгерлері батыс шекараларда, татарлармен соғыста жеңіске жетеді.

Француздың зерттеуші қызы Ш.Лемерсье-Келькеже былай деп жазыпты:

«Феодалдық Москваның мешеу жаяу әскерін қазіргі заманғы жасақты кавалерияға айналдырған күдірет – ол ноғай жылқысы. Онсыз орыстар мұсылмандар иелігін басып ала алмаған болар еді». Ноғайлының атайы атбегілеріне (жылқының күтімі мен ауруын емдеу әдістерін жетік білетіндеріне) орыс патшасы атынан әдейі шақыру келіп, жоғары жалақы тағайындаған. Ноғайлар ұтылыстарын кеш ұққан. 12*

Орыс кавалериясына ер-тоқым, әрине ноғайлыдан әкелінеді: сатып алынады, шеберді Ресейге алдырып

жасатады. Ноғай ерінің артықшылығы — үстіндегі жауынгердің садақ тартуына, қылыштасуына, оңды-солды, алды-артындағы жауымен найзаласуына оңтайлы жасалуында. Орыс атты әскері соғыста қыпшақтың садағын, қоян-қолтық ұрыста ноғайдың ұзын семсерін пайдалануды үйренген.

Көргенді тамсандырған ноғай қамшысы — үлкен өнер туындысы.

Қиялыңызға бір сәт ерік берсек:

Бүлдіргесін қос қабат қайыс таспамен мықтап, өзегіне қорғасын құйған, ер қаруының біріне татырлық тобылғы сапты сарала жез сақиналы қамшы ұстаған, есік пен төрдей кербестінің үстінде, көсілте желіп, қаршығадай жинақы ноғай жігіті, оған ілесе күміс пен көмкерілген архар мүйізінен сабы бар әшекейлі жеңіл қамшыны жұмыр білегіне іле салып, қынама бел камзолды ноғай аруы тайпалған жорғасымен жаныңыздан өтіп барады...

Жан дүниенізді жаулаған жарасымды әдемілік! Иә, бұл XVI ғасыр.

Алтын Ордада, Ноғай Ордасында да мұрагерлер арасында таққа талас үзілмеген. Билік жолында бір анандан туғандар бір-бірін өлтірген жайлар жиі кездеседі.

Ресейдің Қаһарлы Иванымен ауыз жаласқан Исмаил мырза XVI ғасырдың орта шенінде орыстарға қарсы болғаны үшін өз ағасы Жүсіп биді өлтіреді. Ноғайлының ұйымшылдығы жоғалып, берекесіздік етек алады. Ноғайлыдан осы кезде кейбір мырзалар өз туыстарын ертіп, Ресейден баспана іздейді. Жекелеген жауынгер топтар қару-жарақтарымен келіп, патшаға қызмет етуге сұранады. Орыс патшасы келімсектерді Еділ бойындағы Романов қалашығына орналасуларына рұқсат етеді. 1570 жылдары Романовтағы ноғайларда мұсылман мешіті болғаны айтылады. Қаһарлы Иван Романов қалашығындағы ноғайларға алға қарай да дәл өз кезіндегідей жағдай жасап отыру жөнінде өз ұлына өсиет қалдырған. 13*

Қалашықта ноғайлар еркін жүріп тұрды, өздерінің

мырзаларына бағынды. Ал мырзалар Ресейдегі Ноғай елшілігіне бағынды. Салық мырзалар қалтасына түсетін тәртіп болды. Бұл жеңілдіктерге жауап ретінде ноғай жауынгерлері қажет болған кезінде Ресейді қорғауға сөзсіз қатысуға міндетті болды. XVII ғасырдың орта шенінде Романов ноғайлары Татарстанның қазіргі Чистополь ауданына көшіріледі.

Орыс шаруалары Романов ноғайларынан қой бағуды, оның терісін илеп, сапалы да жылы тон тігуді үйренді. Тон тігудің етек алғаны сонша, XVII ғасырдың ортасында болған Польшамен соғыста Ресей солдаттарын қысқа тонмен қамтамасыз еткен.

XVI-XVII ғасырларда Ресей патшасына қызмет еткен, сонысы үшін князь атағын алған ноғай мырзаларының бірнеше ағайынды тобы болды. Олар – Байтереков, Қанбаров, Құтымов, Тынбаев, Тыңмаметов, Ұрмаметов, Ұрысов, Шейдяков, Жүсіпов фамилиялы мырзалар.

Осылардан XX ғасырдың басында Ресейде Ұрысовтар мен Жүсіповтер ұрпақтары бар екендігі айтылады. Қалған мырзалар тұқымдары жергілікті ұлтқа жұтылып кеткен. 14*

Ноғай ордаларының бірігуі

Исмаил мырзаның қарамағындағы Үлкен Ноғай Ордасы 1557 жылы Ресейге тәуелділігін мойындаған. XVII ғ. бастауында Үлкен Ноғайлы Еділдің оң жағалауына көшіп, Кіші Ноғай Ордасымен бірігеді де Қырым хандығы мен Түрік сұлтандарына тәуелді болады.

Түркия мен Ресей арасындағы соғыстарға байланысты ноғайларға қоныстарын еріксіз бірнеше рет өзгертулеріне тура келеді. Ресейдің Түркиямен соғыстағы жеңісі, Қырым хандығының құлауы, XVIII ғасыр соңында Ноғайлы жұртының өмірін өте қиындатып жібереді. Оларға Ресейге сөзсіз бағыну немесе мемлекет аумағынан көшіп кету туралы қатаң шарт қойылады. Бұл Ноғайлардың заңды наразылығын

тудырды. Мектеп оқулығынан әрқайсысымызға белгілі әйгілі қолбасшы А.В.Суворов 1783 жылы Ноғайлыға жазалау экспедициясын ұйымдастырып, көпке танымал көсемдері мен көзі ашық зиялыларын, соғыс ісіне жарамдыларын түгелдей құртып жібереді. Жеке ұлт басына төнген бұндай зұлымдыққа арада ғасыр жарым уақыт жіберіп, қазақ елі де ұшырағанына тарих куә. XVI ғасырдың ақырында Ноғайларды отырықшылыққа көндіру мақсатында Ресей патшасы олардың киіз үйлерін жаппай өртетіп жіберген кездері де болған. Күйзелген ноғайлардың бір бөлігі (1812 ж. екі мың түтін, 1860 ж. 180 мың адам) Түркияға өтті, келесі бөлігі Солтүстік Кавказға, қазақ жеріне ауды. Осы босқындардың бір тармағы Башқұртстанға қоныстанады. Кейін, Ресейге қаратылғасын, XIX ғасырдың 40-жылдары олардың бір бөлігі Челябинь облысы жеріне көшіріледі.

Ноғай халқы XX ғасырда

Ноғайлы жұртының өмірінде бірнеше ғасырға созылған ауыртпалықтар халықтың санының азаюына әкеліп соқты. XVI ғасырда қазіргі Қазақстан аумағын түгелге жуық жайлаған (көшіп жүрген), ал XVII-XVIII ғасырларда Еділ, Кавказдан Дунайға дейінгі далалықты толтырған халықтан бүгінгі күні 80 мыңнан аспайтыны қалған.

Ноғайлар 1927 жылы Кеңес өкіметі тұсында Дағыстан құрамына енгізілсе, 1944-1957 жылдар ішінде Грозныйға бағындырылады. Ал 1957 жылдан бері РСФСР Жоғарғы Советі Президиумы Указымен (9 қаңтар 1957ж.) Ноғай халқының негізін құрайтын бөлігі үшке: Ставрополь өлкесіне, Дағыстанға және Чечен-Ингушке бөлініп жіберіледі. 15*

Сөйтіп өзі тоз-тоз болған ноғайлардың қалдығын одан әрі бөлшектеп, бұл ана тіліндегі мектептердің жабылуына соқтырады. Бүгінгі күні ноғайда рухани да, саяси да орталық жоқ, төл мәдениеті жоғалу қаупінде. Жұмыс жоқтықтан біршама жастары тағдырдың

салғанына көніп, сонау Сібір, Уренгой жақта кәсіп іздеп жүрген жайлары бар. Өлеңдерін ноғайлы жұрты жылап отырып оқитын Ғамзат есімді ақыны халықтың бүгінгі бишара халіне шарасыздықтан өзіне-өзі қол жұмсап, дүниеден өтіпті. Бұндай оқиға біреу емес көрінеді. Бұл мәліметтерді ноғай жазушысы Сүйін Қапаевтың өз аузынан естігенін ақын Дүйсенбек Қанатбаевтың 2000 жылдың 21 ақпан күнгі қазақ радиосынан «Сыр сандық» айдарымен жүргізген хабарынан тыңдағанбыз. «Труд» (04.06.02) газетіне сілтеме жасай отырып, «Жас Алаш» (08.06.02) газеті жуықтағы сандарының бірінде жайсыздау хабар жазды:

«Ваххабизм ауруы ноғай даласында кең тамыр жайды. Жаппай жұмыссыздық пен кедейшілік адамдарды оңай жолмен олжа табудың түрлі тәсілдеріне итермелеуде.

... Ноғай даласында діни экстремистердің қаптап кеткені соншалық, олар дәстүрлі исламды ұстанатындарды мешітке кіргізбеуге дейін барған.

... 1979 жылғы санақ бойынша бұрынғы Кеңес Одағында алты мыңдай ғана ноғай болыпты».

Бабалар заманында біздің көне Сарайшық орталығы болған Ноғай Ордасын құрысқан, қатар жүріп оны қорғасқан туысқан қандастарымыз – Ноғайлы жұртының бүгінгі тағдыры осындай.

Отыз жылдың үстінде әділетсіз бөлшектеуге шыдап келген ноғайлар жалпыноғайлық съезден кейін 1990 жылы «Бірлік» деп аталатын аймақаралық қоғамдық ұйым құрады.

«Бірліктің» саяси бағдарламасы:

– 1957 жылғы Ноғайлыны бөлшектеу Жарлығының күшін жойғызуға қол жеткізу,

– Ноғай жұртын, территориялық болмағанның өзінде, мәдени автономияға біріктіру.

Ноғайлы халқының осындай мақсатты жұмыс жүргізіп жатқан «Бірлік» қоғамдық ұйымын 1995

жылдың күзіне дейін басқарған зейнеткер ұстаз, тарихшы Балбек Аджібайрамұлы Келдасов 1999 жылдың күзінде Сарайшық мұражай-қорығында болды. Ноғайлының тарихи ауыр тағдыры туралы жетпісті алқымдаған ақсақал асықпай әңгімелеп берді.

Сарайшықта жерленген жеті хан кесенесіндегі Ноғай Ордасының билері Мамай мен Жүсіпке арналған құлпытастарды құшақтап тұрып, Балбек ақсақалдың:

– Арыстарым-ай, бар екенсіңдер ғой!

Ал біз Сіздің ұрпақтарыңыздың етек-жеңін әлі жинап бола алмай жатырмыз – деп, егілгенін көргенде біз де тебіреністе болдық.

– Ата жұртқа кері көшсек, сыяр едік-ау,мынау далаға, – дейді,көзі боталаған ноғай қарты.

– Ол мемлекеттік деңгейде шешілетін мәселе ғой – дейміз біз.

– Бауырлық парызыңды өтепсің, рахмет, Қазағым! – деді кетерінде Балбек ақсақал.

Біз де қадірменді қартқа, оның «Бірлік» ұйымының қолға алған ісіне ақжол айтып,Ноғайлы жұртына жаңа ғасырда тәуелсіздік тілеп қоштастық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. К.Пищулина «XIV-XV ғасыр: Ұлы даладағы елдіңгектері». «Егемен Қазақстан» 1 қазан 1998 ж.
2. С.Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» М-66, стр. 63.
3. І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы А-1976. 29-бет.
4. Қазақ ССР қысқаша (төрт томдық) энциклопедиясы 1 том А-1984 ж.362-бет.
5. Б.Ермұханов «Сарайшық – қазақ хандығының тұңғыш астанасы» Атырау облыстық «Атамекен» газеті №28, тамыз 2000 ж.
6. Кочекаев Б.А. «Ногайско-русские отношения в XV-XVIII в.в.» Алматы-1988 г.стр. 38

7. Б.Кәрібаев «Қазақтың бес ханы» «Егемен Қазақстан»
2 желтоқсан 1998 ж.
8. Әуезхан Қодар «Түрік философиясы» «Алтын Орда»
18 қаңтар 2002 ж.
9. Х.Маданов «Кіші жүз шежіресі» А-1994 ж. 162-бет.
10. Ж.Ақбай «Радуга Ақ Жайық» Самара-97 ж. 15-бет
11. Сайдакқожа Жүсіпұлы «Қазақ тайпаларының тарихы»
кітабы, Бұхара шаһары-1875 ж. «Ана тілі» газеті,
15 сәуір 1993ж. «Жүзге кірмейтін қазақ рулары».
12. Российский гос.архив древних актов ф.127 «Сношения
России с ногайскими татарами»
13. Российский гос.архив древних актов.Дополнение к
актам историческим,собранные и изданные Археографи-
ческой комиссией Т 1,1846 г. Стр. 381.
14. В.Трепавлов «Конь боевой и романовский полушубок».
Журнал «Родина», №3-4,1997 г.
15. Журнал «Евразия» №1, 1996 г. «Степь и народ».

АҢЫЗҒА ТОЛЫ САРАЙШЫҚ

...Күн сүйген күмбезіне,
Шаттанған көріп елі.
Аттанған күнде өзінен
Жібек Жол керуені.

Тарих кепіл болған,
Шындықты бекер дер ме?!
Әлемдік көпір болған,
Жайықтан өтер жерде.

Көлдерге шекер төккен,
Аққу, қаз ұялаған.
Жасалса бекер деп пе ең,
Ойымен зиялы адам.

Көзді арбап алтын қайық,
Жүзіпті Шекер көлде.
Сұлулық даңқын жайып,
Аңыз боп шет елдерге.

Жері бай тусыраған,
Келтірген сән-көрікті.
Жігітке су сұраған,
Қыздары бал беріпті.

Көлдері сарқылмаған,
Қаздары қаңқылдаған.
Болыпты сәнді қала,
Күмбезін алтындаған.

Сембай Бердімұратов.

Сарайшық – XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек Жолының бойындағы маңызды бекеттің бірі, Хан Ордасы болған ортағасырлық қала. Академик Ә.Марғұланның пікірінше, Сарайшық кезінде дүниеге аты әйгілі болған Алтын Орда мемлекетінің астанасы Бату Сарайымен қатар,

XIII ғасырдың орта шенінде салынған. Сонау VI-VIII ғасырларда Қытайдан шыққан Жібек Жолы керуені Сыр бойын жағалай келіп, Маңғыстау даласы, Каспий арқылы Дербентке өтіп, одан әрі ішкі Еуропаға жол тартса, Алтын Орданың өмірге келуі XIII-XIV ғасырларда бұл керуен жолының Солтүстік Каспий тармағының жандануына, сөйтіп бұл бағыттағы қалалар мен елді мекендердің тез дамуына, солардың бірі – Сарайшықтың да гүлденуіне тікелей әсер етті. Аталған кезеңде Сарайшықта Жібек Жолының бірнеше тармақтары тоғысты:

– Қытайдан жібек артқан керуен жолдың тіке батысқа шығар тармағымен Алакөл, Дүнгене, Тараз, Отырар арқылы Сыр бойын жағалап Сарайшыққа келсе,

– жолдың Қытайдан шығатын келесі бір тармағы Пакистан, Үнді елдерін аралап, Үргеніш арқылы Сарайшыққа,

– үшінші тармақ сонау Араб елінен, одан бергі түстік елдерін түгелге жуық аралап Сарайшыққа,

– келесісі Түркия жақтан шығатын жол тармағы, бәрі-бәрі Сарайшықта тоғысып, сол кезгі астана қалалар – Еділ бойындағы Бату мен Берке атындағы Сарайлардың бірі арқылы одан әрі Еуропаға асатын. XIV ғ. соңында Ақсақ Темір шапқыншылығынан Жібек Жолының негізгі бөлігі жұмысын тоқтатты делінеді тарихта. Дегенмен XV-XVII, тіпті XIX-дың ішінде Ресейден Сарайшық, Үргеніш арқылы оңтүстік елдеріне сауда керуендерінің жүріп тұрғандығы туралы деректер бар. Әр керуенде бірнеше мыңдаған көлік пен әлденеше жүздеген адамдар болатынын ескерсек, Сарайшық керуен сарайларында аптасына бірнеше керуенді қабылдау қаншалықты ауқымды шаруа болғандығын елестету қиын емес. Күні-түні ағылған керуен Сарайшық үшін байлықтың көзі болды. Қала тез өсті, байы түсті. Онда сол заманғы шығыстық сәулет өнерінің озық үлгілерімен салынған ғимараттар көбейді. Дүниенің түкпір-түкпірінен керуенмен келген әртүрлі елдердің өкілдерін тамсандырған ғимараттар Алтын Орданың

қалаларында аз болмапты. Кезінде орыс патшасы өзінің Мәскеуінде атақты Қызыл Алаңды салдырарда оның жоба-үлгісін Сарайшықтан, Кремль қорғанының жоба-үлгісін Бату Сарайынан алыпты-ау! 1*

XXI ғасыр көрерменін сүйсінтер Мәскеудегі әдеміліктер бұдан жеті ғасыр бұрын Сарайшықта жасалған! Отыз жылға таяу Алтын Орданы басқарған Бату қайтыс болып, інісі Берке таққа отырды. Мысыр еліне құл ретінде сатылып барып, сол елдің хан тағына көтерілетін қыпшақ ұланы Бейбарыстың Берке хан қайын атасы екендігі оқырманға белгілі. Сол Беркенің орта ғасыр тарихында (мектеп оқулықтарында) айтыла бермейтін ерекшелігі – оның Сарайшықты Алтын Ордада мұсылмандардың діни орталығы жасауы. Сөйтіп Сарайшық Алтын Орданың рухани астанасына айналады. Берке бұнда мемлекет қазынасынан әдейі қаржы бөлдіріп мешіттер салдырады, діндарларды, дәруіштерді, тіпті қайыршыларды да тегін тамақтандыратын, жатқызатын орындар (забия) салуға, оның үзіліссіз істеп тұруына мүмкіндік жасайды. 2* Сарайшықта сол кезгі (бұнда араб саяхатшысы Ибн Баттута болатын 1334 жылдары) зәбия басшысы, мұсылмандықты уағыздаушы Сейіт атаның (қайтыс болғаннан кейін әулие атанған) араб-парсы жақтан келушілерден емес, түрік текті жергілікті халық өкілі болғанына зейін аударыпты тарихшы ғалым Б.Ермұханов. Шамасы, бұл дерек XIV ғ. алғашқы жартысы кезеңінде Сарайшықта ислам дінінің халық арасында кең тарала бастағанын дәлелдесе керек. Солтүстік Каспий аймағында ислам дінінің VIII ғасырларда тарағаны туралы деректер де бар. 3*

Сарайшықтағы Аққу көлі, алтын қайық, көмілген мол қазына туралы халық аузында аңыздар көп айтылады. Сарайшықтың өркендеу кезеңі моңғол Өзбек ханның баласы Жәнібек (1341-1357) ханның тұсына сәйкес келсе керек. Шоқанның, өзге де тарихшылардың мәліметтерінде Жәнібек хан өз жанына ел сыйлаған билерді, шешендер мен жырауларды, халық қамын

ойлаған жақсылар мен жайсаңдарды жинаған дейді. Сол Жәнібек керуеннен толассыз түсіп жатқан байлықты халықтың игілігіне, қаланы көркейтуге жұмсапты. Талай ел өкілдерін тамсантаң Аққу көлін осы кезеңде салдырыпты Жәнібек. Электр тогы адам игілігіне қызмет етпестен бұрынғы ескі заманда көл табанын суға толтыру, оны үнемі жаңартып отыру әлденеше ондаған қосақ өгіздермен, сандаған шығыр құрылғыларын күндіз-түні айналдырумен іске асатыны түсінікті жай. Жәнібек бұл істі үлкен ақыл-парасатпен істеген. Көл суына керуенмен келген қап-қап қант төктіріп, аққу мен қаз қондырған. Оларды ұшырып жібермеудің барлық шараларын алыпты. Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен құстарға дән беріп, бірте-бірте қолға үйреткен. Көл маңында өзіне қауіптің жоқтығына көзі жеткен құс атаулы Сарайшық аруларының алақанын қытықтап, бидайын жеп, жаз бойы Секер көлде еркін сайрандап, керуенмен келген шет жерліктер алдында қаланың сәнсалтанатын арттырады. Сарайшықтың Аққу көлі туралы хабар ел-елге тарайды. Жәнібек хан онымен де шектелмей, оңтүстіктің бал татыған жеміс ағаштарының түр-түрін алдырып, көл жағалай отырғыздырады. Балғын шыбықтарды отырғызып, жерсіндіріп жібергенше, сол жақтың шебер бағбандарын да жалдап алады. Осы ғажайыпты көзімен көріп, куәгер болған италиялық саяхатшылардың бірі «сол ғасырларда баубақша отаны саналған парсыларда кездеспеген жүзім мен жеміс ағаштарының ерекше түрлері Сарайшықта өседі екен» деп жазды. 4* Оңтүстік елдерінің базарларында сатып алып жейтін (бағасы да арзан емес) уылжып піскен, дәмі тілді үйіретін небір жемістің түрлерін Сарайшыққа келген шетелдік қонақтар атақты Аққу көлінің жағасында жеміс ағаштарының қоңыр салқын көлеңкесінде демалып жатып, өз қолымен үзіп жегендіктерін елдеріне барғанда аңыз ғып айтып жүрген. Бұл пәнидегі Сарайшықтай жұмақты көру, Аққу көлінде сайрандау сол кезгі бұны естіген әр саяхатшы мен

саудагердің арманы болса керек. Келесі бір аңызды тыңдап көріңіз. Жасауын жасап, ұзатқалы отырғанда, Жәнібек ханның жалғыз қызы, он бес жасқа қараған шағында, кенеттен қайтыс болады. Қыз жасауына сол кезгі бір мемлекеттің тұтас қазынасына тең байлық жұмсалыпты деседі. Қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге әмір етіпті хан. «Сонша байлықтың жерге көмілгенін естіген бір қара жүрек қарақшы қызыңыздың денесін ит пен құсқа жем қылып, қабірінен шығарып тастап, байлықты алып кетсе, Сіз қай қарақшының артынан қуып жүресіз?»— деп сақтандырған уәзірлер, ханға қызын жасырын жерлеуге ақыл қосады. Ханнан жеке тапсырма алған жетеу сол түні таң қараңғылығына дейін қызды жерлеп үлгереді. Хан тапсырмасы «Ұшқан құс, жүгірген аң, тірі жан қызымның қайда жерленгенін білмейтін болсын. Орындасандар, әрқайсысың ат басындай алтын аласындар» болыпты. Түн бойына қала халқы шұрқыраған жылқы дыбысын есітіп жатыпты. Сан мыңдаған жылқы бірнеше сағат бойына қабір үстімен ілгері-кейін айдалса керек. Таң қараңғылығында уәделі алтындарын алғалы келген жетеуді хан емес, оның жендеттері қарсы алыпты да, түгел бастарын алып тастапты-мыс. Хан қызының денесімен бірге қомақты қазынабайлықтың жерге көмілуі туралы аңыз және бұнда бірнеше хандардың жерленуі (хандар қабіріне өздері тірі кезінде тұтынған қымбат дүниелері мен қарулары қоса көміліпті-міс), түптің түбінде Сарайшықтың сан қайтара тоналуына, ақыры бір кезгі Шыңғыс хан қиратқан Отырардай күлі ғана қалған үйіндіге айналуына соқтырады. 1578 жылы (кейбір деректерде 1580 жыл) Иван Грозныйдың мирасқоры Федордың Сарайшықтағы әдемі алаңның қалдығын жою тапсырмасымен жіберген Еділ мен Жайық бойы казактары, кейін ерінбей байлық іздегеннің бәрі, XVII ғасыр басындағы қалмақтар, олардан қалғанды XIX ғасырда орыс археологтарының атын жамылғандар өлілердің қабіріне дейін айуандықпен тонайды, әлденеше рет астын үстіне шығарып қопарады.

Ендігі қазбадан күтеріміз ескі қаладағы қорған сыртында орналасқан делінетін түрлі шеберханалар мен көлемді деп айтылып жүрген бесінші мешіт және кезінде қала сыртында орналасқан керуен сарайлар орындары болар. Тарихи құнды жәдігерлер табылуын да жоққа шығаруға болмас.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ә.Тәттіғұлов «Өмірдің өзіндей мәңгілік», «Ақиқат» журналы 3-2000 ж. 43-бет.
2. А.Тоқтабаев «Сарайшықтың Аққу көлі» «Егемен Қазақстан» 21 наурыз 1998 жыл.
3. Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтай «Түркілер исламды қашан қабылдады?» «Ислам әлемі» журналы 1, 2001 жыл 4-бет.
4. Ә.Кекілбаев «Сарайшық» Алтын Орда апталығы 2 маусым 2000 жыл.

САРАЙШЫҚТЫҢ ЕКІНШІ ӨМІРІ

(Атырау өлкесі 1600-1900 жылдарда).

Сарайшық талқандалған 1580 жылдары қазақ хандығында Хакназар хан өлтіріліп, таққа Тәуекел келді. Ол өз кезінде Ферғана, Самарқандты басып алады.

Бұл кезеңде Хиуа хандығын басып алып, өз жағдайын біршама түзеген Бұхар хандығының ноғайлармен келісімі Қазақ хандығына қауіп туғызды. Тәуекел ханның Мәскеуге жіберген елшісінің айтуынша, Бұхар ханының негізгі көздегені – Жайық бойындағы Сарайды (Сарайшық болар) қала – бекініс етіп, Астраханды өзіне тәуелді ету.

Ресей де Қазақ хандығымен келісімге белгілі себептермен мүдделі болатын.

Бұл– Ресейде Иван Грозныйдың баласы Феодор өліп, орнына Борис Годуновтың таққа отырған кезі. Н.Тынышбаевтың жазуында ноғайлының Орманбет биі 1597 –1598 жылдары өлтіріліп, оның інісі Естерек 1604 жылы Астрахан маңы даласында, Терек, Кума, Еділ, Царицын маңында көшіп жүрген ноғайлардың бас князі болып тағайындалады.

1598 жылы Тәуекел өліп, Есімхан таққа отырды. Есімхан заманында қазақтар саны өздері келіп қосылған ноғайлы халқының арқасында екі есеге дейін өсті. Қазақ хандығы күшейе бастады.

Қазақтар тонап, қиратқан Сарайшық XVII ғасырдың басында қаңырап бос жатты. Кезбе казак-орыс топтары, қазына іздеген өзгелер де, ал кейін, сол ғасырдың 20-30 жылдары осы өлкеге келген қалмақтар да қала орнын қайта-қайта тонады.

Сарайшық қазынасының тоналуды XX ғасырға дейін ұласады. 1904 жылы Орынбор ғылыми-мұражай комиссиясы хабарламасында ғалым Г.Скалов Сарайшық қаласы қазыналарының жыртықшылықпен тоналуды туралы мәліметтер берген. 1*

XVII ғасырдың басында Сарайшық арқылы өтетін

сауда керуендерін мұндағы казактар мен қалмақтар айуандықпен тонаумен болды.

Сөйтіп, үш жарым ғасырдай сауда керуен қатынасының бірегей орталығы болған Сарайшық, Хан Орда-сы, имандылық ұйыған діни орталық болған бай астана өзінің мән-мағынасын жоғалтты.

Сарайшық қаласының орны жатқан Жайық бойы, Атырау аймағының XVII ғасырдан бергі тарихы – осы өлкеде тарихи тағдырлары тоғысқан Қазақ елі мен Ресейдің және Еділ-Жайық бойы казактары (казак-орыстары) мен екі өзен арасын ғасыр жарымдай мекендеген, тағдыр желі қаңбақша домалатқан қалмақ халқының бір бөлігінің (ойраттардың тарихы) қалмақтар мен казактардың бұл өлкеге келу тарихына қысқаша шолу жасалық.

Моңғолдардың су-моңғол тобы (татарлар) маңғыт, ұңғыт және шүршіт тайпаларына бөлінеді. Соңғы шүршіт тайпасынан XVII-XVIII ғасырларда тарихта жиі айтылатын қалмақтар (ойраттар) шығады. 2*

«XVII ғасыр басында ойрат одағын құрған дүрбіт, хошеуіт, торғауыт, чорос, хойт рулары» – деген деректер де бар. 3*

1635 жылдар шамасында Жоңғарияда ойрат тайпалары бірігіп, Жоңғар мемлекетін құрады. Бұған дейін ойраттардың бір бөлігі батысқа ойысқан болатын. Малына жайылым, жанына жәйлі қоныс іздеген қалмақтардың қомақты бөлігі сонау Жоңғариядан Қазақстанның шығыс-терістік шекараларымен қозғалып, батыстағы екі өзен аралығына жетеді.

«Қалмақтардың Еділ мен Жайық бойына алғаш келуі 1616 жылдары болатын» – деп жазады А.Тәжутов. 4*

Қалмақтардың бақытына қарай, Ресей олардың қоныстануына жағдай жасайды. Ресейдің бұл жомарттығында өзінің ішкі есебі болатын. Азулы Алтын Орда өктемдігінен құтылдым ба деп отырған Ресей, оның орнында күн санап күшейіп келе жатқан Қазақ хандығынан қауіптенетін. Іздегенге сұраған дегендей,

Ресей жер сұраған қалмақтарды қазақтармен арадағы шекараға орналастырып, өз қамқорлығына алады.

Ембі, Ойыл өзендері бойынан Нарын құмы мен Боғда тауына қарай көшіп-қонған қалмақтарға, Ресей патшасы 1655 жылы сәуір айында арнайы жарлық шығарып, Еділ-Жайық өзендері аралығынан жер береді. Қалмақтар Қазақ хандығы шекарасына орналас-тырылып, шекара күзету ісіне тартыла бастайды.

Ресейде крепостнойлық басыбайлылықтан шегіне жете күйзелген, жер иелерінің құлдығынан қашқандар Еділ мен Жайық аралығына топ-тобымен ағыла бастады. Казактар, қарашекпенділер деп аталған бұл тобырлар күнелтіс үшін ұрлық, тонау, қарақшылықпен айналысты.

1866 жылғы «Оренбургская губерния»-ның дерегіне сүйеніп, ҚазМУ оқытушысы Дәурен Сайдалы былай деп жазады: «1577 жылы әбден құнығып, құтырынған бұл қарақшыларды Еділ бойынан аластау үшін жіберілген Иван Мурашкиннің отряды оларды Жайыққа қарай қуып салды. Бытырай қашқандардың Ермек бастаған бір бөлігі Сібір жағына, екіншісі Терек бағытына, ал үшінші бөлігі жан сауғалап, қырға, құмды шөлге барып паналап, естерін жиған соң Каспийге келіп, жағалаудағы қалың қамыс арасына жасырынып жүрді...»

Сарайшықты 1580 жылы тонайтын да осылар. Жайықты өрлей жоғары көтеріліп, бүгінгі Орал қаласынан сәл жоғары Орешной шатқалына бекінеді. Кейін осы қарақшылардың ұрпақтары Жайық казак әскерінің негізін құрайды. Казактар туралы келесі бір дерек те осы мазмұндас. Батыс Қазақстандық журналист Т.Әліпқали П.И.Рычковтың «Орынбор губерниясының» топографиясы» (1761 жылдар шамасында шығарылған) еңбегіндегі деректерге сүйеніп, мына мәліметтерді келтіреді:

«Ақ Жайық өңіріне аяқ басқан алғашқы казактар Василий Гутняның бастауымен Доннан қашып келген отыз қарақшы болады. Қашып-пысқан тексіздердің есебінен бұлардың қатары кейін біртіндеп көбейе бе-

реді. Қарақшылар Каспийде қайықпен жүзіп, қарусыз сауда кемелерін талап-тонауды кәсіп етеді. Мұз қатып, салқын түсе олар Жайықты өрлеп, қалың ағаш арасын паналайды...»

Казактардың осы және бұдан өзге де топтары кезінде бай қала атанған Сарайшықты әлденеше рет тонауға қатысса керек.

XVI ғасырдың аяғында Ресейдің иелігін екі есеге дейін өсіруге үлкен үлес қосқан, өз атамандарына ғана бағынып, өкімет билігін мойындамаған казачество «орыс жерінің сақтаушылары, қорғаушылары» деп аталды.

Сөйтіп, Еділ мен Жайық, Кама мен Тобыл өзендерінің аралығында үстемдік құрған казачествоның жеке-жеке төрт тобы: солтүстікте – Есет казактары (негізін Ермак құрған), оңтүстікте – Жайық казактары, ал батыста – Уфа және Самара казак әскерлері пайда болып, олар кейіннен Орынбор казак әскерлерінің негізін қалады. 5*

Екі өзен аралығына XVII-XVIII ғасырлардағы қоныстанушылар туралы деректерге орын беріңкірегендегі мақсатымыз – тақырыбымызды аша түсумен бірге, Еділ-Жайық өңірі ежелден Ғұн-Хазар-Оғыз-Қыпшақ түрік тектестер жерін, олардың заңды мирасқоры казактардың ата мекені екендігін, ал казак, қалмақ дегендердің кешегі келімсектер екенін жастарымыз үшін тағы бір қайталап, қаперіне беру. Үлкен сыйластықтағы дос көршіміз Ресейдің өзі Еділдің төменгі сағасын XVI ғасырдың екінші жартысында ғана иемденген, ол – ежелгі ноғайлы жері.

Бұл кезеңде түстікте Қара теңізге, терістікте Балтық теңізіне тікелей шығуға мүмкіндік алған Ресей, елдегі өндіргіш күштерді одан әрі дамыту, ішкі өнімді сыртқы саудаға шығару үшін Үндістан, Қытай, Сібір, Орта Азия өзге де шығыс елдерімен сауданы жолға қоюға мүдделі болды. Ресей үшін шығыс елдерімен сауда Қазақ жері арқылы өтетін еді. Шығыспен саудада керуендердің қауіпсіздігін сақтау үшін бекіністер салу қажеттігі туды.

Бұған дейін өкімет билігін мойындамай, өз атаманының жұмсауымен тонаушылықпен айналысып келген казак топтары Жайық казачествосын 1720 жылы Ресейдің әскери коллегиясына бағынышты ету туралы жарлық берілді. Сөйтіп, әскери іске дайын казак жасақтары казак жерін отарлау саясатын жүзеге асыруда Ресейдің қынабынан суырған қылышы бола кетті.

Каспий теңізінен басталып, Жайық бойымен Орынбор бағытына Жайық шебі бекініс желісі тартылды. Жайық бойы әскери бекіністерін казактар жасады. Олардың күшімен өзеннің оңтүстігіне он төрт бекініс орнатылды, бірнеше форпост, әскери дала бекіністері (Редут), Қарауыл бекеттері салынды.

Сарайшық қаласының орнына орыстың әскери қамалы осы кезеңде салынды. Сарайшық әскери гарнизонының міндетіне Ресейдің Хиуа, Бұхара, Иран елдерімен сауда керуені жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге Арал-Каспий регионьнда империяның әскери мақсаттарын жүзеге асырудың да басты тірегі болу кіретін. Соның арқасында XVI-XVII ғасырларда Ресей мен Үргеніш, Бұхара және шығыс елдерімен арадағы сауда жолы толастамағаны туралы Ресейдің сыртқы саясаты архивінің «Киргиз-Кайсацкие дела», «Ногайские дела» қорларында деректер бар екендігін жазды тарихшы Г.Қаленова. 6*

1640 жылдары Жайықтың Каспийге құяр сағасына жақын, Сарайшықтан 45 шақырым төмен жерден Гурьев қаласының негізі қаланды. Одан Сарайшықтың қиратылған ғимараттарының тастары табылды деген деректер бар. 7*

Гурьевтегі балық кәсіпшілігі Каспийдің балығын Астрахан арқылы Ресейге асырып жатты.

Қазақ халқын жан-жақтан жау анталап, қыспаққа алып, «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқан кезеңде «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады» – дегендей, елдің батысында Ресейдің жеделдете отарлау әрекеті іске асырыла бастады. Ресейге арқа сүйеген қалмақтар екі өзен арасын еркін иемденіп, Жайықты

бойлаған бекініс шебіндегі казактар өзен бойын оның шұрайлы жерлерін меншіктеп, жергілікті қазақтарға жайылымдық жер қалдырмады.

Ата қоныстан әділетсіздікпен шеттетілген қазақтар қалмақтармен де, казактармен де жиі-жиі қақтығысқа барып қалатын. Орыс империясы өзінің шығыстағы саясатын іске асыру мақсатына пайдаланып отырған қалмақпен казактарды әрине жергіліктілерге жығып бермейді. Солай болды да. Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің 1742 жылғы жарлығында «Қырғыз-қайсақтардың Жайыққа жақын жерлерге көшіп-қоныстануына, мал жаюына қатал тиым салынсын» делінген. Бұл жарлық қазақтардың өршіп тұрған наразылығын одан әрі күшейтті. Қалмақтар мен казактардың малын айдап кету етек алды. Бұндай әрекеттер қарсы жақтар тарапынан да жиі болып тұрды. Ресейдің қазақ жерін «оқ шығармай» отарлау әрекеті үздіксіз жүріп жатты.

Каспий теңізінен басталып, Жайық бойымен Орынбор, Верхнойцк қамалына жеткізілген Жайық желісі Үлгілі Қарағай, Петропавловск қамалдары арқылы Үй өзені бойымен Усть-Уйск қамалына жалғасып, Тобыл өзенінің бойымен Сібір жеріне жетті. 1780 шақырымға созылған бекіністер шебі одан әрі Есілге ауысып, Омбыға, Ертіс арқылы Өскеменге, 1847-1854 жылдары Семейден Верныйға дейін тартылған жаңа Сібір желісі әрі жалғастырылды. Батысқа қарай Сырдарияға дейін созылған ол Қоқан желісіне айналды. Сөйтіп, бұл желі 1853-1864 жылдары Қазалыдан Түркістанға дейін Сыр өзенін қуалай тартылған бекіністер желісіне жалғасып, қазақ жері толық қоршауда қалды. 8*

Қазақ – қалмақ-казактар арасындағы жер дауы ушыға түсті. 1759 жылы Жайық атты казактары күшімен үкімет жарлығына құлақ аспай, Жайық бойында көшіп жүрген қазақ ауылдарына шабуыл жасалды. Екі жақтан да адам шығыны болып, дау Петербургке дейін жетеді. Нәтижесінде жергілікті қазақтарға Жайықтан алыс, Жем өзені жағасынан ғана қыстау тұрғызуға рұқсат берген.

Ресей империясының үстемдік саясатына наразы болған Нарын құмын мекендеп отырған қалмақтардың Торғауыт руы (негізгі бөлігі) 1771 жылы Жоңғариядағы отанына көтеріле көшті. Қалмақтардан босаған Нарын құмын қыста пайдалануға, ол үшін Жайық мұзынан өтуге 1785 жылы рұқсат береді, қысқы жайылым үшін қазақтар әр бас малына салық төлеуі тиіс болды.

Кезінде Ресейді дүр сілкіндірген Е.Пугачев көтерілісі патша саясатына наразы қазақтар арасында қолдау тапты. Пугачев жергілікті қазақтардың белсенді көмегімен 1773 жылы Сарайшық қорғанын, Гурьевті басып алып, келесі жылдың жазына дейін ұстап тұрды.

Жайық өңірі С.Разин, Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілістерінің кең жайылған аймағы болғаны, Жайық қазақтарының оларды қолдағаны белгілі. Көтерілісті күшпен басып, көсемдерін аяусыз жазалаған соң екінші Екатерина патша өзеннің Жайық атауын мәңгі жою мақсатында 1775 жылы оны Орал деп өзгертуге жарлық шығарады. Содан былай Орал өзені, Орал қаласы, Орал казактары деп аталатын болған.

Атырау өңірінің табиғи байлықтарын зерттеген экспедиция жетекшісі, ірі ғалым П.С.Паллас 1769 жылы Орынбордан Гурьевке дейін Жайықтың сол жағалауымен келіп, қайтарында оң жағалауымен жүріп, Дендер тұз көлін барып көреді. Ол өзінің «Орыс империясының түрлі провинцияларына саяхат» атты белгілі кітабының 400 беттен астамын Жайық өңіріне арнаған. «Көктем, жаз айларында Сарайшықтан Гурьевке жету қиямет-қайым. Жол бойы көлкіген су, саз балшық көлікті аттатпайды, әрі маса-сона нағыз тамұқтың өзі...» – деп жазған ғалым осы сапары жайлы. 9*

Патша өкіметінің рұқсатымен 1801 жылы Бөкей Сұлтанмен бірге 5000 үй екі өзен ортасына көшіп келеді. Осы жылы орыс патшасы Бірінші Павелдың жарлығымен Батыс Қазақстанда Бөкей хандығы құрылады. Бұл Ресей империясының қазақтарға аяушылық сезімінен туған әрекет еместігі түсінікті. Қазақ хандығының бір ту астына жиналып, бір орта-

лықтан басқарылуынан, сөйтіп күшейіп кетуінен сақтанған Ресей, оларды бөлшектеп, ұсақ хандықтарға ыдыратқанды қалады. Бөкей хандығының құрылуы — осындай жымсысқы ойдың жемісі. Бұл әрекетімен Ресей «бір окпен екі қоянды олжалады». Қазақ хандығын бөлшектеу ойын іске асырса, сонымен бірге көршілес қазақтардың жер жөніндегі наразылықтарын, уақытша болса да басқандай болды. Патшалы Ресейдің Бөкей хандығын құруда тағы бір көздегені болатын. Қазақтар Еділ мен Жайық арасындағы Самар даласына екі миллионнан астам мал өсіріп, керек кезінде Ресейді асырауға тиіс болды. Бұл ойлары жәрмеңкелер арқылы кешікпей іске аса да бастаған.

Патша өкіметі қазақ даласына жәрмеңкелер ашып, халықты қанаудың келесі бір түрін пайдаланды. 1867 жылы жәрмеңке алғаш рет Ойылға таяу Қазыбек деген жерде ашылыпты. Ал 1869 жылы ашылатын Көкжар жәрмеңкесі батыс өңірдегі қазақтардың керек-жарағын сатып алатын, малын қора-қорасымен айдап апарып, сутегінге өткізетін орны болып, қазақтардың қанын теспей сорған империяның дегеніне жеткеніне тарих куә. Сол Көкжар базарын, арада алпыс жыл өткенде, 1929 жылы күзде кеңес өкіметі милиция күшімен қуып таратқан екен. 10*

Қазақ жерінің XVII-XVIII ғасырлардағы тарихына көз салсақ, көрші империяның өзге де жасырын зымиян әрекеттерін байқаймыз. Бұл кезде Ресей өзіне шекаралас қазақ, қалмақ, башқұрт және де өзге де халықтарға мойын бұрғызбастан бодандық бұғауды мықтап кигізудің шараларын ерте ойластырған.

1887 жылы баспадан шығарылған Н.Н.Балкашиннің «О Киргизах и вообще подвластных Россий мусульманах» еңбегіне сілтеме жасаған Д.Сайдалының мақаласында дәлелді деректер келтіріледі:

«I Петрдің ісін жалғастырушылардың бірі, Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Неплюевтің басшылығымен 1743 жылы Орынбордан басталуға тиісті казачество бекіністерінің желісін құру жос-

парланады. Ол үшін біріншіден Орынбордан Жайық өзенін бойлап, төменгі Жайық желісін тартып, сол арқылы Еділ бойы қалмақтарын қазақтардан бөліп тастау, екіншіден, Самар өзені арқылы Орынбор мен Самар қамалдарының арасын Еділ мен Жайық желілерін қосу. Сөйтіп, башқұрттарды қалмақтардан бөлектеу. Үшіншіден Орынбордан солтүстік бағытқа қарай Жайық пен Самардың бойымен екі қатар шеп құрып башқұрттарды шығыс жағынан қоршау жердің географиялық ерекшелігін еске алып, дұрыс пайымдай білген генералдың жоспарлары кейінде кәдеге асып, оның ісін жалғастырушы мұрагерлері аяқтап шықты. Оны ХІХ ғасырдың бас кезіндегі казачество әскерлерінің орналасу тәртібінен де байқаймыз. Мұнда 160 мың адамдық Жайық казачествосы ішкі ордамен кіші жүз қазақтарын бір-бірінен бөліп, Жайық өзенін жағалай орналасса, 239 мың адамдық Орынбор казачествосы башқұрттар мен қазақтар аралығына, ал Сібір казачествосы 60 мың адам Ащылы және Ертіс желілерін қорған, Сібір халқымен орта жүз қазақтарының бір-біріне қатынаспауын қамтамасыз етіп тұрды».

1752 жылдан бері Жайық казак әскерінің құрамына берілген Гурьев қаласында 1810 жылы күзет әскері таратылып, сауда мен балық кәсіпшілігі қаласы ретінде қалдырылды.

ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Жайық шебі өзінің әскери қорғаныстық маңызын жойып, жаңа әкімшілік бөліктерге бағындырылды. Сарайшық та әскері таратылып, әкімшілікке бағынатын қалашық қалпына түседі.

Бөкей ордасы өмір сүрген кезеңде де қазақтар үшін жер дауы әлі шешілмегені белгілі. Патша өкіметінің аяусыз отарлау саясаты, ішкі ортадағы үстем таптың әділетсіздігі бұл өлкеде халықтың сан рет бас көтерулерін туғызды.

Сырым (1783-1797 жылдар), Қаратай сұлтан (1797-1814 жылдар), Исатай-Махамбет (1836-1837 жылдар) бастаған халық көтерілістері тарих жадында.

1827 жылы ішкі ордада айта қаларлықтай жұт болады. Қар қалың түсіп аяғы мал қолға қарап қалды. Малдың көктемге жетпей қырылып қалатынын сезген ел наурыз айында Жайық сыртындағы бұрынғы қара жұртқа жасырын көше бастайды. Амалын асырғаны бар, пара бергені бар, теңіз айналып өткені бар (ол жылдары Жайықтан әрлі-берлі өтуге қазақтарға тыйым салынған), 1887 шаңырақ Жайықтың сыртына құлайды. Сөйтіп, амалдаған қазақтардың бір тобы малдарын аман алып қалады.

Сарайшықтағы қамалда әскери гарнизон және түрме болған. Халыққа әділетсіздігі үшін Жәңгір хан мен Қарауыл қожаға қарсы болған Исатай батыр 1823 жылы қараша айында тұтқындалып, Сарайшық түрмесіне қамалған.

Махамбеттің атақты көтерілістен 5-7 жылдай бұрын 1829-1831 жылдары екі жыл жарымдай Калмыков түрмесінде отырғаны туралы деректер бар.

Қайыпқали мен Шөке Нұралыханұлы (Бөкей мен Сығайдың інісі) өздері хан болып билеу үшін елді ішкі ортадан көшіріп алып кетіп, Жәңгірдің хандығын әлсіретіп, дандайси бастаған жас ханның түбіне жетуді мақсат етеді. Олардың жақтаушылары Есентемір, Таз, Адай рулары болады. Ал ішкі орданың бас тірегі қарағайдай қалың Беріш еді. Ең бастысы – соларды қозғау керек-ті. Аты мәлім орақ ауыз жас жырау Махамбеттің күш-жігерін Қайыпқали осы мақсатқа пайдаланбақ болды. Махамбеттің Калмыковтағы түрмеге түсуі осы қозғалысқа қатысқаны үшін болғанға ұқсайды – деп жазады Ә.Сарай өзінің «Махамбет Өтемісұлы» кітабында.

Исатай тобының 1837 жылы 13 желтоқсанның таң қараңғылығында Құрақтың жол көрсетуімен Жайықтың көк мұзына киіздерін төсеп өтсе, мұны жағалаудағы күндіз-түні қарауылдап жүрген әскерлер біліп қойып, Сарайшықта сақадай сай отырған сұлтандар Баймағанбет пен Мұхамбетқали Таукинге хабар беріпті. 11*

Сарайшық ұзақ жылдар бойы казак әскерлерінің әскери қорғаны болып сауда керуендерінің қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етті, Ресей империясының Қазақстанның батыс аймағын жоспарлы бодандау саясатын іске асуына үлкен септігін тигізді. Әскери гарнизондар таратылғаннан кейін де Сарайшық Жайық казактарының және ноғай көпестерінің қаласы ретінде ондаған-жүздеген жылдар өмір сүрді. Бұнда уақыт өте келе казактар да қоныстана бастайды. И.Казанцевтің жазбаларында XIX ғасырдың I-ші жартысында Сарайшық маңында көшіп жүрген Әлімұлы, Байұлы және жетіру казактары сауда керуендеріне жол бастаушылар болғаны айтылса, Г.И.Пацевич «Раскопки развалин древнего города Сарайчик» жазбасында XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасырдың басында Сарайшық қорғаны маңында кіші жүздің шеркеш және ысық рулары болғаны айтылады. Қорған арқылы тек әдейі рұқсат берілгендер ғана Жайықтан әрі-бері өткізілген.

Тарихи деректерде Сарайшықтың XIX ғасырдың екінші жартысында Жайық бойындағы балық кәсіпшілігінің ірі орталығы болғандығы айтылады. Балық кәсіпшілігі Жайық өзенімен ғана шектеліп қалмай одан бөлініп шығатын өзектер бойларында қамтыған. Мысалы Жаманқаладан (қазіргі Махамбет селосы) сәл төмен Жайықтан бөлінетін Боксақ өзегінің бойында бірнеше балық батағалары болған. Жергілікті авторлар А.Қаражанұлы мен Қ.Сапарұлының туған өлке тарихы туралы зерделі ізденістен туған «Қамысқала» мақаласында мына деректерді келтіреді:

«Тартымдардан – «Үйшіктен», «Жагоркадан», «Мартышидан», «Ауқайран» суатынан балықтарды қабылдау орталығы Сарайшық болды. Қабылдауға арбамен әкелінген балықтың көптігінен әр арбаға жегілген көліктер арасынан кісі өте алмайтын еді және бұл керуеннің бір шетінен екінші шетіне көз жетпейтін деп кәриялардың айтып отырғандарын талай естідік. Қабылданып алынған балықты сақтау үшін ыдыс ретінде қалың тақтай бұрыстан 24 үлкен күбі-кеспек (чан)

салынып, өндірген балық су жолымен Орынбор арқылы Ресейдің ішкі аймақтарына сатуға жіберіліп отырды. 12*

Кеңес үкіметі кезеңінде де Сарайшықта балық кәсіпшілігімен айналысатын колхоздар ұйымдастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атырау энциклопедиясы А-2000, 44-бет.
2. М.Тынышбаев “История Киргиз-казакского народа” 1925, стр. 56
3. Ә.Тұрдалиев «Атамекен» №35, 2001, 8-бет.
4. А.Тәжутов «Алтын Орда» №4, 2003, 5-бет.
5. Д.Сайдалы «Ежелгі қыпшақ даласы» Егеменді Қазақстан 15 мамыр 1993 ж.
6. Г.Қаленова «Мы и вселенная» №2, 2001, стр. 59.
7. З.Самашев и др. «Сарайчик: проблемы исследования великого города» А-98, стр. 243 .
8. Осы тізімдегі 5-ші әдебиетте.
9. Ш.Дәуенұлы «Тарих Үйшіктен басталады.» «Атырау» газеті 7-қыркүйек 2000 жыл
10. Қ.Токмырзаұлы «Алтын Орда» 17-қаңтар 2003ж. 19-бет.
11. И.Кенжалиев «Тайманұлы Исатай» 85-бет.
12. А.Қаражанұлы мен Қ.Сапарұлы «Қамысқала» «Атамекен» газеті №28, 2000ж. 11-бет.

Сөз соңы

I-XX ғасырлар аралығындағы Атырау өңірінің тарихын өз түсінігіміз көлемінде әңгіме еттік. Қырық қабат қасиетті Бабалар тарихын бір қабатын көтере алдық па екен?!

Ұлы Даланың қомақты бір бөлігі – Атырау өлкесі, қос өзен сағасы – Батыс аймағында түркі жұртының талай ұрпағы алмасты. «Мың өліп, мың тірілген» ұлтымыздың алдынан ақ күн туып, тәуелсіз ел болдық. Бабалардың ұланғайыр иелігінің батыс бөлігінде атыраулықтардың бүгінгі ұрпағы өсіп, өркендеуде. Тәуелсіз еліміздің бақытты болашағына зор үлес қоса алатынына олар сенімді.

АЛТЫН ОРДА ХАНДАРЫ

XIII ғасырдың алғашқы жартысында оңтүстігінде Солтүстік Иран, терістігінде Оңтүстік Орыс жерін, батысында Кавказ, шығысында Қытайды жаулап алып, үлкен империя құрған Шыңғыс хан осы ұланғайыр байтақ өлкені иелігінде тұрақты ұстап тұру үшін оны өзінің төрт ұлына бөліп, еншілеп береді. Сонда Ертістен батысқа қарай Жетісудың теріскей бөлігін қамти отырып, төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Қыпшақ даласы үлкен ұлы Жошының үлесіне тиген болатын.

Сөйтіп, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Шыңғыс хан ұрпақтарының мемлекеттері пайда болды. Олар – Қытайдағы Хұбылай әулетінің, Ирандағы Хұлағу әулетінің, Батыс дешті Қыпшақтағы Бату әулетінің, Жетісу мен Шығыс Түркістандағы, Орта Азиядағы Шағатай әулетінің мемлекеттері.

Шыңғыс ханның низамдары (заңы) бойынша ұлдары басқаратын төрт қандық бәрі бір хағанға – моңғолдың Ұлы қағанына бағынатын болған.

Бату хан (1227-1255)

Бату – Жошының Орда-Еженнен кейінгі екінші ұлы.

Шыңғыс сарбаздары әйелді өздері жеңген елден алатын. Бату қазақ жерінде ер жетті. Оның ана тілі қыпшақ (қазақ) тілі еді. Түрлі айғақтарға қарағанда, Бату хан шетелдік елшілермен коман (қыпшақ) тілінде сөйлескен. Бату құрған Алтын Орда мемлекеті – қыпшақ мемлекеті еді. Өйткені Алтын Орданың халқы түркі тілдес елдер, басым көпшілігі қыпшақтар. Мемлекеттің тілі қыпшақ, діні ислам болды. 1*

1227 жылы Жошы қайтыс болды да, оның орнын баласы Бату басты. Ол таққа отырысымен Қарақорымда өткен моңғол ақсүйектерінің бас қосқан құрылтайының

шешімімен Шығыс Европаны жаулауға аттанды. Содан Еділ болгарларын, орыс княздерін талқандап, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, Валахияны ойрандап, Адриат теңізінің жағасына ат басын тіреген Бату хан 1242 жылы өзінің ордасы орнаған Еділдің сағасына қайтып оралды. Мұнда ол тарихқа «Алтын Орда» деген атпен танылған жаңа моңғол мемлекетін құрды. Алтын Орда хандары кестесінің Бату ханнан басталу себебі де осыдан. 2*

1236-42 жылдары Батудың батысқа жасаған жеті жылдық жорығы нәтижесінде Жошы ұрпақтары Ұлысының территориясы батыста Дунайға дейін кеңейеді. Өз кезегінде Бату хан ағасы Орда-Ежен мен інісі Шайбанға сіңірген еңбектері үшін бұрынғы ұлыстарына тағы жаңа жерлер үлестіреді. Тарихшы Әбілғазының дерегінде Бату Шайбанға 15 мың үйлік, Орда-Еженге 10 мың үйлік ел берген. 3*

Алтын Орда 250 жылдай орыс княздерін өзіне бағындырып, олардан салық алып отырды. Бірақ Алтын Орда Ресей жеріне қыспақ жасаған жоқ.

Бату хан моңғолдар орталығы – Қарақорымға бағынышсыз, тәуелсіз саясат жүргізді, Шыңғыс хан саясатын қолдамады. Қарақорымға шақырса да бармады, оған сезікпен қарады. Бірақ моңғолдың орталық қағандығының ішкі саясатын алыстан байқап, оған ықпал жасап отырған. Бату хан 47 жасында қайтыс болды. Ол мемлекет тұрғысынан ойлайтын, әділ, дене құрылысы мығым, дана адам болған. Халықтың оған «Сайын» деп ат қоюы да тегін емес. Арабшадан аударғанда ол дана, әділ деген сөз екен. Қазақта «Ер Сайын» деген дастан да болған.

Бату орыс княздерімен дұрыс қарым-қатынас ұстады. Батудың өзі құрған мемлекеттің атын Алтын Орда атауы да оның қыпшақ тілді екендігін дәлелдейді. 4*

Бату Ордасы 1240-1250 жылдары Еділ бойында болғандығы туралы шетел саяхатшылары жазбаларында деректер бар. 1245 жылы көктемде Карпини Бату

Ордасын Еділдің төменгі сағасынан кездестіргенін жазады. Ал Рубрук Бату Ордасын 1253 жылдың күзінде Еділ Бұлғарлары ауданында, ал сол жылдың қысында Еділ бойындағы Сарай маңында кездестіргенін жазыпты. Бату хан (Сайын хан) ержүрек батыр, алғыр болған. Оған атасы Шыңғыс алтын үздікті ақ киіз үй сыйлаған.

Батудың бұйрығымен Алтын Орда астанасы Бату Сарайы қақпасының алдына тірідей толық өлшемінде қос арғымақтың мүсіндерін таза алтыннан кұйдырып орнаттырған. Бату сарайында кезінде 100 мыңдай халық тұрған. Ол кезде Европаның ірі қалаларында сонша көп халық болмаған.

Бату батысқа жорығы кезеңдерінде орыстың православие шіркеуіне арқа сүйеген, сөйтіп славян халқының көңілінен шыққан. 5*

1229 жылы бүкілмоңғолдық құрылтайда Шыңғыстың орнына оның өсиетімен Үгедей Ұлы қағандыққа сайланды.

Осы құрылтайда батыста қыпшақ түріктерін түгелдей бағындырып, бұлғарларды, орыстарды да бас игізу үшін іске кірісуге қарар қабылданды.

Сол 1229 жылдың өзінде Бату әскері Дешті-Қыпшақ жерінің батысына сұғына кірді. Жайықтан өтіп, үш жүз мыңдық әскерімен Бату Нарын құмын, ондағы тұрғындарды ат тұяғымен таптап өтеді де, Еділ бойына жетеді.

Шыңғыс кезіндегі «Яса» бойынша әрбір әскер онбасылардың, онбасылар жүзбасылардың, жүзбасылар мыңбасылардың, мыңбасылар түмен басының (түмен – он мыңдық әскер) қоластына қарайтын.

1236 жылдан бастап Бату Еділ бойы, Бұлғар мемлекетіне, Орыс еліне шабуылын бастады.

Шашыраңқы, өзара басы бірікпеген орыс княздіктері жұдырықтай жұмылған, әскери қатаң тәртіпке бағынған Бату әскеріне айтарлықтай қарсылық көрсете алмай, бірінен соң бірі тізе бүкті. 1237 ж. Рязань, Москва княздіктері, 1238ж. Владимир, Суздаль, Кострома, Ростов княздіктері бағындырылды.

1239 жылы Бату бүкіл қыпшақ даласын бағындырды. Осы жылы Муром, Переяславль, Чернигов қалаларын алды. 1240 жылы Киев қаласы үлкен қарсылықпен тізе бүкті. Қиратылған Киев қаласы XV ғасырға дейін қаңыраған күйінде жатты.

Батудың түмендері жаппай шабуылдап бүкіл Еуропаны жаулап алуға таяу қалғанда, Моңғолдың Ұлы қағаны Үгедейдің кенеттен қайтыс болғандығы туралы хабар жетіп, жеңімпаз хан шабуылды кейінге қалдырып, Еділ бойына қайтады.

Бату осы кезде Еділдің төменгі сағасында Сарай қаласын салуға жарлық береді. Бату өзі түгелге дерлік бағындырылған Еуропа елдерінің ішкі істеріне араласпай, дініне, мемлекеттік басқару істеріне еркіндік берді, тек салық төлеп отыру міндетті болды.

Княздік лауазымдарын бекіттіріп, жарлық алуға орыс княздері Сарай қаласына келе бастайды. 1246 жылы моңғолдың Ұлы қағаны Күйікке арнап Рим Папасынан жіберілген елшілер арасында болатын Платано Карпини өзінің саяхатнамасында (Карамзин жазбалары бойынша) төменгі деректерді келтіреді:

«... Қыпшақ жерлері арқылы жүріп, Днепр, Дон, Еділ өзендерімен жүзіп, Жайыққа бардық. Бату хан Еділ бойына әсем сарайлар салдырыпты. Бізді Бату хан шатырына алып барды. Ол салтанатпен тақта отыр екен. Ханның үй іші, жоғары мәртебелі шаһзадалар, төрелер, төменіректе сұлу әйелдер орындықта отырды. Папаның хатын хан мұқият оқыды. Музыка ойнап тұрды. Хан алтын, күміс тостақтармен қымыз ішеді екен.

Бату хан зор денелі, қызыл шырайлы, ашық жүзді, білімді, қайратты, тәжірибелі, соғыс кезінде айлакер, тапқыр, қарауындағыларға қайырымды, жомарт еді. Шеттен келген сыйлықтардан ештеңе де алып қалмай, басқаларға бөліп беретін».

Орыстың бытыраңқы княздері Батудан тағылым алды. Өз іштеріндегі алауыз дұшпандықтарын біртіндеп жоюға кірісті. Княздіктердің ірісін де, ұсағын да бір орталыққа бағындырудың қажеттігін түсінді.

Моңғолдардан әскери заңды, соғыс ғылымын, шеруге шығу тәртіптерін үйренді.

Бату хан, аяғының ауруы асқынған, өмірінің соңғы кезеңінде мемлекет басқару ісін өз ұлы Сартаққа тапсырған.

Өз кезеңінде дүниежүзі таныған, байтақ иелікті алып жатқан Алтын Орда мемлекетін маңдай тері, білек күшімен құрған Бату хан (саяхатшы Рубруктың көзбен көрген деректеріне сүйенген Карамзиннің анықтауынша) 1255 жылы Сарай қаласында қайтыс болады. 6*

Қ.Салғараұлы да өзінің «Хандар кестесінде» Карамзиннің осы дерегіне сүйенген сияқты.

Г.А.Федоров – Давыдовтың жазуында Бату ханның қайтыс болуы 1256 жыл делінген. 7*

Ибн Халдунның жазбаларында Бату хан 1252 жылы қайтыс болған делінеді. Бұл Рубрук естелігіне қайшы.

Д.Кішібековтың «Бату 47 жасында қайтыс болды» деген мәліметіне сүйенсек, Бату XIII ғасырдың басында, 1208-1209 жылдары туған болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Д.Кішібеков «Алтын Орданы құрған Бату еді» «Егемен Қазақстан» 26 ақпан 2003ж.
2. Қ.Салғараұлы «Хандар кестесі» А-1992, 35-бет.
3. Әбілғазы «Түрік шежіресі» А-1992, 120-бет.
4. Осы тізімдегі 1-ші жазылған материал
5. М.Абсеметов «Таможенное дело Казахстана» А-2001, стр 26-33
6. Н.Қазыбеков «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» А-1998ж 15-22 беттер
7. Г.А. Федоров – Давыдов «Общественный строй Золотой Орды» Москва-1973г. Стр. 70.

Берке хан (1257-1266)

Қ.Салғараұлы жазуында Берке Алтын Орда тағында 1257-1267 жылдарда отырды делінеді. Ол—Жошының үшінші ұлы, Алтын Орда мемлекеті тарихында үлкен орны бар хан.

Берке ханның Береке, Бөрге оғлан деп те аталғаны туралы Шәкәрімнің шежіресінде жазылған.

Салих Закиров Бартольдтің, Тизенгаузеннің Әбілғазының еңбектеріне сілтеме жасай отырып, Берке хан туралы төмендегі мәліметтерді келтіреді:

Жошы ұлысы Беркенің тұсында Ұлы моңғол қағандығынан тәуелсіз өз алдына сыртқы саясат жүргізетін мемлекетке айналды. Бату өз заманында Ұлы моңғол қағандығында қанша беделді болды десек те, Алтын Орда ұлы империяның бір бөлігі ретінде есептелетін. Шетелдің елші өкілдерін Бату міндетті түрде Ұлы қағанға аттандырып отыратын. Берке жас кезінің өзінде билік алдында белгілі беделге ие болған еді. Менгу ханды Ұлы моңғол қағандығы тағына отырғызар кезде Бату таңдаулы әскер тобын осы Берке інісіне басқартқан.

XVII ғасырдағы тарихшы Әбілғазы жазбасында Берке хан мұсылмандықты Жібек Жолы керуенімен келген діндар адамдардан Сарайшық қаласында қабылдаған делінеді. Ал Ибн-Халдунның мәліметінде Берке Құран кітабымен Ходжент қаласы имамдары арқылы танысып, Бұхарадағы мұсылман ғалымдарымен сан рет пікірлескеннен кейін исламды қабылдаған делінеді.

Беркенің 30 мың мұсылманнан тұратын армиясы болғандығы, олардың барлығы шариғат талаптарын толықтай орындағандығы, жұма намазына үзбей қатысып, жайнамаздарын үнемі өздерімен бірге алып жүргендігі, сарбаздарының шарапты татпағандығы айтылады тарихи деректерде.

Беркенің хан сарайында бай кітапхана болғандығы, онда мұсылман ғалымдары жиі-жиі бас қосып, құран

қадистері, шариғат мәселелерімен пікірталастар өткізіліп тұратындығы туралы хабар сонау түстікте жатқан Үнді еліндегі тарихшы Джүзджаниге дейін жеткен.

Ан-Нувайри Беркенің Шыңғысхан ұрпағы ішінен алғашқы болып исламды қабылдағанын, мұсылмандық сенімнің шамшырағындай боп, өз елінде мешіттер мен медреселер салдырып, діндар адамдарға үлкен құрмет көрсеткенін жазады.

Берке ханның исламды қабылдауы (ол исламды хан тағына отырмастан бұрын қабылдаған) Алтын Орда мемлекетінің сыртқы саясаты тарихында үлкен маңыз алады. Алтын Орда мемлекеті оңтүстіктегі мұсылман елдері, Орта және таяу Шығыс елдері алдында үлкен беделге ие болды.

Мұсылман елдері үшін Алтын Орда сияқты ірі мемлекет басшысының ислам дінін қабылдауы қуатты одақтастың пайда болуы ретінде қабылданды.

Сол кезеңде Мекке, Мәдина, Каир және Иерусалим қалаларындағы оқылған жұма намаздарында өз елдерінің сұлтандары аттарынан кейін Берке хан есімі аталып, халық атынан алғыс айтылып, Жаратушыдан оларға имандылық, ұзақ ғұмыр, терең ақыл-парасат тілеп отырылған.

Ал-Муфаддал суреттеуінде «Берке – сирек сақалды, жалпақ бетті сары адам. Шашы екі құлақтың артына тарап қойылған, бір құлағында сегіз қырлы қымбат таспен әшекейленген алтын сырға. Үстінде жібек шекпен, басында қалпақ, бұлғарлық жасыл былғарыдан жасалған алтындаған белбеуі қымбат тастармен әшекейленген. Аяғында қызыл шегірен былғарыдан тігілген кебіс...» 1*

Иран мен Иракты жаулап алу кезінде Хұлағу әскерінің ішінде Берке жіберген Алтын Орда әскерлері де болған-ды. Алайда соғыста қолға түскен олжаға Хұлағудың сараңдық жасауы, Әзірбайжан территориясы жөніндегі келіспеушілік, оның үстіне орта ғасырлық мәдениеттің ошағы саналған Бағдат қаласын әскеріне аяусыз ойрандатып, оның халифы ал-Мустағасимды

өлтiруi (бұның өзі Хұлағуға сол кезгi мұсылман әлемiнiң өшпендiлiгiн туғызған) әрекеттерi үшiн, туысқандығына қарамастан Берке оны дұшпаны санады.

Алтын Орданың Египет елiмен дипломатиялық қатынасы XIII ғасырдың 60 жылдарының басынан басталады.

Египет сұлтаны ал-Малик аз-Захир Байбарыс (бұл моңғолдар шапқыншылығы кезiнде қыпшақ даласынан Мысыр елiне құл ретiнде сатылып кетiп, онда хан тағына көтерiлетiн Бейбарыс) Берке ханға алғашқы хатын 1260-1261 жылдар шамасында Алтын Орда арқылы өтетiн керуендегi алан купецтерi құрамындағы сенiмдi адамынан берiп жiберген. Осыдан бастап Алтын Орданың Мысыр елiмен дипломатиялық достық қатынасы ұзақ уақыт бойы үзiлмеген.

Мемлекеттердiң бейбiт қатар өмiр сүруiнiң, достықтың, айнымас одақтастықтың кепiлi ретiнде хандар өзара қыз алысып, қыз берiскен. Осы дәстүр бойынша Алтын Орда ханы Берке Египет сұлтаны Бейбарысқа қызын бергенi көпшiлiкке тарихтан белгiлi. Бұл некеден Бейбарыстың мирасқоры Саид-хан Мұхаммед туады. Бұл ұлды оның нағашысы құрметiне Насираддин Берке хан деп те атаған. 2*

Хұлағу бастаған құмырсқадай қаптаған моңғол әскерiнiң бетiн қайтаруда Бейбарыс бастаған мамлюк әскерiнiң жанқиярлық ерлiгi, кең көлемдi ұйымдастырушылық қызметiмен қоса (ол моңғолдар жақындағанда Сирияның терiстiк аудандарындағы әйелдер мен балаларды елдiң iшiне көшiртiп, босаған аудандардағы мал жеуге жарарлық шөптердi түгелдей өртету арқылы Хұлағу атты әскерiнiң көлiктерiн бiрнеше күндер бойына жемшөпсiз қалуына мәжбүрледi) қажет кезiнде Беркенiң көмек қолын созуының үлкен маңызы болды. 3*

Берке мен Хұлағу арасындағы (туысқандар арасындағы) бiтiспес араздықты Н.Қазыбек өзiнiң «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейiн» кiтабында төмендегiше түсiндiредi:

Оңтүстікте мұсылман елдерінде ойран салған Хұлағудың және Беркенің әкелері бір туған. Хұлағу Төленің ұлы да, Берке Жошының ұлы. Ал Жошы мен Төленің Шыңғыс хан балалары екенін білеміз.

Шыңғыс хан балалары ішінде исламды алғаш қабылдаған Берке болатын.

Мұсылмандықты Беркеге ілесіп әйелі Шешек, бірге туған інісі Тоқайтемір, өзге де ұлықтары мен қарауындағылар қабылдаған. Тарихшы Әбілғазының жазбаларындағы мәліметтерде Берке мұсылман болғаннан кейін, Бағдадтағы Ғабаси Мұстағасім халифаға достық келісімін берді және әрқашан хат жазысып тұрды делінеді.

Міне осы тұста Хұлағу Бағдадқа шабуыл жасап, Ирак елін, қаланы талқандап, халифты өлтіріп, жазықсыз қан төкті. Жазықсыз қан төгілмеу жөніндегі Беркенің мұсылмандық ұстанымына өз туысқаны тарапынан нұқсан келді, шаһит кеткен Бағдад халифы Ғабаси Мұстағасім алдында өзін күнәлі сезінді.

Енді ол Хұлағудан кек алудың жолын іздейді.

Мысырға жорыққа дайындалып жатқан Хұлағудың, Мөңке қағанның қайтыс болғанын есітіп, Қарақорымға кетуіне тура келеді.

Мөңке қаған қайтыс болған соң, Ұлы қаған тағына Құбылай мен Арық-Бұға арасында талас басталды. Осы кезді пайдаланған Берке, Хұлағудың Қарақорымда жүрген кезінде, оның оңтүстікте қалған қолын Мысыр әскерінің түгел қырып салуына жағдай жасайды.

Хұлағу мен Берке арасы одан әрі шиеленісе түсті. 1261 жылы Берке мен Хұлағу әскерлері Кавказда Ширван жанында кескілескен ұрысқа кірісті. Қосымша күшпен Берке ханның өзінің келуі ұзаққа созылған ұрыс тағдырын шешеді. Хұлағу хан әскері осы соғыста түгелге жуық жойылады.

Жоғарғы баяндалған кедергілер болмағанда, Хұлағу хан Мысыр мемлекетін, бүкіл ислам әлемін бағындыруы шүбәсіз еді. Сөйтіп, ислам әлемі Берке ханның көмегімен моңғол шапқыншылығынан аман қалды.

Бірнеше жылдарға созылған бұл соғыста Алтын Орданың атақты әскери қолбасшысы Ноғайдың ерекше орны болғандығы өз алдына бөлек әңгіме.

Берке орыс княздерімен өзінен бұрынғы Бату хан саясатын одан әрі жалғастырды. Өзге орыс княздіктері сияқты Новгород княздігі де 1259 жылы бейбіт жолмен Алтын Ордаға бағыныштылығын мойындады.

Берке хан ислам дініне әрқашан көңіл бөліп отырды. Ол шешімді, ақылды да әділ хан болды. Адамдардың қанын жазықсыз төгуге қарсы болды. Құран кәрімді, шариғатты барымен қорғады. Ғалымдарды, ақындарды, өнер адамдарын құрметтеп, оларға ерекше қамқорлық жасады. Насыралдин, Әбуғали сияқты діни ғұламаларды жоғары бағалады.

Ислам ғалымдары даңқтыларының бірінен саналатын Әбу әл-Иржаһ ибн-Махмуд әз-Заһд ислам дінінің құқықтарын дәлелдейтін кітабын 1260 жылы бітіріп, Берке ханға сыйға тартады. 4*

Беркенің туған жылы туралы Н.Қазыбектің 1209 жыл дегенінен өзге дерек жоқ:

Оның қайтыс болған 1266 жыл жөнінде Н.Қазыбек пен С.Закировтың деректері сәйкескенмен, Қ.Салғараұлы «Хандар кестесінде» 1267 жыл деп көрсетеді. 5*

Ол Алтын Орда хандары туралы деректерді Манчестер университетінің профессоры, «Мұсылмандар әулеті» кітабының авторы К.Э. Босворттан алғандығын жазыпты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тизенгаузен. Сборник 1, перевод. Стр. 193.
2. Б.Карашин «Бейбарыс: эпоха и личность» А-2001 стр. 134.
3. С.Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» Москва-1966, стр 30-59.
4. Н.Қазыбек (аударып, құрастырушы) «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» Алматы 1998, 23-26-беттер.
5. Қ.Салғараұлы «Хандар кестесі» А-92, 35-бет.

Мөңке Темір (1267-1280)

Мөңке Темір – Батудың немересі, Тұқанның ұлы, Беркеден кейінгі Алтын Орданың билеушісі.

Қ.Салғараұлының «Хандар кестесінде» Мөңке Темір 1267-1280 жылдарда Алтын Орда тағында отырды делінген.

Мөңке Темірдің хандық құрған тұсында Алтын Орда Моңғол империясының орталығынан толықтай дербестенеді. Мөңке Темір Алтын Орда тарихында бірінші рет өз атынан теңге соқтырады. 1*

Мөңке Темір тұсында орыс княздеріне, православие дін басыларына, Генуя, Венеция көпестеріне өз қолынан жарлық қағаз беріп, батыс аймақта тыныштық орнатылды. Ол 1269 жылы Талас өзені бойында өткен Құрылтайда Шыңғыс хан ұрпақтары (Жошы, Шағатай, Үгедей) ұлыстарының арасындағы алауыздықтарды тыйдырды. Алтын Орданың Кавказ бен Еділ бойындағы беделін арттырып, ықпалын күшейтті. 2*

Орта ғасырлық араб, парсы тарихшылары деректеріне сүйенген Тизенгаузенге сілтеме жасай отырып, Салих Закиров өзінің «Алтын Орданың Египетпен дипломатиялық қатынастары» еңбегінде төмендегі мәліметтерді келтіреді: Мөңке Темір өзінің алдындағы Бату, Берке хандар сияқты Алтын Орда тарихында атақты тұлға бола алмаса да, елдің оңтүстік, оңтүстік-батыс шекараларында Беркенің бастаған ісін одан әрі жалғастырды. Хижраның 666 жылы (1267/68 жылдары) Бейбарыс өзінің елшісімен жіберген хатында Беркенің қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, Мөңке Темірді хан тағына отыруымен құттықтаған. Сонымен бірге Хұлағу (бұл кезде оның орнында баласы Абак) әскерімен соғысты жалғастыру жөнінде өтініш еткен. Кавказдағы ұрыс еселенген күшпен жүріп жатты. Египетпен арада елші алмасу жұмысы да бұрынғысынан кеміген жоқ. Араб, парсы тарихшылары Шафи ибн Али, ал-Айни, ибн Васил, ал-Муфаддал, ибн ал-Фурат, ал-Макризи жазбаларында Египетпен 1267-

1273 жылдар ішінде сан рет елшіліктер алмасқандығы айтылады. Мөңке Темір елшісінің Бейбарысқа апарған бір хатында (бұл 1273 жыл шамасында) «Хұлағу (кейін Абак) әскерінің басып алған мұсылман жерлері иелеріне толық қайтарылатын болады» – деген мәтіндегі грамота және «мұсылмандар жерін дінсіздерден тазарту үшін екі жақ бірігіп, шешуші ұрысқа шығуымыз керек» деген ұсынысы болғанын айғақтайды ал- Мұфаддал өз жазбаларында.

Ибн ал-Фурат 674 хижра жылында (1275/76 жж) Бейбарыс сұлтанның Мөңке Темір елшілерін еліне қайтарғанын, олармен бірге әмір Изз-аддин ал-Фахри мен ал-Багдади бастаған өз елшілерін жібергенін жазады.

1277 жылы Бейбарыс қайтыс болып, Египет Сұлтандығына оның ұлы ас-Саид ибн Бейбарыс отырды.

(Сол кезгі Мысыр тарихшылары ал-Мухасин, ал-Макризилардың жазуында Бейбарыс қымызға қосылған уға уланып өлген)

Мұсылман елдеріне қауіп төндіріп тұрған Хұлағу әскері Египеттің жаңа сұлтаны ас-Саид ибн-Бейбарыстың да түн ұйқысын бұзғаны түсінікті.

1280 жылдың шілде айында Египет Сұлтаны Шамс-аддин Сонкор ал-Гутми және Сайф-аддин Балабан бастаған елшілерін теңіз арқылы Алтын Ордаға жіберді.

Сұлтан елшілігі Алтын Орда Сарайына 1281 жылдың қыркүйек айында ғана жете алды. Бірақ, бұл кезде Мөңке Темір қайтыс болып, хан тағына Туда Мөңке отырған болатын.

Мөңке Темір хан 1280 жылдың шілде айында тамаққа шыққан іріңді жарадан қайтыс болды. 3*

Сарайшықтағы хандар пантеонында ең алғаш жерленген осы Мөңке Темір хан.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. История Казахстана т 2, А-1997, стр. 16-19.
2. Ө.Әлімгереев «Сарайшықтың жеті ханы» Атырау газеті 11 қараша 1999 ж.
3. Салих Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» Москва-66, стр. 59-63.

Тоқта хан (1290-1312)

Тоқта – Бату хан ұрпағы, Мөңке Темірдің көп ұлдарының бірі. Ол Мөңке Темір қайтыс болғаннан кейін таққа отырған Тода Мөңке, Тола Бұғалардан кейін, Ноғай батырдың көмегімен Алтын Орда ханы болды.

Қ.Салғараұлының кестесінде Тоқта Алтын Ордада 1290-1312 жылдары хандық құрды делінеді. Тарихи әдебиеттерде Тоқта ханның есімін Гияс-ад-дин Тоқта, Тоқтай, Тоқтағу, Тоқатай деп құбылтып атау кездеседі.

Тоқта хан өз мемлекетінде 1310 жылы ақша реформасын жасады. Соның арқасында Алтын Орда аймағындағы ақша айналымында Сарай дирхемі жетекші орынға шықты. Уақыт өте келе бұл дирхем мен одан кейін шыққан Сарай ақшалары Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Мордва, Бұлғар, Азов, Қырым өлкелеріндегі барлық ақша түрлерін ығыстырып шығарды. 1*

Ол өзін таққа отырғызған Ноғайды өлтіріп, оның ұлысын иемденіп, ел ішінде тыныштыққа қол жеткізді.

Тоқта кезеңінде XIV ғасыр басында Алтын Ордада әскери күште және экономикада өрлеу басталды. 2*

Тоқтаның хан тағында отырған алғашқы он жылы Алтын Орданың өз ішінде аса бір мазасыз кезең еді.

Феодалдық өзара қырқыс ете қалды, орыс княздерінің салық жөніндегі әділетсіздікке наразылықтары, хан төңірегіндегі сенімді адамдар арасына тасталған өсек-аяндар Сарай маңындағы ақсүйектер арасында дүрбелең туғызды. Соңы ел ішінде екі жақ болып соғысқа ұласты. Бұл соғыс 1300 жылдар шамасында Ноғай қолының талқандалуымен аяқталды.

Парсы тарихшысы Натанзидің дерегіндегі Ақ Орданың Алтын Ордадан бөлінуі елде осы ішкі қайшылықтар етек алған кезде болған болуы мүмкін. 3*

Тоқта ханның мемлекеттің сыртқы істерімен айналысуына енді ғана мүмкіндік туды. Ол 1303 жылы Парсының сол кезгі ильханы Газанға «Арран аймағын және Әзірбайжанды сөзсіз бересің», – деп талап қойды.

Кейін Парсының ханы Харбендке «Тавризге дейінгі Хорасан аймағын бересің» – деп талап қойғанын жазады елшімен жіберген Египет Сұлтанына хатында. Әрине бұл талаптар Иран тарапынан орындалмағаны тарихтан белгілі.

Тоқта Египет Сұлтаны ас-Саид ибн Бейбарысқа «екі жақтап Иранға шабуылды басталық. Сенің әскерің басып алған жері сенікі болсын, менің әскерім басып алған жері менікі болсын» – деп ұсыныс етеді.

Харбендпен бейбіт келісімге келгендігін айтып, Сайд сұлтан шабуылға шықпайтындығын хабарлайды.

Египетте мемлекет басшылығына сұлтан Мұхаммад ибн Калаун келгесін де Тоқта Иран жөніндегі ұсынысын қайталап, өткізе алмайды. Бұл 1304-1306 жылдар болатын. Алтын Орда шекарашыларының Хұлағу әскерімен Сирия шекарасындағы 1308 жылдың қыркүйек айындағы қысқа мезгілдік соғысынан өзге оңтүстік шекарада жағдай Тоқта өмірінің соңына дейін тыныш өтті.

Тоқта хан 1312 жылы Құрнадағы өзінің жазғы ордасында қайтыс болады да, Сарайшыққа әкеліп жерленеді. 4*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Г.А.Федоров – Давыдов «Клады джучидских монет», стр.103.
2. Греков Б.Д. Якубовский А.Ю. «Золотая Орда и ее падение», М – 1950, стр. 90.
3. Қ.Салғараұлы «Хандар кестесі», А– 92, 36-бет.
4. С.Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» М-66, стр. 67-71.

Өзбек хан (1312-1341)

Өзбек – Федоров-Давыдовтың кестесі бойынша Жошының ұрпағы, Мөңке Темірдің немересі, Тұғырылдың ұлы. 1*

Өзбек хан мәрт мінезді, ақылды адам болды. Ол қарауындағы халықты әділетті басқарды. Оның кезінде мемлекет «Өзбек елі» деген атпен даңқын асырды. Мауренахр халқы, Ферғана, Бұқара, жалпы Дешті Қыпшақ түріктері Өзбек хан есіміне байланысты кейін өзбек аталатын қауымға айналды.

Берке хан кезіндегі Египет елімен достық қатынас жалғасты, Мысыр патшасы Насырға қыз беріп, сүйек жаңғыртылды.

Өзбек ханның таққа отырған кезінде Орыс елінде ірілі-ұсақты княздіктер арасында бітіспес алауыздықтар, түрлі сылтаулармен соғыстар жүріп жатқан болатын. Княздер арасындағы алауыздықты біржола тоқтату мақсатымен Өзбек хан Москва князі Григорийді орыстың барлық княздеріне басшылық жасайтын ұлы князь етіп бекітті.

Карамзиннің дерегінде бұл оқиға 1319 жыл делінеді.

1327 жылы Ресейдің ұлы княздігіне Өзбек хан жарлығымен Иван Калита тағайындалды. Сөйтіп Өзбек хан орыстарды «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға», бірігіп ел болуға үйретті.

Тарихта Ресейді Ресей еткен Ұлы Петр мен Екатерина делінеді. Олардың еңбегін жоққа шығармасақта, Ресейдің елдік негізін қалап берген XIV ғасырдың алғашқы ширегінде Алтын Орданың Өзбек ханы болатын. 2*

Бүкіл Дешті Қыпшақ халқы Өзбек хан кезінде ислам дінін қабылдады. Сөйтіп, ислам Алтын Орданың мемлекеттік дініне айналды. Ол айбыны асқан мұсылман патша болды. Басып алған жерлеріндегі бодандарына бостандық, теңдік орнатты. Басқа діндерге де ислам дінімен бірдей еркіндік берді. Өзбек ханның

мына бір жарлығы (Карамзиннің дерегі бойынша 1319 қоян жылы, күздің бірінші айының төртінші күні қол қойылған) осының дәлеліндей:

«Жоғары мәртебелі Алла тағаланың еркі және құдіретімен біздің қоластымыздағы сөзіміз жүретін жерлердегі барлық ұлы, орта және кіші княздерге, әскербастықтарына, кітапшілерге, басқақтарға (салық жинаушылар), жазушыларға, елшілерге, аңшыларға, бүкіл ұлысқа, орыс адамдарына, Митрополит Петрге, поптарға және басқа осы сияқты адамдарға ешкім тіл тигізуші болмасын!

Олардан... ешбір салық алынбасын!

...Егер діни адамдардың нәрселерін алушы болсаңдар, үш есе етіп қайтарасыңдар. Кімде-кім христиан дінін жамандаса, монастырь және шіркеулерге тіл тигізсе, ол адам өлтіріледі.»

Өзбек ханның бұл ісін діни біліксіздігі деп ұғып және христиандыққа бүйрегі бұрады-ау деген жорамалмен Рим папасы оған елші жібереді. Папа елшісінің емеурінін түсінген Өзбек хан былайша жауап беріпті:

«Папаның діні өзі үшін қандай құрметті болса, ислам діні де біздер үшін дәл сондай құрметті».

Парасаттылық емес пе! 3*

Шежіреші-тарихшылар Өзбек хан жөнінде пікірлерін қалдырған. Мысалы, ал-Бирзали «ол исламды уағыздауымен бірге ақылдылығымен, келісті сыртқы келбетімен де ерекше көзге түсетін» – десе, аз-Захаби «... сырт келбетінің өзі көз тоярлықтай, ержүрек батыр адам еді» –деп жазады. 4*

Тыныбек, Жәнібек және Қызырбек есімді ұлдарының, Айткөшек есімді қызының сүйікті әкесі, халқын мұсылмандыққа баулыған парасат иесі Өзбек хан 1341 жылы қайтыс болып, Сарайда жерленеді.

Өзбек ханның туған жылы туралы деректер әртүрлі. Мысалы Н.Қазыбек кітабында : 5*

Өзбек 13 жасында хан тағына отырды десе, С.Закиров кітабында 6* ол хан тағына отырарда жасы отыздарда еді деп жазады. Сонда Өзбек хан 1299 немесе 1282 жылдардың бірінде туған болады.

Н.Қазыбектің деректерінде Өзбек ханның қайтыс болуы 1340 жыл және соңғы деректер бойынша 1342 жыл деп түзетілген.

Ал Қ.Салғараұлы өзінің «Хандар кестесінде» профессор К.Э.Босворттың «Мұсылмандар әулеті» кітабына сілтеме жасап, 1341 жыл деп жазады. 7*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Г.А.Федоров – Давыдов «Общественный строй Золотой Орды» М-1973, стр. 71.
2. Н.Қазыбек «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» А-1998, 32-бет.
3. Осы тізімдегі 2-ші әдебиет, 31-бет.
4. Салих Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» Москва 1966, стр. 74 .
5. Осы тізімдегі 2-ші әдебиет, 27-бет.
6. Осы тізімдегі 4-ші әдебиет, 74-бет.
7. Қ.Салғараұлы «Хандар кестесі» А-92, 35-бет.

Жәнібек хан (1341-1357)

Жәнібек – Жошы ұрпағы, Мөңке Темірдің немересі болып келетін Өзбек ханның екінші ұлы. Отыз жылдай ел басқарған Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етіп, халықты имандылыққа, қайырымдылық пен салауаттылыққа баулығаны белгілі. Жәнібек әкесінің бастаған ісін негізгі бағыт етіп ұстады. Ол атақты ғалым Сейд Шериф Әбділхамидұлынан тәрбие алады. Дін жолына берік болды, ғалымдармен кездесті, көреген, қайырымды, әділ және өте қарапайым еді. 1*

Жәнібек заманында Алтын Орда ханы Ресей княздерін арнаулы жарлық шығарып бекітетін-ді.

Карамзиннің, Соловьевтың еңбектерінде Жәнібек хан 1347-1353 жылдар аралығында Литва княздігімен арадағы келіспестікті Мәскеу князі пайдасына шешкендігі, Мәскеу, Нижний Новгород, Градише, Суздаль княздерін тағайындағаны айтылады.

Ол кезінде Алтын Орданың астанасын Еділ өзені бойынан Жайықтағы Сарайшыққа ауыстырған.

«Жәнібекке дейін Алтын Орда халқы қайық, кеме дегендерді білмейтін. Ол алғаш рет кеме жасатып, онымен теңіздің арғы бетіндегі тамаша жерлерді, елдерді халқына таныстырады». 2*

Жәнібек хан кезінде Гүлстан ірі портты қалаға айналады. 1347 жылы осы Гүлстан (бүгінгі Атырау қаласының маңы болуы мүмкін-М.Абсеметов) портында Жәнібек Венеция саудагерлерімен сауда келісімін жасаған. 3*

Жәнібек хан батыс пен шығыстағы шетелдермен байланысты баянды ете алған Алтын Орданың соңғы басшысы.

Әкесі Өзбек хан орнына отырған Жәнібек әділеттілік пен қайырымдылықты, қасиеттілік пен тақуалықты елдің қалыпты өміріне енгізіп, орнықтырды. Жәнібектің тұсында, Өзбек хан бардағыдай, Алтын Орданың қуаты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейді. 4*

Берке мен Өзбек хандар кезіндегідей жиі болмаса да, Жәнібек Египет сұлтандарымен дипломатиялық байланысты жалғастырды. Елдер аралық байланыстың дамуына 1345 – 1350 жылдар арасында дүниежүзін шарлаған оба (чума) ауруының үлкен кедергісі болды. Ауру 1346 жылы Қытайдың 13 миллион тұрғынын қырса, тез арада Каспий мен Қара теңіз жағаларын қамтыды. Аз уақытта Египет пен Сирияны, Грецияны жайлады. Генуя сауда кемелерімен бұл ауру Италия, Франция, Англия, Германия елдерін шарлап кетті. 1349 жылы Скандинавия елдеріне тарап үлгерген оба, солар арқылы Новгород пен Псков жерін шарпыды.

Сөйтіп, мемлекетаралық дипломатиялық және экономикалық байланыстар мен Жібек жолындағы сауда керуендерінің жүрісі бірнеше жылдар бойына үзілді. 5*

Жәнібек өз жанына елдегі кеменгер ақылгөйлерді, билер мен шешендерді, ақындар мен жыршы-термешілерді, халыққа беделді жақсылар мен жайсаңдарды жинапты, олармен ел басқару ісінде ақылдасып отырыпты. Ауыз әдебиеті аңыздарында Жиренше шешен, Асанқайғы Жәнібектің ақылшылары болды деген сөз бар. 6*

Сол кезеңде Жәнібектің тапсыруымен ғалым Рабғузи Сарайшықта «Қисса сұл әмбия» тақырыбындағы атақты ғылыми еңбегін жазып бітіреді. (Ғалым еңбегі 1901 жылы шағатай-татар тілінде Қазан қаласында баспадан шыққан)

Осылайша ол халқына өз-Жәнібек атанады.

Жәнібек хан Сарайшықтағы аңызға айналған Аққу көлін осы кезеңде жасатса керек.

1357 жылы Жәнібек еліне жәбір жасағаны үшін Әзірбайжанды басқарып отырған Мәлік Әшір ханды шабады, Иранның Тебриз қаласын басып алады.

Әбілғазының шежіресінде Жәнібек бұл сапарында 400 түйеге тиелген олжаны Сарайға жөнелтеді. Осы сапардан қайтар жолда Жәнібек қатты сырқаттанады. Тірі қала алмасын сезген ол халқымен бақұлдасып, көп өсиет

айтып, баласы Бердібекті өзінің орнына тағайындауды ұсынады.

Жәнібек 1357 жылы қайтыс болып, Сарайшыққа жерленеді. 7*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Н.Қазыбек «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» А-98, 41-бет.
2. «Дала уалаяты газеті» А-92, 416-бет.
3. М.Абсеметов «Таможенное дело Казахстана» А-2001, стр. 41.
4. Юдин В, Абусейтова М «Утемиш хаджи» Шыңғыс-намеден аударма, А-1992, 107-бет.
5. С.Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» Москва-66, стр. 90-91.
6. Ш.Уәлиханов Таңдамалы. 2-ші басылуы А-1985, 124-бет.
7. Осы тізімдегі 1-ші жазылған әдебиет, 40-бет.

Тоқтамыс хан

Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін, Алтын Орда мемлекетінде шиеленіскен қиын жағдай қалыптасты. Билік басына келгендердің Алтын Ордада кен көлемдегі алып мемлекетті басқаруға ақыл-парасаты жетпегендіктен, ел ішінен ыдырай бастады, хандар жиі ауысты. «Балық басынан шіриді» дегендей, уақыт өте келе елдің феодал-аристократтары топ-топ болып, жекеменшік көшіп-қонатын жер үшін, тақ пен билік үшін өзара қырқысып жатты. Бұл күйінде кезінде аты аңызға айналған Алтын Орда кез-келген жауының аяғы астында қалуы мүмкін еді. Мемлекеттің бірлігін сақтап қалуды, әлде осы қарбаласты пайдаланып билік басына жетуді мақсат еткендер көп болса керек. Солардың ішінен Алтын Орданы бір орталыққа жұмылдыру, бұрынғы қуатына қайта келтіру мақсатында күрескен Мамайдың (1370-1380 жылдарда), Тоқтамыстың (1380-1404 жылдарда) және Едігенің (1390-1419 жылдарда) есімдері аталады.

Ақсақ Темірдің әскері құрамында болғанға дейінгі кезеңдегі Тоқтамыс өмірінен деректер кездеспейді.

Тоқтамыс Ақсақ Темірдің әскери күшпен бірнеше мәрте берген көмегі арқасында Сығанақты басып алып, Ақ Орда билеушісі болды. Куликово даласындағы Мамай қолының орыстардан күйрей жеңілген, мемлекеттің әскери күшінің әлсіреген кезін пайдаланған Тоқтамыс тағы да Ақсақ Темірдің көмегімен Алтын Орданың тағына ие болды. Бұл 1380 жыл болатын. 1*

Тоқтамыс Алтын Орданы бұрынғы қуатына келтіру жолында біраз еңбектенді. Ордадағы алауыздықты, өзара қырқысты тоқтатты. Алтын Орданың соңғы кезде ыдырап кеткен Еділдің батысындағы Мамай иелігін, Астархан, Хаджы Черкес бөліктерін, Хорезм мен Ақ Орданы Жошы ұлысының бұрынғы аумағына топтастырып, біріктірді. Алтын Орда феодал-аристократтары Ақсақ Темірдің көмегіне сүйенген Тоқтамысты қолдады. Өйткені оларды Куликово сабағы көршілес

орыс елінен сақтануға үйреткен болатын. Сөйтіп, Ақсақ Темір Тоқтамыстың қолымен Алтын Орда жөніндегі өз жоспарын орындатты. 2*

Алтын Орданың салты бойынша орыс княздері жаңа ханмен көрісу үшін және жаңа тағайындаулар алу үшін астана Сарайға келуге тиіс болатын. Кулиководағы соғыста Алтын Орданың қарулы күштерін түгел қираттық деп ойлаған орыс княздері жаңа хан Тоқтамыспен сәлемдесуді ойларына да алған жоқ.

Орыс княздерінің ұлы князі Дмитрийді (Мәскеу князі) тәубесіне түсіріп, тәртіпке шақыру үшін Тоқтамыс 1382 жылы ауыр қолмен Мәскеуге аттанып, 23 тамызда Мәскеуде Кремльдің жанында болды. Орыстар үшін ауыр сәт туды. Олар жан аямай қорғанды, қыпшақ әскерлеріне қақпаға кіре берісте ыстық су шашып, тас лақтырып, бөренелер құлатты. Соғыстың төртінші күні Орда әскері Мәскеуді алды. Орыстар бар күшін қыпшақтарға қарсы ұтымды қоя алмады. Куликовода жеңіске жетті десек те, Дмитрий көп күшінен айырылған болатын, оның Тоқтамыс қолына қарсы қояр күші жоқ еді. Сондықтан Тоқтамыстың келе жатқанын ести сала әскер жинау сылтауымен Кострома, Ярославль қалаларына жүріп кеткен. Дұрысында бүкіл үйішін алып қашқан. Тоқтамыс жетпей тұрып-ақ орыстарда үрейлену пайда болды. Осы кезде Мәскеуде аштық басталып, ұрлық-қарлық, кісі тонау, тәртіпсіздіктер күшейді (Карамзин). Бұл оқиға туралы орыс тарихшылары жазбаларында:

«Тоқтамыс қала қақпасын алдап ашқызды. Халыққа зорлық жасалмайды дегені жайына қалды, қақпа ашылысымен Тоқтамыс әскері қалаға тұс-тұстан шабуылдап, жаппай тонауға кірісті. Княздің қазынасын талап алды, жеке адамдардың да алтын, күміс секілді асыл заттарын тонады. Мал-мүліктерін арбаларға тиеп, өздерімен алып кетті» – деп жазады. Ал, Н.Қазыбек орыс тарихшыларының мәліметтерінің қате екендігін, Орда әскербасыларының ондай бейбастақтыққа жол бермегендігін, олар ислам діні қағидаларын басшылыққа алғандығын жазыпты. 3*

Тоқтамыс хан Мәскеуді басып алып, әскерлерінің бір бөлігін Владимир мен Переяславль қалаларына жіберді. Бір бөлігі Тверь, Кир, Юрьев қалаларын көп шығынсыз бағындырғаннан кейін Ордаға оралды. Мәскеудегі соңғы оқиғадан кейін орыстар түгелдей Алтын Орданың қол астына кірді. Твердің, Нижегородтың, Мәскеудің княздері Тоқтамысқа арналған тарту-сыйлықтарымен өз ұлдарын қоса Сарайға аттандырып жатты.

Орыс жеріндегі жеңісімен қанаттанған Тоқтамыс, кезінде жарылқаушысы болған Ақсақ Темірмен ақылдаспастан, Тебриз сұлтаны Ахмед ибн-Уәйіске қарсы жүз мың әскерін жіберіп, шаптырып алды, көп олжаға кенелді.

Алтын Орда мен Египет елдері арасында достық дипломатиялық қатынастың сонау Берке хан заманынан бері үзілмей келе жатқандығы тарихтан белгілі. Сол дәстүр бойынша Тоқтамыс жіберген елші Египетте 1385 жылдың ерте көктемінде үлкен құрметпен қарсы алынады (Аль-Макризи).

Тоқтамыс елшісі Египетке Ақсақ Темірдің де арнаулы сыйлығын апарды. Ақсақ Темірдің ондағы ойы Тоқтамыс арқылы Алтын Орданы да өз алақанында ұстап отырғанын ұғындыру болатын.

Тоқтамыс хан орыс княздерін, сондай-ақ Тебризді де жаулап алғанда жеңістегі абырой-атағына да, мол байлық-олжаларына да Ақсақ Темірді араластармай, жеке иемденді. Бұл Ақсақ Темірге ұнамады, сөйтіп ескі достар бір-біріне дұшпанға айналды.

1389 жылы және 1391 жылдары Ақсақ Темір ауыр қолмен Алтын Ордаға жойқын шабуыл жасап, бай мемлекетті тонады, әскерімен қоса бейбіт тұрғындарын да қырып-жойды, мүліктерін олжалады, қалғандарын қиратты, өртеді. Темірдің күшіне қарсы тұрарлық қуаты жоқ Тоқтамыс Египет сұлтанынан көмек сұрады. Тоқтамыстың Египет сұлтаны ал-Малик аз-Захир Сайф ад-дин Баркукке жіберген елшісі Дамаск қаласына 1394 жылдың наурызының 26-сында жетеді. 4*

Бұл оқиғадан сәл ғана бұрын, 1394 жылдың қаңтар

айының бас кезінде Ақсақ Темір Египет сұлтаны атына «маған бағыныштылығыңды мойында, әйтпесе елінді талқандаймын!» мағынасында хат жолдап, оған өзінікінен де өткірлеу дәрежі түрдегі жауап алған болатын. 5*

Соғыс қаупі төнді. Сайф ад-дин Баркук өзге елдермен күш біріктіріп, қорғанысты ұйымдастыра бастады. Сөйтіп, Дамаск қаласында Алтын Ордалық Тоқтамыстың, османдық сұлтан Ийлдерим Баязедтің және Сибаштың билеушісі Кади Бурхан ад-дин Ахмедтің елшілері бас қосып, Ақсақ Темірге қарсы одақ құру жөнінде кеңесті. Өзіне қарсы топтың ойлағанындай Ақсақ Темір шабуылды Египетке емес, 1395 жылы Алтын Ордаға бастады. Ақсақ Темір мен Тоқтамыс арасындағы қақтығыс ұзаққа созылып, әлденеше рет соғысты. Ақырында Кавказда Терек өзені бойында кездесіп, кескілескен ұрыс болды. Бұл соғыста адам қаны суша ақты. Бүкіл әскердің үш тәулік бойына созылған дамылсыз шайқасынан кейін Тоқтамыс хан жеңіліп, бұлғар орманына жасырынды. Қарсыласын жеңген Ақсақ Темір өзінің күшті әскерлерімен Қыпшақ мемлекетін еркін талауға кірісті. Қалаларын, ауылдарын өртеп, малдарын шауып, талап кетті. Жазықсыз адамдарды қырып-жойып, бүкіл мемлекетті қан сапытты. Шамасы келген мұсылмандар ормандарға тығылып, тау-тасты паналап, жан сақтады – деп жазды «Шора» журналы 1908 жылғы 6-7 сандарында. Сөйтіп, Тоқтамыстың жетістігіне қызғанышпен қараған Ақсақ Темір ақыры Қыпшақ даласындағы Ислам мемлекетін енді бас көтере алмастай жерлеп, сан ғасырлар бойғы орыстардың Алтын Ордаға кіріптарлығынан босануына жағдай жасады. Соғыста күйрей жеңілген Тоқтамыс Литва князі Витовттың қоластына барып, оның көмегінен үміт етті.

1399 жылы Литва әскері (құрамында Тоқтамыстың қалдық әскері де болды) Алтын Орданың ханы Темір Құтлықтың қарулы күштерімен соғысып, жеңіліс тапты. Бұдан кейін Тоқтамыс билік басына қанша талпынса да жетуіне еш мүмкіндік болмады.

Тоқтамыстың әкесі Түй Ходжа Жошының ұлы Тоқа Темір аталығынан тарайды. Ол Ұрыс хан заманында Маңғыстаудың билеушісі болған, Алтын Орда астанасы Сарайды жаулап алуға қатысудан бас тартқаны үшін өлтірілген. 6*

Оның ажалы Ақ Орда билеушілері жағынан, әлде Ақсақ Темірден болғаны анық жазылмаған.

Ноғай Ордасының негізін қалаған Едігенің әкесі Балтықша Ұрыс ханның бас әмірі болған. Кезінде Тоқтамысқа тұтқынға түсіп, өз ханына шексіз берілгендігі үшін өлтірілген. 7*

Тоқтамыс аз қолмен Түмен жағында жүргенде Едіге әскерімен кездесіп қалады да, өлтіріледі. Бұл 1404 жыл болатын. (Большая энциклопедия). Брокгауз мәліметінде 1407 жыл делінеді. Әкесінің өлі денесін сұрай барған Қадырбердіге Едіге оның басын кесіп беріпті деген бар. Қадырберді әкесі Тоқтамыстың басын осы Сарайшықтағы хандар зиратына жерлесе керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазыбек Н. «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» А. 1998, 47-бет.
2. Закиров Салих «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом», М-1966, стр.93.
3. Қазыбек Н. Аталған еңбек, 49-бет.
4. Тизенгаузен Сборник №1, ибн ал-Фурат, перевод стр. 363.
5. Ибн-Тагрибирди, 141-144-беттерде.
6. Тизенгаузен т. II, 61-62-беттер.
7. Федоров-Давыдов А.Г. «Общественный строй Золотой Орды», М-1973, стр.149.

Ноғай батыр

Алтын Орда мемлекетінің екі ғасырлық (XIII-XIV ғасырлар) өмірінде аты әлемге танылған хандарымен қатар, елдің тарихында белгілі орны болған мемлекеттік қайраткерлер мен тамаша шебер әскери қолбасшылар болған. Солардың ішінде Ноғай мырза мен Әмір Едігенің орындары ерекше.

Ноғайдың тегі. Ноғайдың шығу тегі туралы бірнеше деректер бар.

Салих Закиров Рашид-ад-дин жазбаларына сүйеніп, «Ноғай – Жошының асыранды ұлы Бувалдың (Бууал) немересі, Татардың ұлы» деген дерегін келтіреді. 1*

Ортағасырлық тарихты зерттеуші ғалым К.Пищулина былай деп жазады:

«Тарихшылар А. Б. Кочекаев, И. Х. Калмыков және басқалары ноғайлардың моңғол-қыпшақтардан тарағандығы туралы белгілі зерттеушілердің пікірлерін келтіреді; олардың көпшілігі (С.Е.Малов, Р.Г.Кузеев және басқалары) ноғай ұлысының негізгі тұрғындарының шығу тегін XIII ғасырдағы Жошы руынан шыққан Алтын Орда түмені – Ноғай батыр әскерінің құрамына кірген тайпалармен байланыстырады». 2*

Егер аудармада қате жіберіліп жүрмесе, бұл деректен Ноғай батырдың Жошыға туысқан ұрпақ, XIII ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің түменбасы (он мыңдық әскербасы) болғанын байқаймыз.

Бату ханның немересі Мөңке Темірден кейін Алтын Ордадағы билік үшін мұрагерлер арасындағы талас кезінде Батудың шөбересі Тоқтаның қарсыластарын жойып, оны хан тағына отырғызатын да осы Ноғай батыр.

Бұл – 1290 жыл деп көрсетеді, түркі тілдес халықтардың шежіресін алғаш хатқа түсірген Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр өз жазбаларында.

Алтын Орда тарихын терең зерттеген шебер жазушы Ілияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» кітабында:

«Дешті Қыпшақ рулары да моңғол тәрізді көшпелі жұрт, қашып жүріп, босып жүріп соғысып, өз теңдігін оңай бермеді. Жошы ұрпағының бұнымен де санасуына тура келді. Тиімді болса, қыпшақтан қыз алып, қыз беріп кетуден де тайынбады. Осындай жағдайда Бату өзінің бір қызын маңғыт жігітіне ұзатады. Одан Ноғай деген инал (көне түркі тілі, шешесі хан тұқымынан, әкесі қарадан, ақ сүйек тұқымы екенін білдіру үшін арнаулы «инал» деген ат берген) туады.

Ноғай асқан батыр, ақылды болады. Хан тағына отыруға хұқы жоқ, әке жағынан Шыңғыс тұқымынан емес, бірақ Бату хан өлген кезде, оның әскерін басқарады. Осы Ноғай қырық жылдай бүкіл Жошы тұқымына айтқанын істетеді. Алтын Орда хандарын өз қолымен отырғызып, алып тастай алатын әмірші болады». 3*

Оқырманның байқағанындай, қолында сонша билік пен бедел тұрғанда Ноғайдың хан тағына өзі отырып алмауы – оның хан тұқымы, мұрагері болмағандығынан екендігі ақылға сыйымды көрінеді. (Әдеби шығармадан тарихи шындықты іздеу үнемі оң нәтиже бермеуі мүмкін екендігі де есімізде) Хан тағына мұрагерлер арасында Ноғайсыз-ақ қиян-кескі таластар жеткілікті болатын.

К.Пищулинаның тарихи зерттеулерін жоғары бағалай отырып, Ноғай батыр Жошының ұрпағы емес, асыранды баласының ұрпағы немесе жиені деген Есенберлин дерегіне тоқтаған жөн сияқты.

Орыс ұлтында қыздан туғанды (жиенді) атасы басқалығына қарамай, немересімен теңестіре кейде «внук» деп атай беретінін ескерсек, күдікке орын да азаяды.

Немесе С.Закиров жазғандай, асыранды ұлдың ұрпағы болғанда да Ноғай хан тағына заңды мұрагер бола алмас еді.

(Ноғайдың шығу тегімен оқырман «Ноғай ұлысы» тақырыбынан таныс екендігіне қарамастан, қайталауға тура келді)

Ноғай батыр. Сонымен Ноғай батыр – тегі маңғыт, Бату ханның қызынан туған жиені, Бату, Берке, Мөңке

Темір, Тоқта кездерінде атақты, алғыр да қызуқанды әскери қолбасшы.

Көзсіз батыр Ноғай нағашы атасы Батудың Батысқа бағыттаған жойқын жорығын жалғастырушылардың үнемі алдыңғы сапында болады. Қырғидай қиып түсер жылдамдық, қан майданда әрдайым өз жасағының алдында жүрер жанкештілік, арыстанның өзін тәубесіне түсірердей жүректілік Ноғайды хан алдында да, қара алдында да беделді етті.

Ол – өз ғасырында Азия құрлығындағы әскери жауынгерлік әдіс-тәсілдердің сан қырын меңгерген соғыс өнерінің көкжалдары – Сүбідей, Жебе, Боралдай батырлардың мектебінен өткен сұңғыла сарбаз.

Бату хан қайтыс болғаннан кейін, оның әскерінің бас қолбасы Ноғай 1255-1300 жылдар аралығында таққа отырған Шыңғыс ұрпақтары, қатарынан сегіз ханның (Бату, Сартақ, Ұлақшы, Берке, Мөңке Темір, Тода Мөңке, Тола Бұғы, Тоқта хандар) кездерінде де Алтын Орданың бас қолбасы және саясаткері болды. Бұл кезде Алтын Ордада Ноғай ең беделді тұлға еді.

Елдің сыртқы саясатындағы бірде-бір іс Ноғайсыз шешілген емес. Хұлағу әскерімен Кавказ маңындағы бірнеше ондаған жылдарға созылған соғыста Ноғай Египет пен Сирия мұсылмандары жағында болды.

Кіші Азияда 1258 жылдан Осман түріктері әулетінің орнығуына жан-жақты көмек жасады. 4*

Еуропа елін жаулаудағы ерен еңбегі үшін Мөңке Темір хан оған Еділден Дунайға дейінгі (келесі бір деректе Дон мен Днестр аралығы делінеді) аймақты тарту етеді де, оның қол астындағы елі Ноғай ұлысы атанады. 5*

С.Закиров жоғарыда аталған кітабында Успенскийдің, Веселовскийдің жазбаларына сүйеніп, төмендегі деректерді келтіреді:

Иранда, Кавказда Хұлағу әскерімен болған соғыстарда, Батысқа жорықтарда да Берке хан кезінен даңққа бөленген әскербасы Ноғай Мөңке Темір, Тода Мөңке, Тола Бұғы хандар тұсында және Тоқтаның

хандық құрған кезінің алғашқы он жылында Алтын Орданың мемлекет өміріне тікелей қатысты маңызды істерін ойдағыдай орындаушы болды. Бірнеше хандарға қалтқысыз қызмет еткен Ноғайдың оларға айтарлықтай ықпалы да болған.

Өжет қолбасшы Ноғайды жоғары бағалаған Византия императоры кезінде оған өзінің қызы Евфросиняны әйелдікке берген. Бұл достықтан екі жағы да пайдалы болады. 6*

Ноғай Болгар, Серб корольдерімен бірде одақтасы, бірде жауы ретінде, қалыптасқан жағдайға байланысты әрекет етті, күйеу баласы ретінде Византия императоры ісіне де араласып қоятын. 7*

XIII ғасырдың соңғы 40 жылында Алтын Орда мемлекетіндегі әскери қимылдардың барлығы Ноғай батырдың басқаруымен атқарылған.

Сондықтан Ноғай есімі тек өз елінде ғана емес, көрші шетелдерде де құрметтелген.

Ноғай батырға Египет сұлтанынан әдейі келген хаттың:

«Послано это письмо к высокостепенному, досто-почтенному, родовитому, войнствующему во славу господа своего, озаренному светом сердца своего, сокровищнице мусульман и помощи верующих, Ису-Ногаю...» деп басталуы 8* кезінде дүниеге аты жайылған Алтын Орданың әйгілі әскербасы, жаужүрек Ноғайды тек шектес елдер ғана емес, алыс жатқан елдер де жоғары бағалағанын көреміз.

«Ноғай мен Бейбарыс көп жағдайда бір-біріне ұқсайтын тарихи тұлғалар. Екеуі де жеңілуді білмеген әйгілі қолбасшылар, өз кезіндегі ықпалды саясаткерлер. Екеуі де Дешті Қыпшақтың батыс аймағындағы ру-тайпалардың жақтаушы, қамқоршылары болды, ислам елдерінің жетістігіне, мұсылман мәдениетінің гүлденуіне мүдделі болды». 9*

Сөйтіп, Ноғай батыр өмір бойына елі мүддесіне қызмет етті, жасы ұлғайғанша Алтын Орданың қынабынан суырған қылышы болды. Ол хан тағына таласпады, өз ұлысында ғана хан атынан билік жүргізді.

Хандармен араздық. Берке хан қайтыс болғаннан кейін, Мөңке Темірдің тақта отырған кезінде, онымен ақылдаспастан, Ноғайдың Мысыр сұлтаны Бейбарыспен хат алысқаны, ал Тода Мөңке тұсында Мысыр еліне өз атынан елші жібергені белгілі. 10*

Ноғай Бейбарысқа хатында өзінің мұсылмандықты қабылдағандығын, сөйтіп, Берке бастаған істі жалғастыратындығын жазады.

Бұл істерінен Ноғайдың өз кезінде кейбір хандарды мойындай қоймағандығы байқалады.

Кейбір тарихи деректерде Ноғайды Алтын Орданы әлсіретуге, хан мұрагерлері арасында іріткі салуға әрекеттенген арам ойлы адам ретінде суреттейді.

Оқырманның зерделегеніндей, қалың ноғайлысын ұйытқан Ноғайдың, өмір бойы Алтын Орда үшін күрескен Ноғайдың еліне сатқындық жасауы өмір шындығына сәйкес келер ме?!

Ол ел басқаруға қабілетсіз, мемлекет басқару ісіне кездейсоқ барып қалған кейбір мұрагерлердің Ноғайға деген көзқарасы болуы мүмкін.

Г.А.Федоров-Давыдовтың «... Ноғай ағалық жолы ретінде Тоқтамен таққа таласқан сияқты». 11* деуі қисынға келіңкіремейді. Өйткені сол Тоқтаны таққа Ноғайдың өзі отырғызған болатын және бұл кез оның қартайған шағы.

Бойда күш-қуаты тасыған кезінде, мемлекеттің қарулы күші түгел қол астында тұрғанда хан тағына ұмтылмағанына қарағанда, Ноғай жоғарғы билік үшін таласпаған.

А.Н.Насоновтың анықтауынша XIII ғасырдың аяқ кезеңінде Ноғай Алтын Орданың батысында екінші бір әскери-саяси орталық құрған. 12*

Бұл – Тола Бұғы ханның Ноғайды өлтіруге шешім алып, оны сезіп қалған Ноғайдың Тола Бұғыны тақтан тайдырып, орнына Тоқтаны отырғызған кезі.

Н.Қазыбек сөзімен айтсақ, «хан (Тоқта) тарапынан Ноғай мырзаға көп еркіндік берілді. Қоластындағы жерлер ұлғайтылып, халық саны көбейтілді. Жағдайы

жақсартылды. Қысқасы өзі де бір кішігірім хандық құрды». 13*

Насоновтың Алтын Орданың батысында Ноғай құрған екінші әскери-саяси орталық деп отырғаны осы болуы керек. Байыбына барсақ, бұл – Тоқта ханның өз төрелерімен ақылдасқаннан кейінгі шешімімен жасалған іс.

Сондықтан бұл үшін Ноғайды кіналаудың жөні жоқ.

Енді Ноғай мен Тоқта ханның араздасу себебі туралы Н.Қазыбекті тыңдасақ:

«Мөңке Темір ханның әйелі Шешек тәрбиелі, ақылды адам екен. Сондықтан Тоқта хан оны өкімет басқару ісіне араластырып, саясатпен шұғылдандырып отырады. Дұшпандары мұны Ноғай мырзаға жамандайды. Егер бұл әйелді уақытында бас игізбесе, Ноғай мырзаның жолын кесіп кететіндігін ескертеді. Ноғай оны 1294 жылы жасырын түрде буындырып өлтіртеді. Бұл оқиғаны естіген Тоқта ханның ашуы келіп, Ноғай мырзадан кек алуға дайындалады.

Мұны естігеннен кейін әйелді өлтіруге қатысқан төрелер ханнан қорқып, Ноғай құзырына барып тығылады. Тоқта хан Ноғай мырзаға адам жіберіп, қашқан төрелерді өзіне қайтаруды сұрайды. Бірақ ханның пәрменін Ноғай орындамайды. Сол себепті Тоқта хан әскер жиып, Ноғай мырзаға 1298 жылы шабуыл жасайды». 14*

Бір кездегі айбынды елдің жұмылған жұдырықтай қатаң тәртіпті әскері екі топқа бөлініп, өзара кескілесіп жатты. Бұл Алтын Орда тарихындағы өте бір қайғылы кезең еді.

1299 жылы (1300 жылы деп те жазылыпты) Қоқанлық деген жердегі соңғы ұрыста Ноғай қолы күйрей жеңіліп, оның өзі осы ұрыста қаза табады.

Ноғайдың Жәке, Тәке және Тарай есімді ұлдары, Тағалже есімді қызы болған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Салих Закиров «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом» Москва-1966, стр. 63.
2. К.Пищулина «XIV-XV ғасыр: Ұлы даладағы ел дінгектері» «Егемен Қазақстан» 1 қазан 1998 ж.
3. І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы, А-1976, 29-бет.
4. Махамбет Хакимов «Айқын тарих» Атырау-1997, 163-бет.
5. Қазақ ССР қысқаша (төрт томдық) энциклопедиясы 1-том, А-1984, 362-бет.
6. У.Ф.Успенский «Византийские историки» стр. 3
7. Н.И. Веселовский «Хан из темников Золотой Орды и его время» стр. 40-41.
8. Тизенгаузен сборник 1, Рукн-ад-дин Байбарс, текст, стр. 79.
9. Бекет Карашин «Бейбарс: эпоха и личность» А-2001, стр. 136.
10. Тизенгаузен сборник 1, Ибн ал-Фурат, текст, стр. 355.
11. Г.А.Феодоров-Давыдов «Общественный строй Золотой Орды» Москва-1973, стр.73.
12. А.Н.Насонов «Монголы и Русь», М-л, 1940, стр. 69.
13. Н.Қазыбек «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» А-98,34-бет.
14. Бұл да сонда, 35-36-беттер.

Ер Едіге

Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Алтын Ордада шиеленіскен қиын жағдай қалыптасты.

Билік басына келгендердің Алтын Ордадай кең көлемді алып мемлекетті басқаруға ақыл-ой, парасаты жетпегендіктен, ел ішінен ыдырай бастады. Хандар жиі ауысты.

«Балық басынан шіриді» – дегендей, уақыт өте келе елдің феодал-аристократтары топ-топ болып, жеке меншік көшіп-қонатын жер үшін, тақ пен билік үшін өзара қырқысып жатты.

Едігенің ержетіп, билікке араласуы осы кезеңге сәйкес келеді.

Бұл күйінде бір кезгі аты аңызға айналған Алтын Орда кез-келген жауының аяғы астында қалуы мүмкін еді.

Мемлекеттің бірлігін сақтап қалу үшін, әлде осы қарбаласты пайдаланып, билік басына жетуді мақсат еткендер көп болса керек. Солардың ішінен тарихта Алтын Орданы бір орталыққа жұмылдыру, бұрынғы қуатына қайта келтіру мақсатында күрескен Мамайдың (1370-1380 жылдарда), Тоқтамыстың (1380-1404 жылдарда) және Едігенің (1390-1419 жылдарда) есімдері аталады.

Едігенің қанша талаптанса да, елде сүйенетін қуатты әлеуметтік тобы болмады. Өйткені Ордадағы өмір адам танымастай өзгерген. Заң, тәртіп бұзылып, әр төре тобы өз ханын сайлап алып, жеке мүдделері үшін өзара соғысқа кіріскен.

Едіге Жошы ұрпағынан Темір-Құтлық, Шадібек, Поладтарды бірінен кейін бірін хан тағына қойып көргеннен еш нәтиже шығара алмады.

Тоқтамыс және оның ұлдары бірінде Қырымнан, бірінде Сібірден, келесісі Литваның қолдауымен Еділ бойынан шабуылдап, тыныштық бермеді. Бұның ақыры Алтын Орданың бірнеше хандықтарға бөлініп кетуіне соқтырды.

Ақсақ Темірдің 1395 жылғы Тоқтамыс ханға соңғы шапқыншылығынан кейін Алтын Орда мүлдем ыдырап, одан Қырым, Астрахан, Қазан хандықтары бөлініп шығады. Олардан кейін Жайық пен Еділ өзендері аралығында Ноғай Ордасы бой көтереді. Ноғай Ордасы XIV ғасырдың соңына қарай Алтын Ордадан бөлектене бастайды да, әмір Едіге тұсында мемлекет ретінде қалыптасуы жалғасып, оның ұлы Нұреддиннің кезінде (1426-1440 ж.ж.) аяқталады.

Ноғай Ордасы тарихында әмір Едігенің – батыр Едігенің орны ерекше. Алтын Орданы бұрынғы қалпына келтіру ойын іске асыра алмаған Едіге XIV ғ. аяғында Жайық пен Еділ арасындағы ноғайлы жұртын Алтын Ордадан бөліп, өз алдына дербес ұлыс құрады.

Едіге өз ордасында екі жүз мыңдай атты әскерді ұдайы әзірлікте ұстаған. Өз қолымен қойған хандар арқылы Алтын Орданы басқара отырып, «Ұлы Әмір» (әмир әл-умара) атағы бар Едігенің билігі зор болған және көрші ұлыстардың өміріне зор ықпал еткен. Алтын Ордадан бөлектенген бірқатар иеліктерде Астрахан, Қырым, Қазан хандықтарында Шыңғыс ұрпақтарынан біреуін хан көтеру үшін кезінде Едігенің келісімі алынатын дәстүр болған.

Атынан әлем үрейленген Шыңғыстың ұрпақтарына осынша ықпал ете алған Едіге кім еді?

Едіге туралы Ибн Арабшах, Әбілғазы, Қадірғали Жалайри, Бартольд, Греков пен Якубовский еңбектерінде деректер келтірілген.

Сонау түстіктегі Шам мен Меккені билеген мұсылман сұлтандары түгел мойындаған, ерлігі жөнінде «Ер Едіге» дастаны жазылған Едіге (1352-1419 жылдары өмір сүрген) – ортағасырлық көне Құмкент қаласы билеушісінің баласы. Ол ерен ержүректілігінің арқасында әмірлікке қол жеткізеді.

Аты аңызға айналған тарихи тұлғаның арғы тегі маңғыт тайпасынан шығады.

(Соңғы келтірген мәліметтермен оқырмандар

«Ноғай Ордасы» тақырыбынан таныс екендігіне қарамастан, қайталауға тура келді.)

Едігенің есімі тарих сахнасына Алтын Орда ханы Тоқтамыс және әлемге қатыгездігімен аты шыққан Әмір Темірмен қатар шығады. Екеуінің де зұлымдығы Едігенің жүрегін шайлықтырған. Сондықтан Едіге екеуін де өзінің дұшпаны санаған.

1395 жылғы Әмір Темірдің екінші шабуылынан күйрей жеңілген Тоқтамыс Литва князі Литовты (кейбір әдебиеттерде Витовт) паналайды. Алтын Ордадағы тұрақсыз жағдайды пайдаланып, Орда билігіне өзі ие болу мақсатымен Литов Тоқтамысқа «көмектесуге» уәде етеді. Сол мақсатпен Литов өз әскері, Польша мен Батыс орыс княздері әскерлерінің, оған Тевтон Ордені рыцарларының басын қосып, 1399 жылы Едігеге қарсы жорыққа шығады.

Борсықты өзені жанында өткен бұл соғыста Едіге батыр әскерінің Литов қолын талқандағаны тарихтан белгілі.

Едіге қолының бұл жолғы жеңісінің тарихи мәні туралы Б.Нұғыманов жеткізе жазған:

«Едіге әскерінің жеңісі тарихи мәні зор үлкен оқиға болды. Соғыс тәңірісі болып есептелетін зеңбіректері бар, оқ дәрілі мылтықтары бар, өз заманына сай мұздай қаруланған жауынгерлерінің саны жағынан да олқы емес «жеңімпаз» деп аталған Еуропаның біріккен жасағын жалаң қылыш, сабау сап найза, қолшоқпармен ғана қаруланған Едіге жасақтарының күл-талқан етіп жеңуі адам айтса нанғысыз нағыз қаһармандық болды. Бұл – әскери қолбасшының асқан айлакер де тапқыр, тамаша талантты адам екеніне куә. Мұндай жеңісті Шыңғыс хан да, Бату да көрген емес деп кезінде Карамзин жазған».

«Қазақ тарихының шежіресіндегі бұл бір белес – деп жалғастырады автор өз ойын. – Өйткені Едігенің жеңісі Еуропадағы тепе-теңдікті сақтап қалды. Екіншіден түркі тектес халықтардың болашағын айқындады». 1*

«XV ғасырдың басында Алтын Орданың билеушісі болған Едігенің XIV ғасырдағы өмір жолы өте күрделі болды» 2*

«Едігенің өмірбаянында мазасыз ноянның жеке басының авантюралық қимылы ғана емес, сол тарихи кезеңдегі Алтын Орда аристократтар қауымының іс-әрекеттері мен тағдыры көрініс береді». 3*

Жеке бір тарихшының сипаттауымен Едіге сынды халық батырының бейнесін жасау жаңсақтыққа ұрындыруы мүмкін.

Мысалы: «...Едіге бәрін де жеке басының мүддесіне құрбан етті. Дешті Қыпшақ мемлекетін құлатты, мұсылман қауымын енді қайтып бастары қосылмастай етіп таратты. Темірланмен бірігіп, мұсылмандарға көп жапа шектірді», 4* – деген пікір Едіге жөніндегі өзге деректерге қарама-қарсы мағынада.

Ибн Арабшахтың дерегінде «Едіге – өзінің табиғатында бейбітшілік сүйгіш, әділетті, халыққа мейірімді адам болған. Ораза, намазын қаза қылмаған. Шариғат амалдарын орындай жүріп, ғылым-білім, өнер туралы кітаптарды да жиып, оқып-біліп, отырды. Сөзін тыңдайтын достары мол еді» делінеді.

Тарихи деректерде Едігенің елді соғыссыз, бейбіт жағдайда ұстауға күш салғандығы айтылады. Мемлекеттің күшейгенін көре алмаған Әмір Темір Алтын Орданы 1398 және 1403 жылдары қайталап шабуға дайындалғанда, ол кезде белгілі мөлшерде әскери күш жинаған, елінде үлкен беделге ие Едіге, тарту-таралғыларымен елшілер жіберіп, қанқор Темірді бетінен қайтарып, елін қырғыннан аман алып қалған.

Едіге Алтын Орда көлемінде адамды құл ретінде сатуға тыйым салған.

Алтын Орданың қалыптастырған тәртібін бұзып, тиісті салықты мерзімінде төлемеген орыс княздерін күшпен де, айбарымен де иліктіріп (1408 жыл) жөнге салған осы Едіге.

Соңғы деректерді татар ғалымы Фатых Орманшының зерттеулеріне сілтеме жасап, Р.Бердібай келтіреді. 5*

Оның ерлік жолына арналып дастан шығарылуы, есімінің халық жадынан өшпеуі Едіге батырдың халқы үшін қызмет еткенін дәлелдесе керек.

Едіге жасы ұлғайған шағында, Тоқтамыстың кенже ұлы Қадірбердінің жасағымен ұрыста Сарайшық маңында қаза табады да, Ұлытауға жерленеді дейді тарихи деректерде.

Ал, Н.Қазыбектің мәліметінде өзгеше.

«Едіге Еділ бойындағы соғыста жараланып, қолға түсіп, өлтірілді. Қабыры Хажытарханның (Астрахан) шығыс жағында». 6*

1991 жылды» қоңыр күзінде Ставрополь өлкесіндегі, Дағыстан, Чечен-Ингуш, Астрахан облысы, қарашай-шеркештегі ноғайлы халқы «Ер Едіге» жырының, сондай-ақ Едіге негізін қалаған Ноғай Ордасының 600 жылдық мерейтойын үлкен мереке ретінде атап өткенін баспасөзден оқыдық.

Халық жүрегіне ұялаған Едіге тек ноғайлы жұртына ғана емес, барлық түркі халықтарына да ортақ, етене жақын халық батыры.

Едіге өлтірілгеннен кейін, оның бес ұлының екеуі – Нұреддин мен Қағбад Башқұр еліне қашып паналайды, ал қалғандары Тоқтамыс хан балаларынан қашып, Ресейге кетеді.

Едігенің ұрпақтары туралы, М.Тынышбаевтың деректеріне сүйеніп, қысқаша әңгімелесек:

Едіге – Нұреддин – Уақас – Мұса. Ноғай Ордасының кемеліне келген кезі Мұса мен оның інісі Жаңбыршының ел билеген кезеңіне сәйкес келеді дейді тарихта. Мұсада 30 ұл болған дейді М.Тынышбаев шежіресінде. Сол көп ұлдарының бірі Мамай мен немересі Орақ – ертедегі «Орақ – Мамай» дастанының кейіпкерлері. Ал Орақ батырдың қос ұлы Қарасай мен Қазы туралы ел аузындағы «Қарасай – Қазы» дастаны жазылған. Мұсаның бір ұлы Алшы Смаилдың немересі Орманбет би – кешегі Үлкен Ноғайлының соңғы биі, XVI ғасырдың аяғында дүниеден өтеді.

... Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғай бөлген күн...

Мұсаның інісі Естеректің 1604 жылы Астрахан маңы даласында, Еділдің төменгі сағасында көшіп жүрген ноғайлардың басшысы болып тағайындалғанын тарихтан білеміз.

Тарғын батыр – халық аузындағы «Ер Тарғын» дастаны кейіпкері – осы Естеректің ұлы. 7*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұғыманов.Б. «Едіге» «Егемен Қазақстан»
29 қаңтар 2003ж.
2. Бартольд.В.В. соч. т. II, стр. 797.
3. Греков.Б.Д. и Якубовский А.Ю. «Золотая Орда и ее падение» м-л, 1950, стр. 385.
4. Н.Қазыбек «Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін» А-98, 60-бет.
5. Р.Бердібай «Едіге би» «Егемен Қазақстан»
11 қыркүйек 2001 ж.
6. Осы тізімдегі 4-ші әдебиет 60-бет.
7. М.Тынышпаев «История киргиз-казахского народа»
А-1925, стр. 84-85.

II ТАРАУ

ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ БИШІНДЕ

ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ БИГІНДЕ

«Мәдениет – материалдық және рухани байлықтардың деңгейімен өлшенетін қоғам мен адамның тарихи даму дәрежесін көрсетеді» – делініпті энциклопедияларда.

«Мәдениет дегеніміз – адамзат баласының ақыл-ойы, маңдай тері, қажырлы еңбегі, мұның бәрі зор қоғамдық сипат» – деген екен кезінде ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан.

Мәдениетімізді оның кең мағынасында алсақ (өркениет), қоғамымыздың барлық саласын: ғылымы мен дінін, әдебиеті мен өнерін, философиясы мен экономикасын да қамтиды. Сонда қазақтың ұлт болып қалыптасқаннан бергі ақыл-парасатымен жасалаған рухани және материалдық байлықтар оның мәдениеті деңгейін көрсететін болды. Бүгінге дейін өзінің төл мәдениетін жасаған ұлтымыздың тарихы қай кезеңнен бастау алады деген сұраққа жауап іздесек:

Қазақ мемлекеттілігі, біздің дәуірімізге дейін II ғасырдан бастап алты ғасырдай өмір сүрген, Орта Азиядағы ең ірі де қуатты болған Үйсін мемлекетінен бастау алады дейді бірқатар тарихшыларымыз.

Бұл қорытындыны «Қазақ мәдениетінің тарихы», «Қазақтың тұтас тарихы» атты тарихи кітаптар авторы, Қытай елінің ғалымы Су Бейхай тарихи деректерге сүйенген зерттеуімен бекіте түседі, ол қазақ ұлт ретінде біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда-ақ қалыптасты, негізгі этникалық арнасы – үйсіндер дегенді айтады.

Сондықтан болар, орыстың тарихшысы М.Вяткиннің:

«... Қазақ халқының мәдениеті Қазақстанның тереңіне әкетеді. Оның тамыры Қазақстан даласында көшіп жүрген тайпалардың творчествосымен астарласады, қазақтың халық болып қалыптасу дәуірінен әлдеқайда алыста жатыр...» дегені нанымды естіледі. 1*

Академик Н.Сауранбаевтың «Современный казахский язык есть развитие древнекыпчакского языка в

новых условиях. Монолитный язык казахов сложился и существовал до X века, когда народ, говоривший на кыпчакском языке, стал называться казахами» – дегені де бар.

«Әлкей Марғұланның, Мір Қадырбаевтың, Оразақ Ысмағұловтың, Кемал Ақышевтың, Ауданбек Көбесовтің, Міржақып Дулатовтың, Мұхаметжан Тынышбаевтың зерттеп білуіне қарағанда Қазақстан жерін қадым заманнан бастап-ақ мекендей бастаған дала тайпаларының кейініректегі түркі-қыпшақ, монғол қосындарымен біте қайнасқан түп тамыры бірегей, орта ғасырлардағы түркі-араб-парсы рухани жетістіктерімен жалғасқан өзіндік көне мәдениеті болған. Оны Отырар – Қаратау, Биғазы – Дәндібай, Андронов мәдениеттерінің қалдықтарынан, қазақтың дәстүрлі өнерінен, аса бай ауыз әдебиетінің нұсқаларынан, бізге жеткен жазба деректерден, түптеп келгенде халқымыздың жасампаздығы мен шығармашылығынан аңғаруға болады» 2* дегеніндей, Қазақстан аумағынан табылған археологиялық қазбалар жәдігерлері қазақ даласын мекендеген көшпелі тайпалардың тек малшы, жауынгер ғана емес, сонымен бірге шебер суретші, мүсінші зергер, ұста, музыкант та болғандығын дәлелдейді.

«Қазақ ғасырлар бойы надандықта, көшпелі мешеу дәуірді кешті, ортақ мәдениетке көшпенділер ешқандай үлес қоспаған» – деген пікірлер болған. Оның қателігін Қазақстан аумағындағы ертедегі сәнді қалалар, дамыған қолөнері, көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік кәсібінің болғандығымен, ұрпағына мұра ән-күйімен дәлелдей аламыз.

Алдымен көшпелілік туралы:

Қазақ өзінің сайқын даласында малдың бабын табу әрекетімен, тарихи айқындалған аумақтарда қалыптасқан тәртіппен, межелі мерізімде көшіп-қонып келген. Мал өргізген қазағымыздың қарттарында әр жылдың ауа райын сезімталдықпен бақылай отырып, баба тәжірибесіне негізделген көшіп-қонудың қатаң

орындалуға жататын кестесі болған. Сөйтіп малды жұттан аман сақтап келген. Қазақтың астрологы да, мал маманы да, шаруашылық жетекшісі де, шежіре шертер данасы да, ауылы аузына қараған Ақсақалы болған. Оның көшпелі өмірдің талабынан туғандығын байқаймыз. Бұл жәйді қазақ ұлтын таныған, зерттеген адам ғана түсінер.

Қожа Ахмет Йассауи мұражай-қорығының ғылыми қызметкері Ділдаш Мұстафаева мына деректі келтіреді: «Народное хозяйство Казахстана» журналының 1928 жылғы 4-5 санында А.Денич «Проблемы нового казахского аула» мақаласында қазақтың көшпенділігін дұрыс түсіндірген: «шаруашылықтың, тұрмыс-тіршіліктің ғасырлар бойғы қалыптасқан бұл жүйесі территориялық айқындылығымен, амплитудасының салыстырмалы түрде тұрақты болуымен сипатталады. Көшу дегеніміз – бет алды жүре беру емес, табиғи жүйені біле отырып, онымен тіл табысып өмір сүру». 3*

Бұдан қазақтың ежелгі көшпелі мал шаруашылығының ғасырлар бойғы бабалар тәжірибесі мен ақыл парасатына сүйеніп, табиғатпен етене сәйкестендірілген ғылыми жүйелі кәсіп болғандығын көреміз. Қазақстан аумағында тарихи даму барысында үш мәдени шаруашылық түрлерінің қалыптасқаны белгілі. Бұлар – көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік және қолөнер.

Қазақта малдың көбі жылқы мен қой болған. Бидай, арпа, тары – қазақтардың күнделікті тіршілікте ежелден қолданылып келе жатқан өнімдері. Бидайдан, тарыдан жасалған ұлттық тағамдар, оларды өңдеп, сақтау тәсілдері егіншіліктің қазақтарға жат кәсіп еместігін айғақтайды. Сан ғасырлар бойы қолданылып келген азықтың түрлері: нан, бидай көже, тары, жүгері, талқан, май сөк, жент; астықты өңдеуге арналған аспаптар: диірмен, келі-келсаптар, т.б. көшпелі шаруашылық пен егіншілік арасындағы белгілі бір тепе-теңдіктің сақталғандығын дәлелдейтін деректер. (бұл да сонда) Сөйтіп, небір жұт жылдары да қазақ бабамыз елін

азық-түліктен тарықтырмаудың жолын тапқан. Қала тұрғындары саудамен, қолөнермен айналысты. Қолөнер шеберлері асыл тастар мен алтын, күмістен көздің жауын алатын әшекей, зергерлік бұйымдар шығарумен бірге, металл қорыту, одан қарапайым шаруашылық құралдары (айыр, күрек, кетпен, балта, шалғы, түрен т.б.) мен қару-жарақ түрлерін жасауды игерді. Жібек Жолымен келген дүниежүзілік тауарлар қазақ қолөнершілерінің тәжірибесін байытты, шеберлігін шыңдады.

Қазақтың ел қорғар батырлары мен сарбаздарын ер қаруы – бес қарумен өзіміздің қолөнер шеберлері қамтамасыз еткен. Қала мен көшпелі дала өмірі бірін-бірі толықтырған және бірін-бірі қажет еткен шаруашылық құрылымы болды. Мол сулы өзендер қойнауларында қалалар бой көтерді. Іле, Сырдария бойларында Жібек Жолының өтуіне байланысты қалалар саны тез өсті. Сырдарияның орта ағысындағы б.д.д. 650-350 жылдары пайда болған Отырар, Қаратау, Жетіасар қалалары – сақ және қаңлы мәдениеті туындылары. 4*

Қазақ жерінде ежелгі мәдениет орталықтары ретінде тек Отырар мен Сайрам, Түркістан ғана емес, Сыр бойындағы Жент, Баршынкент, Жанкент, Сығанақ, Талас – Шу алабындағы Тараз, Құлан, Аспара, Баласағұн қалалары да тарихқа белгілі болған.

Араб географы әл Макдиен X ғасырдың өзінде Қазақстан аумағында 200-ден астам қала болғанын баяндаған. Бүгінгі Жамбыл облысы Шу ауданы жеріндегі, VI ғасырда іргесі қаланып, түркі тектес тайпалардың орталығы болған Баласағұн қаласы ортағасырлық отырықшы мәдениеттің ошағы болған. 1212 жылы қара қытайлар басып алғанда Баласағұнда 40-қа жуық жұма намазы оқылатын мешіт, 10 медресе болыпты. Қала жетпіс шаршы шақырым ауданды алып жатыпты. Шаһар сыртынан 8-10 метрлік ендікте канал қазылып, онымен су келтірілген. Ортағасырлық қалалардың бәрінде су құбыры, монша болған. Су шығыр арқылы алынып, әрі қарай көлбеу орналасқан қыш құбырлар

арқылы тұтынушылар тұрағына таратылған. Қазақы құрылыс өнерінің қарашаңырағы – киіз үй. Оның сән-салтанатын жатжұрттық жиһанкездер жоғары бағалаған. Атақты Рим империясының ақшаңқан сарайында тәрбиеленген Менандр Протитер қазақтың 12 қанат киіз үйін көргенде Еуропадағы мәрмар сарайды да қорашсынатынын жасырмаған. 5*

Қазақ қалалары архитектуралық үйлесімділігі, сәнділігі жөнінен өзге елдердегіден кем түспеген.

Алтын Орда мемлекеті өзі өмір сүрген екі ғасырға жуық уақыт ішінде 150-дей қала тұрғызған. Солардың ішіндегі сәнділері Еділ бойындағы Бату сарайы, Берке сарайы және Жайық бойындағы Сарайшық қалалары болса керек.

Бұлар аталу ретіне қарай, кезегімен астана қалалар болған. Көркіне көз тоймас Бату сарайы астана кезінде жүз мың адам тұрғыны болған ірі қала болыпты. Енді осы қалалар туралы «Қазгор» жобалау академиясының президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Әбдісағит Тәттіғұловтың «Ақиқат» журналы тілшісімен болған әңгіме-сұхбатынан үзінді келтірелік:

«... Аңыз ба, әлде шындық па, Москвадағы Қызыл алаң Жібек Жолының бір тармағындағы Сарайшық қаласының сол кездегі кескін-келбетінен алынған екен дейді. Ал Сарайшықтың іргетасы Москвадағы Қызыл алаңнан бұрын қаланған ғой. Мұны мен төмендегі ғылыми мақаладан оқыған едім.

...Иван Калита Москваның кіндігі – Кремльдің құрылысын Сарай-Бату шаһарының үлгісімен салдырған. Ресейдің кейінгі кінәздары мен патшалары Кремльдің Бату, Берке сарайлары орталықтарына ұқсас екенін кейінгі ұрпақ мүлдем есінен шығарып, ұмытсын деген ниетпен, әсіресе Иван Грозный тұсында Еділ бойындағы Алтын Орданың қос астанасын да жер бетінен жоқ ету ниетін жүзеге асырған». 6*

«Сарай қаласы (Бату сарайы) Иван Грозныйдың баласы Федордың әдейі берген бұйрығымен 1578 жылы жермен-жексен етіп қиратылған» – деп жазады оралдық өлкетанушы Ж.Ақбай. 7*

Еділ бойы казактарының Каспий арқылы келіп, қайықпен Жайық суымен жоғары өрлеп, Сарайшықтың алтын-күмісі, көмбе байлығын іздеп, талқандап кететіні де сол 1578 жылы еді-ау! Бұл сәйкестік кездейсоқтық болмас, әріден ойластырылған зымиян әрекет болар. Одан 180 жылдай бұрын Ақсақ Темірдің де бүлдіруге көзі қимаған әдеміліктер еді ғой, бұлар.

Біз қазақ сәулеткерлерінің қала тұрғызудағы жетістіктері туралы аз сөз еттік. Ал қазақ даласындағы өмірден өткен атақты адамдарға арнап тұрғызылған сәулет өнерінің озық туындылары өз алдына бөлек тақырып болар дүниелер. Сәулет архитектуралық өнердің өзіндік үлгілері: Қожа Ахмет Йассауи, Айша бибі, Алашахан, Сырлытам, Жошыхан, Қарахан ескерткіштері – неше ғасырлар бойғы жаңбыр мен желге, күн сәулесі мен ауа-райы өзгерістеріне сырын да, сынын да жоғалтпастан шыдас берген ғимараттар, хас шебердің қиялынан туған, ұрпаққа мақтаныш боларлық ұлттық мұралар.

Өнер, ғылым, білім қоғам мәдениетінің бұлақтары екендігі белгілі. Бұл салада да қазағымызда ұялмай айтарлық жетістіктер болған.

Ортағасырлық Отырарда әлемдік деңгейдегі бай кітапхана болыпты. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбунасыр әл-Фараби осыдан түлеп ұшқан. Әбунасыр педагогика, медицина, география, эстетика, физика, астрономия, музыка теориясын терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосты, 150-ге тарта әр ғылым саласында трактаттар қалдырды.

«Құтты білік» дастанымен Жүсіп Баласағұн, «Түркі сөздігінің жинағы» сөздігімен Махмұт Қашқари, «Диуани Хикмет» авторы, көрнекті ақын, діни философияның білгірі Қожа Ахмет Йассауи, жан-жақты ғалым Ибн Сина, «Тарихи Рашидиімен» Мұхаммед Хайдар Дулати, «Шежірелер жинағымен» Қадырғали Қосымұлы Жалайыр, «Шипагерлік баянымен» Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы тағы-тағылар ұлтымыздың ғылымы мен әдебиеті тарихында өз есімдерін қалдырды.

Шығыстанушы ғалым, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы Әбсаттар Дербісәлінің «Қазақ даласының жұлдыздары» кітабында Отырардан Әбунасырдан өзге де бірнеше ғалымдар шыққаны айтылады. Автор аталған оқымыстылар туралы деректерді Сирия, Марокко, Тунис елдеріндегі шығыс мәдениетінің мақтанышы болған кітапханалар мен қолжазба қорларынан тапқан. Ел тағдыры додаға түскен XVIII ғасырда ұлтымыздың бағына туған есімдері қасиетті Төле, Қазыбек, Әйтекедей аузы дуалы билер, күні кешегі «қалың елі, қазағы, қайран жұртының болашағы үшін, мыңмен жалғыз алысқан» данышпан Абай есімдері де жоғарыда аталған киелілер қатарында. Сонау VII ғасырда түркі қағанатында өзінің төл жазуы болған. Бұл тұжырымымыз да дәл болмауы мүмкін. Өйткені Есік жазуындағы 17 әріптің 13-і көне түркі руникалық алфавитінен болуы бабаларымыздың жазу мәдениетінің тым ерте, жыл санауымыздан бұрын бастау алғанын көрсетеді.

Моңғолия мен Алтайда, Тува мен Хакасияда, Жетісу мен Шығыс Түркістанда көне түркі алфавитімен жазылған 200-ден астам тас ескерткіштер табылған. Солардың бірі – жақында өзінің Отанын тапқан, Елордада орын тепкен Күлтегін ескерткіш жазуы. Шын мәнінде ешбір халықта жазу мәдениеті әлі қалыптаспаған кездің өзінде біздің бабаларымыз өз тарихын хатқа түсіріп кеткен деп жазады О.Сүлейменов. Ол сонымен бірге орыс жазба әдебиетінің басы саналатын «Игорь полкі туралы сөзді» қазақ-қыпшақ тілінде сол дәуірде өмір сүрген қандасымыз жазғанын дәлелдеп берді. Батысқа ғылым мен мәдениет Шығыстан барған. Әйтпесе орыстың ұлы жазушысы Л.Толстойдың «Батыс Шығыс ғалымдарының негізін қалап, дайындап берген дайын ілімді іліп әкетті» – деуіне кім мәжбүрледі?! Шығыс мәдениеті туралы академик А. П. Окладников жоғары пікір айтқан, Мұрат Әжі «Жусанды қыпшақ даласы» еңбегінде кеңінен дәлелдеген.

Есік қорғанынан табылған сақ халқы өкілінің алтын

киімі, Атыраудағы Аралтөбе қорғанынан табылған сармат халқы өкілінің алтын сауыты мен әшекейлі киімі, Степногорск маңынан, Шығыс Қазақстанда Берелден т.б. жерлерден табылған құнды жәдігерлер ықылым дәуірдегі бабаларымыз мәдениетінің өте жоғары деңгейде болғандығын дәлелдейді.

Әлемдік өркениетте өзіндік қолтаңбасы бар ұлтымыздың адамдық болмысы туралы өзгелердің пікіріне құлақ түрсек: Венгер ғалымы А.Вамбери «Орта Азияға саяхат» еңбегінде «... біздің аса бір таң қалғанымыз – олардың музыка мен поэзияға ерекше бейімділігі...» десе, неміс саяхатшысы И.Шильтберген «Қазақтардың бүкіл түз халықтарының ішіндегі ең ержүрек ел екенін айрықша айту қажет» – дейді. Дат ғалымы Э.С.Вульфсон өзінің «Қазақтар» очеркінде «... тап қазақтардай бүкіл өмірінде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл. Қазақ өз баласына – егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды – деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді» – депті.

Қазақ ұлты туралы үлкен зерттеу еңбек жазған орыс ғалымы А.И.Левшин:

«... ауылға сырттан қонақ келсе, бәрі жиылып соны тыңдайды, берген тамағына ешкім әңгімеден басқа ақы сұрамайды. Олар үшін меймандостық – қастерлі заң. Қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету – олардың ең жақсы қасиеті, халықтың даңқын шығарған ұлдарына батыр деп ат беріп, өлсе де ұмытпай үлгі тұтады. Қазақ туған жерін, атамекенін қатты қастерлейді, кір жуып, кіндік кескен жерін тастап ешқайда кетпейді» – деп жазады. Поляк Адольф Янушкевич «Қазақ даласынан жазған хаттарында» шешендік, ақындық өнерге келгенде қазақтар, сауатсыздығына қарамастан, ақыл-ой тапқырлығы жағынан Еуропаның ең мәдениетті деген елдерінен кем түспейтіндігін нақтылы деректер келтіре баяндайды.

Айтса айтқандай, тамылжыған халық әндері, әрісін айтпағанда Біржан сал, Ақан Серіден бергі кемерінен

асып жатқан ақындықпен астасқан, адамның ақыл-есін, бүкіл жүйке жүйесін ертіп әкелетін сазгерлік, тау суының тасқынындай ғаламат айтыскерлік өнер – қазаққа ғана тән қасиеттер.

Парижді тамсантқан Әмірені, өнерін дүние жүзі мойындаған әлемдік әртіс аруымыз Мұсақожаеваны танытқан қазақ өнерінің құдыреті болса керек! Әйгілі скрипкашы Коганның «дүниенің дүбірлі лирикалық шығармаларының бәрін орындадым, солардың ішінде Тәттімбеттің» «Саржайлауындай» шығарманы кездестірмедім» – деуі, Құрманғазы оркестрінің Қытайдағы концертінде «Сары Арқа» күйі орындалғанда залдағы әскерилердің бәрі бір адамдай орындарынан тік тұрып тыңдауы – ұлттық өнеріміз туралы алдыңғы айтылған ойымызды дәлелдей түседі. Түптеп келгенде қазақы әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүріміздің әр элементі тұнып тұрған мәдениет емес пе?!

Кеудесінде намыс оты найзағайша ұшқын атқан бабаларымыз артына ұрпағы ұялмайтындай ұлттық тарихын қалдырса (Н.Назарбаев), мақтан етерлік мәдениетін де қалдырған. Сөйтіп, ғасырлар қойнауынан шаң мен тот баспай, саф алтындай таза күйінде біздің заманымызға жеткен ұлтымыздың киелі байлығы – мәдениеті – әлемдік өркениеттің қазынасын толықтыруда. Мақсатымыз – ақын Олжас айтқандай, өзгенің асқар тауын аласартып көрсету емес, өзіміздің киелі даламыздың, зердеміздің жеткенінше шежіресін шерту арқылы өскелең ұрпақты бабалар ақыл-парасатымен жасалған рухани байлықпен, олардың өр рухымен табыстыру ісіне өз үлесімізді қосу.

Ұлтымыздың көне мәдениетінің (дала өркениетінің) әлемдік дамудағы үлесі қандай деген сұраққа академик Манаш Қозыбаевтың сөзімен жауап берсек: «Ең алдымен тәңірлік дүниетанымды берді, металл қорытудың көне ордасы болды, төл жазуын ойлап тапты, жыл мезгілін маусымға бөліп, осы күнгі календарьлық жүйені қалыптастырды, әскери өнердің ғажайып үлгілерін көрсетті. Сонымен қатар сымбат – архитектуралық

өнердің үлгілерін, бай ауыз әдебиетін жасады, әуез өнері шарықтады. Мемлекет басқарудың дала демократиясына сүйенген жүйесін жасады. Шаруашылықтың негізі мал шаруашылығы бола тұра, адам баласы ойлап тапқан басқа түрлерін Дала перзенті қосалқы шаруашылық етті. Дала мен қала менталитетін будандастырды».

*

* *

Мәдениетіміздің кешегісін шама-шарқымызша әңгімеледік. Ғылым мен техникада – компьютер мен ғарыш кемесіне, ақпаратта-интернеттік жүйеге қол жеткен заман туды. Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын тойлау үстінде бүгінгі мәдениетіміз жөнінде не айта аламыз?

Білім беру саласында реформа іске асуда, жаңа сапалы оқулықтар шығарылуда. Республикамызда берілетін орта және жоғарғы білім әлемдік стандарттарға сәйкестендірілуде. Ғылым мен мәдениет салаларының дамуына бетбұрыс жасалды.

Ортағасырлық ғылым мен мәдениеттің ошағы болған, әлемдегі екінші саналған Отырар кітапханасы Елордамызда жаңадан жасақталмақшы. Өшкеніміздің бірі, бірі болғанда – бірегейі қайта жанғалы жатыр, ағайын!

Экономиканың ілгері басуы, мемлекеттік түрлі қамқорлықтардың көбеюі халықтың жүрегіне сенім ұялатуда. Бірақ, тәуелсіздігімізге 10 жыл толса да, жастар тәрбиесін ұмыт қалдырып келдік. Көп нәрседен ұтылып барып, жаңадан ғана қозғау салынуда. Бұл өте жауапты салада жекелеген шаралармен шектелмей, бір кезгі Жапон еліндегідей ұлттық мүддені көздеген бүкілхалықтық іс болса-шы.

Біздің қалауымызсыз-ақ өмірімізге дендеп ене бастаған бүгінгі әлемдік жаһандандудың ұлттық әдет-ғұрпымызға жағымсыз әсерлеріне (әрине жағымды жақтарының да көп екенін көпшілік біледі) тек имандылығы жоғары, рухани әлемі бай, білімі мен білігі күштілер ғана тойтарыс бере алатынын естен шығармағанымыз жөн.

Жастарымыздың белгілі бөлігінің зорлық-зомбылық, адам өлтіру сияқты қылмыстарға, маскүнемдік, нашақорлық, азғындық сияқты ұлтымыздың табиғатында жоқ әрекеттерге бару себебін ашу, қылмыстың алдын алуды ұйымдастыру істері білгірлікпен жүргізілмейді. Теледидар хабарлары жастардың атамекенін, ұлт тарихы мен мәдениетін құрметтеу, отаншылдық сезімдерін ұштау бағытында аз жүргізіледі. Тәрбие жұмысының жүйелі желісін үзіп алдық. Шетелдің әдептен жұрдай, ұятты жерлерін ашық ұстауды мақтаныш ететін өнерлісымақтарының қазақ өнерінің киелі қарашаңырағының төрінде тайрандауы, жабайы қан-төгісті, зорлық-зомбылықты, порнография мен жезөкшелікті насихаттайтын фильмдердің етек алуы, өзге де тәуелсіз ақпарат құралдарының кейбірінің талғамсыз өнімдерінің мектеп пен ата-ана берген тәрбиеден ықпалдырақ болып бара жатқандығы, жастар қылмысының басты себебі осында екендігі бұдан бұрын да халықтың жанайқайы ретінде жиі айтылып келді. Ішінара шара алынғанмен, көпшілік күткен нәтиже әлі жоқ. Шетел мәдениетінің озық үлгілерін үйренуіміз керектігін кім жоққа шығарады, ал болашағымыз – жастарымыздың санасын улауға неге жол береміз? Франция президенті Жорж Помпиду «Бізде коммерциялық телевидение ашу болашақ ұрпағымызды рухани азғындату болмақ» – десе, Германия канцлері Г.Шмидт «Германияда коммерциялық телевидениеге рұқсат беру – елімізде атом бомбасын жару деген сөз» – деп шошынса, біздер бейбастақ телеарна хабарларымен түнде 12-ден кейін (кейде күн жарықта да) «аймаласып»-ақ жатамыз.

БҰҰ-ның болашақ жас ұрпақтың тәрбиесі үшін зорлық-зомбылық, қантөгіс, нашақорлық, порнографиялық жайларды насихаттайтын фильмдерге тыйым салу жөнінде 1994 жылғы әдейі шешімі бар.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде, Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда да БҰҰ шешімінде аталған қылмыстық мате-

риалдарды насихаттаған, таратқан адамның жауапқа тартылатындығы белгіленген. Сол заңдарымыз жұмыс істесе, кәне?

Ұрпақты рухани сауықтыру ісін – ұлттық тәрбиенің жүйелі жүргізілуін балабақша мен мектептен бастап жолға қойып, салауаттылықты қалыптастыру мен ауылды көтеру сияқты ауқымды міндеттермен қатар жүргізсек, нәтижелі болар ма еді?

Текті бабамыздың бүгінгі ұрпағының болашақ тағдыры оған берілер парасатты тәрбиеге тәуелді екендігі даусыз. Сондықтан жастар тәрбиесі – ата-ананың, елім деген әр ересектің бірінші кезекте тұрған міндеті екенін ұмытпайық.

Тәрбиелі және білімді жастарымыз ғана ұлтымыздың бабалар заманынан келе жатқан қастерлі мәдениетін әлемдік өркениет көшіне үкілеп қосып, ондағы өзіне лайықты орынға қоя алар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.Вяткин «Из истории Казахстана» 1969 стр. 17.
2. Ө.Жәнібеков «Тарих өткелдері ізімен»
Қазақ тарихы № 1, 1996 ж.
3. Д.Мұстафаева. Қазақ тарихы №3 1993 ж. 53 бет.
4. В.М.Массон «Алтын тепе» 1981ж. 130 бет.
5. С.Сабыров «Ортағасырдағы жәдігерліктер»
Қазақ тарихы №2 1994 ж.
6. Ә.Тәттіғұлов «Өмірдің өзіндей мәңгілік»
Ақиқат №3, 2000ж.43-бет
7. Ж.Ақбай «Радуга Ак-Жайык» Самара 97, стр. 15

ИСЛАМНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ТАРАЛУЫ

– Құдай бар дегенге қалайша сеніп келгенсіздер, Әке?

– Олай деме, ұлым, жүрегінді таза ұста!

О, жаратқан ием, қандай заманға тап болдық?
– деп, күңірене күрсініп, шіп-шикі комсомолмен сөз таластырмай, тысқа шығып кеткен Әкенің «надандығына» мүсіркей қарап баласы отыр. Әке жүрегіне терең жара салғанын түсінер емес.

... Арада елу жыл өткен. Пайғамбар жасындағы сол ұл Әке қабірінің басында:

- Аруағыңнан айналайын, қайран Әке, кешірермісің ұлыңның білместігін? Ал, бүгін Сіз айтатын араб маһамындай жанға жәйлі леп білініп келеді.

Дін – жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі, төрткүл дүниені танып-білудің құралы.

Діни сана, діни сенім, діни ұйымдар біртұтас рухани жүйе бола отырып, қоғамдағы түсіністікке, оның прогресті дамуына оң ықпал ететін зор рухани күш. Адамзат тарихының ортағасырлық кезеңінде үш ұлы өркениет дәуірлегені белгілі. Олар: Қытай, Еуропа және Ислам өркениеттері.

Әлем халықтары арасында күн санап беделі артып келе жатқан Ислам өркениетінің өрлеуіне араб, парсы – халықтарымен бірге түркілер де атсалысты. Бұл өркениеттің дамуы түріктектілерге ислам дінінің келуімен тікелей байланысты. Ислам қысқа уақыт ішінде Испанияның оңтүстігінен Қытайға дейінгі аумақта мекендеген көп ұлтты халықтардың мемлекеттік дініне айналды.

Ислам бүгінгі күні өзін мемлекеттік дін ретінде қабылдаған 30 елде, мұсылмандықты уағыздайтын 120 мемлекетте адамзат қоғамының әділетті дамуына рухани көмегін беруде.

Мәдениеті мен дәстүрінің, тілінің, мемлекеттік құрылымы мен экономикалық даму дәрежелерінің

эртүрлілігіне қарамастан бірнеше ондаған елдерді бір қауымдастыққа біріктіретін ұлы күш – Ислам екендігіне әлем жұртшылығы назар аударуда.

Жер жүзіндегі 6 млрд 300 млн халықтың үштен біріне жуығы (30 пайызы) мұсылмандықты таңдаған. Мұсылмандар саны жөнінен әлемдегі өзге діндегілердің бәрінің алдына шықты. Ислам дініне біріккен мұсылман елдері әлемдік ең үлкен өркениеттің бірі болуымен қатар, адамзат дамуының тарихына зор әсер ете алатын қуатты күшке айналды.

Әлемдік діндер

Әлемдік діндер қатарында Будда, Христиан және Ислам діндері аталады.

Будда діні б.д.д. VI ғасырда Үндістанда пайда болған, кейін Оңтүстік – Шығыс және Орта Азияға, Сібірге тараған. Будда діні Қытай, Тибет, Монголия елдерін қамтиды. Бұл діннің негізін қалаған Гаутама делінеді.

Христиан діні – біздің дәуіріміздің I ғасырында Рим империясының шығыс провинциясы Палестинада, еңбегі қаналғандардың діні ретінде пайда болған. IV ғасырдан Рим империясының мемлекеттік діні деп жарияланды. Христиан діні негізінен Еуропа елдерін қамтиды. Бұл діннің православие, протестант және католик болып бөлінетін үш бағыты бар. Діннің негізін қалаған Иисус Христиос. [1]

Ислам діні араб елінде VII ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Негізінен Араб, Парсы, Түрік, Пакистан, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия елдерін қамтиды. Ислам Тұран жұртына VIII ғасырда келген. Діннің негізін салған Мұхаммед пайғамбар. Ислам дінін ұстанушыларды мұсылмандар деп атаған. Мұсылмандар ұғымында ислам діні – Құдай тарапынан барлық азаматқа жіберілген ең соңғы өсиет. Мұсылманға исламның бес парызымен қоса,

білім-ғылыммен шұғылдану, адал жолмен ризық табу ұсынылады. Ислам дінінің түсіндіруінде: Алла адам баласын ізгілік жасау үшін, ал әлемдегі нәрселердің барлығын адамның игілігі үшін жаратқан. Ислам адамның барлық іс-әрекеттерінде шектен шығудан, асыра сілтеушіліктен, ысырапшылдықтан, азғындықтан сақтандырады, халықтар арасындағы бейбітшілік, татулық, теңдік, дұрыс өмір сүру салтын уағыздайды. Мұсылман мұсылманға дос, жолдас, бауыр. [2]

(Қазақстан ұлттық энциклопедия IV том А-2002 ж. 321-бет)

Түріктектілердің исламға дейінгі діндері

Алдымен түріктекті, түріктілділер кімдер екеніне тоқталсақ:

Тарихшы Абель Ремюза қытай деректеріне сүйеніп, ғұндар түркі тайпасының арғы атасы десе, ғалым Әлкей Марғұлан ғұндар тегісімен түріктер деп жазған. Ғұн, Түргеш, Қарлұқ, Хазар, Қарахан, Қимақ, Оғыз, Қыпшақ бір негіз – түріктен тараған. Демограф-ғалым Мақаш Тәтімөвтің түсіндіруінде түріктілділер төмендегіше: түріктер, қазақтар, қырғыздар, өзбектер, әзербайжандар, ұйғырлар, татарлар, түрікмендер, чуваштар, башқұрттар, қарақалпақтар, ноғайлар, қарашайлар, құмықтар, малкарлар, якуттар, тувалар, хақастар т.т. Дүниежүзінде түріктілдес халықтардың 1991 жылдың ортасындағы ресми саны 133 млн 482 мың адам болған.

Археологиялық деректер Орта Азия мен Қазақстан аумағы тұрғындарында исламнан бұрын әртүрлі діндердің болғандығын айғақтайды. Қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстік, оңтүстік-шығыс бөліктерінде христиан, будда діндерінің қолданыста болғандығын, тұрғындардың табиғатқа, отқа, түрлі құбылыстарға табынуы аралас жүргендігін байқаймыз.

Отырар, Құйрықтөбе қалалары қалдықтарын қазған кезде, XI – XII ғасырларда отқа табынудың белгісіндей, тұрғын үйлердің ерекше безендірілген ошақтары табылған.

Қазба кезінде Жетісудың Жібек жолы бойындағы қалалары қалдықтарынан, сондай-ақ Суяб, Ақбешім, Тараз қалаларында VII ғасырларда салынған будда және өзге де діни наным-сенімдерге арналған ғибадатхана орындары табылған.

Исламға дейінгі кезеңде түріктектілерде Көк Тәңіріне табыну, әулиелерге табыну етек алды.

Батыс өңірде б.д.д. 1253 жылдардан бастау алған зороастризм нанымдары өмір сүрді. Бұл діннің Қазақстанның көптеген жерлеріне жайылғандығы жөнінде деректер бар. [3]

Арабтардың Орталық Азияға, Тұран еліне жорығы

Алдымен Орта Азия аумағын айқындап алсақ:

«Орталық Азияның қамтитын нақты аумағы жөнінде талайдан бері ғалымдарда түрліше пікірлер болған. ЮНЕСКО-ның бұйырыуымен жазылған «Орталық Азияның мәдениет тарихы» тезисінде: «Орталық Азия ұғымдық жақтан Монғол үстіртін, Хыши аңғарын, Чиңхайды (Көк көл), Шынженді Амудария мен Сырдария алаптарын, Қазақ даласының оңтүстік бөлігін, Иранның шығысын, Ауғанстанның солтүстігін, Пакистанның солтүстігін қамтиды» деп тұрақтандырылған». [4]

Исламды күштеп енгізу әрекеті. Арабтар ислам дінін тарату мақсатындағы бір ғасырға жуық жүргізген жорықтары нәтижесінде көрші елдерден көптеген жер иеленіп, ірі империяға айналды.

Өздерінің солтүстігіндегі Палестина, Сирия, Ирак, Иран, Ауғанстан елдерін бағындырған арабтар 705 жылы Мауреннахр жеріне әскери жорығын бастайды. Құтайба ибн Муслим бастаған араб әскері 710 – 712 жылдары Бұхара мен Самарханды, 714 жылы Шаш пен Фарабты алады.

XI ғасырда өмір сүрген Хорезмдік ғұлама Әбу Райхан Бируни арабтардың әскери жорықтары тура-

лы: “Құтайба ибн Муслим әл-Бахили барлық сауатты кісілер мен дін қызметкерлерін қырып болған соң, олардың кітаптары мен қолжазбаларын өртетіп жіберген. Хорезмдіктер осылайша қараңғы, сауатсыз жабайы халыққа айналдырылды, адамдардың жадында қалған тарихы туралы кейбір деректермен ғана өмір сүрді” – деп жазған.

Исламды зорлап қабылдатып, күшпен ұстап отыру кейінгі замандарда да көрініс тапқан.

Мысалы академик В. Бартольд (1968 жылы баспадан шыққан 5-томында):

“Исламды қазақ халқына толық тараттым деген Мұхаммед хан (1416 жылы қайтыс болған) мұсылмандықтың бір белгісі саналатын бас киім киіп жүру тәртібін бұзғандардың басына шеге қағып өлтіріп отырған,” – деп жазады. [5]

Арабтар басқыншылық мақсатпен қалың елді отарлаумен бірге таза идеологиялық саясат та жүргізді. Олар Тұран атауын Түркістанға айналдырды. Бұхарадан өзге елдімекен атауларын түгел өзгертті. Сонымен бірге халық атауларын да жаппай арабтандырған. [6]

«Түп-төркіні таңбаларда жатқан жалпы түріктік ойма жазу мемлекеттік жазу дәрежесіне көтеріліп, ислам мәдениетіне дейінгі заманда жан-жақты әрі күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылып келді. Бірақ араб экспансиясы заманында араб тілі мемлекеттік және ғылым тіліне айналып, ойма жазуды өмірден зорлық - зомбылықпен ығыстыра бастады. Олар ислам дінін түрік халықтары арасында орнықтыру үшін ғасырлар ағысында қалыптасқан халықтың тәңірлік дүниетанымы мен тарихи жадын біртіндеп өшіріп, бұған дейінгі түрік тектілердің рухани байлығын, мәдени мұрасын, ғылыми, әдеби кітаптарын өртеп, халық арасында беделді, оқымысты ғалымдардың көзін жойды, түріктердің ойма жазуын тарих сахнасынан ығыстырып, орнына араб жазуын ендірді. (Кейін орыстар сол араб әдісін тиімді пайдаланғанын білеміз). Араб жазуын қабылдауға мәжбүр болған

түркі халықтарының жас ұрпағының бір – екі толқыны өмірден ауысқан соң-ақ, кейінгілері өз ата жазуын ұмытып, араб жазуын қолданып кетті. Араб жазуын түркі халықтары мың жылдан астам уақыт бойы (1930 жылға дейін) қолданып келді». [7]

Арабтардың Қазақ жерін отарлауын ретімен баяндау үшін сол кезгі тарихи қалыптасқан жағдай, елдер арасындағы қатынастар туралы деректерге аздаған уақытымызды бөлсек:

VII ғасырдың екінші ширегінің басында арабтар Арменияны, Грузияны және Албанияны жаулап алған соң Хазарлар еліне жасаған алғашқы жорығы сәтсіз аяқталды. (Хазарлардың VII –X ғасырларда солтүстік – шығыс Каспиймен Еуропаның шығыс бөлігінің көп жерін алып жатқан қуатты мемлекет болғанын тарихтан білеміз.)

«692 жылы Армениядағы араб билеушісі ибн Огбай Албания арқылы өтіп, Хазарлардың шапқыншылығынан берік қорғаныс жасау мақсатымен Дербент қамалын алды. Осы қамал араб пен хазар күштерінің қолына 40 жылдай алма-кезек көшіп отырды. Хазарлар Араб халифатының солтүстік өңірлері үшін қауіпті күш болып қала берді. 721 жылы хазарлардың Арменияға басып кіріп, ондағы арабтарды талқандаған кезі болды. Арабтар шешуші шайқасқа дайындалды. Кавказдағы белгілі араб қолбасшыларының бірі Мерван 150 мыңдық әскермен Хазарияға жорық жасап, Еділдің жағасында хазар әскерін талқандайды.

Бітім сұраған хазарлардан Мерван қолбасшы мұсылмандықты қабылдауды талап етеді, сөйтіп Хазар елі біраз уақыт мұсылмандықты ұстанды». [8]

Осы дерекке орайлас келетін дінтанушы, зерделі ғалым Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтайдың жазғандарына көңіл аударсақ:

«... Академик Бартольд және профессор Таниұ ең алғашқы мұсылман түркі мемлекеті Қарахандықтар емес, 732 жылы исламды ресми түрде қабылдап, 68 жыл мемлекеттік дін еткен хазар дәулеті болған» дейді.

Қазақстанның Атырау, Орал, Маңғыстау қатарлы батыс өңір аймақтарының бір кездері осы Хазар қағандығының жері болғанын ескерсек, Исламиаттың Қазақстанның оңтүстігіне Талас соғысы (751ж.) арқылы, ал батысына Хазарлар арқылы (732ж.) тым ертеде келгеніне көз жеткіземіз. [9]

Оқырманның байқағанындай, Бұлұтай еңбегіндегі Хазарлардың 732 жылы мұсылмандықты қабылдауы алдыңғы деректе айтылған араб әскері қолбасшысы Мерванның әскери қысымымен болғандығы түсінікті.

Араб қолбасшысының бірі Насыр ибн Сейяр 737-748 жылдары Орта Азияның бірқатар аймақтары мен Қазақстанның оңтүстігіне басып кірді.

Арабтардың исламдандыру жорықтарының қарқынды жүргізілуіне қарамастан түрік тектілер арасында мұсылмандану алға жылжи қоймады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстан аумағын мекендеген түркі халықтарының тарихына, діни болашағына зор ықпал еткен оқиға болды. Бұл – 751 жылдың шілде айында Тараз қаласы маңындағы Атлах қамалы жанында болған соғыс. Соғысқан екі күштің бірі – Қытайлар сол жылдары Жетісудың көп жерін бауырына басып, енді оңтүстік аймаққа мойнын соза бастаған. Түрік тайпаларының бытыраңқылығын, арабтарға қарсы қорғаныс кезіндегі қарбаласты пайдаланып, Қытай әскері Тұран жерін ешкіммен бөліспей, түркілерді түріп тастап, өзі тұтас иемденуді мақсат етті. Ал бұл соғысқа қатысқан екінші жақ – Түрік тайпаларының қолы Араб әскерінің қолдауымен Қытай әскерін кері бас көтере алмастай етіп, ойсырата жеңді. Әл-Макдиси өзінің «Әл-Бәду әт-Тарих» еңбегінде «бес күнге созылған бұл соғыста Қытай әскерінің 45 мыңы өліп, 20 мыңы тұтқынға түсті» – деп жазған.

Жеңіс түркі халықтарын Қытай құлдығынан, оның будда дінінен аман сақтап, ислам өркениетімен дамуына жол ашты.

Атлах түбіндегі соғыста арабтардың жан аямай көмектесуі түркі халықтарының исламға деген

көзқарасына оң әсер етті. Бұл әсер қожалардың уағызымен қосылып Тұран даласында исламның жаппай енуіне жағдай жасады.

Уақыт өте ислам Қазақстан жерінде түпкілікті орнықты. 775-875 жылдары түркі тайпаларын қамтитын Қарлұқ қағандағы хак діні – Исламды қабылдап, ел арасында мұсылманшылық сенім кең тарады. Қалаларда мешіттер салынып, медреселер ашылды.

766 жылдан өмір сүріп келе жатқан Қарлұқ қағандығы 940 жылы құлатылады да, мемлекеттік билік Қарахан әулетіне өтеді. [10]

960 жылы ислам Қарахан елінің мемлекеттік діні деп жарияланған. Ислам 940 – 950 жылдарда Орал тауы, Сібір аймақтарына дейін жетті. XII ғасырда ислам Орталық Азиядағы үстем дінге айналды.

Деректерде баяндалғандай, исламның түріктерілер арасында таралуы бірте-бірте іске асқан. Түркі халықтарының мұсылманшылықты қабылдауы бірнеше ғасырларға созылған.

Елде ислам дінінің таралуына түрлі кедергілер де болғандығын келесі тақырыптарымызда әңгімелейтін боламыз.

Исламды енгізудің бейбіт жолы. Мұхаммед пайғамбар исламды тарату үшін сахабаларын жан-жаққа аттандырғанда, мұсылмандықты қабылдаған әр ұлттың салт-дәстүріне сергек қарауды, қиянат, зорлық жасалмауын қатаң тапсырған.

Пайғамбардың бұл өсиетін ұмыт қалдырған Кутейба ибн Муслим, Зияд ибн Салих сияқты арабтың әскербасыларының зорлық-зомбылығынан ислам діні түріктерілер арасында ойдағыдай тарай қоймады. Қару күшімен талаптарын орындата алмаған арабтар, «үгіттеу, сендіру» деген пайғамбар өсиетін енді естеріне алады. Сөйтіп, 780 жылдардан бастап Қазақстан аумағына арабтардың әскери жорықтары тоқтатылады. Исламды түріктілділер арасында насихаттау мақсатында оқымысты, исламды жетік меңгерген арабтар келе бастады. Бұлар халық арасында қожа атымен белгілі.

«Өзбекстан тарихында 710 – 800 жылдары Бұхара, Самарқанд, Хиуаға Арабстаннан алты мыңға тарта жанұя қоныс аударғаны айтылады. Бүгінгі күні барлық ислам елдеріне ілім таратқан имам Бухари, имам Термези, Абу Лайс Самарханди, имам Ғазали сияқты ғалымдар осы арабтар нәсілінен – қожалардан шыққан.

Әзіреті Әлінің әйелі, Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимайн Зохранан туған Хасан мен Хусейннен тараған ұрпақты Сеит әулеті деп атапты. Бұл әулет мұсылмандықты уағыздау мақсатында Орта Азиядағы мемлекеттерге түгелге жуық тараған». [11]

Келесі бір деректе «Әлидің ұлы Құсайыннан өрбіген қожаларды – Саид қожалар деп атайды. Олардың белгілі тобы исламды насихаттаумен Қазақстан жеріне тараған...

Қазақтар арасында қожалар Шәмшә Ахмед және Шейх Бұзырық деген екі үлкен тармаққа бөлінеді. Шейх Бұзырықтан – Арыстанбаб, Қожа Ахмет Йассауи, ал Шәмшә Ахмедтен Қорасан қожа, Қырық садақ, Диуана қожа. Бақсайыс, Аққожа, Қылышты қожалар тарайды. Қожалар қазақ арасында исламды таратуға үлкен үлес қосты» – делінеді. [12]

Арабтарда Саид руы болғандығы айтылады. Одан Мұхаммед пайғамбардың үзеңгілес серігі Омар, ғалым Шайхы Бұзырық есімді, өзге де атақты адамдардың шыққандығы туралы деректер бар. [13]

Сонымен VIII ғасырдың алғашқы жартысында Орта Азия халықтары арасына исламды зорлықпен күштеп енгізе алмаған арабтар қожа-молдалардың уағыздауы, оқытуы арқылы, бейбіт жолмен біртіндеп тарату әдісін қолданады.

Жер-жерде мешіттер салынып, медреселер ашылды. Бұл іс белгілі бір дәрежеде нәтижесін берді десек те, ислам діні ел өміріне толықтай ене алмады. Өйткені исламның басты қағидалары, Құран кітабы араб тілінде еді. Уағызшылардың негізгі тобы арабтар, кейбірі парсы тілінде түсінік жұмысын жүргізді. Жергілікті халыққа араб тілі де, парсы тілі де түсініксіз болатын.

Қожалар түркі тайпалары арасында исламның мән-мағынасын жеткізе алмаса да, зекет, пітір төлеп тұруды түсіндіре алыпты.

Көшпелі өмірдегі түркілер (ол кезде Оғыздар, кейін Қыпшақтар) жылға бір рет малынан зекет, жан басына пітірін төлеп, сонымен мұсылмандық парызымды орындадым деп түсінген.

Ал Қожалар болса, ел ішінде уағыз жүргізіп мазаланбай-ақ, зекет пен пітір жинап байыды.

Сан жылдар бойы үйір-үйір зекет малын жинау, пітір-садақа түсімдері Қожалар мен олардың маңындағыларды еңбексіз баю жолына, арамтамақтыққа қарай бейімдеген. Бұл тіршілік көшпелі ел өмірінде ұзақ жылдарға созылған. Бұл әрекетті көріп жүрген ел ішіндегі Құдайынан қорықпаған кейбір пысықтар, ислам діні исі мұрнына бармаса да, молдалық құрған. Дүмше молдалар ел ішінде осылайша дамыды. Дүмшелер әрекеттері ел алдында исламның беделін түсіргені түсінікті. Бұл ІХ-Х ғасырлар кезеңі болатын. Түркі халықтары арасында ислам дінінің толық тарап кете алмауының осындай себептері болды. [14]

Қожа Ахмет Йассауи жолы. Исламның түріктер арасында толық түсіністікпен тарауының бастауында Қожа Ахмет Йассауи тұр.

Ол – Құран мен хадистердің мән-мағынасын түркі тайпаларының өз ана тілінде түсіндірген алғашқы ғалым. Ол Арыстан Бабты өзіне ұстаз тұтқан.

Қожа Ахмет – исламның сопылық бағытын ұстанып, діннің ладуни ілімін жетік меңгерген ғұлама. Тұран топырағында алғашқы болып Қазіреті Сұлтан әз – машайық атанған Қожа Ахмет Йассауи шығыстағы діни орталық Бұхарада оқып, Жүсіп Хамаданидың (1050 – 1140 жж.) медресесінде дәріс алған.

«Китаб ал зуһд»-ның авторы имам Ахмед бин Ханбал, Фахреддин Рази, имам Ғазали сияқты ғұлама ғалымдар мен Бейбарыс, Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты мемлекет басшылары сопылық жолында болғанын білеміз. Ал Мұхасибиді, Келеби-

зи, Кушейри, Араби, Йассауи, Руми, Раббани, Жами сынды ғұламалар исламның қайнар бастауларына сүйене отырып, сопылық жолдың әдебі мен тәртібін қалыптастырып, орнықтырған еңбектер жазды. Осы ілімнің ірі өкілдерінің бірі Джунайд әл-Бағдади «Сопылық тек ғылым мен тәжірибеден тұрмайды, ол – толық мағынасында адамгершілік» – депті.

Сопылық – ислам ғылымының жеке бір саласы, оның ажырамас бөлігі. Сопылық жол жеке ағым ретінде VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында қалыптасты. [15]

Қожа Ахметтің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың түсіндіруінде «шынайы өмірдің негізін адамгершілік, демократия, әлеуметтік әдемілік құрайды. Бұлардың бәрі сопылық ілімнен бастау алып жатыр».

Исламның сопылық бағыты туралы тереңдеп түсінуге ұмтылған, Қожа Ахмет ғұламаның ғылыми еңбектеріне қызығушылық танытқан оқырмандарымызға әдебиеттерін сілтеме жасап [16] тақырыбымызға ойысалық.

Қожа Ахмет Йассауидың имандылық әліппесіндей «Диуани Хикмет» кітабы ислам дінін түркі халқына өз ана тілінде түсіндіру мақсатында жазылған. Өз заманының озық ойлы философы, шебер ақыны, исламның терең білгірі кітабын өлеңмен жазған.

Оның өзімен бірге шәкірттері де ел ішінде түркі тілінде ислам қағидаларын уағыздады.

Сөйтіп ислам діні түркі халықтары арасында беделге ие болды, тез ене бастады. Өйткені ислам қағидаларында көшпенді елдің атасалтына, әдет-ғұрпына сәйкес жерлері көп болды. Ата-ана алдындағы борыш, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу, қайырымдылық, имандылық тағы басқа тақырыптардағы хадистер ата-бабаларымыздың санасына шөліркеген далаға нұр жауғандай әсер етті.

Ұрпағына бабасы өсиетіне сай тәрбие беру, оның бойына ұлтының ата салтын қалыптастыру арманы болып жүрген әке мұсылмандықты шын жүрегімен қабылдады.

Сөйтіп Мұртаза Бұлұтай айтқандай, ислам аузын

ашса жүрегі көрінетін, жаны жомарт түркі халықтарының лас ой, жат пиғылдан таза, ақ жүрегінен мәңгі орын тапты.

Енді Қазақстанның әр аймақтарында исламды түркілердің өз ана тілінде алғашқы уағыздаушылар жөніндегі деректерді теріп көрелік.

Қожа Ахметтің шәкірттерінің өте көп болғандығы айтылады тарихи деректерде.

Олардың бір бөлігі – Қожа Ахметтің алдында болып, одан тікелей дәріс алғандар болса, келесі бөлігі – сол шәкірттерінен оқығандар, ал тағы бір бөлігі – ғұламаның еңбектерімен танысып, оның ғылыми тереңдігіне тәнті болып, сопылық жолға түскендер.

Қожа Ахмет жөнінде жазылған еңбектерден біздің қолымызға түскендерінің ішінде шәкірттерінен Ахмет Үгенеки, Абдухалық, Қажы ата, Шейх Мансурлардың есімдері аталады. Олардың арасында Сүлеймен Бақырғанидың орны ерекше.

Кезінде әлемге аты әйгілі болған, XIII – XIV ғасырларда дәуірлеген бай да қуатты мемлекет Алтын Ордада ислам дінін таратушылар Қожа Ахметтің шәкірттері болғандығы Нұрулла ибн Құбайдулла Хорезмидің еңбектерінде, Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» және Мырза Ұлықбектің «Темірнама», «Төрт ұлыстың тарихы» кітаптарында айтылады.

Нұрулла Хорезмидің жазуында Сүлеймен Бақырғанидың шәкірті Зәңгі ата өзінің шәкірттері Сейіт ата мен Садыр атаны Дешті Қыпшаққа, Сарайшыққа Өзбек ханға жұмсаған делінеді. (XIV ғ. алғашқы жартысы) Сейіт атаның Дешті Қыпшаққа, Сарайшыққа исламды тарату мақсатымен келгенде жанында Садыр ата мен бірге Қасым шейх, Хадим шейх және Бақсайс ата есімді өзінің шәкірттері болғаны туралы «Темірнамада» жазылған.

Қазақстан аймақтарында исламды таратушылардан алдыңғы атағандарымыздан өзге Баба түкті Шашты әзіз (Баба Туклас), Бадыр ата, Ұзын Хасан аталар аталады. [17]

Бұл аталғандар тарихи өмірде болған адамдар. Мысалы Баксайс ата Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы аумағында Сырдария жағасына жерленген. Қасым шейхтің мавзолейі де сол маңда. (Бұл да сонда).

«Бадыр ата, Ұзын Хасан аталардың Алтын Орданың Өзбек ханы кезінде өмірде болғандығы туралы деректер бар. Мысалы Бадр–ад–дин Мұхаммед ибн Джамаи Өзбек ханның бас кадиі (судьясы) болған, ал Хасан шейх–ұлыстың әмірі болған. Сейіт ата ұрпақтары кейінгі орта ғасыр кезеңінде Мауреннахр мен Хорезм аймағында қоғамдағы саяси, рухани ізгілік істерде аттары қалған адамдар болған». [18]

Маңғыстау өлкесінде, Үстіртте кесенесі мен мешіті тұрған, Қожа Ахметтің шәкірттерінің бірінен саналатын Шопан ата әулие (XII ғ.), Жамбыл облысында мазары тұрған Қарахан әулие (XIII ғ.), кесенелері Созақ жеріндегі Баба түкті Шашты Әзіз (Баба Туклас) әулие мен Қожа Ахметтің тұстасы, онымен достық сыйластықта болған Қарабура әулиелер – өздері өмір кешкен аймақта исламды білгірлікпен уағыздап, көпшілікті мұсылманшылыққа баулып, кезінде үлкен сауапты іс атқарған қасиетті адамдар.

Қазақ топырағында ислам дінінің негізін салушылар Арыстан баб, Қожа Ахмет пен оның шәкірттері өз халқының ұстанған салт-санасы мен ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін өзгертпей, соған лайықтап мұсылмандық қағидаларын енгізді. Сан ғасырлар өтсе де осы ұстаным негізге алынып келеді.

Ислам ілімі түркі халықтарының қоғамдық өміріндегі рухани құндылықтарды жасаушы және топтастырушы күшке айналды.

Кешегі Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін тағдыр талайымен әр түрлі хандықтар құрамында бөлшектеніп кеткен ру, тайпалардың басын біртұтас қазақ халқы етіп қайта біріктіруде алдыңғы аталғандай діндарлардың еңбегі зор болды. «Әулие Бекет атамен қазақтың халық болып қалыптасуы толығымен

аяқталды. «Ердің соңы – Есет, Пірдің соңы – Бекет» деген аталы сөздің қалуы осы тарихи оқиғамен байланысты болса керек». [19]

Қазақ жеріндегі ғылым, білім, діни-мәдени орталықтың үлкені Отырар (Фараб) қаласы болған. Бұнда қоры жөнінен әлемде екінші орындағы бай кітапхана болғаны, оның XIII ғасыр басындағы монғол шапқыншылығы кезінде жауыздықпен өртелгені тарихтан белгілі.

Орта Азия мен Қазақстан тұрғындары арасында исламды уағыздаумен бірге Мұхаммед пайғамбардың хадистерін түсіндіру, оларды бір жинаққа біріктіру жұмысымен айналысқан оқымыстылар да болған. Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің жуықтағы «Даланың дара перзенттері» еңбегінде бұл туралы былай дейді: «Хадис- хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыздың айтқан сөздері мен амалдары жайлы әңгімелер. Ол мұсылман үммасының өмір-тіршілігінің сан түрлі жағын қамтыған. Сол себепті де мұсылман құқығы қайнар бұлағы жағынан келгенде хадис шәріптер қасиетті Құраннан кейінгі орында тұрған. Хадис жинау IX – XIII ғасырларда да ең сауапты іс саналған».

Одан әрі еңбекте пайғамбардың хадистерінің әлемде атақты алты жинағы бар екендігі айтылады.

«Олар:

1. «Әл-Джами ас-Сахих» – «Ақиқат жинақ» – деп аталатын имам әл-Бухари (810 – 870 жж.) жинаған хадистер

2. Имам Муслим (821 – 875 жж.) жинаған хадистер «Ақиқат жинақ»

3. Әбу Дауд Саджистанидың (817 – 889 жж.) «Сунналар жайлы кітап» атты хадистер жинағы.

4. Мұхаммед ат-Термизидың (? – 892 ж.) «Үлкен жинақ» хадистер жинағы.

5. Ан-Насаидың (830 – 915 жж.) «Сунналар жайлы кітап» атты хадистер жинағы

6. Ибн Маджаның (824 – 886 жж.) «Сунналар жайлы кітап» атты хадистер жинағы

Хадистерді жинауға Орта Азия мен Қазақстанның аталғандардан өзге де діни қайраткерлері, ғалымдары үлкен үлес қосқандықтары туралы тарихи деректер жеткілікті».

Египет Араб Республикасының Уақуфтар министрі, дін істері жөніндегі Жоғары кеңестің төрағасы, исламтанушы ғалым Махмуд Хамди Зақзұқтың мына бір сөзі жөнінде оқырманмен ой бөліссек:

«Ислам жорықтары отаршылдық сипатта болған жоқ. Отаршылдық басып алған бодан елдердің байлығы мен қазыналарын тонаудан, экономикасын, мәдениетін және өркениет жетістіктерін күйретуден көрінеді. Исламның бірде бір жорығының бұл тәрізді болмағанына тарихтың өзі куә». [20]

Египет ғалымының бұл пікірі Сіз оқып отырған осы материалдағы «Исламды күштеп енгізу әрекеті» тақырыпшасындағы тарихи деректерге сүйеніліп жазылғандарға сәйкеспей жатқанын байқадыңыз.

Мұхаммед пайғамбар өмірден өткеннен кейінгі ғасыр жарымдай кезеңде арабтардың исламды тарату мақсатындағы қарулы жорықтарының нәтижелі бола алмағаны алдында айтылды.

Исламды зорлықпен күштеп қабылдату, оның жолында қару қолдану әрекетінің пайғамбар өсиетіне қайшы екендігін түсінген арабтар, олардың ішіндегі исламның білгірлері дінді өзге халықтарға бейбіт жолмен уағыздау жолын таңдады. Бұл – VIII ғасырдың соңынан бері қарайғы кезең.

Алдыңғы айтылған Египет ғалымының пікірі міне, осы кезден, исламның бейбіт жолмен тарала басталғаннан бергі кезеңі үшін айтылған деп ұқсақ жөн болар.

Батыс өлкеде исламды таратушылар

Алтын Орда кезеңінде, Батудан кейін таққа отырған Берке хан Сарайшықта мемлекет қаржысына мешіттер салдырып, діни орталықтар ашуға ұйтқы болған, өзі де

мұсылмандықты қабылдаған. Бұл оның хандық құрған 1263 жылдары болғандығын жазады Әбілғазы Баһадүр өзінің «Түрік шежіресінде».

«Мысыр билеушісі, қыпшақ текті Бейбарыстың саяси – дипломатиялық іс - әрекетінің жемісті нәтижесі – оның Алтын Ордамен одактасуы болды. Берке хан Бейбарыс жіберген елшілерін 1262 жылы қабылдаған. Алғашқы елшілер Берке ханға Бейбарыстың «мұсылмандық сенім негізінде одактас болу» туралы ұсынысын әкеледі. Бұл одақ мұсылман әлемінің күшеюі мен оның кеңеюіне оң ықпал еткен, сөйтіп мемлекетаралық саясатта оған үлкен бедел әперген орта ғасырдағы ең елеулі оқиға болуымен бірге, монғол державасының да іргесін шайқалтты». [21]

Солтүстік Каспий аймағы тұрғындарының ислам дінін бұдан ертеректе қабылдағаны туралы деректер де кездеседі.

Академик Бартольд және профессор Таниұ ең алғаш мұсылман 732 жылы исламды ресми қабылдап, 68 жылдай мемлекеттік дін еткен Хазар дәулеті болған дейді. [22]

Ал, Хазар мемлекетінің VII – X ғасырларда қазіргі Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары аймағын, жалпы батыс өңірді алып жатқанын білеміз.

Ғалым М. Бұлұтайдың деректері бойынша ислам діні шамамен 800 жылдары Хазар елінде мемлекеттік дін болудан әлде бір себептермен шеттетілген.

Хазар мемлекетін Орыстармен одактасқан Оғыздар 965 жылы талқандады делінеді тарихта. Сонда мемлекеттің жойылуынан ғасыр жарымдай бұрын оның қолданған дінінің жойылуына қандай себеп болғанын іздестіріп көрелік. «Еділдің сағалық тұсында Хазария атты ұлы империяның – көшпелілер мемлекетінің астанасы дәуірлеп тұрыпты. Бір қызығы, сол ұлы елдің билеушілері ебірейлер еді де, айбаты мен қайрат-қаһары өз аталарымыз еді» – деп жазды «Алтын Орда» тәуелсіз апталығы 2000 жылғы сандарының бірінде.

Ал, профессор С. Аманжолов VII ғасырда Каспий

теңізі жағасында Хазар қағанатының болғанын, оны Алшын әулетінің басқарғанын жазады. [23]

Хазар мемлекеті басшылығы туралы біз келтірген екі түрлі пікірге Лев Гумилев өзінің «Ежелгі Русь және Ұлы Дала» атты кітабында нанымды түсінік береді:

«803 жылы Хазария қағанатында аса ықпалды иудей Обадия дейтін біреу күллі билікті өз қолына алып, Ашина (Алшын) династиясынан шыққан ханды қуыршақ – билеуші етіп, раввиндік иудаизмді Хазарияның мемлекеттік дініне айналдырады».

Л. Гумилевтің аталған еңбегінде ебірей тұқымдас-тардың Хазар мемлекеті басшылығына келу жолы толық жазылған.

XIV ғасырдың басында Атырау өлкесінде, Жайық бойында ислам дінін уағыздаушы түрік текті Сейіт ата есімді қасиетті адам болыпты.

Әмір Темірдің немересі, жан-жақты ғалым Ұлықбек өзінің «Төрт ұлыстың тарихы» деген тарихи еңбегінде Сейіт қарияның есімін келтіріп, оның көшпенділер арасында мұсылмандықты таратуға қосқан айрықша ролін айтады. Сейіт атаның арқасында Дешті Қыпшақтың халқы хижраның 720 (1320) жылы исламға мойын ұсынды – делініпті. [24]

Сарайшықта Сейіт ата кезінде бірнеше мешіт пен діндарлар, дәруіштер үшін арнаулы үй де (зәбия) болған. Бұл туралы 1334 жылы Сарайшықта болып, өз көзімен көрген араб саяхатшысы ибн Баттутаның жазба деректерінде бар. Араб саяхатшысы естелігінде жазылған Сарайшықтағы көріністер Өзбек ханның XIV ғасыр бас кезіндегі ислам дінін Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялауының нәтижесі екені айтылады тарихта.

Ғалым Рабғузидың ғылыми кітабы көне түркі тілінде шамамен 1357 жылға дейін Алтын Орда ханы Ә-Жәнібектің тапсырмасымен Сарайшық қаласында жазылған. Ғалым еңбегі 1901 жылы шағатай-татар тілінде «Қисса сұл әмбия» деген атпен Қазан қаласында басып шығарылған екен. Еңбекті қазақ тіліне Роза Мұқанова аударған.

Оқырманға ең қажет көне еңбектің мазмұны туралы мәлімет екені даусыз.

Ғалым Рабғузи кітабында адамның пайда болуына діни түсінік беріледі, Адам атадан Мұхаммед пайғамбарға дейінгі адамзат дәуірі қамтылады.(25)

Сарайшықтың рухани мәні Ноғай Ордасы кезеңінде айқын көрінеді. Ноғай Ордасының мұсылман діни басшыларының орталығы осында орналасты. Сарайшықта тұрған сейідтерге қыздарын беруді ноғай бекзадалары мен мырзалары өздеріне бедел санаған.

Сейідтер – Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтары деп саналады және осындағы дін басыларының ерекше тобын құраған.

Сонымен бірге Сарайшықта сейідтерден басқа бөлек топқа жататын ислам қызметкерлері өмір сүрді: шейхтер, молдалар, қажылар, хафиздер, суфийлер, дәруіштер. Бұл дәстүр XIII ғасырда ислам дінін қабылдаумен орнықса керек. Дінбасылары әр жағдайларды ойланып-толғанды және мемлекет қайраткерлеріне ізгі кеңестер берді. Сонымен қатар дипломатиялық келісімдерге және қала мен даланың күнделікті өміріне белсенді араласты. Олардың көбісі Сарайшықта жерленген. [26]

Сейід, сейідтер туралы келесі деректерге көңіл аударсақ:

“Сайдтар қожалар ішіндегі аға буын болып саналады. Бұл топ алғашқы қожа тайпасын құрушылар. Саид тобын құрушылар арабтың Саид руынан және басқа да арабтық дін уағыздаушылардан құралған. Саид руынан (Арабиядағы) Мұхаммед пайғамбарымыздың үзеңгілес серіктері Омар шыққан”. [27]

Сарайшықтағы мешіт, медресе үйлері XVI ғасыр аяғындағы шапқыншылықтарда тоналып, істен шығады.

Кезінде Алтын Орданың рухани орталығы, қасиетті әулиелер мекені атанған Сарайшық казактардың келуімен әскери бекініс орнына айналған кезінен бастап діни орталық болудан қалады. Осы өлкедегі Сейіт есімді өзге бір қасиетті адам туралы журналист Есен-

жол Қыстаубаевтың жазғандарына көңіл бөлсек: XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бас кезінде ғұмыр кешкен Сейіт есімді қасиетті адамның бейіті Республикамыздың батысында, көрші Астрахан облысы Краснояр ауданының Кіші аралындағы Бозтөбеде жатыр. Көзі тірі кезінде-ақ әулие, емші атанған Сейіт Баба (Құлба-бин Сейд-Ғали) Кіші аралдан он бес шақырымдай, Қожантай ауылында дүниеге келіпті. Он жеті жасында ілім-ғылым іздеп алыс сапарға аттанады. Әуелі Каирдың әл - Әзғырында оқып, кейін Бағдад, Бұхара оқымыстыларының алдын көреді. Үнді елінде тәжірибеден өтіп, Түркістанның топырағына да табаны тиген. Қайда жүрсе де, қай елге саяхаттаса да бабамыз адам жанының емшісі болудың қыр-сырын үйренеді. Жүрген жерінде адамдарды емдеумен айналысады. Бабамыз кезінде медицина туралы ғылыми еңбектер жазған. Емші әулиенің жазғандары немесе ол жөніндегі деректер шығыс елдері мұрағаттарында шаң басып жатуы да ғажап емес. Өйткені, ол сол жақтарда мұршит (рухани ұстаз) атағын алған.

Сейіт баба туған жеріне егде тартқан шағында оралады. Ол еліне сол уақыттың көзі ашық, көкірегі ояу адамы Бөкей ханның шақыруымен келуі де мүмкін.

Ол кезде халық Сейіт бабаның емшілігіне бас ұрса да, оның нендей құдыреттің күшімен аурудың дауасын табатынын түсінбеген. Ал, дұрысында, ол сол кездегі емдеу ғылымын терең білгендігімен қатар медитациялық әдістерді молынан игерген. Жан, тән азабын тартып әулиенің алдына барған жан көп ұзамай-ақ көзге көрінбейтін, бірақ өзіне ғажап әсер ететін сәуленің шуағына шомылып, жаны жай табады екен. Сейіт баба 1812 жылы 70 жасында бақилық болған.

Бүгінге жеткен деректерде әулие мәңгілік мекенін тек өзіне ғана аян себептермен, өзі таңдапты дейді. Бәлкім, жарықтық ақиреттік мекенінің ерекше қасиетке (ғылым тілімен айтқанда, геофизикалық, биологиялық жағынан дараланатын, космос сәулелері тоқайласқан) ие екенін, кейін оның адамдар үшін киелі жерге

айналатынын көзінің тірісінде-ақ түйсінген шығар. Осыдан бірнеше жыл бұрын Әулие мен Бөкей хан басына Шығыс Еуропа экологиялық академиясының (Германия) хатшысы К. Гихтер әдейі келіп, бейіт басын аралап, әр түрлі зерттеулер жүргізген. Кетерінде ғалым бұл жерге биоөрістердің мол шоғырланғанын айтқан. [28]

Батыс аймақтың XVII ғасырдан бастап XIX ғасыр ортасына дейінгі кезеңде діни тарихы туралы деректер өте аз. Арада біраз үзіліс салып, XIX ғасырда Сарайшықта атақты Көк мешіт болғаны туралы дерек бар. Жазушы Дүкенбай Досжан деректеріне сүйенсек, Жайық бойынан қажылыққа барған Нұрпейіс қазірет жеті жыл жанкештілікпен сонда жүріп, қазақ ұлтын Меккедегі мұсылмандар тізіміне енгіздіріпті. Ал оған дейін қазақ пен қырғыз ұлтының өкілдері (арабтардағы мұсылмандар тізімінде болмағандықтан) қасиетті орынға жіберілмеген екен. Келісіп жер алған Нұрпейіс атамыз ұлы жүзден Қасымбек датқаны, орта жүзден Құнанбайды, кіші жүзден Мырқы мырзаны шақыртып, Меккеге қажылыққа барған қазақтар үшін қонақ үй салдырыпты. [29]

Бұл оқиға шамамен 1865 – 1875 жылдары болса керек, өйткені Құнанбайдың Меккеге 1874 жылы барғаны (егер бір-ақ рет барған болса) белгілі.

Сейіт Кежахметұлы «Жеті қазына» кітабында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында жоғары білім алған қазақ ұлты өкілдерінің (124 адамның) тізімін келтірген. Сол кездегі Ресейдегі басты-басты жоғарғы оқу орындарын қоспай, алыс шетелдердің оқу орындарын бітіргендердің кейбірін атасақ:

Бірімжанов Ғазымбек – Берлиннің ауыл шаруашылығы институтын, Тұрғанбаев Мәннан, Шанов Смағұл, Көлбаев Досқали, Машаев Әбдірахмандар – Ыстамбул университетін, Күшіков Әбілмәжін, Уәлиев, Шамбылбеков Әмірбек, Солтанаев Жанак, Тұнғаншин Ахмет – Варшава мал дәрігерлік институтын, Мусағалиев Ғабдолғазиз – Мысырдың Каир университетін 1909 жылы бітірген.

Бұлар – тек батыс өңірі ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша алынған мәліметтер. Көңіліңізге мақтаныш ұялатарлық деректер. Тарих ғылымының докторы Ө. Озғанбаевтың Маңғыстау перзенті, жан-жақты ғалым, ірі діни қайраткер Оразмағанбет туралы үлкен тебіреніспен жазған мақаласынан үзінділер келтірілік.

“ Кісілік ілтипатымен, білімпаздық ұстаздығымен, емшілік және ғалымдық қабілетімен дүйім жұрттың құрметіне бөленген батыс өлкесінің ұлағатты ұланы Маңғыстауда 1882 жылы туған Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы 1938 жылы 20 қазанда жазықсыздан-жазықсыз “халық жауы” ретінде атылып кетті. Оразмағанбет 1897 – 1900 жылдары Үндістанда оқып, ондағы Бомбей университетін бітірген. Оған дейін ол Үргеніш, Хиуа, Бұқара қалаларында оқыған. Шерғазы медресесінде оқып, Зәкірат ишаннан дін негіздерінен, Мәткәрім ахуннан геология негіздерінен дәріс алған. Аталған шаһарларда көп жыл оқып, түрлі ғылымдарды, түрлі тілдерді меңгерген. Сонымен қатар жер құрылысы, ауа райы, өсімдіктер дүниесі, шығыс медицинасы, халық емшілігі сияқты ғылымдарға ерекше назар аударған. Оразмағанбет туған еліне 1903 жылы оралып, халық игілігіне ұзақ жылдар еңбек етеді. Елі оны ірі діни қайраткер, геолог ғалым, ағартушы-ахун, шипагер – халық дәрігері ретінде таныған. Орекеңнің замандастары онымен бірге қазіргі Өзен ойпатының Теңге қыратының, Қызылсай еңістерінің басында болған кездерінде оның:

– А-ай, мына жердің астындағы байлықты айтсайшы! Осы біздің жердің тасына дейін алтын. Бұларды игеруге қазір шамамыз жоқ. Әйтеуір осы маңда біздің балалардың жейтін наны, болашағы қаттаулы көмулі жатыр – дегені құлағымызда әлі күнге жаңғырып тұрады дейді екен. Сол ұлы тұлға болжаған байлық бүкіл қазақ даласына, тәуелсіз қазақ еліне ырыс болды. Өзен, Теңге, Жетібай, Қарамандыбас, Қарақия т.б. көптеген кеніштер ашылып, бүгінде елге қызмет жасап жатыр”. [30]

Республикамыздың батыс өңірінде ХХ ғасырдың бас кезеңінде Бағдад қаласынан жоғарғы діни оқу орнын үздік бітірген Қуанай Қосдәулетов, Мәдина қаласындағы діни университетті бітірген Сағидолла Ізтілеуов, Бұхар қаласынан жоғарғы діни оқу орнын бітірген Хасан Нұрмұхамедовтер жұмыс істеген.

ХІХ ғасыр соңы, ХХ ғасырдың басында өлкемізде исламды уағыздаушылардың шоқ жұлдыздай білімдар тобы болыпты. Олар жөнінде жерлесіміз, ғалым Ғинаятолла Нығметтің зерттеу еңбектері арқылы облыс жұртшылығы таныс болар.

«Қазақстанның батыс аймағында жоғарғы және орта арнаулы діни оқу орындарын бітірген бір топ зейінді діндар, парасатты азаматтар еңбек етті. Олар өздерінің тұрған жерлерінде ағартушылықпен айналысып, халықтың рухани талғамын арттыруға күш салып, мешіт мектептер ашып, көпшілік қауымды парасаттылыққа, имандылыққа, білімдарлыққа баулуда үлгілі істер атқарды» – деп жазады Ғинаятолла. Олардың қатарында 18 жасында Сарайшық көк мешітінде имам, кейін Гурьев қаласының бас имамы болатын Мырзағали қазірет Иманғазыұлы, Гурьевте мұхтасиб (діни жұмыстарды жауапты ұйымдастырушы) болған Хасан қазірет Нұрмұхамедұлы, Азғыр бойындағы халфе Бекмұхамбет Айтбайұлы, Жайық бойындағы халфе Тегісбай Әлімбайұлы, Нарын құмындағы Орпа ауылынан Мүтиолла Шәріпұлы, жылойдағы Дүйсеке, Тобылайдағы Арал қазіреттердің есімдері аталады.

Кешегі кеңес заманындағы Сталиндік репрессия жылдары байлармен қоса діни адамдарды да, олардың жазығының болуы-болмауына қарамастан жазалағаны белгілі. Солардың қатарында Сарайшықтың көк мешітінде имам болатын, отызында жоғары діни атақ «хазірет» атанған Мырзағали Иманғазиев жала жабумен «халық жауы» атанып, 1937 жылдың 3 желтоқсанында Гурьев округтік НКВД-сінде атылған. Бағдадтағы жоғарғы діни оқу орнын үздік бітіріп, Ыстамбұлдағы Айя София мешітінде имам болған, кейін елге келіп діни жұмысын жалғастырған, кезінде Алашорданың

батыс бөлімшесінің рухани басшысы болған Қуанай Қосдәулетов те 1937 жылы жала жабудың құрбаны болған. Бұндай деректер өте көп.

Шындығында бұл жылдары халыққа еңбегі сіңіп, молда атанғандардан аман қалғандар кемде-кем. Атылғандардан өзге, «Итжеккенге», «Сібірге», сонау Қиыр Шығысқа жер аударылып, атамекен топырағы бұйырмағандар қаншама?!

Атырау облысы Чапаев селосының тұрғыны, атамекенінің жанашыр патриоты, өлке тарихын зерделеп жинаушылардың бірі Қарасай Сапарұлының тақырыбымызға байланысты жазбаларынан деректер келтірелік:

«Қазақстанның батыс аймағында, кешегі Бөкей Ордасында Жәңгір хан тұсында мешіт медреселер көп болған. Оларға керекті діни қызметкерлерді Қазан, Уфа, Стерлітамақтан даярлатып, ноғай, татар, қазақ молдалары дәріс алған.

«Бөкей Ордасы, Жәңгірхан дәуірі» деген зерттеу еңбекте Жәңгір хандық құрған кезде молдалар саны 40-тан 400-ге жеткен деп көрсетіледі.

Хазірет атанған Нұрманұлы Құрманбек Стерлітамақта 14 жыл оқып, терең діни білім алған, елге келіп мешіт-медресе салдырып, көптеген шәкірттер тәрбиелеген, хазіреттің немересі Әбдісәліхов Ғазиз күні кешеге дейін Атырау мешітінің Зарипов Абайдан кейінгі наиб имамы болды.

Құран ашып науқастың сырқатына дауа табатын, тірі кезінде-ақ ел аузында аңызға айналған, діни терең білімді, күні кешеге дейін арамызда болған қасиетті Дәрісқали молданы оқытып шығарған сол Құрманбек хазіреттің немере інісі және шәкірті Халидолла болыпты. Діндарлығы, құран оқу мақымы мен жамиғатты ұйытуы, парасат-пайымы, ой тереңдігі, сөз шеберлігі мен өзіндік қадір-қасиеті, өнеге-ғибраты елге үлгі боларлық, діни білімін халық игілігіне жұмсаған Қаратоқай Сүндет молда, Тәзіке Адай Ізмұхамбет мол-

да, Себек Дәулетияр молда, Таз Мүтіш молда, Забурында болған Меңетай қажы (Ж.Ғ.) Құмар, Ахмет хазірет, оның баласы Тұқпат хазірет, оның баласы Кәрім молда, Атыраудың жанындағы Чкалов селосында тұрып, бұдан бірнеше жыл бұрын о дүниелік болған Лұқпан молдаларды (Ж.Ғ.) атасақ орынды».

«Имани байлығы өз алдына, дами жақсы қасиеттерді де бойына жиған, адамға деген қайырым-қамқоры мол болған Жаңай ата кезінде Құспан молда мешітінің іргесі бекіп, орнығуына үлесін қосты. Бойына дарыған тылсым күшінің әсерімен алдына келген талай адамның жанына жалау болған.

Балайұлы Жаңай 1892 жылы Исатай ауданының Бекайдар ауылында дүниеге келген, Есентемірдің Әшімбет атасынан». [31]

Қолымыздағы бар деректерге сүйеніп, республикамыздың түстігі мен батыс аймақтарында исламның таралу тарихына қысқаша шолу жасалды. Исламның Қазақстанның шығыс, орталық және терістік аудандарына таралуы туралы әңгіме әзірге ашық қалып отыр.

Араб ғылымы мен мәдениетінің әсері

VIII – XII ғасырларда араб мәдениеті гүлденудің жоғарғы шыңына шықты. Оның жетістіктері көптеген халықтардың мәдениеттеріне әсер етті, оларды байытты, бүкіл дүние жүзінің, соның ішінде Еуропаның өркениет жолымен алға басуына мұрындық болды. Сол кездерде араб тілді философия мен медицина, математика мен астрономия, географиялық білімдер, филология мен тарих ғылымы, химия мен минерология қоғам мен табиғаттың сырларын бірінен соң бірін ашты. Араб тілді ғылым басқа шауып, төске өрледі, материалдық мәдениет пен көркемөнерде де алдына жан салмады. Араб мәдениетіндегі маңызды ерекшеліктердің бірі – халифаттың құрамына енген халықтардың бәрінің араб тіліндегі мәдениетті жасауға қатысуы және

оны өздеріне рухани игілік ете білуінде болды. Сол кезеңде бүкіл мұсылмандық Шығыс елдерінің бәріне таралған ғылыми білім негіздері халықтар арасындағы байланыстарға игі ықпал жасады. [32]

Арабтар Орта Азияның экономикалық өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Олардың араласуымен қала мәдениеті өркендеді, халқаралық сауда жедел дамыды. Ұлы Жібек жолындағы қатынас жанданды. Қазақ даласына исламмен ілесіп дүниені жаңаша тануға бағытталған ғылым мен білім келді. Арабтар Қазақстанға Шығыстың озық мәдениеті мен өнерін әкелді.

Мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құранды құрметтеуге үйретіп, бір Аллаға бой ұсындырған жаңа дін түркі тілді жұрттардың туысқандық бірлігін нығайта түсті.

Қарахан мемлекеті исламды мемлекеттік дін ретінде жариялағаннан кейінгі кезеңде онда қолөнер мен сауда гүлденіп, елдің экономикасы алға жылжыды. Сәулет өнері де дамып, тамаша жетістіктерге жетті. Жетісу өңірі мен Сырдария алқабында күні бүгінге дейін сақталып келген Айша Бибі күмбезі, Аяққамыр, Алашахан күмбезі, Тараз қаласындағы Әулие ата мазары, Баба Әже күмбезі, Сырлытам, Талас өзеніндегі тас көпір, Тараз моншасындағы су құбыры және олардың ою өрнектерінің сан алуан нақыштары – осыдан он ғасыр бұрын ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз құрған Қарахан мемлекетінен мұраға қалып, үшінші мыңжылдыққа дейін жетіп отырған тарих жәдігерлері. [33]

Қазақ жерінде, араб тілді медреселерде білім бастауын алған, әлемдік өркениетке өзіндік үлес қосқан ғұламалар өсіп шықты. Жан-жақты ғалымдар: Фарабитан шыққан Әбу Нәсір (IX–X ғасырлар), Әбу Райхан Бируни (X–XI ғ.), Әбу Әли ибн Сина (X–XI ғ.), мұсылман Шығысының дін ислам қайраткерлері, ғалымдар мен шежіреші – тарихшылары: Әбу-л -Аббас әл-Балазури (IX ғ.), Ибн Хордадбек (IX ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), әл – Масуди (X ғ.), әл – Махдиен (X ғ.), Құдама ибн-Жағфар

(X ғ.), әл-Идриси (XII ғ.), ибн-әл-Асир (XII ғ.), Иакұт ар-Руми (XII ғ.) [34] тағы-тағылар Шығыс өркениетінде өздерінің іздерін қалдырды.

Араб тілді қазақ ғалымдарының күшімен ондық санау жүйесі, ондық бөлшек, квадрат және үшінші дәрежелі теңдеулер енгізілді, астрономия жеке пәнге айналды, аспан шырақтарының координаттарын айқындау әдістері жетілдірілді.

Индустриялы өркениеттің суырылып алға шығуына, кейіннен ғылым мен техниканың қарыштап дамуына кең жол ашып берген төрт ұлы жаңалық – қағаздың жасалу технологиясын, бағыт айыру құралы – компастың жасалуын, ату құралының оқ-дәрісінің жасалу технологиясын және Жердің домалақ екенін алдымен Шығыс білген болатын. [35]

Ежелгі Хорезмнің астанасы Қият қаласының іргесіндегі ауылда туған Әбу Райхан Бируни XI ғасырдағы әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосқан түркі перзенттерінің бірі. Ол астроном, математик, географ, геолог, философ, филолог, тарихшы, этнограф, дәрігер әрі ақын болған. 22 жасында әйгілі ғалым ретінде танылған Бируни парсы, араб, грек, үнді тілдерін білген, 150-ден астам кітап жазған. Ол тұңғыш рет Жердің Күнді айналып қозғалатыны жайында болжам айтты. Бируни дүниенің геоцентрлік жүйесін Коперниктен 500 жыл бұрын, денелердің Жерге тартылысын Галилейден және Ньютоннан 600 жыл бұрын айтқан. [36]

Тарихымызға бұрыннан белгілі ғалымдардың кейбірінің ғана есімдерін атадық. Бұған дейін есімдері бізге белгісіз болып келген, ортағасырлық араб ғылымынан сусындаған ғұламаларымыздың болғандығын Ә. Дербісәлінің жуықтағы зерттеу еңбегі «Даланың дара перзенттері» кітабынан танысудамыз.

Онда есімдері бізге белгісіз болып келген 8 фарабтық, 2 шауғарлық, 1 женттік, 22 исфиджаб – сайрамдық, 1 түлкібастық, 10 тараздық, 2 баласағұндық, жалпы саны 55 болатын ғалымдар туралы деректердің Әбсаттар қажы Үндістан, Пакистан, Иран, Түркия, Араб елдері, Ресей, Ташкент мұрағаттарынан табылғанын айтады.

Келтірілген деректерден ата-бабаларымыз Ислам дінін тек қабылдаушы ғана болып қоймай, ислам мәдениетінің өркендеуіне ықпал етіп, өркениетінің кемелденуіне үлестерін қосқандығын көреміз.

* * *

*

Соңғы он бес жылдық шамасында жастар тәрбиесін қолдан шығарып алдық. Тәрбиенің бұрынғы кеңестік жүйесі қираған сәттен бастап, ескексіз қайықтай жел жетегінде кеттік. Ата-ана мен мектеп тәлім-тәрбиесінен гөрі шетелдік мағынасыз, желөкпе музыка, жүгенсіз кеткен кейбір ақпарат құралдарының өнімдері мен көрсетілімдері әсерлілеу болды да, жастарымыздың жан дүниесін жаулап алды. Қатерді көре, сезіне отырып, қарапайым халық дәрменсізбіз.

Ұрпағына заманына сай білім беріп, ата дәстүріне адалдыққа тәрбиелеу әр ата-ананың арманы екендігі дау туғызбас. «Батпандап кірген ауруды, мысқалдап болса да шығару», балғын денені рухани сауықтыру – сол бүліншілікке жол берген ұрпақтың өкілі біздің ата-аналық борышымыз десек орынды болар.

Жастарды адамгершілікке, мейірім мен парасатқа, білімге құштарлыққа тәрбиелеуде ұлтымыздың салт-дәстүрінің ислам діні қағидаларымен астасып жатқанын ерте байқаған бабаларымыз, осы бір қасиетті сәйкестікті орынды пайдалана біліпті-ау! Бүгінде сол бабалар сүрлеуімен бағыт ұстаған істер бар екенін естиміз, бірақ жаппай етек ала алмай отыр, өйткені үкімет тарапынан жалпыға міндеттейтін ортақ бағдарлама жоқ.

Мақсат – жасөспірімді намазға жығып, арабша сүрелерді жаттатқызу емес (қажет десе, кейін өзі-ақ істер), оған имандылық әліппесін үйрету, ұлтының адамгершілік дәстүрін қадірлеуге дағды беру болса, бұл іс бүгін-ақ балабақша мен мектептен бастау алса нәтижелі болар ма еді деп армандайсың.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Советский энциклопедический словарь Москва – 1990, стр. 175; 1478;
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедия IV том А-2002 ж. 321-бет
3. Жұмабаев Қ. “Адамзат қашаннан басталады?” Қазақ тарихы №2, 2001ж.
4. Қоңырбай О “Қытай тарихындағы қазаққа қатысты деректер”, Жалын №5, 2005 ж.
5. Байбатша Ә. “Қазақ даласының ежелгі тарихы” Егемен Қазақстан 15 қазан 1997 ж.
6. Мырзахметұлы М. Ана тілі, 9 желтоқсан 2004 ж. 11 – бет.
7. Мырзахметұлы М. “Түрік халықтарының ортақ проблемасы” Алтын Орда, 28 қаңтар 2005 ж.
8. “Араб-Хазар соғыстары” Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1 том, А – 98, 407-бет
9. Бұлұтай М “Түркілер исламды қашан қабылдады?” Ислам әлемі №1, 2001ж.
10. Бұлұтай М “Тараз – ежелгі ислам мәдениеті орталығы” Қазақ әдебиеті, 31 қаңтар 2003 ж.
11. Музапар Ж , Саттарұлы С “Қожалар” қазақ батырлары, №5, мамыр, 2003 ж.
12. “Қазақтар” 9 томдық, V том, А – 98, 91- бет
13. Сейдакқожа Жүсіпұлы «Қазақ тайпаларының тарихы» 2 тарау, «Жүзге кірмейтін қазақ рулары» 1875 жылы басылған шежіре. Ана тілі, 15 сәуір 1993 ж.
14. «Біз және Дін». Қазақ радиосының 14 қаңтар 2005 ж. бағдарламасынан.
15. Қыдырали Д. «Сопылық және оның қайнар көздері» Қазақ әдебиеті, 4 ақпан 2005 ж.
16. Қазақ тарихы №5, 2003 ж, 3-8 -беттер. «Алтын Орда» апталығы 11 сәуір 2003 ж. 18-19 беттер, 12 желтоқсан 2003ж. 18 бет Қазақ өркениеті, 1 2005ж. 78-80 беттер, Қожа Ахмет Йассауи «Диуани Хикмет» А-98 Жалын, 7 2005ж. 49-59 беттер.
17. Самашев З. «Археологические раскопки на городище Сарайчик за 2003 г.» стр. 101 – 102

18. Федоров – Давыдов Г.А. «Общественный строй Золотой Орды», Москва – 1973, стр. 100 – 102
19. Жандарбек З. «Иассауи жолы – ата-баба жолы» Алтын Орда апталығы 11 сәуір 2003 ж.
20. Зақзұқ М.Х. «Исламды қаралауға қарсы жауап» Ақиқат №2, 2005 ж.
21. Карашин Б. «Бейбарыс: эпоха и личность» А – 2001, стр. 133.
22. Бұлұтай М. Ислам әлемі №1, 2001ж, 4- бет.
23. Атырау энциклопедиясы А – 2000, 63- бет.
24. Ермұханов Б. «Сарайшық – қазақ хандығының тұңғыш астанасы» Атамекен №28, 2000 ж.
25. Рабғузи «Жайық шұғыласы» 12 мамыр 2001 ж.
26. Тасмағамбетов И, Самашев З «Сарайшық» А – 2001 ж. 30-бет.
27. «Ана тілі» апталығының «Шежіре» кітапшасы 15 сәуір 1993 ж.
28. Қыстаубаев Е. «Астрахан айшықтары» Алтын Орда 15 қараша 2002 ж.
29. Досжан Д «Абай айнасы» А-94, 16-1 7 беттер.
30. Озғанбаев О «Дала данасы», Егемен Қазақстан 21 мамыр 2002 ж.
31. Латифұлы Д. «Атырау» 25қазан 2001 ж
32. Жүкеш Қ. «Буырқанған Батыс пен шыдамды Шығыс» Қазақ тарихы №1, 2005 ж.
33. «Алғашқы мұсылман түрік мемлекеті» Алтын Орда апталығы 29 желтоқсан 2000 ж.
34. Дербісәлі Ә. «Қазақ даласының жұлдыздары» А-95
35. Жүкеш Қ. «Буырқанған Батыс пен шыдамды Шығыс» Қазақ тарихы №1, 2005 ж. 12-бет.
36. «Шығыс ғылымы Батысқа бет бұрды» Алтын Орда апталығы 29 желтоқсан 2000 ж.
37. Ғаббас С. Жас Алаш 25 қыркүйек, 2001 ж.
38. Декелбаев Е. «Халық қаһары» Ана тілі апталығы 16 желтоқсан 2004 ж.
39. Елубай С. «Беймаза ғасыр» Қазақ әдебиеті 9 мамыр 2003 жыл.
40. Әлімұлы А. «Әділдікке жүгінсек» Ақиқат №11, 2004 ж. 19-20-беттер.

ТҰРАН ӨЛКЕСІ, ДЕШТІ ҚЫПШАҚТА, КЕЙІН ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМНЫҢ ТАҒДЫРЫН ШЕШКЕН АЙҚАСТАР

Ислам діні VIII ғасырда түркі тайпаларын қамтитын Қарлұқ қағандығына тарап, X ғасырдың екінші жартысынан Қарахан елінің мемлекеттік діні деп жарияланғанын тарихтан білеміз.

Ислам діні түріктер арасына біршама қиындықтармен тарады, ал оны жат пікірлерден қорғау, сақтап қалу бүгінгі өзекті мәселесі болып отыр.

Атлах шайқасы

Араб әскері VIII ғасырдың 30-40 жылдары Орта Азияның бірқатар аймақтары мен Қазақстанның оңтүстігіне басып кіреді. Арабтардың исламдандыру жорықтарының қарқынды жүргеніне қарамастан түріктер арасында мұсылмандану алға жылжи қоймады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстан аумағын мекендеген түркі халықтарының тарихына, діни болашағына зор ықпал еткен оқиға болды. Бұл – 751 жылдың шілде айында Тараз қаласы маңындағы Атлах қамалы жанында болған соғыс.

Соғысқан екі күштің бірі – Қытайлар сол жылдары Жетісудың көп жерін бауырына басып, енді оңтүстік аймаққа мойнын соза бастаған. Түрік тайпаларының бытыраңқылығын, арабтарға қарсы қорғаныс кезіндегі қарбаласты пайдаланып, Қытай әскері Тұран жерін ешкіммен бөліспей, түркілерді түріп тастап, бір өзі тұтас иемденуді мақсат етті. Бұл соғысқа қатысқан екінші жақ – Түрік тайпаларының қолы Араб әскерінің белсенді қолдауымен Қытай әскерін кері бас көтере алмастай етіп, ойсырата жеңеді. Әл-Макдиси өзінің «Әл – Бәду әт-тарих» еңбегінде «...бес күнге созылған бұл соғыста Қытай әскерінің 45 мыңы өліп, 20 мыңы тұтқынға түсті»- деп жазған. Жеңіс түркі халықтарын

Қытай құлдығынан, оның Будда дінінен аман сақтап, ислам өркениетімен дамуына жол ашты.

Атлах қорғаны түбіндегі соғыста арабтардың жан аямай көмектесуі түркі халықтарының исламға деген көзқарасына оң әсер етті. Бұл әсер қожалардың уағызымен қосылып, Тұран даласына, Түркістан өлкесіне исламның жаппай енуіне жағдай жасады.

Едігенің ерлігі

Ислам діні Алтын Орда тағында Өзбек хан (1312-1341 жж.) отырған кезеңнен елдің мемлекеттік діні болып қалыптасқанын тарихтан білеміз.

1395 жылы Әмір Темірдің екінші шабуылынан күйрей жеңілген Алтын Орда ханы Тоқтамыс Литва князі Витовтты паналайды. Алтын Ордадағы тұрақсыз жағдайды пайдаланып, Орда билігіне өзі ие болу мақсатымен Витовт Тоқтамысқа көмектесуге уәде етеді. Сол мақсатпен Витовт өз әскері және Польша мен Батыс орыс княздері әскерлерінің, оған Тевтон Ордені рыцарларының басын қосып, 1399 жылы Едігеге қарсы жорыққа шығады.

Борсықты өзені жағасында өткен бұл соғыста Едіге батыр әскерінің Витовт қолын талқандағаны тарихтан белгілі. Едіге сарбаздарының бұл жолғы жеңісінің тарихи мәні туралы тарихшы Б. Нұғыманов жеткізе жазған: «Едіге әскерінің жеңісі тарихи мәні зор үлкен оқиға болды. Соғыс тәңірісі болып есептелетін зеңбіректері бар, оқ-дәрілі мылтықтары бар, өз заманына сай мұздай қаруланған жауынгерлерінің саны жағынан да олқы емес «жеңімпаз» деп аталатын Еуропаның біріккен жасағын жалаң қылыш, сабау сап найза, қол шоқпармен ғана қаруланған Едіге жасақтарының күл-талқан етіп жеңуі адам айтса нанғысыз нағыз қаһармандық болды. Бұл – әскери қолбасшының асқан айлакер де тапқыр, тамаша талантты адам екеніне куә. Мұндай жеңісті Шыңғыс хан да, Бату да көрген емес – деп, кезінде Карамзин жазған». «Қазақ тарихының шежіресіндегі бұл

бір белес – деп, жалғастырады автор өз ойын. Өйткені Едігенің жеңісі Еуропадағы тепе-теңдікті сақтап қалды, түркітекті халықтардың болашағын айқындады». 1*

Сол кезде Әмір Темірдің жыртқыштық шабуылынан экономикасы титықтаған Алтын Орда Витовт бастаған біріккен Еуропа күшінен жеңіліс тапқан жағдайда Еуразия даласындағы қазіргі елдердің тарихы өзгеше бағыт алып, Дешті Қыпшақтағы ислам дінінің тағдыры туралы әңгіме жасаудың өзі артық болар еді.

Аңырақай шайқасы

Қазақ жерінде жатжерліктерден еліміздің тәуелсіздігін, ата-бабасы қолданып келе жатқан ислам дінін сақтап қалуда 1729 жылы жоңғар-қазақ арасында болатын атақты Аңырақай шайқасының орны ерекше. Бұл – екі ел арасында екі ғасырға созылған соғыстың шарықтау шегі деуге сыятындай.

Қазақтың Далатауының үсті құмырсқадай құжынаған, ұлы саны елу төрт мыңға таяу (Ж.Қасымбаевтың дерегі бойынша 80 мыңның үстінде) атты әскерге толы. Далатаудағы соғыстың алғашқы он бір күні екі ел батырларының жекпе-жегімен өтті. Жекпе-жек ұрыста қазақ батырлары жаудың 29 батырын өлтіріп, айқын басымдық танытты. Он екінші күні, кейін екі айға созылған, кескілескен майдан басталды. Нәтижесінде жоңғарлар негізгі күшінен айырылды. Бұл соғыста қалмақ қолының бас қолбасы Аңырақты қазақтың Бөлек батыры жекпе-жекте өлтірді. 2*

Бұл жеңіс қазақ жасақтары үшін оңайға түскен жоқ, айтарлықтай шығын да болды. Жоңғарлармен соғыстағы жеңістерді ұйымдастырушылардың басында өз заманының ат үсті соғыс өнерінің майталман шеберлері Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, халқы төбесіне көтерген өзге де батыр ұлдары болды.

Қазақ сарбаздарының жанқиярлық ерлігі арқасында ұлан-байтақ жеріміз жаудан тазартылып, ұлтымыздың діні, әдет-ғұрпы сақталып қалынды.

Гитлер ойраны

1939 жылы екінші дүниежүзілік соғысты бастаған фашистік Германия тек Еуропаға ғана емес, Орта Азия мен Оңтүстік елдерге тұтастай дүниежүзі мұсылмандарына қауіп төндіргенін тарихтан білеміз.

...41-дің қысындағы Москваны қорғаудағы қан-қасап қырғын. Совет әскерлерінің жанқиярлық ерлігі.

...42-ші жыл. Сталинград түбіндегі жан алысып, жан беріскен шайқас. Қорғана отырып, қарсы шабуылды ұйымдастырудағы біздің әскери қолбасыларымыздың тапқырлығы. Германиямен соғыстың тағдырын шешкен Сталинград түбіндегі алғашқы жеңіс!

Фельдмаршал Паулюстің атақты 6-шы армиясы совет әскерінің қоршауына алынды. Қоршаудағы сан мыңдаған адам ашығып, тышқан, егеуқұйрық, ит, тіпті өздерінің өлгендерінің етін жеуге дейін барған. Жау әскері суықтан, аштықтан, соғысу емес, тұтқынға берілудің жолын іздей бастаған. Гитлердің сенімді армиясын қоршаудағы мүсәпірлік күйінде қалдыра тұрып, мына бір дерекке оқырман зейінін аударсақ:

«...1942 жылы, неміс фашистерінің шабуылы үдеп, жау Сталинградқа тақап қалған, майдандағы жағдай мүлде қиындап кеткен кезде, 1936 -1950 жылдар арасында КСРОның Еуропалық бөлігі мен Сібір мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы (мүфтиі) хазрет Ғабдрахман Расулевті Сталин өзіне шақыртады. Ғабдрахман Расулев – башқұрттың аты аңызға айналған перзенті, Ресей мұсылмандарының ерекше қадірлейтін қасиетті дінбасы, ғұлама діндар және ислам дінінің ірі қайраткері.

Сталин Ресей мұсылмандарының беделді мүфтиін ерекше ықыласпен қабылдайды. Ол мұсылман имамына ел басындағы қиындықты баяндайды, оның пікірін сұрайды. Ғабдрахман түбінде кеңес әскері жеңетінін, ол үшін дінге қысымшылық көрсетуді қою керектігін айтады. Ғұлама имам Паулюстің қарақұрым әскерін

тұтқындау үшін дұға қылып, мінәжат етеді. Майданда не болатынын, жеңіске қалай жетерін болжап береді».

Бұл деректерді «Алтын Орда» газетінің тілшісіне Ақтөбедегі Орталық мешіт қызметкері Ғалымжан Еш-ниязов айтып беріпті. 3*

Осыдан кейін Сталин мұсылмандарға кеңшілік жасапты. Меккеге барып дұға қылу үшін арнайы самолет беріп, 16 мұсылманды Ғабдрахманға бастатып, қажылыққа жібереді. Оларды Меккеге, Сталиннің тапсырмасымен, генерал Сабыр Рахимов алып барыпты. Паулюс армиясында, ол қоршауға түскеннен кейін де қуатты соғыстық техника, қару-жарақ қоры болғанына қарамастан, сан мыңдаған жауынгердің қоршау жағдайында тұяқ серпуге жағдайы болмай, қол-аяғы байланғандай күй кешуі, соншама әскери күштің ақылға сыймайтындай шарасыздыққа түсуі Ғабдрахман хазіреттің дұғасының күші болар ма?!

Әрине, Сталинград майданындағы жеңіс кеңес жауынгерлерінің жанқиярлық ерлігімен, сан мыңдаған боздақтардың құрбандығымен, әскери басшыларымыздың ұйымдастырушылық қабілеттерін сарқа пайдалануымен, майдан мен тылдың ажырамас бір тұтастығымен келгенін жанымызбен сезінеміз.

Сөйтіп кеңес әскері фашизм тырнағынан еліміз бен жерімізді, дінімізді сақтап қалды.

Мылтықсыз майдан немесе сананы жаулау жорығы

Дін – жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі, төрткүл дүниені танып-білудің құралы. ХХІ ғасырда діни сана, діни сенім, діни ұйымдар біртұтас рухани жүйе бола отырып, қоғамдағы түсіністікке, оның прогресті дамуына оң ықпал ететін зор рухани күшке айналды.

Адамзат тарихының ортағасырлық кезеңінде үш ұлы өркениет дәуірлегені белгілі. Олар: Қытай, Еуропа және Ислам өркениеттері.

Әлем халықтары арасында күн санап беделі артып келе жатқан Ислам өркениетінің өрлеуіне араб, парсы халықтарымен бірге түркілер де айтарлықтай атсалысты.

Ислам бүгінгі күні өзін мемлекеттік дін ретінде қабылдаған 30 елде, мұсылмандықты уағыздайтын 120 мемлекетте адамзат қоғамының әділетті дамуына рухани көмегін беруде. Мәдениеті мен дәстүрінің, тілінің, мемлекеттік құрылымы мен экономикалық даму дәрежелерінің күртүрлілігіне қарамастан, бірнеше ондаған елдерді бір қауымдастыққа біріктіретін ұлы күш – Ислам екендігіне әлем жұртшылығы назар аударуда.

Жер жүзіндегі 6 миллиардтан астам халықтың 1/3 - іне жуығы (30 пайыздайы) мұсылмандықты таңдаған. Мұсылмандар саны жағынан әлемдегі өзге діндегілердің бәрінің алдына шықты.

Дінтанушы Б.Бабашқызының «Дін – адамбаласының рухани таза болуының, кемел болуының мәңгілік жолы. Қоғамдағы бар жаманшылық, нашақорлық, нәпсіқұмарлық, парақорлық, ел басқарудағы қитұрқылық, қылмысқа бару, тіпті мемлекеттің құлдырауы, түп негізінде осы дінсіздіктен шығады. Мәдениеті, өнері жоғары мемлекеттер де дінсіздіктен құрып кеткен» – деуі орынды. Оған дәлел жеткілікті.

Тарихта айбынды Алтын Орданың құлдырауының себептерінің бірі, Өзбек ұлысының екіге бөлінуі, Ноғайлы елінің тоз-тоз болуы, кешегі Кеңес Одағы шаңырағының шарт сынуы халықтың рухани бірлігін сақтай алмауда жатыр. Адамзат қоғамында біздің өркениетке дейін де сан алуан өркениеттердің өшіп жоғалғаны құпия емес. Мәселен мая мен инктердің жер бетінен жойылып кетулерінің негізгі себебі олардың рухани күйреулерімен тығыз байланысты екендігі ғылыми дәлелденген құбылыс.

Олар тіліне, салтына, ұлттық тарихына, халықтық тағылымдарына өгейлік көрсетуінің салдарынан жер бетінен түбегейлі жойылу зауалына ұшырағаны белгілі.

Алматыдағы Желтоқсан оқиғасынан үш жыл өткен соң Иран ислам республикасының басшысы Аятолла Хомейни Кеңестер Одағының алғашқы және соңғы президенті М.Горбачевке биік мәдениетін, жан тазалығын, ой даналығын айқын аңғартар хатын жолдапты:

«...Горбачев мырза! Ақиқат шындыққа жүгінуі керек. Сіздің еліңіздің проблемасы – жекеменшік, экономика мен еркіндік мәселелерінде емес. Сіздің күйзелістеріңіз шынайы дін мен Құдайдан бас тартып отырғандарыңызда. Міне, бұл сорақылық Батыстың әдепсіздік ұйығына батырып, тұйыққа қамайды. Сіздің негізгі күйзелісіңіз күллі болмыс пен барша тіршіліктің бірден-бір көзі – Құдайға қарсы ұзақ уақыт бекерден-бекер күрес жүргізгеніңіз болып табылады. ... Сізді табанды түрде бір нәрседен қатты сақтандырамын – марксшіл қиял ғимаратын қирата жүріп, Сіз аңдаусызда Батыс пен лағынет Ібілістің тұтқынына түсіп қалмаңыз» . 4*

Батыстың әдепсіздік ұйығы... Сол әдепсіздікті, қанқор жауыздықты дәріптейтін Батыстық үлгідегі фильмдерді халықтың маңдай терімен жинаған ұлттық байлығын ысыраптап сатып алып, болашағымыз – жастарымыздың санасын улауға, мәңгүрттендіруге пайдаланудамыз. Бұл мәселеде қарапайым халықтың жанайқайы ретінде сан рет қайталанса да, жоғарыдағыларға жетпей жатыр. Оқырманның байқағанындай, Аятолла хатында «Батысты» екі рет қайталапты-ау!

Сол Батыстың бүгінгі күні қандай десек, Ричард Белл өзінің «Иләһи ғажайыптар» кітабында:

«Еуропа үлкен құлдырау жолында тұр. Салтанатты сарайлардың саясында жан күйзелісі, ақылдан адасу, өзіне қол салу, ұятсыздық, нашақорлық, маскүнемдік, қарақшылық, әйел зорлау, жыныс аурулары қозып жатыр. Адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сезімі жоғалды. Отбасы тұтастығы мен оның мүшелері арасындағы байланыс үзілген.

Мемлекет басшылары бұл жағдайлардың шығудың жолдарын таба алмай дал болуда. Зиялы қауым рухани жұтандықтан әрекетсіз. Еуропаның алдында жалғыз

жол тұр. Құтылудың жалғыз жолы, бұл – ислам жолы. Басқа таңдау жоқ» – деп жазыпты.

Бүгінде Еуропаның 17 елінде бала туудан кісі өлімі көп. Олар: Бельгия, Болгария, Хорватия, Чех Республикасы, Дания, Эстония, Латвия, Литва, Германия, Мажарстан, Италия, Португалия, Румыния, Словакия, Испания және Ресей. 5*

Қазіргі таңда исламға әлем халықтарының көптеп бетбұрыс жасауы өзге діндегілерге қызғаныш әрі үрей туғызып отыр. Жуырда Лондон баспасынан «Ислам – Еуропаның екінші діні» деген атпен батыс зерттеушілерінің жинақ кітабы жарық көріпті. Жинақта Батыс Еуропадағы мұсылмандар санының 15 миллионға жеткені жазылған. Әлемде жыл сайын 40 мыңнан астам адам исламды қабылдайды екен. Осы қорқынышты хабарды тіліне тиек еткен америкалық католик басшысы Патрик Буханның «Батыстың ажалы» кітабы көп құпияның бетін ашады. Ол: «... енді елу жылда дүниежүзіне мұсылмандар иелік етеді. Ресей мен АҚШ-та, түгел әлемде мұсылмандар саны күрт көбейеді» – дейді. Осы қауіптің алдын алу мақсатында бірқатар ауқымды шаралар ұйымдастырылуда.

Алдымен исламды халыққа құбыжық етіп көрсету үшін исламдық терроризм, экстремизм, фундаментализм дегендерді ойлап тапты. Бұлар туралы ақпарат хабарлары қарша борауда.

Келесісі – терең ойластырылған жоспармен, мол қаражатпен жан-жақты қамтамасыз етілген әртүрлі діни секталар түріндегі топтар Қазақстан жерінде әрекет етуде. АҚШ-тағы Лос-Анжелес қаласындағы Евангелие сектасына қарайтын «Благодать» шіркеуінің бағдарламасында:

– Құдай сөзімен Қазақстан халықтарының санасын өзгерту;

– 2005 жылға дейін Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы шіркеулерде қызмет көрсететін тәжірибелері жетекшілер тәрбиелеу үшін «лидерлер дайындау орталығын» құру;

– 2010 жылдың аяғына дейін елде толық евангели-елендіруге қол жеткізу» – делінген.

1953-1961 жылдарғы АҚШ-тың Орталық Барлау Басқармасының (ЦРУ) директоры Аллен Даллестің атымен аталатын атышулы «Даллес жоспары» деген бар. Онда ұлтты жарық дүниеден жойып жіберудің зымияндық жолдары, мемлекетті іштей іріту, жастарды мәңгүрттендірудің жиіркенішті әдіс-тәсілдері баяндалған.

Үзінділер келтірсек:

«Человеческий мозг, сознание людей способны к изменению. Посеяв хаос, мы незаметно подменим их ценности на фальшивые и заставим их в эти фальшивые ценности верить».

«...Литература, театры, кино – все будет изображать и прославлять самые низменные человеческие чувства. Мы будем всячески поддерживать и поднимать так называемых художников, которые станут насаждать и вдалбливать в человеческое сознание культ секса, насилия, садизма, предательства – словом, всякой безнравственности.»

«...Будем вырывать духовные корни, опошлять и уничтожать основы народной нравственности. Мы будем расшатывать таким образом поколение за поколением. Будем братья за людей с детских, юношеских лет, главную ставку всегда будем делать за молодежь, станем разлагать, развращать, растлевать ее. Мы сделаем из них циников, пошляков, космополитов». 6*

Өткен ғасырдың ортасында Аллен Даллестің жасаған қараниет бүлдіргіш жоспарының бүгінгі күні әр қазақтың төрінде теледидар арқылы насихатталып жатқанын ойлағанда, кімді кінәларымызды білмей, бармағымызды тістелейміз.

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңымыздың осалдығын пайдаланған сан ондаған секталық топтар алдыңғы айтылған АҚШ-тың «Благодать» шіркеуінің бағдарламасын орындау үшін біздің Республикамыздың аумағында жұмыстанып жатқанына үлкен төзімділікпен қарап отырмыз.

Бұл деректерді тергенде автордың мақсаты – қара аспанды төндіріп, жоқ жерден жау шақыру емес, бүгінгі өмірімізде қызыл шоқтай қауіпті болып тұрған мәселені көпшілікке тағы бір рет жалаңаштап көрсету.

Қоғамдағы тәрбие жүйесі, идеология қашан жасап береді деп күтпей, әр отбасы, ата-ана өз баламыздың тәрбиесімен өзіміз айналыссақ. Өйткені олар ешқандай Даллестердікі емес, өзіміздікі ғой!

Ислам діні – адамның абыройын, ар-ұятын сақтап қалатын үлкен тәрбие мектебі. Діндер тарихын зерттеген мамандар діни сезімдердің адамдарды біріктірудегі қандастық, жерлестік, нәсілдік сияқты факторлардың бәрінен де күшті болғанын дәлелдеген. Демек, ұлттың, қоғамның алуан дінге бөлінуі – елдің бірлігіне қатер.

Ислам өркениетінің әлемдік дамуға ықпал ете алатын қуатты күшке айналғанын айттық. Көпшіліктің жүрегін жаулай алған осы бір рухани зор қуатты, білім күшімізбен қоса, бүгінгі жаһандану үрдісінің жасампаздық бағытына орайластыра, жойымпаздығына (жұтып жіберу қаупіне) қарсы бағыттай алсақ, ғасырлар бойы қалыптасқан ислам өркениетін байытып, оның аясындағылардың ұлттық болмысын сақтап қалуға бо-лар.

2007 жылдың қыркүйек айында Астанада «Орталық Азиядағы Ислам өркениеті» тақырыбымен өткен жиында 22 елден келген 120-дай оқымысты ғалымдар Ислам өркениетінің дамуы, оның әлемдік үрдістегі үлесінің жоғары екендігін сөз етті. Халықаралық жиын «Исламнан төнетін қатер туралы емес, Исламның өзін нақты қорғау қажеттігі туралы айтатын уақыт жеткендігін» ескертті. 7*

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Тәуелсіздігіміздің сақталуы халқымыздың татулығына, бірлігіне байланысты екені түсінікті. Ал, халық татулығы – діни бірлігімізге тәуелді. Сондықтан дінімізді құрметтеп, оны сақтай білуіміз керектігін діни мамандар да, Елбасымыз да айтуда. Осы жауапты істі ертеңгі күні алға апаратын жастарымыз исламды толық танып, оның

қоғам өмірінде қажеттілік екенін жүрегімен сезіну үшін түсінік жұмыстарын бүгінгі күнгіден тереңірек және белсендірек жүргізсек.

Әлемдік дамудың қатал сынынан өткен сара жолмен бүгінгі күнгі адамзат өркениетін одан әрі байытуда ислам діні негізге алынуы керек.

Бұл – әлемнің басты ойшылдарының, дінтанушылардың, болашақты ғылыми негізде, парасатпен болжай алатын қоғам қайраткерлерінің ортақ пікірі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Нұғыманов «Едіге», «Егемен Қазақстан» 29 қаңтар 2003 ж.
2. Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп –тұқияннан өзіме шейін» А-1993, 250 бет.
3. Ғалымжан Ешниязов «Сталинді тәнті еткен имам» «Алтын Орда» 28 қыркүйек 2001 ж.
4. Е.Декелбаев «Халық қаһары», «Ана тілі» 16 желтоқсан 2004 ж.
5. С.Елубай «Беймаза ғасыр», «Қазақ әдебиеті» 9 мамыр 2003 ж.
6. А.Әлімұлы «Әділдікке жүгінсек» «Ақиқат» №11, 2004 ж.
7. А.Әбілұлы «Исламның әлемдік үрдістегі үлесі», «Қазақстан әйелдері» №10, 2007 ж.

ҚАЗАҚ ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ХАЗІРЕТІ СҰЛТАН ӘЗ-МАШАЙЫҚ

**«Қожа Ахмет хикметтерінен терең діни философия да,
ақыл-өсиет те, кемеңгерлік болжам да табылады.
Педагогика, этика, логика мамандары үшін де
мағлұмат жеткілікті. Әдеби мұраның түркі тілдері
тарихы үшін де мәні аса зор»**

Б.Сағындықұлы
дінтанушы, филология ғылымының докторы, профессор

Ұстазбен кездесу

Таң намазын аяқтарда қара шал бүгін әдеттегідей айтылатын тілегіне «Алла тағала, жалғызымның жолын бере гөр, аңсаған ұстазына жолықтыр» дегенді қосты. Ерте тұрған әкелі-балалы екеу Иассыға бет алды. Еліне сыйлы, көп жүрген, көпті көрген әке баласының білімге құштарлығын ерте байқаған. Үйде сауатын ашуға өзі қамқор болды.

– Мұсылмандық қағидасы адамды адам болуға үйретеді – деп түсіндірді әкесі. – Шынайы адамгершілік қасиеттер: ізгілік пен мейірімділікті, имандылық пен қайырымдылықты, кісі ақысын жемей, адал, шыншыл болып, жан дүниенді таза ұстауға насихаттайды. Алла алдындағы мұсылманның міндеттерінің бірі – білім іздеу, табиғат пен әлем сырына үңілу, сөйтіп өзінің жаратушысын тану. Сенің де осы жолды таңдағаның жөн, балам.

Баласының қолқа салуымен Қожа Ахметтің «Диуани Хикмет» кітабын ұзақ іздеп, жақында ғана біршама қымбат бағасына қолына түсірген. Баласы кітап қолына тигелі танымастай өзгеріп, оны түгел жаттап алды.

– Әке, – деді баласы, – мына таяқ тастам жердегі Иассыда тұрған ғұламаға барайын, бұйыртса шәкірті болайын, ғалым болуды армандаймын.

– Талабыңа нұр жаусын, балам. Армандаған ұстазыңа апарайын,– деген үлкен ризашылықпен әкесі,– мен жете алмаған биікке сен жетсең арман не?! Әкесінің сұрастырып білуінше, ғалым Ахмет жұма күні сәске түсте Иассының орталық алаңында халыққа уағыз айтуға шығады екен. Екеуі кеше кеште қалаға жетіп қонған. Ертеңіне сәске түс шамасында, алаңға халық жиналып та болды. Жұртты күттірместен, ортадағы мінберге ұзын да жеңіл шапанды, басына сәлде ораған, шымыр қимылды, маңдайы кере қарыс жігіт ағасы көтеріле берді. Бұл ғұлама – ғалым, заманының теңдессіз ақыны, әлемдік діни философияның терең білгірі, түрік тілділердің мақтанышы, Қожа Ахмет Йассауи Хазреті Сұлтан әз-машайық еді.

Ахмет ғұламаның қасиет дарыған сөзімен алаңдағы халықтың кеудесіне Алланың ақ нұры себілгендей. Имандылық, адамды құрметтеу, тірі жан иелеріне қамқорлық, жаратылыс-табиғатымызбен жарасу, бүліншілікке, ысырапшылыққа, нысапсыздыққа жол бермеу туралы уағыздары тыңдаушы жүрегіне жол тауып жатты. Зейінімен тыңдаған адам ғұлама уағыздарының көбі шебер ұйқасқан өлеңмен айтылып тұрғанын байқар еді. Көктемнің шуағындай маужыратып, жаныңа жәйлі тиер мақаммен айтылған ұлағат сөз-даналық сөз әр тыңдаушының көкірек көзін ашқандай. Шәкірттің түсінуінше ислам талаптарында адамның қолынан келместей, оның қалыпты өмір сүруіне қиындық келтіріп, ауырлататындай қағидалар жоқ екен. Ислам – адамзат ұрпағының бойындағы асыл қасиеттерді біздің мына пәнилік өмірдің алғы шарты етіп қойып, өзіміздің бақилық өмір байлығымызды жасауды түсіндіретін рухани уағыз екен. Мұсылман екенсің – адамгершілік жолды таңда, адамдық атыңды сақта, білімге талпын, ғылымды игер, жаратылыстың тылсым сырын, ғажайып мінсіз заңдылықтарын ұғуға асық, сөйтіп Алланың адастырмас ақ жолына бағыт ал!

Тыңдаушыға сөзінің жеткенін, олардың жүрегіне имандылық ұрығын себе алғанын, жұртшылықтың өзіне

деген ынтасынан байқаған Ахмет шарифат тармақтарын түсіндіре келе:

Тыңдалар сөздерімнің сөйлеп бәрін,
Жанымның тазалығын айғақтадым.
Жетім мен пақырлардың ойлап қамын,
Көңілі тоқ кердеңдерден қаштым міне,— деп,
бір кідіргенінде, көпшіліктің ортасында ұйып тыңдап тұрған болашақ шәкірт Ахметтің «Хикмет» кітабынан келесі шумақтарын жалғап әкетті:

...Әуелде ақыл-ойдан кенде болдым,
Біртіндеп білім алып жөнге келдім.
Тартынып көп қызықтан пенде болдым,
Алланың ақ жолына түстім міне.

Тау қыранының саңқылындай айқын дауыс, өзі іздеген Ұстазының ғұлама тереңдігіне тәнті болған жігіттің жүрек тереңінен шыққан ынтық дауысы көпшіліктің де, Ахметтің де зейінін аударды. Балаң жігіттің ұшқын атқан жанары мен нарттай алаулаған жүзінен оның ұлы Ұстазымен кездесу сәтіндегі шексіз бақыттылығы аңғарылатындай еді. Болашақ шәкіртін бар болмысынан таныған ғұлама оны ыммен жанына шақырды. Жұрт айырылып жол берген шәкірт Ұстазына бағыттап жүріп келеді, оның өлеңдерін жатқа төгіп келеді:

...Қу нәпсім құлдыратар сәтті ойлады,
Діндардың елге шыққан көп қой зары.
Ал, сайтан ақ жолымнан қақпайлады,
Нәпсімді,— елірме деп,— ездім міне.

...Пақырға шаттық нұрын құйған кісі,
Ғарыпқа ғазиз жанын қиған кісі,
Кісінің болары анық имандысы,
Бұл сөзді Хақтан естіп айттым міне.
Жас жігіт мінберге жақын келіп ұстазына бас иіп, жүрек тұсын ұстап, тәжім етті.

— Рахмет, інім, арманыңа жет! Есімің кім?

— Сүлеймен — деді жас жігіт.

— Менің өлеңдерімді жаттап алғаныңа қарағанда

Алланың ақ жолын қалағанға ұқсайсың. Талабыңа нұр жаусын, інім!

Кейінде,

Қараса Қағба тап қасындағыдай көрінген,
Аяғын басса жер қысқарып түрілген,
Ладуни ғылымы өн бойына үйірілген,
Пірім Ахмет Йассауи –

деп артына сөз қалдырған зерек шәкірті Сүлеймен Бақырғани осылай кездесіп еді Ұстазы Қожа Ахмет Иассауимен.

-Қадірлі ұстаз, «Диуани Хикмет» кітабыңыз бәрімізге түсінікті көне түркі тілінде жазыла тұрса да, кейбір сөздеріне түсіне алмаған жәйім бар. Айып етпесеңіз...

– Білмегенді сұрағанның айыбы жоқ, сұра!
Өтті өмірім шарифатқа жете алмадым,
Шарифатсыз тарихатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтем достар –
деген жолдарды түсіндіріп жіберсеңіз?

– Жарайды. Шарифат – ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы.

Тарихат – сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізетін жол, екінші сөзбен айтсақ, шарифатты бойына сіңірген (меңгерген) адамның ақиқатқа апаратын жолы.

Мағрифат – дін жолын тану, оны оқып білу, екінші сөзбен айтсақ, бақи дүние ғылымы, түпсіз терең білім, ақиқаттың айнасы.

Хақиқат – Ақиқаттың ақиқаты – Алла тағала. Хақиқатқа жетуді – Алла тағаламен табысу деп ұқсақ дұрыс болар. Хақиқатқа жету – Алланың ақ жолымен табысу, ақиқатқа көз жеткізу – адам үшін өте азапты жол, бірақ мүмкін нәрсе. Хақиқатқа жету үшін шарифатты, тарихатты, мағрифатты, толық меңгеру керек.

Мұхаммед пайғамбарымыз:

«шарифат – менің айтқан сөздерім, тарихат – менің жасаған іс-амалдарым, ал Хақиқат – менің ішкі сырым» – деген екен.

Ғұлама ой үстінде

Қожа Ахмет қала шуынан шығып, Сырдың жағасындағы төбе басында ой кешуде.

...Ата-ана алақанындағы кешегі бір тәтті күндер өтті де кетті. Кіндік қаны тамған қасиетті топырақ Испиджаб қаласы еді-ау. VIII ғасырдағы Түргеш мемлекетінің ірі сауда және мәдени орталығы болған Испиджаб – араб қолбасшысы Кутейбаның жойқын шабуылына Шаш төзе алмай, тізе бүккенде, тойтарыс бере алған батыр қала. Бұхардан білім алған кездері де күні кеше. Рухани ұстазы, тәрбиешісі атақты шайқы Арыстанбабтың жөн сілтеуімен білім соңына түскен айлар, жылдар...

Уақыт керуені байқаусыз өтіп жатыпты. Уақытпен санасқан бұл жоқ, Фарабтың әлемге әйгілі кітапханасында ғылымның ең тереңінен маржандарын терді. Жерлесі Әбу Насырдың философиялық түйіндерімен пікірлесіп, өзіндік ой түйді. Бұнда әйгілі ақын Абдаллах Әбу-аль Аббастың, өзге де шығыс ғұламаларының шығармаларын оқып, жаттады. Атақты Ибн Синаның, Әбу-ар-Разидың дәрігерлік энциклопедияларын, Архимедтің, Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезмидің математикасын, Әл-Баттани мен Әбдірахман ас-Суфидің астрономиясын парақтап шығудың өзіне қанша уақыт керек?! Атшаптырым «Білім Ордасы» лық толы кітап: бұзау терісі, сандал ағашы, піл сүйекті мұқабасы алтынмен апталып, күміспен күптелген, зерлі, әшекейлі, мыс, жез ілгешекті Ұлы ұстаздан жеткен киелі мирас, ұрпақ пен ұрпақты жалғастырап өткеннің дана өсиеті.

Әлемнің Екінші Ұстазы «егер адам баласы біріне-бірі қол ұшын берсе, жер беті жақсылық ордасына айналар еді» – депті-ау. Өздігінен білмейтіндер ақылдының осы сөзін жолбасшылыққа алса-шы. Ел басқарғандар дүниеге қызығып, қара бастың қамымен кетпей, ел тағдырына, оның амандығы мен тұрмыстың жақсаруына қызмет етсе, халқын имандылыққа, мейірім мен бірлікке ұйытса... Мынау фәниде зорлық-зомбылық, ұрлық-қарлық, зұлымдық пен сатқындық,

дүниеқоңыздық сияқты адамдық емес әрекеттер қашан тыйылар? Адамдық сана ол деңгейге қашан көтерілер? И-иә, бұлар әзірге арман ғана.

Фараб кітапханасындағы көздің жауын алар ең байлықтың ішінен ол өзіне ең қажетін, іздегенін тапты. Ол – құранды түсіндірген көп томдық қолжазба. Құран кәрім, ойлап отырса ғылымдардың негізі екен ғой! Күн өткен сайын тереңіне бойлай берді, бойлай берді. Құранды зерттеуге балаң жігіт кезінде бастап отырған ол бір бас көтергенінде байқаса, орта жас-тан асып барады екен! Исламды қандай деңгейде игерді, ол бір Аллаға ғана аян. «Білімді болу, ғылымды игеру бір жұмыс, оны көпшілік қажетіне жаратқанда ғана, өзгелерге үйреткенде ғана сауап болады» емес пе еді? Ұстазы Арыстанбабтың да нұсқауы осылай болатын. Ендігі қалған ғұмырымның тең жартысын оқу-ізденуге арнасам, қалған жартысын халықты уағыздауға, өзімнің ісімді жалғастырар шәкірттер дайындауға арнайын деп шешті Ол.

Қожа Ахмет Йассауи – кім?

Күндердің бір күнінде сонау Араб елінен есімін жұмбақ ұстаған бір адам Иассы қаласын, ондағы дүниеге атағы жайылған ислам дінінің ғұламасы Қожа Ахметті іздеп келеді. Ғалымның сырқаттанып жатқанын сылтау етіп, беймәлім адамды Ахметке тікелей жолықтыра қоймапты.

– Егер қарсы болмасаңыз, Ұстазға қояр сұрақтарыңызға мен жауап берейін, – дейді Сүлеймен шәкірті. Жолаушы сұрағын қойыпты:

– Алдымен Түркістан, Иассы атауларын түсіндірсеңіз.

– Түрік тайпаларының ғасырлар бойы кір жуып, кіндік кескен Отаны болғандықтан осы өлке Түркістан деп аталады. Өлкеміздің жарқын болашағы әлі алда! Сіз оны еститін боласыз, құрметті жолаушым. Мына түстік құбылада қол созымда аты әлемге әйгілі, дүниедегі Екін-

ші Ұстаз атанған Әбу Насырдың мекені Фараб қаласы көрініп тұр. Байқауымша оқыған адамға ұқсайсыз. Фарабтағы атағы шартарапқа жайылған «Білім Ордасы» – кітапхана туралы есітуіңіз болар. Оны біздің өлкенің ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани байлығы десек орынды.

Ежелгі Тұран жеріндегі Түркістан атты өлкеміз әлемдік көне мәдениеттің ірге тасы қаланған қасиетті жер десем келісетін боларсыз – дегенде,

– Сендірдің, Түркістанның ұланы Әбу Насырдай, Қожа Ахметтей ғылымдағы алыптарды туғызған Елің құрметтеуге лайық. «Ерін ұлығылаған ел азбайды» дейді бізде, еліңнің болашағы барлығына сендірдің, – деді жолаушы.

– Ал, Иассы осы өлкенің орталық қаласы. (Иассы – Түріктің бір тайпасының аты). Онымен қатар Жібек Жолы бойында Сауран, Тараз, Баласағұн, Жаркент қалалары бой көтеріпті. Иассы қаласы барлық түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы бас қосқан астанасы болумен бірге, олардың рухани орталығы да. Өйткені бұл қалада мұсылмандықтың нұрын шашқан Қожа Ахмет Йассауи Хазреті Сұлтан әз-машайық тұрады.

– Біздің елде машайық деп екі дүние (пәни және бақи) ғылымын толық меңгерген адамды айтады. Оған Хазреті Сұлтан атағы қосылғанда, бұл тіркес машайықтардың ұлығы ұғымын береді-ау, шамасы. Ғалым жөнінде айта түсіңізші.

– Түркі еліндегі аса ірі ақындардың бірі. Елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты уағыздаған замандастары Ахмет Үгінеки, Махмут Қашқари, Қарабуралар арасында асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, қайырымдылық пен мейірімділікті өміріне арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, ғұлама ғалым Қожа Ахметтің орны бөлек. Дүниежүзілік діни философияны терең зерттеген адам. Біздің елімізде алғашқы болып ислам дінінің Алла тану (ладуни) ғылымын толық меңгерген. Ладуни ғылымын меңгерген адамға бұл

пәни дүниедегі уақыт пен кеңістік өз үстемдігін жүргізе алмайды екен.

Қараса Қағба тап қасындағыдай көрінген,
Аяғын басса, жер қысқарып түрілген, –
дегендей, біздің ғұлама Ұстазымыз барам деген жері-
не көзді ашып-жұмғанша бара алатын, көрем дегенін
қанша алыстан да көре алатын қасиетке ие.

– Рахмет, текті елдің ұланы. Түркістанның өркендей
берсін!– деп қоштасыпты жолаушы.

Мызғып кеткен болар деп

Ғұлама өмірінің соңғы жылдарын жер астында
мінәжатханада өткізеді. «Пайғамбар жасына келдім,
енді бұдан былайғы өмірім күпірлік болмақ» – деп,
өмір бойғы жиған-тергенін, көрген-сезгендерін, оқып-
білгендерін ой елегінен өткізіп, өзінен кейінгілер үшін
жазып қалдыруға жұмыстанады.

Ұстанып сүннеттерді болдым үммет,
Кеудемде жер астында толды нұрлы от.
Жасаймын жаратқанға мәңгі құрмет,
Жалғанның қызығынан бездім міне.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді». Сол хат
өлмес үшін, айтылар ой ақыл елегінен өткізіліп, оны
жеткізер сөз хас шебердің қолынан шыққан мүсіндей
көз тартып тұруы керек-ау. Бұл жөнінде арабтардың
талғамы жоғары болатын деп, Әли әл-Хусридың
«Әдебиет гүлі» кітабын ашып отыр.

«Зергер айтты:

Зерлі сөзді маржандай құлпыртудың ең тиімді
жолы-қырағы ойдың қырымен тесіп, әсем пікірдің жі-
бек жібін өткізіп, асыл тастай құлпырған мағынасын
моншақтай тізіп тыңдаушының мойнына ілу.

Иіс май сатушы:

Аңқыған асыл сөз-хош иісі кермек ойға қосылған,
жұтқанда-бал, ескенде самал, жұпар иісі жүйкенді
жібітіп, бал дәмі білімдіні майдай ерітеді.

Алтын бұйымның ісмері:

Зейінді сөз-отты ойдың жалынына қызып, көреген көздің жанарында балқып, көп сөздің қоқымынан тазарып, тұңғыық ойдың тұнығында саф алтындай жарқыраған...»

Міне, осы талғаммен берілуі керек менің жазбақ ғибратым, менің «Диуани Хикметім»! Осы мақсатпен Ол енді ой теңізін кешіп, тереңінен сөз маржанын теруге отырды.

«Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағын, Баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын»-депті-ау. Хикметіңіздің күні енді туды, асыл баба!

*

* *

Мұсылмандықпен дүние көркі толар деп,
«Хикметіңізді» өз халқыңа сыйладың.
Бір-ақ сәтке мызғып кеткен болар деп,
Аяқтауға Баба өмірін қимадым.

*(Қожа Ахмет өлеңдерінің шағатай тілінен ақын
Жарасқан Әбдірашевтің аудармалары пайдаланылды.)*

ҚҰРАН – ҒЫЛЫМДАР НЕГІЗІ

Наурыз айының басы. Село тұрғындарының жалпы жиналысы көктемгі егіс жұмысын ұйымдастыру туралы талқылап, шешім алынды. Үнемі ауыл жайы толғантып жүретін село әкімі жиналыс соңында көпшілікке мына ойын айтқан еді:

– Ауылдастар, ауылымыздың аты түгел Республикамызға танымал. Кезінде Хан Ордасы болған әулиелі топырақ. Өкініштісі сол, киелі жерде отырып, жастарымызға үлгілі тәрбие бере алмай келеміз. Соңғы айларда жастар арасында, оның ішінде мектеп жасындағылардың тәртіпсіздігі көбейіп кетті. Себебі айтылып та, жазылып та жүр: жұмыссыздық, жасөспірімді

ата-ананың, мектептің үнемі қадағаламауы, үлкеннің жағымсыз әсері, теледидардағы әдебімізге жат көрсетілімдер мен ату-шабу, қанішерлікті уағыздайтын фильмдер тағы-тағылар. Көріп отырмыз, солардан болды деп қойғаннан жағдай өзгертін емес.

Ұрпақ өзіміздікі, ойланайық, ағайын !

Ислам діні – бабаларымыздың дінінің адамгершілікті уағыздайтыны бәрімізге белгілі. Ауылымызда мешітіміз, діни сауатты имамымыз да бар. Жастарымызды дінге уағыздап көрсек қайтеді. Оның қандай ұтымды жолдары бар деп ойлайсыздар?

– Шырағым, айтып тұрғаның бәріміздің бас ауырттып жүрген мәселеміз – деді, соғыс ардагері ақсақал, – егер көпшілік қолдаса, аталған шаруаны терең ойластырып, іске асыруды жоспарлайтын білікті алқа құралық. Көпшілік ақсақал пікірін қолдап, құрамында ауыл имамы, селодағы орта және кәсіптік мектептер өкілдері, тәжірибелі мұғалімдер, бірнеше ақсақалдар мен ата-аналар бар алқа құрылды. Арада аз күн өтті. Алқаның алғашқы мәжілісінде ауыл имамы сөз алды:

– Қолға алған ісіміздің Алла оңын келтіргей.

Жамағат, әр істі бастаудың өз реті болатыны сияқты исламды уағыздаудың да өзіндік ерекшелігі бар. Жастарға беретін тәрбиеміз, діни уағызымыз нәтижелі болуы үшін мектептегі мұғалім де, үйдегі ата-ана да балаға мұсылмандық талаптарды қоя білумен қатар, өздері де орындап, үлгі көрсетулері керек.

Бүгінгі ата-ана, мұғалім осы іске дайын ба? Болмаса, баладан бұрын үлкендерді оқытып алуымыз жөн бола ма?

– Өте орынды пікір, – деді ақсақалдардың бірі, – біз кешегі кеңес заманында өсіп, есейгендер дінді білмей өстік, балаларымызға да үйрете алмадық. Енді немерелерімізді мұсылман қатарынан көру үшін, оның атасын да, әкесін де қоса оқытуың дұрыс.

Алғашқы мәжілісте ақылға сыйымды ұсыныстар көп болды, олар талқыланды да. Пікірталастар да болмай қалған жоқ. Ұзақ талқылаудан кейін өздері алған

шешімді алқа кешіктірмей мектепте кезектен тыс шақырылған ата-аналар жиналысына ұсынды.

Олар:

–Жастарға діни уағыз өз нәтижесін беру үшін алдымен олардың ата-аналары мен мектеп мұғалімдеріне (ауылдың қажет деген үлкендеріне) мұсылмандық жөнінде түсінік берілсін.

–Үлкендер үшін уағыз сабағы ислам дінінің ақиқаттығына, әділеттілігіне және оның халыққа қажеттігіне көпшіліктің көзін жеткізетіндей нақты дәлелдермен түсіндірілсін.

–Дінді насихаттау жұмысына имаммен қатар ауыл мұғалімдері тартылсын. Олардың өз саласы бойынша таңдаған тақырыбын дайындауына 6 ай мерзім берілсін. Сөйтіп, жаңа оқу жылының басталуына дейін бұл іске мұғалім, ата-ана дайын болсын.

Жиналыс алқа ұсыныстарын орынды деп тапты, сол күйінде бекітті. Үлкендер сабағы тамыз айынан бастап апта сайын жұма намазынан кейін, мәдениет үйінде өтілетін болды. Бұл жұмысқа мектептер басшылығы, әкімшілік, ақсақалдар және ауылдың осы іске жанашыр азаматы қамқорлық жасасын деп шешілді.

Бүгін үлкендер үшін ауылымызда дін сабағының басталар күні. Адам аз келеді-ау деген күдік орынсыз болды. Келушілер селоның мәдениет үйіне сыймай кетті.

Араб елі сонау VII ғасырда меңгеріп алған Ислам құндылықтарының әліппесімен танысуға біздің ауылдың тайлы-таяқтысы бүгін, XXI ғасырда жұмылудамыз. «Ештен кеш жақсы» деген халықпыз. Сәтті болғай!

Ауыл имамы бәрімізді «Ислам адамға не береді?» тақырыбындағы әңгімесімен мұсылмандықтың құпия әлеміне бастап әкетті.

– Ислам діні адал еңбек етуді, кісі ақысын жемедуді, қайырымды болуды, ата-ананы сыйлауды, Отанды сүюді, иманның берік болуын, білімді болуды, тән және жан тазалығын қатар ұстауды насихаттайды екен.

Исламның мақсаты – адамзат үшін бейбітшілік,

теңдік, достық, туысқандық болуы, бейбітшіліктегі әділетті қоғам орнауы – көрінеді.

Ұстанатын қағидасы – мұсылман мұсылманға дос, жолдас, бауыр – дейді. Көбі құлағымызға жағымды, жанымызға жақын сөздер, кешегі коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінен жаттағанымыз. Апыр-ау, сонда коммунистер армандаған қоғам... Бұл ойды түптей бермей, имам уағызына құлақ түрелік.

Исламның дінді мойындайтын адамға қоятын талаптары түсіндірілуде.

Олар: сабырлылық, сыпайылық, сыйластық, көршімен, ағайынмен татулық, кешірімділік, қанағатшылдық, обал мен сауапты білу, табиғатты аялау, уәдеге беріктік, ғылым-білімге ұмытылу екен. Ақылға салып қарасақ, ислам қағидаларында біздің өмірімізді қиындататындай немесе кедергі жасайтындай талап жоқ екен. Исламның бес шарты айтылуда: иман, намаз, ораза, зекет, қажылық. Намаз сабағын білмеген адамды ешкім де таяқтап намазға жықпайды, алдымен үйреніп алсын.

Шаруа (жұмыс, денсаулық) жәйі тартпаса, ораза ұстай алмайсыз. Малыңыз болмаса, әрине, зекет бере алмайсыз, қажылыққа қалтаңызда мол қаржы болғанда ғана бара аласыз. Ал иманды болу, жан тазалығын сақтау, ислам талаптарын түгел орындау мұсылманнан әрдайым талап етіледі екен.

– Сонымен, ислам адамға не береді дедік – деп, имамымыз айтылғандарды пысықтап жатыр.

– Мына пәни өмірде бір-бірімізге бауырдай қарасып, достықта, сыйластықта өмір кешсек, ұрпағымызға адамдық үлгіміздің қалғаны, ал өзіміздің бахилық ғұмырымыздың іргетасын жақсылықтан қалағанымыз болады.

Сөзін аяқтаған имамға сұрақ та беріліп үлгерілді.

– Исламның бес шартын түгел орындауға менің шамам жетпей жатыр. Өзімді мұсылманмын деп айта аламын ба?

– Ақсақал, ниетіңізді түгелдей исламға арнасаңыз, «Алла – бір, Құран – шын, Пайғамбар – хақ»-тың мағынасына жүрегіңіз таза болса, мұсылмандыққа бет бұрғаныңыз. Бірақ, мұсылман екенсіз –исламның шарттары мен талаптарын орындауға өмір бойы ұмтылыңыз.

Келесі сабақ көпшіліктің ұсынысы бойынша «Құранның қасиеттілігі, Құран сөзінің мағынасы» туралы болды.

– Жаратушымыз өзінің адамзатқа айтар ақыл-өсиетін, әмірін қамтыған киелі сөзін Құран Кәрім арқылы Мұхаммед пайғамбарға жіберген. Бұған дейін де бірнеше кітаптар жіберілген.

Мысалы, Дәуіт, Мұса, Иса пайғамбарлар қабылдаған Зәбүр, Тәурат, Інжіл кітаптары. Олардың алғашқылары жоғалған, соңғылары насихатшы тарапынан өзгерістерге ұшыраған. Сөйтіп, тіршілік өз бетімен жөнсіз кетті. Жер бетіндегі тіршілік атаулының саналы тобы – адамзат қоғамы оң бағытта дамуы үшін оған жол сілтеуші ретінде Құран түсірілген. Тек Құран сөзі ғана түпнұсқа күйінде сақталған.

Құран – ислам мәдениетінің түп қазығы, бүкіл дүниенің сыры да, өмір тіршіліктің қағидасы да сонда жинақталған. Ол – сарқылмайтын ілімнің қайнар көзі, ғылымдар негізі.

– Жамағаттар, біз Құран жөніндегі пікірімізді бұған дейін жәй сөзбен түсіндірдік. Кейбіріңізге нанымсыз да болуы мүмкін. Енді Құран Кәрімнің мазмұны, қасиеті туралы өмірлік дәлелдер келтірелік – деп, имам ауыл мұғалімдеріне кезегімен сөз берді. (Бұл шара – турасын айтсақ ауыл мұғалімінен Құранның насихатшысын жасау оңайға түспеген еді. Дегенмен жүрек жылуын балаға деп арнаған ұстаз емес пе, ортақ іс үшін ақсақалдардың айтқанынан шыға алмады. Сөйтіп, мұғалімдердің іріктелген тобы алты ай бойы дайындалды. Діни газет-журналдар оқылды, аудандық, облыстық кітапханалар араланды, облыстық мешіттің діни мамандарымен бірнеше рет кездесілді. Сол маманның бірі бүгінгі сабаққа

шақырумен қатысып отыр) Алдымен көпшілік алдына география мұғалімі шықты.

– Тау табиғатын зерттеуші геолог, жапондық профессор Сиеведа «Матеріктік және су асты тауларының ерекшеліктері мынада: олар бейне жерге қағып кіргізген қазықтар сияқты. Олардың жер астында жалғасы бар» – деген ғылыми жаңалығын жариялаған. Ғалым бұл зерттеуіне бірнеше ондаған жылдарын арнаған екен. Оған Құранның 78-сүресінің 6-7 аяттарындағы «сіздер үшін төсеніш етіп жер, оған қазық етіп таулар жаратылды» деген – сөзді оқып бергенде, ғалым таңқалыпты. Оның ХХ ғасырда ашып отырған жаңалығы бұдан 14 ғасыр бұрын жазылған Құранда тұрса, таңғалмағанда қайтеді?! Кездейсоқ сәйкестік болар десеңіздер, келесі мысалды қаралық. Дүниежүзілік мұхиттар астындағы не бір ғажайып құрылым мен су жәндіктері тіршілігі жөнінде тамаша деректі фильмдерімен көпшілікке таныс француз океанографы, ғалым Жак Иф Кусто теңіз астында әртүрлі бағытта ағып жататын өзендер барын, оның суының теңіз суымен қосылмайтынын, температурасы, тығыздығы, тұздылығы әртүрлі екенін көріп таң қалған. Сөйтсек, бұл да Құранда жазылыпты:

55-сүре, 19-20 аяттар.

Ғалым өз жаңалықтарын су үстімен ғылыми зерттеу станцияларының және жердің жасанды серігінің көмегімен ашқандығын айтқан.

Мектеп оқулығында айтылатын жер бетіндегі топырақта, атмосферада ылғалдылықтың алмасу заңдылығы Құранның төменгі сүрелерінің аяттарында жазулы көрінеді:

23: 18-19; 7:57; 75: 48-49; 30:48;

Физика маманы сабақты жалғастырды.

– АҚШ профессоры, атақты геолог Альфред Кроне сан жылдарғы зерттеу жұмысы және электрондық есептеу техникасы көмегімен «Жер мен аспан денелерінің шамамен бір уақытта жаралғандығы туралы» қорытынды жасаса, ол Құранда, оның 21-сүресінің 30-аятында жазулы екен.

«Бұл ядролық физикадан хабарсыз, электрондық

кұралсыз адам баласының ойы жетуі мүмкін емес нәрсе» – дейді ғалым.

Адамзат баласының, оның ішінде талантты ғалымдарының соңғы он ғасыр кезеңінде «Аспан денелерінің пайда болуы, табиғаты, қозғалысы» туралы ашқан заңдылықтары, жасаған қорытындылары Құранның төменгі сүрелерінің аяттарында жазулы тұрған болып шықты: 41: 11-12; 25: 61; 7:54; 21: 11, 30, 33; 36: 40; 39: 5; 71: 15-16; 36:38

Араб тіліндегі құран сөзін түсіне де, оқи да алмайтын адамға бұл айтқандарымыз сенімсіз көрінуі мүмкін. Сондай күмән болмауы үшін сіздерге әдейі алып келдім – деп, мұғалім Халифа Алтайдың қазақшаға аударуындағы Құран кітабын зал ортасындағы столға қойды, – қазақ тілінде жазылған, танысыңыздар, тексеріңіздер.

Алдымызда биология маманы.

– Француздың атақты хирургі, ғалым Морис Букель, АҚШ ғылыми зерттеу Ислам академиясының ғалымы Шейх Мұстафа, Канадалық анатомия профессоры доктор Кейт Мур ана жатырындағы адам ұрығының пайда болуы мен даму кезеңдерін сан жылдар зерттегенде келген қорытындылары (бұл ХХ ғасыр) – сонау VII ғасырдағы Құранда жазылғандармен дәлме-дәл шыққанын көріп таң қалған. Шынында да Құранның 86-сүресінің 5-7 аяттарында түсінікті тілмен ұрықтың пайда болуы, 23-сүренің 13-14 аяттарында жатырдағы ұрықтың даму кезеңдері анық түсіндірілген. Мысалы, ұрықтың 40 күнге дейін ұйыған қан түрінде болып, ал 42 күннен кейін ет-сүйегі, терісі мен көз-құлағы жасақтала бастайтыны айтылған. Бұл жазылғандар – бүгінгі күні ғалымдардың рентгендік, электрондық құралдар арқылы зерттеу нәтижесімен дәлелденіп отыр. Адамның жаратылуы туралы Құранның бірнеше сүрелерінде жазылған: 39:6; 15: 28; 4:1;

Құранда ғылыми ұғымдардың дәл және түсінікті берілуі ғалымдарды таң қалдырады.

Мысалы, АҚШ, Филадельфия университеті анатомия мен экспериментті биология профессоры, екі жүздеген ғылыми еңбек авторы Б.Маршалл Джонсон

1981 жылы Сауд Арабиясының Даммам қаласында өткен дүниежүзілік 7-ші медициналық конференцияда өз сөзінде: «Құран кітабы жазылған кезде (VIIғ.) мен бүгінгідей біліміммен болған болсам, Құрандағыдай деңгейде түсіндіре алмаған болар едім» – деп мойындаған.

Қырғыз қызы Раъно Азимова орыс тілінде аударған Мұхаммед Собирдің «Божественные чудеса» (Бишкек – 98ж.) кітабынан үзінді келтірсек: «...Араб тілін білмейтіндерге жасалған тәжірибе қорытындысында Құран сүрелерін мақамымен тыңдағандардың 97% ның ағзасында оң өзгерістер байқалған. Жүрек жұмысы жақсарып, жүйке жүйелері қалпына келген. Құран сүрелерін тыңдату арқылы өзге де ауруларға қарсы тұрарлық иммундық жүйені жақсартуға болатыны анықталды.» (12-бет) Әр адам өз жүрегінде Ұлы жаратушының аты Аллаһ сөзінің (араб әрпімен) жазулы тұрғанын біле бермес! Оны осы кітап авторы тауып оқыған және операция үстінде бірнеше адамның жүректерін өз көзімен көріп, жұрт көзінше дәлелдеген. (17-18-бет)

Кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы алдарыңызда жатыр, танысуларыңызға болады.

Тарих пәні мұғалімін тыңдап отырмыз.

Құранға күмән келтірушілер тілге тиек еткендей, жан-жақты ғылым жетістіктерін бойына жинаған Құранды бұдан 14 ғасыр бұрын Мұхаммед не оның қатарлары жаза алмаған болар еді.

–Құранның ақиқаттығын, оның ғылымдар негізі екендігін дүниежүзінің көптеген ірі-ірі ғалымдары мойындаған.

– Құран – адамзаттың ақыл-ойының жемісі деуге сыймайды дейді олар – ол Жаратушының сөзі екендігі ақиқат. Колорада университеті профессоры, доктор Уильям V.Хэй, Вашингтон университеті профессоры Джеральд С.Горинджер, Канада университеті профессоры, анатом Т.Н.Персод, Жапон ұлттық Астраномиялық Обсерваториясы директоры, профессор Йошихид Козай, АҚШ тағы исламдық ғылыми зерттеу қоры президен-

ті, доктор Закир Наик, Тайландтан-Теджата Теджасен, Техастан – Джо Лей Симпсон тағы тағылар өз салалары бойынша ғылымдағы соңғы жаңалықтардың Құранда бұрыннан жазылып қойылғанын көзбен көріп, оның адам қолымен жазылуы мүмкін еместігін мойындаған, аталған ғалымдардың көпшілігі мұсылмандықты қабылдаған. Олардың дәлелдеуінше, Құранды адам жазуы мүмкін емес, ол – Алланың әдейі жіберген кітабы.

Компьютерге салып қарағанда да Құран сөздерінің осы заман ғылымының соңғы жетістіктеріне қайшы келер тұстары табылмаған. Құранның 2-сүресінің 256-аятында жазылғандай, ислам дінін тарату, оны қабылдауда ешқандай зорлық, күштеу болмаған, еріктілік негізінде іске асырылған. Дәлелдер келтірсек:

Эдвард Гиббон: «Мұхаммед миссиясының керемет табысқа жетуі ешқандай да алмас қылыштың көмегі емес, Мұхаммедтің керемет ахлақтық күшінің арқасында болған нәрсе» («Сарацин империясының тарихы», Лондон 1870ж.), Де Ласи О, Лиари: «Мұсылмандардың фанаттық қозғалыстары Исламды қылыштың күшімен орнатты дейтін сандырақ тарихшылардың ойлап тапқан өтірігі» («Ислам – жолайрықта», Лондон, 1923ж.)

Исламның алмас қылышы – мұсылмандардың Аллаға деген сенімі. Сол сенім арқылы ислам әлем халықтарының алтыдан бірінен астамын қамтып отыр және күн санап көбейіп келеді. Өйткені Ислам – бір ұлтқа, қауымға ғана емес, күллі ғаламға жіберілген дін.

Сабақ соңында уағыздаушыларымыз өз тыңдаушыларын Құранның қазақша аудармасымен, академик Әбіл Ахметтің «Құран – ғажайып сырмен көзбе-көз таныстыру» кітабымен, медицина ғылымы докторы Шаһизинда Жанәділұлының «Алла – жалғыз жаратушы немесе жүйе туралы қағида» атты ғылыми еңбегімен, «Шапағат-Нұр» және «Ислам әлемі» журналымен таныстырды. Келесі уағыз сабағымыз Пайғамбар хадистері туралы алдағы жұмада болады. Келем деушілерге есік ашық!

III ТАРАУ

**ТАРИХ ТУРАЛЫ
ОЙЛАР**

ТҮРІК ТУЫСТАР ТУРАЛЫ

1991 жылы 16 желтоқсанда 18 сағат 04 минутта Қазақ елі Парламенті мемлекетіміздің тәуелсіздік декларациясын жариялады. Сол күні жарты сағаттан кейін 18 сағат 44 минутта Түркия біздің Республиканың тәуелсіздігін алғашқы болып танып, құттықтады. Ол кезде Түркия түркі тілді елдер ішіндегі тәуелсіз бір ғана ел болатын.

Бүгінгі Түркия жер көлемі жөнінен ірі мемлекеттердің бірі, екі құрлыққа созылып жатыр. Мемлекет 780,6 мың шаршы шақырым аумақты қамтиды. Халқының саны 40 млн-нан астам. Елдің оңтүстігі Жерорта теңізімен, батысы – Эгей, солтүстігі – Қара теңізбен шектесіп жатыр. Атақты Босфор, Дарданелл бұғаздары осы Түрік жерінде. Жан-жағы сулармен қоршалғандықтан туысқан Түрік елінің табиғаты өте әдемі, демалыс орындары да көп.

Түркілердің Анадолыға қоныстануы

Жалпы түркітектілердің тарихы, олардың тайпалық бірлестіктерінің өзара туыстық байланыстары, мекендері туралы мәліметті Әбілғазының «Түрік шежіресінен», Қадырғали Жалайыр мен Рашид-ад-Дин деректерінен табамыз. Шежіре кейін, Шәкәрім мен М.Тынышбайұлының, С. Аспендияров пен Ә.Марғұланның, С.Аманжолов, Е.Бекмаханов және Т.Қоңыратбаевтардың зерттеу еңбектерінде кеңірек әңгімеленеді. Н.Мыңжан мен Ә.Байбатша, Б.Кәрібаев, өзге де тарихшылар зерттеулерінде түркі тайпалары туралы құнды деректер бар.

Түркілер Түрік елінің бүгінгі мекені Кіші Азияға XI ғасырдың екінші жартысында келген. Академик М.Қозыбаев дерегінде қыпшақтар 1071 жылы Анадолы түбегінің бір бөлігін жаулап алып, сонда қоныстанған. 1*

Келесі бір деректе түркінің оғыз тайпасы Селжұқ ханының бастауымен Анадолы түбегінде XI-XIV ғасырларда дәуірлеген Кония сұлтанаты деп аталған мемлекет құрғандығы айтылады. Рашид-ад-дин дерегінше Анадолы түбегін жаулаушы селжұқ әскерінің көпшілігін қаңлы сарбаздары құрапты. 2*

VIII ғасырдың соңына қарай, шығыстан Қытайдың қысымымен батысқа қоныс аударып бастаған Қидандар жолындағы Таулы Алтай аймағындағы қалың Қыпшақты Қазақ даласына ығыстырды. Сарарқаға қоныс аударған Қыпшақтар Сырдарияның төменгі жағындағы Қаңлы тайпаларын жапырып өтіп, Батыс аймақтарды жаулап ала бастады. (Сөйтіп, тарихтағы Дешті Қыпшақ атауы пайда болды).

Қыпшақтардың (дұрысы қаракытай – Қидандардың) қысымынан Сырдың орта және төменгі ағысындағы Қаңлы елі, оның құрамындағы оғыз тайпаларының бір бөлігі Иранның солтүстік – шығысы, Мерв маңындағы оазисті аймаққа – Хорасанға қоныстанады. XIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы моңғол шапқыншылығы оларды Хорасаннан кетуге мәжбүрледі. Шыңғысханның жарты миллион әскеріне қарсы тұра алмаған Қаңлының елу мың отбасы көсемдері Сүлеймен шейхтың бастауымен Рум жұртына қарай үдере көшкен. Бұлар қаңлының қайы тайпасынан болатын. Византия жеріндегі Кония сұлтаны Хорасаннан ығысқан қандастарына жер бөліп береді. Сөйтіп, Анадолы түбегінде бүгінгі Түрік елінің негізі қаланады. XII ғасырда-ақ моңғол шапқыншылығынан бір ғасырдай бұрын Қидандардың қысымымен Қаңлы елінің негізгі бөлігі өздерінің ата қонысы Тұран өлкесінен көтеріле көшіп, Анадолы түбегіндегі қандастарына қосылып, кейінірек дүниеге аты әйгілі болған Осман империясын құруға атсалысады. 3*

Осман түріктерінің ата-тегі – Қаңлылар

Қаңлы – ерте заманнан бері бүгінгі Қазақстан жерін мекендеп келе жатқан ірі тайпалардың бірі, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған көне түркі тайпаларына жатады. Бүгінгі Түркия мемлекетінің халқы осы Қаңлыдан тарайды. 4*

«Ғұн, Үйсін және Қаңлы – түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттер. Олар бір заманда қатар жасап дәуірлеген» – деп көрсетеді ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдар. 5*

«Қаңлы – Ұлы Жүздің Үйсінінен тараған іргелі ру»– деп жазылған Шоқан шежіресінде. 6*

Жапон тарихшы-ғалымы Сираторидың жазуында қаңлы елі Оғызхан заманынан көп бұрын, б.д.д. II ғасырдан бері өмір сүрген. Ғалым «қаңлы» сөзінің мағынасы «қарулы, жақсы, жайсаң» дегенді білдіреді дейді. Қытай жылнамаларында Қаңлының түтін саны 120 мың, жан саны 600 мың, әскері 120 мың болғаны жазылған. 7*

Біздің жыл санауымыздан 2 ғасырдай бұрынғы заманда Арыс тайпасы билеушісінің отбасында дүниеге келген Үйсін батырдың ұйымдастыруымен сол кезгі бытыранқы сақ тайпалары бір орталыққа бағынған саяси тұрақты мемлекет болып қалыптасады. «Мемлекеттің халқы қауымдасқан сақтар, қасақтар – қазақтар атанды. Қазақ халқы сақтардың қауымдасуының нәтижесінде дүниеге келіп, мемлекет сақ тайпаларының Ұлы Одағы – Ұлы Жүз деп аталды. Мемлекет нығайған сайын билеушісі Үйсіннің айбары мен мәртебесі де асқақтап жайылды, ал оның халқын үйсіндер деп атауға көше бастады. Қазақ – Ұлы Жүз – Үйсін халқы осылай қалыптасады». 8*

Үйсіннің құрамына еніп, қуатты мемлекетті қалыптастыруға қатысқан сақ тайпалары Арыс, Асы, Ғұн және Қаңлы (Хансақтар) болды.

Тарихтың атасы Геродот Қаңлыны «царские скифы» деп бағалапты. Қаңлы елі Арыс өзенінің Сырдарияға

құйылысынан төменгі жағын – Тұран жазығын мекендеген. Қытай елшісі Чжан Цзянь Қазақ даласы арқылы Ұлы Жібек Жолын салу мақсатымен келген 128 жылғы сапарында «Қаңлылар дербес мемлекет, бірақ Ұлы Жүзге (Үйсінге) тәуелді» дегенді жазыпты. Тарих ғылымдарының докторы Зардыхан Қинаятұлы «Біз сақ мемлекетін шығыс сақтармен, қазіргі өз даламызда өмір сүрген сақтарды бүгінгі қазақ мемлекеттігімен тікелей байланыстырып қараймыз. Сақтардың шығыс бөлімінің негізгі тобын Қаңлы, Үйсіндер құрады. Страбонның «Шығыс сақтар дегеніміз – Қаңлылар» деген сөзі бар» – деп жазады. 9*

Үйсін мемлекеті Іле, Жетісу, Талас, Шу, Балқаш жағалауларын иемденсе, Қаңлы құлдық мемлекеті Амударияның солтүстігі, Бұқара, Қатта-Қорған төңірегі, Хорезмнің солтүстік бөлігі, Көне Үргеніш аумағын алып жатыпты.

М.Қашқари дерегінде Қаңлы – ел билеушінің есімі. Шоқан шежіресіне сүйенген Ә.Байбатша «Үйсін қайтыс болып, Ұлы Жүз мемлекетін билеген кейінгі хандар заманында Қансақ тайпасын бөліп алып, жеке билік жүргізген Қаңлы атты тұлға Үйсін ханның бір ұрпағы болып шығады» – деп жазады.

Қаңлылардан қалған ескі орындардан Арыс өзені жағасындағы Көк Мардан, Пұшықмардан, Қостөбе, Шаштөбе, Ахайтөбе, Шөлтөбе сияқты қалашық, қорғандарда темір балқытылып, орақ, пышақ, жебе ұштары, өзге де тұрмыстық құралдардың жасалғандығы археологиялық қазба жұмыстарымен дәлелденіп отыр. 10*

Аталғандардан өзге Қаңлы мемлекетінде Жанбас қала, Қорғанша, Базар, Қойқырылған сияқты құлдар күшімен салынған мықты бекіністер болыпты. Қаңлы мемлекетінің қыстық астанасы Битян қаласы Ұлы Жібек жолындағы ірі экономикалық және мәдени орталық болған. 11*

Қаңлының Орталық Азияда алғашқы құл иеленуші мемлекет болғанын, оның адамзат өркениетіне, түркі

әлеміне және қазақ болмысына қосқан үлесінің зор болғандығын жазады Қаңлы тарихын терең зерттеген академик ғалымымыз Әбдуәли Қайдар.

Осман батыр

Ертұғырыл – XIII ғасыр басында Моңғол шапқыншылығы басталып, Хорезм жерін жаулап ала бастаған кезде Сыр бойын жайлаған Қаңлы елінің бір бөлігін бастап, Кіші Азия жеріне көшіп кеткен Қайы Қаңлы Сүлеймен шейхтың баласы.

Моңғол шапқыншылығынан кейін, елде тыныштық орнағасын, араға алты жыл салып, Сүлеймен шейх Сыр бойына кері көшеді. Осы көштен елдің бір бөлігін бөліп алып қалып, Ертұғырыл Кония сұлтанының көршілес жауларын талқандауына көмектеседі де, Сөгеті қаласына тұрақтайды. Осы қалада 1258 жылы болашақ билеуші атын алған Осман өмірге келеді. Осы Осман батыр тегі Қайы Қаңлы, Кіші Азия жерінде жеті ғасыр бойы дәуірлеген Осман империясының негізін қалайды. Империяны 1300-1923 жылдар арасында өзі және оның ұрпақтары басқарып келді.

1282 жылы Ертұғырыл қайтыс болады. Бұл – Кония сұлтанатының бір-біріне тәуелсіз, ауызбірліксіз бөлшектеніп кеткен кезі еді. Сол бөліктердің бірін басқарып отырған әкесінің орнын енді Осман батыр басады.

Ержүрек, дарынды қолбасшы Осман сұлтанаттың ұсақ бөлшектерін бір мемлекет қоластына біріктіруді қолға алды. Бар күшті топтастырған Осман 1289 жылы Қарадж-Хисар қаласын, ал одан кейін гректердің Яр-Хисар қалаларын жаулап алады. 1299 жылы Осман өзін селжұқ мемлекетінің мұрагерімін деп жариялайды. Осы кезден бастап османдар әулетінің тәуелсіз билігі басталады. Әлеуметтік-экономикалық жағынан алғанда өзіне көрші елдерден көш артта қалған Осман мемлекетінің экономикасын дамытып, аумағын кеңейтуіне сол кезгі қалыптасқан саяси жағдай да, елдің орналасқан

географиялық орны да оң әсер етті. Олар үшін көрші Византияның әлсіреуі, елдің моңғолдар билік құрған орталықтан алыстығы дербес дамуға жол ашты.

Осман, оның ізбасарлары, Осман мемлекеті басшылары ислам дінінің тазалығы үшін, әділеттілік үшін жан аямай күреседі. Османның өлер алдындағы ұлына қалдырған өсиеті осыны дәлелдейді.

«Осман ұлы Орханға:

«...ілім адамдарына, халық үшін жанын пида еткен шейіттердің ұрпағына әрдайым құрмет көрсет. Алланы мойындамайтын, тапқан-таянғанын шарапқа жұмсайтын, зинақорлықпен айналысатындарды мемлекет істеріне араластырма. ...Бұлар халықпен жақсы араласпайды және де паракорлыққа бейім келеді. Мемлекетпен халыққа бұндай адамдардан зиян келеді. Алланың ақ жолын жақтап жорыққа шықсаң, мен де разы боламын. Әділетті бол. Біздің мақсатымыз – Алланың жолына қызмет етіп, оның дінін тарату. Сен де осы мақсат жолымен жүруге тиіссің» – деген өсиет қалдырыпты.

12*

Бабасы өсиетіне адал ұрпақтары күні бүгін де сол Осман батыр нұсқаған бағыттан таймай, мұсылмандықты ту етумен келеді.

Империя үшін күрес

1326 жылы гректердің Бұрса қаласын, 1331 жылы Никея қаласын алумен Византия иелігін тұтастай иеленді.

Осман құрған Түрік мемлекетінің басына, кейін отыз жылдай басқарған, Осман ұлы Орхан (1326-1359 жж.) келеді.

Өз елінің аумағынан тысқары жердегі жорықтарын түріктер 1389 жылдары бастайды. Осы жылы түріктер Косово даласында серб әскерін қирата жеңіп, олармен қоса, болгарларды, Македонияны бағындырады. 1396 жылы Еуропа елдері рыцарларының өзіне қарсы біріккен күшін тас-талқан етіп, Константинопольге таяйды.

Бұл кезде Найзағай атанған Баязит сұлтан бастаған түрік қарулы күштеріне Еуропада қарсы тұрар күш жоқ еді.

XV ғасырдың басында Анадолыға қаптаған қалың қолмен Әмір Темір басып кіреді. Ол 1402 жылғы Анкара түбіндегі соғыста түрік сұлтаны Баязид әсерін жеңіп, өзін тұтқынға түсіреді. Жаңадан ғана біріккен қуатты ел қайтадан бытырап, шағын бөліктерге ыдырап кетеді.

«Баязид сұлтанды алғырлығы, батырлығы, жеңімпаздығына лайықтап елі Найзағай Баязид деп атаған. Тағдыры қайғылы. Өзі жаулап жатқан еуропалықтардың қолынан өлсе бірсәрі. Құдай қырсық қылғанда өз қандастарына тұтқын қылған тағдырды айтсаңшы. Баязидтің түбіне өзіміздің Ақсақ Темір жетеді. Екеуі де сайыпқыран қолбасшы. Екеуі де дәуірлеп тұрды. Бірі Еуропаны түгел алмақшы еді, бірі бүкіл шығысты еңсеріп қалған еді. Темір Баязидті пілдің күшімен жеңді. Түркия жері ол кезде қалың орман көрінеді. Сол орманға Ақсақ Темір Үндістаннан алып келген пілдерді жасырып қойып, тұтқиылдан шабуылдап, құбыжық көрінген алып аңдардың күшімен түріктерді таптап кеткен.

Түркінің екі алыбы бір-бірін шапқаннан не тапты, қайта күш біріктірсе қайтеді?» – деп, өкінішін жазыпты Шерхан Мұртаза Түрік еліне жасаған сапарынан естелігінде. 13*

Шерхан ағаны өкінткендей мұндай ұтылыстар түркілер тарихында бірнеше рет қайталаныпты.

Баязидтің ұрпақтары елді қайта біріктіру қамына кіріседі. Елді отыз жылдай билеген Мұрат II (1421-1451) сұлтан 1444 және 1448 жылдары кресшілер әскерлерінің екі рет қайталанып жасаған шабуылын тойтарып қана қоймай, талқандап жеңеді.

Осман түріктерінен үрейленген Византия кезінде дүниенің төрт бұрышына даңқы жайылған Алтын Ордаға сүйеніп, одан құдандалық жақындықты үзбеген.

«Өзбекұлы Жәнібектің анасы – Баян (Байалун) – Византия императоры Андроник III-нің қызы еді» – деп

жазған тарихшы Е. Жалбағаев, араб географы Ибн Батутта дерегіне сілтеме жасапты. 14*

Ал, әлі ғылыми айналымға енгізіліп болмаған Өтеміс қажының (XVI ғ.) «Шыңғыснамасында» Алтын Орда ханы Тоқтаның інісі Тоғырұлдың әйелі, Өзбек ханның анасы келін – Байалын Византия императорының қызы еді делініпті. 15*

Бастысы – бұл деректердің бір-біріне кереғарлығы емес, кезінде Византияның түріктерден қорқып, Алтын Ордадан қолдау іздегендігі.

Қуатымен, байлығымен кезінде әлемге танылған Алтын Орда да мезгілі өтіп, ыдырай бастады. 1453 жылы Осман империясы сұлтаны Мехмед II (Мұхаммед) Византияны толық жаулап, бұрынғы Рум атын жойып, Анадолы түбегін өз иелігіне алады. Константинополь қаласын өз астанасы Стамбулға айналдырады.

Кемемен таудан асты

Империя тарихында өз қолтаңбасын қалдырған, елді 30 жылдай билеген Мехмед II (Мұхаммед) сұлтан туралы деректерді келтірсек:

«Адамзат күнтізбесі» кітабында мынадай жолдар бар:

«1453 жылы түрік сұлтаны Мехмед II Константинопольді басып алды. Шайқаста Византияның соңғы императоры Константин XI Палеолог (1449-1453) өлтірілді. Заманында дүниені дүр сілкіндірген ұлы оқиға. Еуропадағы Қайта Өрлеу дәуірі осы күннен бастау алады. Оның себебі – Византия астанасының мұсылман қолына өткені христиан дініндегі ұлттардың бәрінің де намысын қайрап, ақыл-ойға ерекше әсер еткен, ғылымның, техниканың, өнердің бар саласында ізденістер күрт күшейе түскен. Бұл бұлқыныс өмірге небір таланттарды әкелді».

Еуропадағы Қайта Өрлеуді бастап беріп, адамзаттың ақыл-ойын, өр рухын шамырқандырып шығарған осы шайқас жөнінде жазылған тарихи, әдеби туындылардың

арасындағы таңдаулылардың бірі – Австрияның шебер жазушысы Стефан Цвейгтің «Румды жаулап алу» атты хикаясы. Бұнда автор түрік сұлтаны Мұраттың ұлы Мехмед II-нің (Мұхаммед) аса дарынды қолбасшы болғандығына, соғыс өнерінде өзіне дейін қолданылмаған ерекше амалдарды іске шеберлікпен асырғандығын жазады.

Византияның арқа сүйейтіні – қорғандары ғана. Константинополь қаласының үш мүйісі үш қабат тас сауытпен қоршалған. Тас қабырғалар қаланы Мәрмәр теңізі мен Алтын мүйіз жақтарынан жауып тұр. Бұл айлапат алып дуал Теодезий қамалы деп аталады. Оқатар ойықтары және арантістерімен әспеттеліп, төртбұрышты қарауыл мұнараларымен күзетіліп, суға толы орлармен белдеуленген осынау қорған кейбір жерлерінде қосарланып, тағы бір жерінде үш қатар болып, созылып жатыр. Еуропаның ешбір қаласы Теодезийдей тасқамалы бар Константинопольдей берік, сенімді түрде қорғалған емес.

XV ғасырдың алғашқы жартысына дейін соғыс тарихында қолданылып келген зеңбіректерден әлденеше есе қуатты артиллерия қаруы керек болды. Мехмед II сұлтанның қаржыны аямауы арқасында зеңбірек қаруын жасаудың тәжірибелі шебері венгер Урбас (Орбас) қолынан қуатты қару жасалып, сынақтан ойдағыдай өтеді. Енді қазандай қара тасты ғаламат күшпен ата-тын аждаһа қарудың бірнеше ондаған данасын таулы-тасты жерлер арқылы жау қамалының іргесіне жеткізу қажеттілігі туды.

Мехмед II сұлтанның алдында осыдан кем емес, екінші мәселе де тұр еді. Шабуылға басты бөгет – аса терең теңіз қойнауы.

Алтын мүйіз – Константинопольді бір бүйірінен қорғап жатқан теңіздің соқырішек сияқты шығанағы. Іс жүзінде оған кимелей кіру мүмкін емес, өйткені шығанаққа кірер қанды ауызда Генуя қаласы – Галата жатыр. Ол қалаға Мехмед бейтараптық саясатын сақтауға міндетті. Сол арадан теңіз арқылы жау

қаласына дейін темірден шынжыр бөгет тартылған. Сондықтан оның флоты шығанаққа дәл маңдай тұсынан соққы беруге кіре алмайды. Соққыны осы жағынан беру үшін шығанақтың ішкі суындағы жау кемелерін басып алу керек. Ол үшін түріктер сыртқы теңізде тұрған өз флотын тау асырып, сүйреп апарып, Алтын мүйіздің ішкі шығанағының төбесінен түсіруі керек. Адам ақыл-ойына сыймайтын осы бір міндетті Мехмед II сұлтан іске асырған! Флоттағы жүздеген кеме тау асырылып, шығанақтың ішкі суына жеткізілді, қалыптағыдан әлденеше есе артық салмақтағы алып зеңбіректер жау камалы іргесіне жеткізілді». 16*

Құрлықпен кеме жүргізудегі Мехмед II-нің әрекетін Қ.Исабай былайша баяндайды:

«...Ол Константинополь қаласы тұсынан тау ішінде шеберлерді жинап, кемелер жасата бастайды. Бұған ешкім мән бере қоймайды, өйткені судан алыс, оларды құрлықпен жеткізу мүмкін емес болатын.

Сонда Мехмед сұлтан 30, кейбір құжаттарда 70 соғыс кемесін Босфорға қалай жеткізген деңіз? Жерден жыра қазып, тақтай төсеген де, ұзындығы он километрдей алып астау жасатқан. Сол жерде 1500 жылқы сойдырып, майымен астауды сылайды. Астауға түсірілген кемелер «майға жүзіп», суға жеткізіледі». 17*

«Түріктер сендерге тиіспейінше олармен бейбіт өмір сүріңдер. Түріктердің тілін үйреніңдер, өйткені олардың үстемдігі ұзаққа баратын болады. Ыстамбұл (Константинополь) қалайда түріктердікі болады. Оны алатын қолбасшы қандай тамаша, әскері қандай ғажап!» 18*

Сегіз ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с.-ның осынау әулиелігін 1453 жылы бар-жоғы 22 жастағы түрік сұлтаны Мехмед Фатих II-ші ақиқатқа айналдырып, Византияның тас-талқанын шығарды да, Стамбұлды түрік-ислам әлеміне қосты.

Мехмед сұлтан Константинопольмен шектелмей, империяны кеңейтуді одан әрі жүргізді. Ол Сербия,

Босния, Морея, Аттика елдерін басып алып, Қырым хандығын да өзіне бағынышты етеді.

Осман империясының барынша күшейген кезі – XVI ғасыр.

«Бұл кездерде елді Селим I (1512-1520 жж.) және 46 жыл бойы билеген оның ұлы Сұлаймен I (1520-1566 жж.) еді. Ол жылдарда Осман империясы Армения, Курдстан, Солтүстік Месопотамия, Сирия, Палестина, Мысыр, Хиджаз, Алжирдің көп жерін басып алып, Жерорта теңізі бассейнінде жеке билік құрды. Оның Еуропа, Азия, Африка құрлықтарына жайылған сол кездегі жер көлемі 8 млн шаршы шақырымға жуық және Осман империясы сол кезде әлемдегі ең қуатты держава болды». 19*

Түрік сұлтандары ислам діні жөніндегі Осман бабалары қалдырған өсиетке үнемі адал болды. Олар басып алған христиан қалаларындағы шіркеулерді қиратуға жол бермей, кейбір тұстарын өзгертіп, крест, қоңырауларын жұлдырып, орына жарты ай орнатып, төңірегіне азаншы мұнараларын тұрғызып, мұсылман мешіттеріне айналдырған, жаңаларын да салдырған.

Сұлтандар Стамбол қаласы орналасқан қыраттар мен Босфор жағаларына жалпы саны 500-ге жуық мешіт салдырған екен». 20*

«...1071 жылы қаңлылар бүгінгі ата жұрттан – қазақ жерінен ірге көтеріп, көшкенінде Қожа Ахмет Йассауи сол уақытта қандастарының тілі мен рухани дүниесін жұтатпау үшін, олар барып қоныстанған жерге шәкірттерін көптеп аттандырыпты. Бүгінгі Түркияда Йассауи шәкірттерінің қабірлері әлі де бар. Солардың қатарындағы Мевлана түркі әлеміне Ахмет Йассауи қандай қадірлі болса, түріктер үшін сондай қастерлі адам. Түріктерде Юнус Емренің аты да ерекше құрметпен аталады. Мевлананың әкесі Қожа Ахмет Йассауидың тікелей өзінің шәкірті болған екен. Осман империясы тұсындағы сұлтандар кеңесшілерінің көпшілігі Қожа Ахмет Йассауи ғұламаның шәкірттері еді». 21*

Ислам дінінің ошағы Араб халифаты ІХ ғасырда ыдырап, бір-бірімен жауласқан ұсақ патшалықтарға айналды да, ислам өркениетіне қауіп төнгенде, түркілер ғана оны біржола күйреуден сақтап қалды. Көне түркі этномәдениетінен бастау алған, ислам өркениетімен тіл табыса білген түркілер бастапқыда, ІХ-ХІ ғасырларда әскери жорықтар арқылы Таяу Шығысқа, Үндістанға, Кіші Азияға дендеп ене бастады. Бейбіт жолмен барған түркілік Төлен, Тоғжалар ІХ-Х ғасырларда Сирияға, Мысырға, Мекке, Мәдениге билік жүргізді. Алтай өңірінен шыққан Себік Тегінұлы Махмуд Ғазыналы Х-ХІ ғасырларда Парсы елін билеп, Үндістанды жаулап алды да, оған ислам дінін енгізді. 22*

Империяның құлдырауы

Небір қуатты деген империялардың қирау, құлау кезеңі келетінін адамзат тарихынан білеміз. Күндердің күнінде Осман империясының да шаңырағы шайқала бастады. Бұл – ХVІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың басы болатын.

Кезінде Еуропалықтарға Құдайдан «аспан апаты мен түріктен сақта!» – дегізген империяның құлдырауының басты себептерін атасақ:

Еуропа елдері капиталистік даму жолына түсті, ал Түрік елі болса, феодализмде, техникалық дамудан қалып қойды.

Өте көп әскер мен арамтамақтыққа еті үйреніп кеткен бастықтардың (чиновниктердің) санының молдығы, елде салықтың өсуі, өзге де кедергілер (бастысы феодализм заманындағы мешеу қоғамдық қатынастар) елдің экономикасының өркендеуіне жол бермеді. Қуатты кезінде өз маңындағы елдердің бірімен де бейбіт қатынас жасамаған Түркия, капиталистік даму жолына түскен көрші елдердің талауына тап болды.

«Ресей – Азов пен Қырымды, Франция – Алжир, Тунис, Сирия, Ливанды, Англия-Египетті, Кипрді, Италия – Ливияны отарлады. Румыния, Болгария, Сер-

бия, Греция, Албаниялар түрік ықпалынан босанды. Түркия империясынан ең соңында 1915 жылы Араб елі бостандық алып, бүгінде Сауд Арабиясы деген тәуелсіз мемлекет болып отыр». 23*

Түріктердің Ресей елімен соғысы ұзақ жылдарға созылады. 1552 жылы Қазан, 1556 жылы Астархан хандықтарын жаулап алған Ресей, Түріктерден 1696 жылы Азов қамалын тартып алады. Екі ел арасындағы екі ғасырға таяу уақытқа созылған соғыс түріктердің толық жеңілісімен аяқталады.

Мұстафа Кемал Ататүрік

Кезінде жарты Еуропаны басып алып, Азияның да біраз бөлігін иемденіп, Араб елдеріне әмірін жүргізген, 600 жылдай «атынан ат үркетіндей» империя құрған Түрік елі ХХ ғасырдың басында шегіне жете титықтаған еді. Басып алған жерінің бәрінен айырылды.

Түркияны жан-жағынан талауға дайын тұрған, жаңадан пайда болған батыс империялары енді ғана бөліске салуды ұйымдастырғалы жатқанда, өмірге Мұстафа Кемал түрік халқының адал перзенті келіп, елдегі прогресті жақтаушылардың басын қосып, сұлтан атаулыны биліктен ығыстырып, 1923 жылы Түркияны республика деп жариялады. Елдің тәуелсіздігін сақтап қалу оңай болмады.

Жан-жақтан анталаған жауға қарсы тұрар елде күш-қуат та, қару-жарақ та жеткіліксіз болатын. Барлары әлдеқашан қолданыстан шығып қалған ескілер еді.

«...Мұстафа Кемал еңсесі түсіп, езілген елді тура келген ажалдан алып қалды. Шашылғанды жинады. Ұлтты ұйымдастырып, бір уыста ұстап, ер түріктің ұрпақтары екенін естеріне салып, сан жағынан да, қару-жарақ жағынан да әлденеше артық жауды жарға жығып, теңізге батырды» – деп жазады Ш.Мұртаза Ер Түрік ұрпақтарының осы бір қиын-қыстау сәттегі теңдессіз ерліктерін.

Елім деп еңіреген түрік ұланының жүрегінде Ота-

нына деген сүйіспеншілігін оятатындай от тұтата алған, намысын қайрап, алапат күшке айналдыра алғаны үшін халқы Мұстафа Кемал ұлына Ататүрік деген есімді сыйлады.

Ататүрік:

«Түрік ұланы! Сен Түрік болып туғаныңа мақтан!» деп ұран тастады.

«...Сенің бірінші міндетің – елдің тәуелсіздігін қорғап қалу және мәңгі сақтау» – деп түсіндірді ол.

«Ұлттық мәдениетімізді заманауи өркениеттің асқарына шығарамыз. Өнері мен өнер қайраткерлері жоқ ұлт толыққанды өмірге ие бола алмайды». Бұл да Ататүрік сөзі.

Ел басына күн туған шақта: «Не болса да туған топырақта қаламыз. Қасиетті Отанның әр шоқысы бізге қорған. Мемлекетіміздің қиыр түпкірінде байрағымыздың түбінде өлеміз!» – деген Кемал ұраны тұтас елді шашау шығармай, сақтап қалды. Осыған байланысты 1922 жылы Англия Парламентіндегі тыңдауда депутаттар Түркияны уыстан шығарып алғаны үшін ел премьер-министрі Л.Джорданды қыспаққа алғанда, ол былай депті: « Ғасырлар данышпанды тым сирек береді. Жолымыздың болмағанын көрмейсіз бе, үстіміздегі ғасырдағы ұлы тұлға түрік ұлтынан шықты. Мұстафа Кемалдың данышпандығына қарсы қолдан келер не бар?». Досы түгіл, жауы мойындаған Мұстафа Кемалдың жүргізген реформаларының арқасында түрік елі мәдениет пен өркениетке ұмтылған қысқа мерзім ішінде жігерлі мемлекет қатарында әлемге танылды.

XX ғасырда есімі ұлтының ұранына айналған Мұстафа Кемал Ататүрік пен сонау XIV ғасырда «халқыңа адал бол!» – деп кеткен Осман батырдың ұрпақтары бабалары өсиетіне адал болуымен бүгінгі күні өзге алпауыт елдермен терезесі тең, тәуелсіз, алып мемлекет орнатып отыр.

XIX ғасырдың ортасында Осман түріктерінен өзге түркі халықтарының бәрі де Ресей мен Қытай империяларының отарына айналған болатын.

Бүгінгі күні әлемде жаһандану үрдісі жүріп жатқанын білеміз. Түркия мемлекеті қашанда әлемдік интеграцияға көңіл бөліп келеді. Ол БҰҰ құрушы елдердің бірі болды. Солтүстік Атлантика одағына (НАТО) кіріп, өзінің қауіпсіздігін баянды етті. Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығының бастамашыларының бірі болып отыр. Енді Еуропалық одаққа кіруді мақсат етуде.

Түріктер шетелдіктер көзімен

Іскер, ұйымшыл, бірсөзді Түрік елі азаматтарының адам қызығарлық адамгершілік қасиеттері туралы шетелдіктер пікірлерін тыңдасақ:

Француз жазушысы Ванда (1820-1870 жж.) төмендегідей пікірін жазып қалдырған: «Түркияда ұзақ жыл тұрғанымда және елін армансыз аралап, танысу барысында мынадай қорытындыға келдім: Түріктің ауыл-қыстақты мекендейтін халқы тумысынан ер тұлғалы болып келеді. Қабілет-қарымы жағынан олар француз бен поляктарға қарағанда әлде қайда жоғары тұратынына көзім жетті. Түрік ауылындағы адамның білуге, үйренуге құштарлығы ерекше жоғары, олардың бірі жазатайым христиан ауылына бара қалса, асыл текті ұлықтай көрінері даусыз».

Франция императоры Наполеон Бонапарт (1769-1821 жж.):

«Адамды даңққа бөлейтін бір ғана құлық бар. Ол – қажет болғанда ештеңеден тайқымай, бәрін де Отаны үшін құрбандыққа шалып беруге дайын тұруға итермелейтін азаматтық ар-ождан мен еліне деген адалдық. Түріктер, мінеки, дәл сондай батырлар қатарына жатады. Түріктерді өлтіруің мүмкін, алайда оларды жеңе алмайсың» – депті. 24*

Швед елінің королі Карл XII (1682-1718 жж.) түріктер жөнінде:

«...Бір ретте түрікке тұтқын болдым. Көк темір, алау от, дүлей су істей алмағанды бұлар маған істеді. Аяғымда кісен жоқ, зынданға да тастаған емес. Бостандықта

жүрмін, қалаған нәрсемді істей аламын. Солай болса да, тұтқынмын. Мейір-шапағаттың, жомарттықтың, бекзаттықтың, сыпайылықтың тұтқынына айналдым. Сөйтіп, түріктер мені осылайша жіпсіз байлап қойды. Білген жанға дәл осындай мейірбан, осыншалық сыпайы бір халықтың арасында азат тұтқын болып еркін жүрудің өзі неге тұрады десеңші?!» – деген естелік қалдырыпты.

«Түріктердің отанына деген сүйіспеншілік сезімі өзгелердікінен әлдеқайда жоғары және күшті». Бұл – ке-зінде Орталық Азия мен Тұран өлкесін жаулаушы арабтың әскербасы Кутейба бин Мүсілім (VIII ғасыр) қалдырған естелік.

Араб жазушысы Әл Жахиз (775-868 жж):

«...Түріктер – адал. Олар жалтақтауды, жалынуды, жылтыр сөзді, опасыздық – сатқындықты білмейді, арнамысына өте берік. Соғыста да, бейбіт өмірде де айлакерлік пен арамдықты білмейді. Түрік сарбазы үшін өзі – арыстан, жауы – аң, ал астындағы сәйгүлігі – елік...» – деген. 25*

Әлемнің әртүрлі өкілінің Ер Түріктің бүгінгі ұрпағына берген бағасын оқығанда, өзіңнің сол түркітектілердің ата қонысында отырған қазақ халқының өкілі болғаныңа кеуденді мақтаныш сезімі кернейді! Бұл енді құр кеудемсоқтық, астамшылық емес, түпкі тегіңнен тараған ұрпақтардың адамдық асыл қасиеттерді сақтап қала алғандығына, бабасы өсиет еткен мұсылмандыққа адал болуына деген мақтаныш!

Түркітектілердің бүгінгі проблемасы

Түрік атауы ертеде шыққан екен. I-IV ғасырларда Ғұндар батысқа орын ауыстырғанда, сақ, сарматтармен араласады. Осы кезде «түрік» атауы пайда болыпты. Ол кезгі мағынасы «әскери ақсүйек» (военная знать) немесе әскери атақты адам болса керек.

Кейіннен түрік атауы алдыңғы аталған тайпалардың қосындысының жалпы атауына айналады. 26*

Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Түргеш, Қарлұқ, Хазар, Қарахан, Қимақ, Оғыз, Қыпшақ мемлекеттері бір негіз – түріктен тарағандығын дәлелдейді тарихта.

Тарихшы Абель Ремюза Қытай деректеріне сүйеніп, Ғұндар түркі тайпаларының арғы атасы десе, ғалым Әлкей Марғұлан Ғұндар тегісімен түріктер деп жазған. Сол түркітектілердің бүгінгі тіршілігі жөніндегі мәліметтерге көз салсақ:

1991 жылдың ортасындағы халықаралық ресми статистикалық есепте әлемдегі түркі тілдес халықтардың жалпы саны 133 миллион 482 мың болғандығын демограф-ғалым М.Тәтімов жазыпты.

Профессор Мекемтас Мырзахметұлы мына деректерді келтіреді:

«...Бүгінде (2007 жыл басы) 300 миллионнан астам түркі халықтары, демографтардың болжамы бойынша 2010 жылдан кейін саны жағынан Қытай мен Үндіден кейінгі үшінші орынға шықпақ. ...Бұрынғы (социалистік жүйедегі) орталық түркі халықтарының рухани тұтастығын бұзып, оларды үнемі ыдырату, бір-бірінен ажырату арқылы туыстығын, өткен тарихын ұмыттыру саясатын қатаң ұстануы себепті түбі бір түркі халқы бүгінде 49 ұлт пен ұлысқа ыдырап бөлініп кеткен.

Қазірдің өзінде олардың 27-сінің тілдері «өлі тілге» айналып, орыстанып, қытайланып кетіп отыр. Алтауы тәуелсіз мемлекетке айналып, өз тізгіні өзінде болса, 16-сы Ресей мен Қытайдың қол астында бодандықта қалып, ашық ассимиляциялық саясатты бастан кешуде». 27*

Тарыдай шашылып, Еуразия құрлығына таралып кеткен түркі халықтары тұрағы Тайгадағы сахадан батыстағы мадияр, гагаузға дейін, түстігі Қытай Кеңсуындағы сары ұйғырдан Еуразияны қатар жайлаған Түркия түріктеріне дейінгі жалпақ әлемді тұтас қамтып жатыр. Осындай байтақ кеңістікті жайлаған түркі халықтары рухани жағынан бір-бірімен байланыссыз, бытыраңқы. Бір кездегі сүттей ұйыған рухани тұтастығын сырттағы отаршыл елдер іштей ірітіп,

бөлшектеп жіберді. Бұл ауыр қасіреттен құтылудың төте жолы ертеде ата-бабаларымыз қалыптастырған рухани тұтастығымызды қайта тауып қалыптастыруда жатыр.

«Рухани тұтастығымызды қалыптастырудың шешуші жолы алдымен түркі халықтары бірін-бірі оқып білу арқылы ұлттық мәдени қазынасын тани алатын ортақ жазу таңбасын қабылдауы керек» – деп толғанады ғалымымыз М.Мырзахметұлы.

Түркітектілер бірлікке жету үшін «Тілде, Пікірде, Істе Бірлік» болуы керек деген екен түрік қандасымыз марқұм Исмаил Гаспыралы.

Түркиялық Гүріш холдинг АҚ президенті Идрис Ямантүрк:

«Әліште, Тілде, Пікірде, Істе және Күште Бірлік!» – керек деп, Мекемтастың «ортақ жазу таңбасы» туралы ұсынысын қолдапты. 28*

Бүгінгі жаһандандудың жемтігі болып кетпес үшін түркітектілердің жас ұрпағын өз ұлтының рухани қазынасымен, ерлікке толы тарихымен таныстыру, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын санасына сіндіру ұлтым деген азаматтың, зиялыларымыздың, ел басшыларының кезек күттірмейтін міндеті болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.Жылқайдаров «Қаңлылар» Қазақ батырлары №3, 2001 жыл.
2. «Түріктер» Егемен Қазақстан №116, 26 мамыр 2005 жыл 3-бет.
3. Ә.Байбатша «Қазақ даласының ежелгі тарихы» Егемен Қазақстан 22 қазан 1997 ж.
4. Ж.Жұмабаева т.ғ.к. Қазақ тарихы №6, 2006 жыл 5-бет.
5. Әбдуәли Қайдар «Қаңлы» Парасат №1, 2005 жыл.
6. Ә.Байбатша «Қазақ даласының ежелгі тарихы» Егемен Қазақстан 21 қазан 1997 ж.
7. Чжан Цзянь «Батыс өңірі мен Үйсін мемлекеті» Үрімжі, 1987 жыл.

8. Осы тізімдегі 6-шы әдебиетте.
9. Зардыхан Қинаятұлы т.ғ.д. Жалын №3, 2004 жыл. 53-54-беттер.
10. К.Байпақов «Қазақстанның ежелгі қалалары» Аруна баспасы 2005 ж. Алматы.
11. У.Шәлекенов т.ғ.д.«Қазақ мемлекеті» Жалын №3, 2008 жыл
12. Х.Сутеева Қазақ тарихы №4,2001 жыл 74-бет.
13. Ш.Мұртаза «Ататүрік. Ұлттық рух» Егемен Қазақстан 14 шілде 2005 жыл.
14. Е.Жалбағаев «Керейден Кенесарыға дейін» Парасат №6,2007 жыл.
15. «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері» 1 том, А-2005, «Дайк-Пресс», 102-104-беттер.
16. Стефан Цвейг (Ә.Жұмабайдың аудармасы) «Румды жаулап алу» Егемен Қазақстан 8 сәуір 2003 жыл.
17. Қ.Исабай «Орыс-түрік соғыстары» Егемен Қазақстан 29 мамыр 2002 жыл.
18. Ақиқат журналы №2, 2008 жыл.
19. «Түріктер» Егемен Қазақстан 26 мамыр 2005 жыл.
20. Қ.Исабай «Түрік елі мен сұлтандары» Парасат №12, 2006 жыл.
21. Р.Төленқызы «Қазақ балаларының алғырлығына әрдайым таңғаламын» Атырау 15 қазан 2005 жыл.
22. Е.Жалбағаев «Ұлттық идеямыздың төрт дағдарысы» Парасат №11, 2006 жыл.
23. Осы тізімдегі 20-шы әдебиетте.
24. Парасат журналы №6, 2006 жыл.
25. Парасат журналы №7, 2005 жыл.
26. М.Хакимов «Айқын тарих» А-97, 148-бетте.
27. М.Мырзахметұлы «Туыс – жат, тіл – кемтар» Алтын Орда №9, 2007 жыл.
28. У.Қалижан «Күн сәулесін төккен ел» Егемен Қазақстан 30 маусым 2000 жыл.

ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰТЫЛЫСТАРЫ

Біздің дәуірімізге дейінгі және одан бергі орта ғасырларда Еуразия кеңістігінде дәуірлеген түріктердің жеңістері адамзат тарихында сайрап жатыр. Бабаларымыздың ұлы жеңістерімен бірге бармак тістетер жеңілістері де болыпты.

Сол жеңілістердің кейбіріне себепші өз қандастары болған екен. Ақылға сыйымсыз дегенмен, солай болғанын кәрі тарих дәлелдеп отыр.

Түріктерден оғыз тайпаларының Кіші Азияға – Анадолы түбегіне қоныс аударуы X-XI ғасырларда болғанын білеміз. XIII ғасыр аяғында ержүрек Осман бастаған түрік елі Анадолыда өз империясының негізін қалай бастады.

Анадолыдан тыс жүргізген түрік жорықтары 1389 жылдары басталады: Косово даласында серб әскерін қирата жеңіп, Болгар патшалығын, Македонияны бағындырады. 1396 жылы Еуропа елдері рыцарларының өзіне қарсы біріккен күшін тас-талқан қылып, Константинопольге таяу келеді. Кония сұлтанатындағы тарап кеткен бөліктерді түгел империясына қосады.

Осы кезде Еуропада Осман империясына қарсы тұрар қуатты күш болмады. Осылайша Еуропаны түгел бағындыруға жол ашылған сәтте, 1402 жылы Анкара жанында Әмір Темірдің қаптаған қалың қолы кенеттен шабуыл жасап, нәтижесінде Баязит бастаған түрік әскерін жеңіліске ұшыратады.

Осман империясының одан әрі күшеюіне, Еуропа елдерін түгел бағындыру әрекетіне өзге емес, өз қандасы Әмір Темір кедергі жасады. Кезінде Әмір Темірдің кедергісі болмағанда, бүгінгі Еуропа тарихы өзгеше жазылар ма еді – деп жазады тарихшы Еділ Ноянов. Сол Әмір Темірдің Алтын Ордаға қайталаған басқыншылық шабуылдарынан дүниенің төрт бұрышына атағы жайылған бай империя – мұсылман елі

бөлшектеніп кетті. Байлығы аңызға тұрарлық айбынды Алтын Орданың тамтығы Қырым, Астрахан, Қазан хандықтары орыстарға жұтылды да, екі жарым ғасырдан астам уақыт ұлттық езгіде болған қазақ халқы жақында ғана тәуелсіздігін алды. Өзгесін айтпағанның өзінде, жоғалтқан рухани байлығы қаншама?!

Біздің бұл оқиғаларды қозғауымыз Еуропа елдеріне деген өшпенділіктен емес екендігін оқырман түсінер. Түріктектілердің тарихын парақтап отырып, кейде тіліңізді тістеп аласыз. Жанашыр туысым дегеніңнің өзі жауыңа қол-аяғыңды байлап берген кездері болыпты.

Келесі бір сатқындық.

Қазақтың Қасым ханы ой үстінде отыр. Әкесі Жәнібек пен ағасы Керейдің ешкімге тәуелсіз дербес қазақ хандығын құрсақ деген армандары іске асты. Енді жаңадан өмірін бастаған жас мемлекеттің қорғаныс қуатын күшейтіп, халқының санын көбейту, жер аумағын кеңейту мәселесі Қасым ханның үлесіне тиген-ді. Қасым бұл міндетін абыроймен орындады. Өзінен бұрынғы Ақ Орда қонысын толығымен иеленген бүгінгі Қазақ хандығы миллионға толған халқымен, қуатты қарулы күшімен, бейбітшіл саясатымен көрші елдерге мәлім болды.

Батыстағы көршісі Ноғай Ордасы іштен іріп бітуге айналды. Ер Едігенің ұрпағы бабасы өсиетіне сай бола алмады. Мемлекет бір-біріне бағынбайтын дербес билердің иеліктеріне айналды. Сөйтіп, Ноғайлы елі өз жерін қорғау қабілетінен айырылды. Мына күйінде Ноғайлы елінің кім көрінгенге жем болуы мүмкіндігін ойлаған Қасым Жембойлық ноғайлармен ақылдасады. Олар Қазақ хандығына қосылуға қуана келіседі.

Міне, осы жылдары Қасым хан Қазақ хандығының астанасын біраз уақытқа бұрынғы ноғайлы астанасы Сарайшыққа көшіріп, Еділ мен Жайық атырабын өз хандығына қаратты.

Қасым ойын одан әрі жалғады.

...Ноғайлы ыдырағанмен Еділден әрі қуатты

Қырым тұр. Қандас Түрік еліне де арқа сүйеуге болар. Қырым ханымен, қуатты Осман империясының басшысы Сүлейменмен күш біріктірсек, Еуропадағы Алтын Орданың бұрынғы аумағы – Ноғай ұлысының жерін Түркияға дейін, одан әрі ұлғайтуға болар еді-ау.

Бүгінгі күні жұлым-жұлымы шыққан Ноғайлының биі Шейх-Мамай, Қырым ханы Махмет Гереймен күш біріктіру жөнінде ақылдасуым керек деп түйіндеді ойын.

Бұл істің басында Қасымның болуын тағдыр қоспапты. Ол 1521 жылы дүниеден өтті.

Қасым батыс бағытында күш біріктіру жөніндегі ойын Шейх-Мамай мен Махмет Герейге айтып үлгерді ме екен?

Қасым хан ойы іске асқан күнде Еуропа құрлығының тамаша табиғатты күллі түстігімен қоса халықаралық саудадағы су жолының қомақты бөлігі түріктектілердің қол астында болар еді.

Қасымнан кейін бұл іс туралы жоспар болыпты, бірақ тек сөз жүзінде ғана.

1523 жылдың қаңтарында Қажытархан түбінде ноғайлының Шейх-Мамай биі мен Жаңбыршыұлы Ағыс батыр өздерінің қандастары Қырым ханы Махмет Герей мен оның баласы Батыр бастаған отыз мыңдық әскерін қапыда опасыздықпен қырып салады. Осыдан аз бұрын олар өзара ант ішісіп, ежелгі Алтын Орданың батыс бөлігін біртұтас ұлысқа айналдыру мақсатымен одақтасып, жорыққа бірге аттанбақ болған-ды.

«Алтын Орданың батыс бөлігін қайтадан көтеру ниеті біржолата көрге көмілді. Мамайдың опасыз әрекеті Еуропа шегіндегі түрік-қыпшақ қауымын ажал соқпағына салды, орыстың аяғы жетер жердегі түркі халықтары бірі ерте, бірі кеш – барлығы да қырғынға ұшырады, құлдық қамытына жегілді, кейбірі мүлде құрып кетсе, кейбірі сан ғасырлық отар кебіне түсті.

Сөйтіп ант бұзған Мамайдың билік пен байлыққа қызыққан көрсоқырлығы, одан кейінгі Ноғайлыдағы бітіспес алауыздық Орыс мемлекетінің бүкіл Еуразия-

ны еркін жаулауына жол ашты» – деп жазған М.Мағауин орыс тарихшысы Н.М. Карамзинге сілтеме жасапты.

* *
*

«Алтау ала болса – ауыздағы кетер,
Төртеу түгел болса – төбедегі келер» – деп,
ұлтымыздың қарттары өмір тәжірибесінен алып айтқан-
ау!

Бүгінгі жастарымыз – ертеңгі ел басқарар азамат-
тарымыз түркі жұртының тарихындағы ел тағдырына
үлкен із қалдырған қателіктерден тағылым алса деген
ой біздегі.

IV ТАРАУ

**ЕЛІН ЕРЛЕРІ
ТАНЫТАДЫ**

ҚАСЫМ ХАНЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған халқының әлеуметтік жағдайына сай әдет-ғұрып пен биліктің жаңаша Дала заңының негізін қалаған, өз билігі кезінде Қазақ хандығын сол заманғы ең қуатты елге айналдырған, атақ-даңқына өз халқына қоса көрші елдер де қанық болған, батырлық пен қайсарлық, кемеңгерлік пен табандылық, мейірім мен дархандық, адам қызығарлық жан жомарттығы сияқты ұлтының асыл қасиеттерін бойына жиған, ақындар жырына арқау болған «Қасым ханы Қазақтың...» – міне осы.

Қасымның аталығы

Қасым – Жәнібектің ұлы, Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының ұрпағы. Қасымның Жошының қай ұлынан тарағандығы туралы тарихшылар пікірі екі түрлі.

Шыңғыс – Жошы – Орда Ежен – Сасы Бұқа (Садық) – Ерзен хан – Мұбарак қожа-Шымтай хан – Орыс хан-Құйыршық хан – Барақ хан – Жәнібек хан-Қасым хан. 1*

Бұл Рашид-ад-дин жазбаларындағы нұсқасы.

Шыңғыс – Жошы – Тоқа Темір – Үз Темір – Қожа-Бәдік (Бәдағұл) – Орыс хан – Құтылығ Бұқа – Құту-жақ – Барақ хан – Жәнібек хан – Қасым хан. 2*

Бұл Әбілғазы ұсынған нұсқа.

Қасымның әкесі Жәнібек – Кереймен бірге XV-ші ғасырдың ортасында Қазақ хандығын құруға белсене еңбек еткен тұлға. Ол Керейден кейін 1473-1480 жылдары мемлекетті басқарды, оның территориясының тұтастығын, елдің тыныштығын қорғауда жан аямай еңбектенді. Тарихшылар жазбаларында, өзге де хан болған Жәнібектерден айыру мақсатында Қазақ ханын кіші Жәнібек деп атаған (Шәкәрімнің оны әз-Жәнібек дейтіні де бар).

Қасым – Жәнібек ханның Жаған бике есімді әйелінен туған ұлы. Тарихшылар еңбектерінде Қасымның туған жылы туралы дерек айтылмайды. Бұл жөнінде тарихшы Берекет Кәрібаев мына қисынды

болжамын келтіреді: «Мұхаммед Хайдар Дулати дерегінде 1513 жылы шағатайлық Сұлтан Сайд ханның Шу бойындағы Қасым хан Ордасына келгенін айта келе «бұл кезде Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындап қалған болатын» делінген. Сол мәліметке сүйеніп, 1513 жылы Қасым ханның жасы 67-68-дерде деп есептесек, онда ол 1445-46 жылдарда дүниеге келген болады». 3*

Тарихшы ғалым Т.Сұлтановтың «Қасым хан 1445 жылдары шамасында дүниеге келген» 4* деген тұжырымы да Б.Кәрібаевтың болжамын бекіте түседі.

Қасым ханның күш-қуаты толысқан жас кезі Қазақ хандығының жан-жақты күшеюі кезеңімен сәйкес келеді. Бұрындық ханның (Керей ханның ұлы) бастауымен Қасым қазақ әскерінің бас қолбасшысы ретінде, әкелері Керей мен Жәнібектің бастап берген мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап, оның күш-қуатын арттыруға бар қабілеттерін жұмсады. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың» арқасында елдің елдігін сақтай алды.

Қазақ тарихында хан көтерілудің, тақ алмасудың сонау Түрік қағандығы заманындағы қалыптасқан өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. VIII ғасырдан жеткен атақты Білге қаған ескерткішінде: «Әуелі әкелері қаған болды, одан соң інілері қаған болды, содан кейін балалары қаған болды» – деп жазылған. Сөйтіп, тақ билігі әкеден балаға емес, ағадан-ініге көшкен. Мұрагер інінің кешегі өткен ханмен емшектес болуы міндетті емес, немере не шөбере, жалпы сол әулеттен болуы шарт және көп туыстың кез-келгені емес, тобынан озған ақылгөй, батыры ғана хан көтерілмек. Қазақ тарихында ешқашанда хан көтеру жолында қан төгілмеуі, тақ үшін қырқыс тумауы – ең алдымен осы көне дәстүрдің ұлыс ішінде қалыпты саяси жағдайға негіз болған ата салтының арқасы. 5*

Қазақ хандығындағы хандар тарихына көз жіберсек, жоғарғы айтылған Түрік қағандығы кезеңінен келе жатқан қағиданың басшылыққа алынғандығын байқаймыз. Қазақ хандығының алғашқы әміршісі Ке-

рей хан болғаны тарихтан белгілі. Одан кейін Керейдің шөбере інісі Жәнібек хан тағына отырды. Жәнібектен кейін хан тағына оның баласы емес, аға баласы ретінде Керейдің ұлы Бұрындық отырды. Бұрындықтан кейін ғана (арада аз уақыт Жәнібектің үлкен ұлы, Қасымның ағасы Әдік хан болатыны бар) Қасым ел билігін қолына алды. Тарихта Жәнібек ханның тоғыз ұлының да қол бастаған батыр, ел билеген сұлтан болғаны, ағайынды тоғыз сұлтан бүкіл қазақ елінің айбарын асырып, абыройын көтергендігі айтылады.

Бұрындық хан тұсындағы Қазақ хандығы.

Сыр бойы қалаларының көпшілігі Жәнібек хан кезінде-ақ Қазақ хандығына қаратылған болатын. Бұрындық хан өзінің сенімді серігі, ержүрек әскербасы Қасыммен тізе қоса отырып, бұрынғы Көк Орда иелігіндегі аймақты түгелімен меншігіне қаратып алуға жұмыстанады.

Бұл жерде Көк Орда, Ақ Орда атаулары және олардың аумақтары туралы оқырманға М.Мағауинге сүйеніп қысқаша түсінік берсек: «XIII ғасырдың 40-шы жылдарында ту көтерген ежелгі түрік жұртының қыпшақ тектес руларын біріктірген ұлы мемлекет Алтын Орда Алтайдың сауырынан Дунайдың етегіне дейінгі кең байтақ жерді – жарым дүниені алып жатқан алып мемлекеттің Еуропалық бөлігі – оң қанат, ал Азиялық бөлігі сол қанат деп есептелді. Оң қанат – Еуропалық бөлік Ақ Орда деп аталады да, сол қанат – Азиялық бөлік Көк Орда деп аталады. Көк Орда шығыста Жетісудан батыста Еділге дейінгі созылып жатқан ұлан байтақ Қыпшақ даласын қамтыды. Көне түрік тілінде **ақ** сөзі – батыс, ал **көк** сөзі – шығыс деген мағынаны білдіреді. Кешегі кеңес кезеңіндегі тарихи деректерде осы екі орданың аттарының орнын ауыстырылып айтылуына жол беріліп келді». 6*

Көк Орданың ежелгі астанасы Сығанақ, қасиетті Түркістан, ежелгі Отырар, атақты Сауран, Сайрам

қамалдары, халықаралық сауда жолы – Жібек Жолы бойындағы ірі сауда орталықтары Қазақ хандығы иелігіне өтті. Бұларды қайтарып алу мақсатымен Мұхамед Шайбани хан (Көк Орда ханы, Әбілхайырдың немересі) күш жинауға жұмыстанды. Кезінде Ақсақ Темірдің иелігінде болған Орта Азияның бір бөлігін, Ауғанстан мен Қорасанды жаулап алған Шайбани, күшін топтап, қазақ хандығына кезекті шабуылын дайындады. Тарихи деректерде Шайбани ханның Қазақ хандығына төрт рет шабуыл ұйымдастырғаны айтылады. Қазақтарды үлкен шығынға ұшыратқаны – Шайбани ханның 1509 жылғы жорығы. Жер бедеріне қанық, әр маусымдағы елдің орналасу жағдайын жақсы білетін олар қазақтарға жасаған шабуылдарын үнемі қыс кезінде, ел қыстауда, жұрт арасындағы қатынас қиын болатын кезеңге сәйкестеп жасап отырды. Қақаған қыста Сырдарияның көкше мұзынан тікелей өткен жүз мың әскер қазақ елін тежеусіз тонап, елге зор шығын әкелді. Қазақ қолы елін табандылықпен қорғады. Бұрындық ханның өзі бастаған қазақ сарбаздары бұл ұрыста ерліктің небір үлгілерін көрсетіп, елін жасанған жаудан қорғап қалды. Негізгі күшті жау қолына қарсы ұтымды орналастыру, күштің ара салмағын саралау, күтпеген жерде аз күшпен шабуылға шығып нәтижеге жету, тиімді қорғана білу сияқты әскери істе, сан жорықтарда жоғары тәжірибелілік танытқан Қасым елінде үлкен беделге ие болды. Тарихшы Фазлаллах ибн Рузбехан («Михманнама-и-Бухара» атты тарихи кітаптың авторы, осы жорықта Шайбани әскерінің құрамында соғысқа қатысқан) қазақтар туралы төмендегідей мәліметтер жазған:

«Бұл қазақтар – өздерінің қайтпас ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық. Жаудың саны басым болған жағдайда қазақтар бала-шағасын, дүние-мүлкін. ортаға алып, қару ұстайтындары дөңгелене шеп құрады. Содан соң бар жарағын жұмсап, өткір қылыштарын сілтеп, екпінмен, ерлікпен қайтпай

соғысады. Егер қазақтар шеп құрауға үлгерсе, қандай жауға да дес бермейді».

1510 жылдың қысында Шайбанидың Ұлытау бағытында жасаған шабуылы Қасым қолының темір қыспағына тап болып, күйрей жеңіледі. Сөйтіп, Қазақ хандығы Сыр бойы қалаларының көпшілігіне иелігін қамтамасыз етті.

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы.

1511 жылдан Қасым хан өмірінің хандық дәуірі басталады. Оны халқы ежелгі түрік дәстүрі бойынша ақ киізге отырғызып, хан көтерді. Қасым хан алғашында ақ көрші елдермен қарым-қатынасты күш қолданумен емес, ақыл-парасатпен, өзара келісіммен шешу жолын ұстанды. Жарты ғасырдай ел қорғау жолында қолынан найзасы мен қылышы түспеген қазақ жасағы, әрине, бейбіт өмірді аңсаулы еді.

Мұхаммед Шайбани хан 1510 жылдың соңында қайтыс болды. Түстік жақтағы көршілерден Қазақ хандығына төніп тұрған қатер көріне қоймағанмен, олардың өз іштерінде елерлік қозғалыстар етек алды. Парсы шахының қолдауымен Бабыр (Ақсақ Темірдің ұрпағы) Мауреннахрды басып алды. Бірақ шайбанилықтар Бабырды бұл орыннан 1512 жылдың көктемінде тез-ақ ығыстырды. Осы қарбалас кезінде, Қасым хан күш жұмсамай-ақ, қала әмірі Қаттабектің келісімімен Сайрам қаласын өзіне қосып алады. 1513 жылы Қазақ хандығының Шу бойындағы Ордасына одақтасу ниетімен келген шағатайлық Сұлтан Сайд ханның өз көздегені бар болатын. Ол – Қазақ хандығымен күш біріктіріп, Моғолстанды кері қайтарып алу. Сол кезгі нақты тарихи жағдайды қадағалап, күштің ара салмағын бағамдап отырған Қасым хан Сайд ханмен бірге Ташкентке шабуылға әр түрлі сылтаулармен бара қоймайды. Онымен одақтасудан да бас тартпайды.

Қазақ хандығында кеткен жерлерін қайтарып алу ниетімен шайбанилық сұлтандар 1516-1517 жылдың

қысында үлкен дайындықпен шабуыл жасайды. Бұл шабуылдың басталуы жөнінде Зайн-ад-дин Васи-фи естеліктерінде болғанмен, оның нәтижесі туралы мәліметтің жазылмағандығынан тарихшы Б.Кәрібаев шабуылшылар Қасым ханнан жеңіліс тапқан деп болжайды.

1518-1521 жылдарда тарихи деректерде Қасым ханның елдің батыс шекараларын реттеу ісімен айналысқаны айтылады. Бұл жылдары Қазақ хандығының батыс шекарасы Ноғайлы елімен шектескені тарихтан белгілі. XVI ғасырдың бастауында-ақ Ноғай Ордасы ауыр дағдарыста болатын. Билік басындағы баяғы ел қамын жеген Едігенің ұрпақтары ұсақтап, тақ үшін өзара тартысып, ақыры бір-біріне бағынбайтын дербес ұлыстарға бөлініп кеткенді. Ноғайлының бұдан әрі елін, жерін өз күшімен сақтап қалар мүмкіндігі жоқтығына көзі жеткен Қасым хан орыстардан бұрын қамданды. Ол 1519 жылы ноғай мырзаларын Еділдің оң жағасына ығыстырып, Қазақ хандығының батыс шекарасын Астархан хандығымен шектестірді.

Қасым хан Қазақ мемлекетін күшейтуді, оның жерін кеңейтуді және халқының санын көбейтуді мақсат етті. Оларды абыроймен орындады да. Қасым тұсында қазақ хандығы жері бұрынғы Көк Орда жерінен де кеңейді. Сыр бойы қалаларының көбі, дарияның орта ағысындағы басты-басты қалалар қазаққа қаратылды. Қасым өзі билік құрған тұста Өзбек хандығынан Сырдария бойын, Моғолстаннан Жетісу өңірінің үлкен бөлігін, Ноғай Ордасынан Ембі, Жайық пен Еділ аралығын өз хандығына қосты. 7*

Қазақ хандары ішінде Қасым хан үздік мемлекет қайраткері ретінде танылды. Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, тағы басқа Жошы тұқымынан шыққан хандармен одақтаса отырып, Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдарды жеңді. Мұхаммед Шайбаниға қарсы күресте Әмір Темір әулетінен шыққан Мұхаммед Мәзит

Тарханмен одақтасты. Сөйтіп, сыртқы саясатта жеңіске жетіп отырды. 8*

Қазақ халқы дербес халық, қуатты мемлекет ретінде түстік елдеріне де, батыс Еуропаға да әйгілі бола бастады. Ресей Қасым ханмен тұрақты дипломатиялық қатынас орнатуға мүдделілік танытты. Қасым ханның өзге елдер алдында беделінің өскені сонша, кезінде Қазақ хандығын Қасым хандығы деп атады. Оның кеменгерлігі мен әділеттілігі арқасында көрші елдермен сыйластық қатынас орнады, өз ішінен бүлінген Ноғайлы елінің қомақты бөлігі Қазақ хандығына келіп қосылды. Қасым хан кезіндегі хандықтағы халықтың саны миллионнан асты.

Қасым хан салған қасқа жол

Қасым хан отырықшы елдердегі тәртіп-заңға ұқсамайтын көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына орай жаңа заң, «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кеткен тәртіп орнатты. «Қасым ханның қасқа жолы» қазақ жұртының елдік санасын негіздеуде шешуші қызмет атқарған өзгеше құжат болды», – деп жазады М.Мағауин, – «ел басқару жүйесінде ата жолын ұстанған Қасым хан заман ерекшелігіне орай, жаңа ортаға сәйкес жаңа заң жүйесін енгізді. «Қасым ханның қасқа жолы» аталатын бұл көне жарғы сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңдарын қалыптастырды, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт ережелерін байыптады, жеке адамдар арасындағы, ру, тайпалар мен қоғамдық топтар арасындағы қатынас жүйесін тағайындады. Қазақ Ордасының мемлекеттік негіздері де осы заңда көрініс тапқан. Бұл заңға енген ережелер:

1. Мүлік заңы (жер дауы, мал, мүлік).
2. Қылмыс заңы (ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу).
3. Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасау және т.б.).

4.Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынаста сыпайылық, әдептілік).

5.Жұртшылық заңы (шүлен тарату, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдар міндеттері).

Бұл заңдылық еш өзгеріссіз XVII ғасыр аяғы, XVIII ғасыр басына дейін қазақ жұртының игілігіне қызмет етті. Қасым хан заңына Тәуке хан (1680-1718 жж.) тұсында сол кезгі тарихи жағдайдың қажетсінуінен туындаған екі тарау:

6. Жесір дауы.

7. Құн дауы қосылып, «Жеті Жарғы» деп аталған. 9*

Аталған заңның Қазақ хандығында ел билеу ісінде прогрестік зор маңызы болғандығын жазады тарихшылар.

Қасым ханның «қасқа жолы», Есім ханның «ескі жолы», Тәуке ханның «жеті жарғысы» заңдарын қастерлеп, басшылыққа алған бабаларымыз қазақ елінде сан ғасырлар бойы сотсыз, түрмесіз-ақ өз тентегі мен телісін тезге салып, ру-ұлыс аралық қатынастарды реттеді, ел ішінде татулық пен бейбіт өмірді қамтамасыз етті. Бұл істе ислам дінінің де үлкен үлесі болғандығын білеміз.

Тарихшылар Қасым хан туралы

Қасымның хан ордасы, сол кезгі қалыптасқан нақты тарихи жағдайға байланысты, Жетісу өңірінде, Шуда, қасиетті Ұлытауда, ал кейін Жайық бойындағы Сарайшықта орналасты. Қадырғали Жалайри өз еңбектерінде Қасым ханның 76 жасында қайтыс болып, Сарайшықтағы Алтын Орда хандары жатқан қорымға жерленгені, бейітінің үстіне биік күмбез тұрғызылғаны жөнінде жазған. Мұхаммед Хайдар Дулати дерегінде Қасым хан 1518 жылы қайтыс болды десе, Тахир Мұхаммед тарихшы 1523-24 жылдары қайтыс болды дегенді жазады. А.Исиннің мәліметіне сілтеме жасаған

Б.Кәрібаев, тарихи деректерді салыстыра келіп, Қасым ханның 1521 жылдың қысында қайтыс болғанын нақтылайды.

Ортағасырлық атақты тарихшылардың Қасым хан туралы пікірлері:

«Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтың падишасы болды. Ол ұлы істер жасау үшін туған адам еді. Қасым ханның қисапсыз нөкері қазақтар мен ноғайлардан құралған еді».

(Абдаллах бен Мұхамед бен Әли Насруллах
«Зубадат әл-Асар» кітабында)

«Қазақ халқының бұрынғы-соңғы хан, сұлтандарының ішінде Қасым хандай құдіретті әмірші болған емес. Оның үш жүз мың әскері болды.»

(Бабыр «Бабырнама» кітабында).


«Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшаққа билік жүргізді. Оның қарулы халқының саны миллионнан асатын. Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан соңғы жерде бұл жұртта Қасымнан асқан құдіретті хан болған жоқ».

(Мұхаммед Хайдар Дулати).


Аталғандардан өзге Қадырғали Жалайри, Бинай, Шади, Рузбехан, Махмут ибн Уәли, Хайдар Рази, Гафари, Абдалах Балхи еңбектерінде Қасым ханның сұлтандық және хандық кезеңдерінен үзік-үзік деректер келтіріледі.

Бүгінгі тарихшыларымыз Мұхтар Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» кітабында Қасым ханның жоғары адамгершілігі, атбегілік, ұйымдастырушылық ерекше қасиеттері, оның кемеңгерлігі мен туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі туралы жете суреттейді.

Қойшығара Салғараұлы «Қасқа жолды Қасым хан», Берекет Кәрібаев «Аты аңызға айналған хан» мақалаларында Қасым хан туралы бізге жеткен архивтік мәліметтерді ұқыптылықпен жинастырып, үзік-үзік деректерді бірізділікке түсіріп, жүйелеген.



Қазба көріністері



Құмыра XV ғ.




Сарайшық шеберханаларында жасалған, өндірістік ақауы бар сырлы тостаған



XV ғ. жасалған кесе




*Сфероконус.
XIV ғасыр*



Моншақ. XIII ғасыр




*Зергерлік бұйымдар.
XIV ғасыр*





Керуен сарай. XV в.

**"Хан Ордалы Сарайшық"
мұражай - қорығы кешені**



*Сарайшықта жерленген
жеті ханға арналған
ескерткіштер кесенесі*





Алтын
орда
(XIII ғ.)



Дешти
қыпшақ
қартасы



Еліміздің сонау батысында, Жайық өзенінің кәрі Каспийге құяр сағасына жақын жерде көне тарих куәсіндей Сарайшық қаласының орны жатыр. Оның жүйелі зерттеле бастағанына да бірнеше жылдың жүзі болғаны зерделі оқырманның есінде болар. Осында тұрғызылған, кезінде әдемілігі көрерменін сүйсінткен Жәнібек хан мен Қасым хан мазарлары XVIII ғасыр ортасында құлатылып, Сарайшықты жаппай тонау кезінде әшекейлі, сапалы тастары өзге мақсатқа пайдаланылған. Бүгінде археолог-ғалымдарымыз Сарайшықта жерленген делінетін жеті ханның, ішінде Қасым да бар, бейіттері көне елді мекеннің батыс бөлігіндегі ескі қазақы қорымның астында деп есептейді. (Белгілі бір жер ауданы металл тормен қоршалып қойылды). Қасым хан бейітінің орнын белгілеуде олар тарих ғылымының кандидаты Ахмет Тоқтабаевтың дерегіне сүйенген болатын. Онда былай делінген:

«Қасым ханның қабірін ұрпақтары күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ. Бұл туралы 1913 жылы туған, кезінде Атырау облысында басшылық қызметте болған Шоқан Қаржауов былай дейді:

«...Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлендер. Бейіттің жанында мешіт болуға тиіс – деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп, мәйітін Гурьевтен Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екендігін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымалдықпен жабулы тұр, әрі қарай қазсаң хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп, моласын соқтық. Інім Қаржауов Нығмет сол бейітке жерленген, маңайы темір шарбақтармен қоршалды.

1950 жылы Әлкей Марғұлан Сарайшықта қазба жұмысын жүргізгенде, Қасым ханның қабіріне қатты

қызығушылық білдірді. Бірде Әлекеңдер жұмыс істеп жатқан жерге келсем, ол: «Мешіттің жанын қазып едік, наубайхана шықты, бұл қалай?» – деп, бізден сұрады. Сонда біз: «Ертеде мешіт жанынан наубайхананы қоса салатын болған. Себебі, намаз, жаназаға жиналғандарға таба наннан дәм таттыру дәстүрі болған» – деп жауап беріп едік, ә, солай екен ғой – деп, Әлекең жауабымызға қанағат білдірді». 10*

Қасым хан денесі бұл қорым астында емес, Сарайшық ауылының түстік бетіндегі, жергілікті тұрғындар әулие деп атап жүрген бейіттің жанында деген жорамал айтушылар бар. Қалай дегенде де қасиетті Қасым хан денесі осы Сарайшықта екендігі анық, оның Қадырғали Жалайыр дерегінде бар екенін жазғанбыз. Археолог-ғалымдарымыз тарихшы-зерттеушілермен бірлесе отырып, Қасым ханның жерленген орнын анықтап, басына оның Қасым атына сай келетіндей белгі тұрғызу ісіне атсалысу – алдағы күндердің еншісіндегі шаруа. Үкіметіміз мәдени мұра бағдарламасы аясына сыйғызып, қолдау жасар болса, халық та қолдан келер көмегін аяп қалмас.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақтар 2-ші том. А-1998, 22-бет.
2. Қ.Салғараұлы «Хандар кестесі» А-1992, 44-45-беттер.
3. Б.Кәрібаев «Аты аңызға айналған хан» Қазақ тарихы, 1.199 бж., 39-40 беттер.
4. С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов «Казахстан: летопись трехтысячелетий» А-1992, стр.271.
5. М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» А-1995, 17-18-беттер.
6. Бұл да сонда, 9-10-беттер.
7. М.Хақимов «Айқын тарих» Атырау-1997, 400-бет.
8. Н.Мыржан «Қазақтың қысқаша тарихы» А-1994, 243-бет.
9. Қазақ ССР қысқаша энциклопедия 1-том, А-1984, 295-бет.
10. Ахмет Токтабаев «Сарайшықтың аққу көлі» Егемен Қазақстан 21 наурыз 1998 жыл.

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР

«Қиядан кикү төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған...»

Бұқар жырау.

Ұлтымыздың басынан «ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен», небір қилы замандар өткен. Аттың жалында, атанның қомында өскен қазақ ұланы о шетімен бұ шетіне құс қанаты талатын өзінің ұланғайыр туған даласын Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды данышпан билердің ақ алмастай тілімен, қажетті жерінде сом білектің күшімен қорғай білген. Оның жолында қанын да, жанын да аямаған сол батыр бабаларымыздың арқасында ғана біз бүгінгі дәрежеде өмір сүріп отырмыз. Халқымыздың тағдыры ұстара жүзіне ілінген алмағайып кезеңде аты ұлтының ұранына айналған, жан қысылғанда еліне қорған бола білген ақберен батыр бабалар есімін ұрпақтар жадына сіңіру, жастарды «мен солардың тұяғымын!» – деп ұялмай айта алатын деңгейде тәрбиелеу, олардың ерлік ісін үлгі етіп ұсыну – бүгінгі зиялы топтың қасиетті борышы.

Орталық Азияда көшпенділердің ұрпағы, көрші жатқан екі ел – Жоңғар елі мен Қазақ елі арасындағы жаугершілік аздаған үзілістермен қосқанда екі ғасырға, 1771 жылдарға дейін созылғаны тарихтан белгілі. Елдің экономикалық және рухани өсуіне айтарлықтай нұқсан келтірген, екі елдің нешеме жүз мыңдаған адамының (ішінде жас сәби мен ана да, жасы жеткен кәрі де бар) қанын төккен соғыстың ақырында Жоңғар елі – ойрат жұрты орны толмас апатқа ұшырады да, Қазақ жұрты жан сақтау мақсатында «өз еркімен», іштей егіле отырып, Ресейдің қарамағына енді. Қалмақтардың үздіксіз шабуылдауы олармен шекарадағы Ұлы Жүз бен Орта Жүз қазақтарына өте ауыр тиді. Баққан мал айдау-

да, мәпелеп өсірген балалары байлауда, жау қолында тұтқын болды. Сан рет алмасқан елшіліктен де нәтиже шықпады. Сөйтіп, жөнсіз қырқысқан екі көшпенді елдің ұрпағы, бірінің қолы бірінің жағасында XVIII ғасырдың табалдырығын аттады.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының өмірінде жантүршігерлік қасіретті кезең болды.

«Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесапат жұт пен ашаршылық тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді» –деп жазады Шоқан Уәлиханов өзінің «Абылай» очеркінде. Әсіресе 1723 жыл сұмдық сипатымен қазақ халқы есінде өшпестей болып қалды. Қары қалың әрі көк тайғақ болып, ұзаққа созылған сол бір сұрапыл қыстың көктеміне ұласа жоңғарлар қисапсыз қолмен қазақ даласына басып кіріп, жаппай қырғынға ұшыратты. Қайда барса да қанқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол-жөнекей дүние-мүлкін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрақ малын, үй-мүлкін қалдырып, бет-бетіне қашты. Дала қансырап жатты. Мал біткен жау қолында кеткен, егістіктер тапталып, айналаны ашаршылық жайлай бастады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен енген қазақ тарихының қасіретті беті осылай басталады. Есеңгіреген елдің есін жиғызып, арқа сүйер, оған тірек болар ел ағасының, қанды балақ жауынан кек қайтарар батырының қажет болған тұсы еді бұл.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді...

Қазақтың талқан болған әскерінің басын құрауға 1724 жылдың өзінде-ақ қам жасалынады. Ауыр соққыдан ес жиып, басқыншыларға қарсы жүрегінде

оты бар, елім деп еңіреген жігіттер, әр жерден бой көрсетіп, қарсылық білдірген азын-аулақ топтар көп ұзамай ірі күшке айнала бастайды. Азаттық күресінің ең қиын-қысталаң, аса ауыр күндерінде жасанған жауға алғаш қарсылық көрсеткен, сондарында қазақтың қалың жасағы тұрмаса да, елі үшін өзін құрбандыққа шалуға даяр ерлерді сол кезде көбіне мергендер бастапты. Күштің жетімсіздігінен ашық айқасқа түсе алмаған кезде, жауды тасадан атып жер қаптырған қазақтың құралайды көзден атқан мергендері ернеуінен асып төгілгелі тұрған халық кегін біртіндеп болса да қайтара бастайды.

Елі үшін есімдері қасиетті Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Райымбек, Малайсары, Есет, Өтеген, Саңырақ т.б. батырлардың жасақтары қазақ күштерінің негізін қалады. (А.Жәлелов, Ж.Шағатай «Саңырақ батыр») 1726 жыл еңсесі езілген қазақтың рухын көтереді. Қасиетті Ордабасында үш жүздің өкілдері бас қосқан келелі жиын өтіп, біріккен Қазақ Жасағы құрылады. Тарихтан белгілі бұрыннан айтылып келе жатқан мәліметтерді қайталамай, өзіміз әңгіме еткелі отырған Малайсарыға байланысты деректерге тоқталалық. Қазақ тарихында батыр, би, хан болған ірі тұлғалардан аттастар жиі кездеседі. Мысалы тарихта Шақшақ Жәнібек, Керей Жәнібек, Сұлтан Жәнібектер болғаны белгілі. Сол сияқты XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысы шамасында қазақта бірнеше Малайсарылар болған. Енді қолымыздағы аз мәліметтерге сүйеніп, соларды ажыратып көрелік.

Албан Малайсары батыр

Малайсары есімді батырлардың аттары жоңғарлармен болған сан жылғы ұрыстың 75 жылдай кезеңінде, шамамен 1681-1756 жылдар аралығында аталады. Деректерге қарасақ: 1681 жылы қалмақтың қонтайшысы Ғалдан Бошақтуға қазақ елінен елшілер жіберіледі (Профессор Х.Арғынбаев «Қаз дауысты Қазыбек би

елшілігі»). Сол елшілікке баратын топты бастаған Тайкелтір би, қосшысы 14 жастағы Қазыбек болғанда, осы құрамда батыр ретінде жіберілетін Малайсары, сол кезгі жасы шамамен 18–20-ларда десек, 1681–20=1661 жылдары туған болады да, тарихта сөз болатын 1740–1756 жылдарғы жоңғарлармен ұрысқа оны 80–96 жасында қатысты деу ақылға қонымсыз. Олай болса, бұл – қазақтың адал ұлдарының бірі, Албан Малайсары батыр деуіміз дұрысқа келеді. Мына бір дерекке көңіл аударсақ: Ж.Тұрлыбайұлының «Атойлап ұран салған» мақаласында «Басқыншыны Келес, Бадам, Түркістан, Сайрам маңынан кері қуып, Шу, Іле бойына, Балқаш маңына келген кезде Өтеген, Наурызбай, Сатай, Қастек, Малай батырлармен және Қангелді, Бердікей, Биеке секілді қарт батырлармен тізе қоса жауды тойтарып, шығысқа қарай түре қуған» – делінген. (Бұл 1727–1730 жылдарғы оқиға екендігі түсінікті болар). Бұл деректе Албан Малайсарының аты аталмаған. Соған қарағанда жасы шамамен 65–70-тердегі ол бұл жылдары өмірде болмаған сияқты.

Жоңғар жотасындағы Малайсары тауы туралы: Қазақ Совет Энциклопедиясында (7-томы) сөз болатын Жоңғар жотасында ұзындығы 100, ені 25-30 шақырымдай тауға есімі берілген батыр Албан Малайсары болуы керек. Өйткені, Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» (Алматы, 1993 ж.) атты естелік жазбасының 267 бетінде:»...келген үшеуінің екеуі Хангелді, Жангелді, кейін Іленің оң қанатында Албан Малайсары өлген жерде, сол күнгі ұрыста дүниеден кетті» – делінген. Бірақ жылы келтірілмеген. Болжамымызды бұл мәлімет те нақтылай түседі. Қазақ жаумен ұрысқа қатысқан кез келген сарбазға жер атын, тау атын арнамағаны белгілі. Олай болса, Албан Малайсары біздің тәуелсіздігіміз үшін күрестің тарихында үлкен орын алатын адам болуы мүмкін. Батырдың ерлік істерін жинақтап халқына таныту болашақтың ісі.

Малайсары би

«Кеудең толған бауыр болсын,
Арқаң қара нардай жауыр болсын.
Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,
Жасың жетпіске жетпесін!» – деп,

Сырым Датұлына бата берген осы Тана Малайсары би (Бұл батаны Сырымға Бөкен би айтыпты деген де мәлімет келтіріліпті І.Мұхамбетқалиев өзінің «Сырым Датұлы» мақаласында). 1742 жылы туған Сырым Малайсары биге барғанда 18–20-ларда десек, бұл оқиға $1742+20=1762$ жылдар шамасында өткен болады. Бұл кезде би жетпістен асқан делінген. Онда оның туған жылы $1762-70=1692$ жылдар шамасында болады. Кіші жүзде Әйтеке би қайтыс болғаннан кейін би болатын да осы Малайсары. XVIII ғасырда өмір сүрген Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында:

...Өсиетін Әйтекенің естеріне ап,
Қазыбек, Төле, Ақсуат шайқады бас.
...Жас биі Кіші жүздің Малайсары
Ол-дағы ақыл-айла таба алмады
Бас қосып Құлтөбеде кеңес құрып,
Жөн көрді қоршау бұзып құтылғанды, –

деген жолдар бар.

Келесі бір дерек: өнертанушы Жарқын Шәкәрімнің «Малайсары биден Шәмілге дейін» атты кейінде шыққан кітабында Малайсарының XVIII ғасырдағы қазақ тарихында ерекше орны бар би болғандығы айтылған. Қазақта ғұлама ғалым, батыр, би, шешен, жырау тағы сондай атақты адамдардың атына оның руын қоса атау дәстүрі болған. Бұл дәстүрдің мақаламыздағы Малайсарыларды ажырату үшін де пайдасы тигенін байқап отырсыз. Оны рушылдық, жікшілдік туғызу деп жатырқамай, Қазекен бабамыздың сол бір тарихи кезең үшін өзін ақтаған көрегендігінің бірі деп қабылдасақ орынды болар. Малайсары би зираты батыс Қазақстанда, аяулы ақын Өтемісұлы Махамбет жатқан Қараой маңында, Жайық өзені жағасында.

Бәсентин Малайсары батыр

Малайсары – 1723 жылдан кейін-ақ жауға қарсы күш біріктіруге бар мүмкіндікті пайдаланып, жер-жерде қарсылық ұйымдастыруға белсене қатысқандардың бірі (Ә.Жәлелов «Саңырақ батыр»). Әбілқайыр бастаған қазақ жасақтары 1727 жылы Сарысу өзеніне құятын Бұланты, Бөленті өзендерінің бойында жоңғарларды айқын басымдықпен жеңіп, бұдан екі жыл кейін, 1729 жылы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Аңырақай даласында жоңғар қолын талқандаумен бұл басымдылығын одан әрі бекіткен еді. Бұл жеңіс қазақ елінің елдігін, оның намысын қорғар ер ұлдары бар ел екенін, данышпан Қазыбек би айтқандай, «ешбір дұшпанға басындырмаған ел» екендігін дәлелдеді. Аңырақай шайқасы халқымыз тарихында бұрын-соңды болмаған ірі көлемдегі ұрыс болды. Екі жақтан бұл ұрысқа жүз мың шамалас сарбаздар қатысып, бірнеше күндік соғыста қылышын кекке жаныған қазақ сарбаздарының найзасының ұшында жоңғар жасақтары түгелге дерлік опат болды. Ұрыстан кейін қазақ батырлары Қабанбай мен Бөгенбайдың, Жәнібек пен Наурызбайдың, Бәсентин Малайсары мен Райымбектің даңқы ұлысқа кеңінен жайылды (С.Шүкірұлы, Б.Әлденұлы «Шақшақ Жәнібек тархан»). Реті келгенде айта кетелік, «1729 жылы Аңырақай жазығында болған ұрыста қазақтың небір өрендері өмірлерін қиды, солардың ішінде әйгілі Бәсентин Малайсары батыр да бар болатын» деп жазады ғалым-жазушы Амантай Сатаев өзінің «Қанжығалы Бөгенбай» атты көлемді мақаласында. Амантайдың зерттеу еңбектерін жоғары бағалай отыра, тарихи деректерге жүгінсек, Бәсентин Малайсары батырдың Аңырақай шайқасынан аман қалғандығын, одан кейін де 27 жыл бойына басқыншы жоңғарлардан елін, жерін азат ету жолындағы сан жорықтарға қатысқандығын көреміз. Оның дәлелді деректерін келтіретін боламыз.

Ақын, тарих зерттеушісі Әріп Тәңірбергеновтың «Абылай» дастанындағы:

«Абылайдың мінгені ыңғай сары,
Айқайласып келгенде жердің тары.
Абылайды сан қалмақ қамап жатыр,
Туыңды ала шаба көр, Малайсары!»—деп,

1741 жылғы Абылайдың қалмақ қолына тұтқынға түсіп қалуы туралы хабар арнайы Малайсарыға берілуінен оның сол кездегі батырлар арасында алатын орнын бағамдауға болар еді. Сондай-ақ, «өз батырларыңыздың ішінен қайсысын ерекше құрметтейсіз?» — деп сұрағанда, Абылай: «...Өз батырларымның ішінен Малайсары мен Баян батыр бәрінен де жоғары тұр. Малайсары байлығы, батырлығы, мінезі жағынан, ал Баян ақылы мен ержүректігі жағынан» — депті (Ш. Уәлиханов 5 томдық шығармалар жинағы, 1-том, 1961 ж. 222 бет.). Қазақтың ұлттық тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалу тарихында елеулі орын алатын Абылай майда сөздің емес, жоғары парасаттың адамы болған. Азаттық жолындағы қанкешті ұрыстарда есімдері халықтың ұранына айналған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Наурызбай (тағы да біз есімін атамаған) батырларды былай қойып, Абылайдың жоғарғы екеуін бөліп атауына не себеп болды екен? Қазақ пен жоңғар арасында тыныш күндер болып жарымаған 1740-50-ші жылдарда жоғарғы аталған қолбасшы батырлар жасы 50-60-тарға таяп қалған кезде, ал отыз бен қырық жас аралығындағы Малайсары мен Баянның «қынабынан суырған қылыштай» лыпып тұрған, қамал бұзар дер шағы, жау шебін барлау, шолғыншылық жасау жұмыстарын сан мәрте тапқырлықпен орындап, көңілден шықты ма, әлде жан алып, жан беріскен Аңырақай шайқасындағы жиырма бестердегі жастың құрыш топшылы қырандай жасын қимылдары разы етті ме екен, жаратылысы бөлек батыр бабамыз Абылайды?! Қалай десек те, Малайсарының Абылай жасағындағы елеулі батырлардың бірі болғандығы ақиқат. Ал, жоғарғы келтірілген Абылай сөзіндегі «Малайсарының байлығы... үшін» жоғары бағалауы туралы ой бөліссек: бұл жерде байлық-жомарттық мағынасында айтылған

болуы керек. Өйткені, қазақ таныған Абылай өз батырларын байлығымен емес, ерлігімен бағалаған, ал бұл мәліметті жазып отырған адам, айтушының әңгімесін талғамсыз көшіре салатыннан емес, Шоқанның өзі!

Құрманғали Халидұлының «Абылай хан» мақаласында («Тауарих хамса» кітабынан) Абылай хан дәуіріндегі әскер басы болғандардың ішінде Бәсентин Малайсарының аты аталған.

1732 жылы Жоңғар әскерлері жеті мың қолмен Орта жүзге кезекті шабуылын жасайды. Қалмақтың қалың қолына сан жағынан анағұрлым аз қазақ жасағы Жәнібек тарханның басқаруымен қарсы тұрып, жеңіске жетеді. Алайда, осындай елеулі жеңістерге қарамастан, бұл тұста қазақ жұрты соғыстан әбден титықтап, тыныштықты аңсаулы еді.

Жоңғарлардың қолымен от көсеп отырған қытайлықтарға күндердің күнінде жем болмас үшін қазақтарға Ресейге арқа сүйеу керек немесе сол Қытайдың өзіне бодандыққа көну керек болды. Бабаларымыздың сол кезгі жол таңдаудағы көрегендігін бүгінгі өміріміз дәлелдеп отыр. Әбілмәмбет ханның тапсырмасымен 1742 жылы Малайсары мен Нияз батыр Әбілпейізді ақ үйлі аманатқа апарып, Абылайды босатып алу үшін Жоңғария ұрғасына елшілікке барып қайтады (Жамбыл Артықбаев «Елшіліктер шежіресінен» XVIII ғасыр). Ал, Абылай Жоңғар тұтқынынан тек 1743 жылы босағанын білеміз.

Өткен ғасырларда жауласушы екі жақ бір-бірімен бетпе-бет келгенде, алдымен олардың бас батырлары жекпе-жек шайқасқан. Шығыс халықтарына тән бұл жоралғы қалмақ пен қазақ арасындағы соғыста да жиі қолданылыпты. Екі жақтың сондай жекпе-жекке шығар батырларын «алғадай» деп атаған екен.

Алғадай – өте жүректілікті талап етеді. Ол ұрыс сайын басын өлімге тігіп шығады. Асылында, сол кезеңде «алғадай» ел аузында батыр атанудың алғы шарты болған. Белгілі бір ұрыста алғадайлықты абыроймен атқарып, ақжолтай оралса, есіміне «батыр» деген сөз

қосылатын болған. Алғадайлыққа екiнiң бiрi емес, ұрыстарда көзге түскен, сырт тұлғасы кесек, қимылы қырғи сарбаз ғана жіберiлген. «...Жәнiбектен кейiн қазақ жасағында алғадайлықты Бәсентин Малайсары, Олжабай, Керей Жәнiбек сынды батырлар атқарған» (С.Шүкiрұлы, Б.Әлденұлы «Шакшақ Жәнiбек батыр» кiтабы 1993 ж.75 бет).

Арғын руында Ақжол атаның үш әйелi болғаны орта жүз шежiресiнен белгiлi. Оның Момын ана аталатын екiншi әйелiнен Ақсұпы, Қарасұпы, Сарасұпы есiмдi үш ұл болады. Солардың ортаншысы Қарасұпыдан Бәсентин мен Қарауыл, екi ұл туады. Бiздiң мақаламыздағы Малайсары батыр сол Бәсентин ата ұрпағы. Оқырманды зерiктiрмесек, шежiренi одан әрi таратайық: Бәсентиннiң бес ұлының төртiншiсi Қарабұжырдан Қойбағар, одан Жарылқамыс, одан Шегiр (әрине, аталар арасында үзiлiстер болуы даусыз). Малайсары батырдың әкесi Тоқтауыл сол Шегiр атаның ұрпағы болып келедi. Тоқтауыл кезiнде батырлығымен аты шыққан адам болған. Малайсары Қаратаудың терiстiк беткейiнде XVIII ғасырдың басында дүниеге келдi деп топшылауға негiз бар. Өйткенi, бұл Төле бидiң 15 жасында «Шу өзенiнiң оң жағын Үйсiн, сол жағын Арғын жайласын» деп, екi рулы ел арасына айтқан бiтiмдiк билiгiнiң iске асқан кезiне сәйкес келедi. Сондай-ақ, Мұхамеджан Тынышбаев «Материалы к истории киргиз-казахского народа» мақаласында Арғын руы тарихын айта келiп, олар XVIII ғасыр басында Қаратаудың терiстiгiнен Сарысу өзенiнiң орта ағысына дейiнгi аралықты жайлаған деп жазады. Әке көрген Малайсары оқ жонады. Тоқтауыл батыр ұлын сол кезгi «ер қаруы» деп аталатын соғыс құралдарының бәрiн де жоғарғы шеберлiкпен игере бiлуге баулиды. Зерек ұлдың қолға тұтылмастай шиыршық атқан денесi мен жолбарыс қимылы Тоқаң ақсақалды, өзiнiң жастық шағын талай сағындыра сүйсiнткен болар. Әке үмiтi ақталды. Малайсары елiне қорған болар батырлардың бiрi болды. «Малайсары епетейсiз iрi денелi, дөкей

батырдың есепті бірі болған» – деп жазады «Олжабай батыр» атты деректі әңгімесінде ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Тоқтауыл ұлын сарбаздыққа шындаумен бірге, қызы – Малайсарының қарындасы (кейін Қаракерей Қабанбай батырдың жары болатын) Гауһарды да баулиды. Малайсарының 1729 жылғы Аңырақай шайқасына қатысқанын, 1727 жылға дейін басқыншыларға қарсы қол жинауда да аты аталатынын ескерсек, 1756 жылғы Серектаста барлауға барып жүргенін де есепке алсақ, оны 1700-1705 жылдар шамасында туған деп шамалауға болар. Малайсарының балалық, жасөспірімдік шағы – Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» қазақ даласында күшіне енген, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің жауға жем болып кетпес үшін елді бірлікке шақырған кезі. Әділет күткен халқын аузына қаратып, сөзден жасын атқан атақты билер, аруақты, жаужүрек батырлар, халқын қайткенде аман алып қалам деп, түн ұйқысын төрт бөлген Тәуке, Абылай сынды хандар – сол кезгі тарихи жағдай туғызған алып тұлғалар, ұлтымыздың біртуар ұлдары. Міне, Малайсары тұстастары – осылардың үлгісін көріп өскен ұрпақ. Малайсарының өмірінің соңғы жылдарын әңгімелейік. «XVIII ғасырдың 30-50 жылдары қазақ даласы басқыншыларға тұтас майдан құрды десек дұрыс» – деп көрсеткен Әбіш Кекілбаев «Әйтеке би» зерттеу мақаласында. XVII ғасырда қалмақтар басып алған Баянауыл, Желтау, Қызылтау сілемдерін жаудан босатып алу күресі ондаған жылдарға созылады. Қазақ жасағы қанатын кең жайып шығысқа қарай жылжиды. Қанаттың ортасында Баянауылды бетке ұстаған Айдабол жасағы, сол қанаты Бәсентин жасағы, оң қанатын Сүйіндіктің екінші жарты мыңдығы құрайды да, осының бәріне Олжабай батыр бас сардар болады. Ертіс өзенімен Баянауыл таулары аралығында Серектас деп аталатын бекініске қолайлы тауға ішкі беттен шегінген жоңғар әскерлерінің қалдықтары жиналады. Жанак ақынның «Баянауыл» дастанында:

...Қалмақтың елі бұрын кеткен көшіп,
Қу, Едірей, Мыржықтың тауын басып

Әскерін Серектасқа бекіндіріп,
Аякөз, Тарбағатайдан кеткен асып.
Есітіп бұл хабарды келген дейді,
Бөгенбай, Олжабай мен Малайсары.
Батырдың не секілді бәрі барған,
Қан төгіп қазақ-қалмақ соғыс салған –

деген жолдар бар. Серектасқа тығылған жау әскерін қоршап алып, жойып жіберу ісін Шоқпар батыр басқарған екен. Бұл оқиға 1756 жылдың көктемі мен жаз ортасынан орын алады деп жазады жазушы Қ.Исабай «Қазақ-қалмақ соғысының соңғы шайқасы» деп айдар таққан өзінің «Шоқпар батыр» мақаласында. Бұл дүниедегі қызық пен рахатты, жан тыныштығын ел қорғау ісіне түгелдей айырбастаған, 65 жасқа келгенше бел шешіп аттан түсуге, үйленіп шаруа құруға уақыты болмаған Шоқпар батыр (атақты Жауқаштының баласы) сол замандағы елім деп еңіреген ерлердің бір ғана мысалы. Бұл тауда жоңғар жасағының негізгі бөлігі қырғын табады. Орыс шежірешісі Н.Г.Путинцев «Хронологический перечень из историй Сибирского казачьего войска» кітабында (Омбы, 1891ж.): «Қырғыздар жоңғарларды Ертіске жеткізбей, аямай қырды. Өз еріктерімен берілгендерін құлдық пен күндікке әкетті. Қырғыздар қолына мол олжа түсті» – деп жазады. Негізгі күші талқандалған Жоңғар қалмақтары бұдан кейінгі ұрыстарда жөнді қарсылық көрсете алмай, ақыры Қытай апанына жұтылып кеткенін тарихтан білеміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Олжабай батыр» атты деректі әңгімесінен Малайсары батыр жөніндегі мәліметтерді келтірелік: «Қалмақ қолы қазақ әскерінің келерін күнілгері сезіп, бір өте берік қорғанға бекінсе керек. Абылай қорғанның бұзып кірер осал тұсын байқау мақсатында төрт батырын жұмсапты, ішінде Баян және Малайсары бар. Оларды жау байқап қалып, оқ жаудырғанда Малайсары ауыр жарақат алады. Жарақатын көрген Абылай:

– Өзге тамақты бұған бере беріндер, жалғыз-ақ ескі,

қатқан сүр ет бермендер. Сүр ет ішегін жыртады, одан соң үйірге қосыла алмайды – депті. Қалмақ қорғанда қамаулы, қазақ қолы оны сыртынан қоршаулы, елсіз-күнсіз далада, тамақ қоры да азаяды. Жаралы Малайсары батыр бақыршысын шақырып алып:

– Қызыл турам етке тісімді тигізбесең, басыңды шауып тастаймын – деп қаһарланады. Батырдың ала қоржынының түбін қараса, бір қазы жатыр екен, соны астыртып жепті. Абылай айтқандай, Малайсарыға ала қоржын түбіндегі қалдық қазы ажал болып тиіпті.

– Әзірейіл шіркін, бұл қайда жүреді өзі дей беруші едім. Сөйтсем ала қоржынның түбінде бұғып жата берген екен. Осылай амалын тауып, айласын асырып алмаса, біздей кісіге бадырайып келуге оған да жан керек қой! – деген сөз қалыпты Малайсары батырдан. Сол сапарда Малайсарының демі таусылыпты.

Бұндағы Мәшһүр Жүсіптің қорған деп отырғаны біз жоғарыда әңгіме еткен Серектас тауындағы қорған болуы керек. Өйткені, 1756 жылғы және соған дейінгі ұрыстарда Малайсары батырдың аты аталады да, одан кейінгілерде (1757, 1758, 1771 жылдары) біздің қолымызға түскен мәліметтерде батыр есімі кездеспейді.

Ел бірлігін көксеген Бұқар жырау айтқандай:

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған,

«батыр болсаң, эне, сондай бол!» – деп ұрпағына үлгі етер аруақты батырлардың бірі, ұлтының ата жауымен айқаста елін кеудесімен қорғаған ер, өз өмірін құрбан етумен жоңғар-қазақ арасындағы ғасырлар бойғы соғыстың соңғы нүктесін қойып барып көз жұмған Бәсентин Малайсары батырдың ерлікке толы өмірін қолымызға түскен аздаған мәліметтерге сүйеніп әңгіме еттік. Мақаламызда келтірілген мәліметтер мен болжамдарымызға дәлелді деректер табылып, түзетіліп, толықтырылып жатса, күнілгері ризашылығымызды

білдіреміз. Өйткені, халқымыздың өткен тарихын түгендеу, оны келер ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу – бәріміздің ортақ борышымыз.

Бөлек есімді батырлар

Ұлтымыздың тәуелсіздігі жолындағы күресі тарихында жоңғарлармен соғыстың орны ерекше. Арадағы аздаған жылдар үзілістерімен екі жүз жылға созылған соғыстың нәтижесі екі ел үшін де аса қайғылы болғандығы тарихтан белгілі.

«Ақтабан шұбырындыға» ұрынып, «Елім-айлаған» қазақты қорғаушылардың көшін бастаған Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбайлар болды. Бұлар – өз заманындағы соғыс ісінің майталман шебері, ер қаруы – бес қаруды қолданудың, ат үсті соғыстың небір ұңғыл-шұңғылын жетік білетін, ұрыс барысында жер жағдайына байланысты әдістердің сан түрін қолдануды меңгерген сұңғыла қолбасылар болатын.

Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде есімдері аталған қолбасылардың қынабынан суырған қылышындай жас батырлар көптеп шығады. Солардың бірі – Бөлек батыр. Жоңғарлардан елді қорғау соғысына Бөлек есімді екі батырдың қатысқаны туралы деректер кездеседі.

Бөлек есімді батырлар туралы бірнеше авторлардың баспасөзде зерттеу мақалалары шықты. Солардың бірі жетісулық журналист Тұрдақын Құдайкұлов жазғандай, Бөлектердің бірінің ерлік ісін екіншісіне телу, өмір жолдарын шатыстыру кездеседі. Тұрдақын Бөлек есімді батырлар туралы бірнеше дерек көздеріне сілтеме жасаған екен.

Осы автор «... 1993 жылы атақты Сарбұлақ шайқасының 350 жылдығы аталып өтер алдында мен Балғабек Қыдырбекұлына жолығып едім. Ол былай деп еді: Жоңғар шапқыншылығы кезінде қос Бөлек батырдың болғаны рас. Олардың айырмашылығы жас

шамалары мен соғысқа қатысқан кезеңдерінің бірдей еместігі. Асқан ерліктерімен ел есінде қалған. Сатайұлы Бөлек жекпе-жекте қалмақтың Аңырақ батырын өлтірсе, Суан Бөлек батыр – Доланқараны жеңген», – деп жазады. 1*

Суан Бөлек батыр туралы оның бүгінгі ұрпақтарының ата-мекенін білетін Б.Әділбеков «Бөлек батыр» мақаласында біршама деректер келтіреді. 2*

Бірақ деректерді қайдан алғанын жазбапты.

Шапырашты Сатайұлы Бөлек батыр туралы мақаласында журналист Нұрсадық Сарқожаев негізінен Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» кітабы деректеріне сүйенген. 3*

Бөлек батырлар туралы деректерді жинастырып, саралауға осы жолдар авторы да біраз уақытын бөлген болатын. Аталған авторлардың зерттеу еңбектерін бағалай отыра, тарихи даталардың шатыстырылуы, бірінің ерлігін екіншісіне телу сияқты кемшіліктер кездескенін де айтуымыз орынды болар. Мысалы, Б.Әділбековтің зерттеуінде «...Жуырда Бөлек батырға 275 жыл толуына байланысты биіктігі жеті метр ескерткіш орнатылды» – делініпті. Бұл 2002 жыл сияқты. Сонда Суан Бөлек батыр $2002 - 275 = 1727$ жылы туған болады. Қазыбек бек кітабында Суан Бөлек батыр 1707 жылы туған деп көрсетіледі (Тұрдақын сілтемесі) және оның қатысқан ұрыс кезеңдері де осы шаманы растайды. Одан әрі еңбектегі «...1735 жылы Хангелді, Райымбек, Бақай, Сатай, Ырыскелді, Биеке, Бөлек батырлар...» деген сөйлемдегі сол кезгі атақты батырлармен бірге 8 ғана жастағы бала Бөлектің қоса аталуы ақылға қонбайды. Дұрысы – бұл құрамдағы Суан Бөлек емес, Шапырашты Бөлек десек шындыққа жанасады. Сондай-ақ, авторымыздың бірі, Шапырашты Бөлек бабасы туралы тебірене жазған Нұрсадық Сарқожаев зерттеуінде «...Сол Доланқараны және Аңырақты жеңген Бөлектің атағы аспандап дүркірейді» – делінген. Дұрысында жоңғардың Доланқара батырын жекпе-жекте жеңетін Шапырашты Бөлек батыр емес, Суан Бөлек батыр де-

лінеді. Шапырашты Бөлек батыр туралы Қазақстан ұлттық энциклопедиясында (2 том, 406-бетте) «...Бөлек Сатай батырдың тұңғыш немересі болғандықтан Сатай баласы атанып кеткен» – деген жаңсақтық жіберілген. Дұрысы – Бөлек Қараұлы Дәулетбай немересі, ал Сатай Дәулетбайдың інісі. Бөлектің аталығы туралы Н.Сарқожаев мақаласында жете талданған. Шапырашты Бөлек батырдың ататегі (Сатай немересі, немесе Дәулетбай немересі, Қараұлы), туған жылы (1700 ж. 1696 ж.) және жекпе-жекте жеңген қалмақ батыры (Доланқара) туралы деректер қазақстан ұлттық энциклопедиясы мен Қазыбек бек Тауасарұлының аталған шежіре кітабында екі түрлі.

Батырлар туралы деректерді нақтылауды зерттеуші тарихшыларға қалдырып, тақырыбымызға келелік. Бөлек есімді батырлардың ерлік істері мен өнегелі өмір жолдарын алдыңғы аталған екі автор зерттеулерін негізге ала отырып құрастырдық.

Бұндағы мақсатымыз – ұлтымыздың тағдыры шешілер алмағайып кезеңде елін кеудесімен қорғаған жаужүрек батырларымыздың ғасырлар шаңы басып қалған қасиетті есімдерін, мүмкін болғанша халқына жеткізу, олардың ұлтжандылығы мен қаһарман ерлігін жастарымызға үлгі етіп ұсыну.

Суан Бөлек батыр

Суан Бөлек батыр жөнінде «Райымбек батырмен бірге жоңғар шапқыншыларына қарсы күресте суан Бөлек батыр, қызылбөрік Қонакелді, Өтеген батырлар иық тіресе күрескен» – деген дерек бар. 4*

Қазаққа танымал Бұхар жырау жырларында:

...Бөлек батыр суаннан,
Ат жалын тартып мінгенде,
Қос Бөлек батыр шықты деп,
Бүткіл қазақ қуанған –

деген жолдар бар.

Суан Бөлек батыр 1707 жылы туған. 5*

Бөлек өзінің ата қонысы қазіргі Доланқара тауындағы жайлауда дүниеге келіпті. Атын анасы Айбике қойыпты. Ол жөнінде мынандай аңыз бар. Бөрге мен Айбикенің Киікбай атты тұңғыш ұлы болған. Айбике екінші баласына жүкті болып жүргенінде күйеуі қайтыс болып, жесір қалады. Жас қалған Айбикені қазақ салты бойынша күйеуінің жақын туыстарының біріне қосу жөнінде әңгіме болғанда Айбике:

– Менің ішімде Бөргеден қалған бала бар. Сол жарық дүниеге келмей, мен ешкімге күйеуге шықпаймын, – деп кесімді сөзін айтады. Ол ақылына көркі сай, әрі кеңінен ойлап шешетін адам екен. Дүниеге сәби келеді.

– Бұл Бөргеден қалған ұрпақ. Сондықтан бұл баланың жөні бөлек, аты – Бөлек болсын, – деген екен.

Қазақтың аға өлсе, іні мұра деген дәстүрі бойынша Айбике қайнысы Қошқармен тұрмыс құрады. Қошқар дәулетті де, батыр адам болған. Бөлек сол кісінің тәрбиесінде сымбатты, қайратты, палуан денелі болып өседі. «Әке балаға сыншы» дегендей, баланың ақылдылығына, батырлығына риза болған Қошқар өзінің он бір ұлынан бұрын Бөлекке мейірі түсіп, оның болашағынан зор үміт күткен.

Ол ержетіп, жігіт жасына келгенге дейін жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт ұстап, аңшылық құру өнерін өзіне серік еткен. Өзі сияқты сан салалы өнерімен елге танылған жігерлі жігіттерді ертіп, ел аралап, жер шолып жүреді. Сондай бір сапарында жолы түсіп, Найман еліне келіп, сол елдің ақылына көркі сай, Болсынай деген қызымен танысады. Бір-бірін ұнатқан екі жас уәде байласып, Бөлек еліне қайтады. Бастапқыда келіскенімен Бөлектің әкесінің жоқ екенін естіген бай жалғыз қызын жетімге беруге намыстанып, той өтетін мерзімді кейінге шегеріп, кешіктіре береді. Осындай ұзын арқан, кең тұсауға салып жүргенде, шекарада отырған жоңғарлар болашақ қайынжұртының жылқысын бір түнде айдап әкетеді. Сойылға жығылып, жолда қалған

жылқышылардан хабар алған мал иесі қуғыншы жібереді. Бірақ барымташылар ұрымтал жерден күтіп алып, олардың бетін қайтарады. Қайын атасының ауылын жау шапқанын Болсынай арудан естіген Бөлек, жарамды ат мініп, қолына қаруын алып, жылқының соңынан қуып шығады да, ізіне түсіп, жасырын артынан еріп отырады. Елінің шетіне жеткен соң барымташылар өз тобынан төрт жылқышыны қалдырып, қалғандары үйлеріне тарайды. Бұны сыртынан бақылап жүрген Бөлек түн жарымында, жылқышылар ұйықтады-ау дегенде қиқу салып, жылқының бәрін кері бұрып, айдай жөнеледі. Ол жәй ғана айқайлап қоймай, көп жолдастарының аттарын атап, пәленше сен оң жақтан, сен сол жақтан айда деп, шуды көбейте береді. Ұйқыдан шошып оянған жылқышылар көп адамның атын естіп, жылқыны қууға батылдары жетпейді. Таңертең естерін жинап, ат тауып мініп, жылқының соңынан қуып шығады. Бұл кезде жылқының алды ауылға жетіп те қалған болатын. Артынан қуғыншы келетінін білген Бөлек оларды күтіп алып, жалғыз ұрыс салады. Ақырында оларды жайратып салып, аттарын да олжалап, жылқымен бірге қайын жұртына тарту етеді. Бұл ерлігіне риза болған қайын атасы сөзге келмей, көп жасауымен қызын ұзатады.

Болсынайдан туған тұңғыш ұлының есімін Бөлек Жауқаш қойған деседі. Бұл есімді қоюдың өзіндік тарихы бар.

Жоңғар шапқыншылығы кезінен қалған «Ойран төбе қырғыны» деген жер бар. Ол – түстігі Торайғыр тауымен, терістігі Бұғылы тауына созылып жатқан өңір. Бұл – қалмақтың Атанас ханына қарсы Райымбек, Бөлек батырлар бастаған қазақ сарбаздарының ай бойы соғысқан жері. Міне, осы соғыста жауын жеңіп, мерейлі болған Бөлек ауылына келсе, әйелі ұл тауыпты. Оған ерекше қуанған Бөлек «мен жауымды жеңіп, оны қашырған күні дүниеге келген ұлымның аты – Жауқаш болсын» – депті.

Шежіреші Зайыр Сәдібеков Суанның аталығын сонау Майқы биден таратады.

Майқы би – Бақтияр – Үйсiл – Абак – Қараш би – Бәйдібек – (Домалақ енеден) Жарықшак, одан Суан. 6*

Одан әрi Мұхамеджан Тынышбайұлы шежіресiн пайдалансақ:

Суаннан – Тоқарыстан, одан үш ұл, бiрi – Мұрат. Мұраттан он ұл: Орыс, Қараменде, Әбдiсүгiр, Байтүгел, Қарабек, Шегерек, Тұрсын, Есет, Бүргелтай және Жәдiгер деп таратады. 7*

Осы он ұлдың бiрi – Бүргелтай (Бөрге) Бөлектiң әкесi деуге қисыны келетiн сияқты.

Бөлек батырдың Жоңғар шапқыншылығы кезiнде ерекше ерлiк көрсеткен кезi – қалмақтың атақты батыры Доланқарамен жекпе-жекке шығуы. Бұл айқаста жас Бөлек тәжірибелi Доланқараны өлтiредi. Басына шоқпар тиiп, күлпаршасы шыққан қалмақ батыры атынан ауып түседi. Қалмақтың Доланқарасы Бөлек батырдан бұрын жекпе-жектерде қазақтың Дулат – Ботбай, Сәмет және Наурызбай батырдың туған ағасы Құдайберген батырларды өлтiрiп, қазақтың жүрегiне ауыр қайғы салған әккi де айлакер жау болатын. 8*

Сол жекпе-жек өткен тау кейiн Доланқара аталып кетедi. Бұл оқиға Аңырақай шайқасынан көп кейiн, 1745 жылдар шамасында болса керек. Кейiнiрек қазақ батырлары бас қосқан кезде үш жүздiң қолбасшысы Қаракерей Қабанбай батыр Доланқараны жайратқан Бөлек батырға өз ризашылығының белгiсi ретiнде белiндегi алтын сапты кездiгiн сыйға тартқан деседi. Сол кездiк ұзақ жылдар бойы Бөлек батыр ұрпақтарында үлкен құрметпен сақталыпты.

Бөлек және оның үлкен ағасы Киiкбайдың ұлы Үмбетайдың ұрпақтары бүгiнгi күнi жұптарын жазбастан, Жоңғар Алатауының бiр сiлемi Үлкен тау жанында Теректi өзенiнiң бойындағы Қарамола, Ақмола аталатын кең жазықтағы өз ата қоныстарында өмiр сүрiп жатқандығын жазады мақала авторы. Бүгiнде батыр есiмi ескерусiз қалған жоқ. Жуырда Бөлек батырға 295 жыл толуына байланысты оның атамекенiнде

биіктігі жеті метр ескерткіш орнатылған. Иә, елін, жерін басқыншы жаудан қорғауда жан аямай күрескен батырлардың есімі өшпек емес, олардың ерлік істері ұрпағына өнеге болып мәңгіге қала бермек.

Шапырашты Бөлек батыр

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «Бөлек Қараұлы (1700-1785жж.) батыр қолбасы, ұлы жүздің Шапырашты тайпасының Асыл руынан. Бөлек XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғарларға қарсы күресте Шапырашты Наурызбай батырдың мыңбасы болған. 1729 жылы шайқаста жоңғар әскерінің қолбасы Аңырақаймен жекпе-жекте оны өлтірген. Бөлек батыр бастаған қазақ жасақтары 1750 жылы жоңғарларды Турфаннан асыра қуған.» V деген деректер берілген. 9*

Қазыбек бек кітабында Шапырашты Бөлек батыр 1696 жылы туған деп жазылған. (409 бет)

Шапырашты – Асыл руының шежіресі (аталықтары есімдерінде аздаған алшақтықтар бар) Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мұхамеджан Тынышбайұлының және Зайыр Сәдібековтің еңбектерінде келтіріледі. Дегенмен Бөлектің аталығы туралы Нұрсадық Сарқожаевтың талдаулары нақтырақ. Өйткені ол Бөлектің атамекені Ақшиде отырған бүгінгі ұрпақтарынан теріліп алынған дерекке және жергілікті шежіреші Аубай Байзақовтың зерттеуіне сүйенгенін жазады. Сонымен Нұрсадықтың талдауындағы Бөлектің аталығын таратсақ:

Шапырашты – Ыстық – Желді – Асыл – Байбағыс – Батыр – Көрпе – Әйеке – Дәулетбай – Қара – Бөлек.

Бөлек Қараның ұлы, Дәулетбай немересі. Сатай – Дәулетбайдың туған інісі. Бөлек Сатайдың тәрбиесінде болғандықтан Сатайұлы аталып кеткен. Сатай мен Дәулетбай өз кезінде атақты батырлар сапында болған.

Сатай өз тәрбиесіндегі Бөлекті ер қаруы – бес қаруды жетік меңгеруге үйретеді. Ынталы да алғыр жас тәжірибелі сарбаздың қару ұстаудағы әр қимылын қалт жібермей үйреніп, әр сөзін жаттап алады. Қарудың

қай түрін де ұршықша үйірген құрыш білек пен көз ілеспестік шалт қимыл жекпе-жектерде Бөлектің қарсыластарын талай сан соқтырады. Ол шын мәнінде ат құлағында ойнаған шабандоз болатын. Шауып келе жатқан ат үстінде, оның бауырында адамның ойына сыймайтындай қимылдар жасау Бөлек үшін үйреншікті іс екен. Небір қатерлі деген дұшпанын жекпе-жекте жер жастандыруда осы бір машықтарының пайдасы тиеді. Ата қанымен берілген қарағайдың қарсы біткен бұтағындай қайсарлыққа қоса, батырға қажетті шыңдалған болаттай шымырлық сан айлар мен жылдар бойғы табанды жаттығудың нәтижесі екендігі түсінікті. Ұстазы келіскен қазақ ұланы жігіттік жасына толғанда сарбаздық өнердің қыр-сырын да меңгеріп үлгерген болатын.

Қазақтың басына қалмақтар салған «Ақтабан шұбырынды» ылаңы Шапырашты Бөлектің тепсе темір үзетін шағына сәйкес келеді. Бөлек, атасы Сатаймен бірге жаудан қашқан елді Іле өзенінің сол жағалауында қарсы алады. Осы кезден бастап, жаудың негізгі күшін талқандап, оны ел шетінен қуғанша Бөлек батыр отыз жылға жуық бел шешіп, ат үстінен түспеген ұлтымыздың сайыпқыран сарбаздары қатарында болады. Біртіндеп ес жиған ел күш біріктіріп, жасанған жауға қарсы тұруды ойласады. Алматы маңындағы Қырғауылдыда, Шөпқопада өткен қанды қырғындар Бөлектей сан ондаған жастарды батырлыққа шыңдады.

Қаратаудың бөктеріндегі ұрыста қарт батыр Өтегеннің жауға деген қаһарлы айбары, оның қалмақ батыры Ботхишарды өлтіруі Бөлектей жастар үшін жанқиярлық ерліктің қайталанбас үлгісі еді. Жау барған сайын қазақ қолының тегеуірінді қарсылығына кездесе берді. Сарысу маңындағы соғысты Қазыбек бек былайша суреттейді: «Сарысу бойындағы Айрантөгілген аталған жердегі қырғынға бар қазақтың басы қосылып, жұмыла кіріскен еді. Сонда қазақтан үш мың найзалы сарбаз аянбай айқасқан. Ұрыс алаңындағы жекпе-жек үш күнге созылады. Соңы жаппай кескілескен додаға

айналған. Мұндағы майдан төрт жерде жүргізіледі. Жетісудан барған қалың қол Сарысудың батысындағы Бұланты өзенінің жағасында соғысады. Осы соғыста жасының егделігіне қарамай, Сатай батыр да жекпе-жекке шыққан-ды. Қазақтың сегіз батыры да жекпе-жекте жеңіске жетіп, тек Қоңқай батыр ғана мерт болады. Соңы жаппай соғысқа айналғанда қалмақ қоршауда қалып, қатты жеңіледі. Төрт жарым мың қалмақ сарбаздарынан тірі қалғандары қашып тоз-тоз болады».

Бұлантыдағы соғыста жас Бөлек халқының «қынабынан суырған қылышы» бола білді. Бұл ұрыста Бөлек алғаш рет жекпе-жек ұрыстың дәмін татады. Жекпе-жектің халқы алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Жауынгерлердің рухын көтеріп, жігеріне жігер қосу үшін жекпе-жекте жауын айқын басымдылықпен жеңу керектігін көңіліне түйеді. Сарысу соғысында шығынға ұшырағанмен жоңғарлар әлі де күшті болатын. Олар қалған күштерін Алатау бауырында топтастырып жатқанынан хабар алған қазақ жасақтары күш біріктіре бастады. Арқадан Қаз дауысты Қазыбектің, Үйсіннен Төле бидің қатысуы қазақтың үш жүзінің жасақтарының рухын көкке көтереді. Ендігі кезесу екі жақ үшін де шешуші соғыс болатындығы сөзсіз еді. Жамбыл аймағындағы қазір Аңырақай деп аталатын жазық бұрын Далатау аталған. Екі жақтың шешуші соғысына, міне, осы Далатау жазығы таңдалады. Алдағы жекпе-жек ұрысқа үш жүздің ең таңдаулы батырлары сарапқа салынады. Болашақ ұрыстың тағдыры осы жекпе-жекке байланысты. Жекпе-жекте жеңгендер жағының жоны күдірейіп, арқасы қозып, рухы көтерілмек. Ұлы жүзден Сіргелі – Қарашілік, Қарақалпақтан – Қылышбек, Шігері – Сеңкібай мен Шойбек, Шыбылдан – Мәмбет, Суаннан – Бағай батыр, Ошақтыдан – Саңырақ, Албаннан – Қойгелді, қазақтың Қарасай батырының шөбересі, ағайынды Қаумен, Жәпек, Дәулет, орта жүзден – Жонкеш, Алтай – Олжабай, Құдайменді, жас Естерек, Қазыбек бидің туысы қаракесек – Қарабек, Қуандық – Төмеш, Ағынтай батырдың немересі Тұра, Ағытай

– Ағындық, Таракты – Тоғай, Қарауыл – Қасым мен Қарабек, кіші жүзден де елге танымал бірнеше батырлар сарапқа салынады. Бұл батырлардың барлығының күші, әдісі, жасы, мінетін атына дейін сарапталады. Шапырашты Бөлек пен Алтай-Олжабайды көпшілік іріктеп, таңдайды. Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Қазыбек және Жолбарыс хан екі батырға батасын беріп, жекпе-жекке аттандырады. Жекпе-жекке алдымен Бөлек батыр шығуы керек. Мінетін аты бұрынғы шабдар торы жорға болуға келісіледі. Шабдар торы тұлпар Бөлек астында талай тартыста сыр бермеген сенімді серігі болатын. Қалмақтар да Хан тауынан сендей қозғалып, Далатауға келген-ді. Жоңғарлар Далатаудың терістік-батысына шоғырланады. Сәскеде Далатауға қалмақ елшісі келіп, соғыстың шартын айқындасады.

Шапырашты Бөлек батыр Далатау жазығындағы соғыста алғашқы болып, «Алла, өзің жар бола көр!»— деп, жекпе-жекке шығады. Дала соғысының небір сұрапылын бастан өткізген кәрі тарлан Сатай батыр өз шәкірті Бөлектің тәңірінен тілегін тілеп, егіліп тұрыпты дейді. Жоңғардың бас батыры атанған, дақпыртының өзі қарсыласын қалтыратқан Аңырақ батыр асқан салтанатпен ортаға шығып, қазақтың жүректісін жекпе-жекке шақырса керек. Бөлек батыр өзінің шабдар жорға тұлпарының тізгінін бос жіберіп, үстінен үшқабат торкөз сауытын шешіп тастағанда барып, Сатай қарт көз жасын тыйыпты. «Иә, Алла, қолдай гөр! Бөлегім өнерін енді көрсетеді» – депті. Бөлек тұлпарын ағызған бойы қатар-қатар тізіле, анталаған қалмақ сарбаздары алдына барып, солардың тілінде «Мынадан өзге күштілерің жоқ па?» дегенді айтады да, Аңыраққа қарай ағызады.

Меңіреу жартас іспетті Аңырақтай аждаһаға қарсы қазақтың Бөлек ұланы жай оғындай атылады. Бөлек Аңыраққа бетпе-бет келгенде ат бауырына кіріп, «жоғалып» кетеді. Ер үстіндегі қазақ батырынан демде көз жазып қалған қалмақ батыры сойылын қайда сілтерін білмей, абдырайды. Аңырақтың ту сыртынан

шығып, ат бауырынан көтерілген Бөлек қалмақ тізгінін кері бұрғанша Аңырақтың сол жақ қара санынан шоқпармен соғып өтеді. Бөлектің бұл соққысында жоңғарлар қолында шәйіт кеткен сан мың жазықсыз боздақтардың құны, қазақтың ғасырлар бойы тәрік болған бейбіт өмірінің құны болатын. Сондықтан да бұл соққы әдеттегі шоқпар соққысынан әлденеше есе ауыр еді. Аңырақтың қара санының күлпаршасы шықты. Бөлектің екінші айналып соғуынан Аңырақ мүлде есеңгіреп, ат үстінен допша домалап түседі. Бөлек иесі жоқ Аңырақ тұлпарын тізгінінен жетелеп кері оралады. Қазыбек бектің жазуы бойынша Далатаудағы осы ұрыста жоңғар қалмақтары өздерінің негізгі күшінен айырылады. Бас батыры Аңырақтан айырылған жоңғарлардың жігері мұқалып, рухы сөне бастайды. Далатау жазығы осы соғыстан кейін Аңырақай атанған.

Ұлы жүз қолын шапырашты Наурызбай басқарғанда, Бөлек батыр осы қосында мыңбасы болады. Бөлек батырдың мыңдығы жоңғарлардың Қаскелең және Шамалхан қолбасыларының жасақтарын жоюға қатысады. Жоңғардың Шамалхан бастаған қалың қолын Бақанас терістігіндегі Бектас құмына қуып тығып, талқандайды. Бөлек мыңдығында Молдабай, Жанар және Дәулет батырлардың жүздіктері Текелі, Қараталда, одан әрі Шөпжотада жауды түре қуады. Жаудың негізгі күші талқандалды. Сөйтіп, басқыншылардан ата мекен – туған жерді бұратала тазарту басталды.

Бөлек батырдың заманынан бері үш ғасырдан астам уақыт өтсе де, батырдың жауға киер сауыты мен дулығасы күні бүгінге дейін оның ұрпақтарында сақталып келіпті. Батырдың атамекенінде тұрып жатқан ұрпақтарынан, бүгінде Есік қаласының тұрғыны зейнет жасындағы Жылқыбаева Сақып асылдың сынығындай қастерлеп сақтаған бабасының мүлкін жақында Астана мәдени орталығындағы Мемлекеттік мұражайға тапсырыпты.

Кезінде ұлтының қорғаны болған батырдан қалған қымбат жәдігер енді ел игілігіне, жастарымызға

отансүйгіштік рух дарыту бағытындағы тәрбие ісімізге пайдаланылатын болады. Батырдың есімін халық есінде мәңгіге қалдыруға, оның кіндік қаны тамған атамекені Еңбекшіқазақ ауданы Ақши ауылын Бөлек атымен атауға жергілікті басшылар жұмыстанып жатқанын баспасөзден оқыдық. Нұр үстіне – нұр дегендей.

* *
*

Шапырашты Бөлек батырдың ұрпақтары бабасының қайтыс болған және жерленген жерін іздестіруде. Батыр өмірінен әлде де біраз жайлар ашық қалып отыр.

Тарихи деректе Бөлек батырдың жасақтары 1750 жылы жоңғарларды Турфаннан асыра қуғандығы айтылады. Одан кейін батыр өмірінен дерек жоқ. Батырдың ұрпақтарының оның бейітін Турфан маңынан іздеуінің (Нұрсадықтың жазуынша) де қисыны келмейді. Өйткені, ұлттық энциклопедияда көрсетілгендей, Турфан соғысынан кейін де Бөлек батыр (1785-1750=35 жыл) біршама жыл өмір кешкен ғой.

Жоңғарлармен соғыс кезінде біз әңгіме еткен қос Бөлек батырлармен қатар үшінші Бөлектің де болғаны туралы дерек кездескен. Есенсары Тұрлыбекұлының «Бөдес» атты дастанында:

...Олжа үшін талаптылар қасына ерген,

Көрмейді ешкім олқы Бөдес ерді.

Бөлек деп атап кеткен ер Бөдесті,

Ханзада неше атадан нәсіп текті – делініпті.

Бөдес – Найман ұрпағы (дастандағы мәліметке сүйенсек – Бөлек), кезінде айтулы батырлардың бірі болған екен. Бөдес батыр жекпе-жекте жоңғардың Доржы, Яшур, Сейіл, Моржық және Шонжы батырларын жеңген.

Бөлек батыр туралы зерттеушілердің қаперіне береріміз: дастандағы мәліметке сүйеніп, Бөдес батырдың ерлік істерін алдыңғы Бөлек батырлармен шатыстырмаған жөн болар. Бұл бағытта да осы жолдардың авторы біраз уақытын шығындаған.

Бөлек батырлар жөнінде әлде де біле түсуімізге үміт бар. Келесі бір материалға көңіл аударсақ: «XVIII ғасырда қазақ батырлары арасында шапқыншы жоңғарларды ата жұрттан босатқанша қылышы белінен, найзасы тақымынан түспеген Бөлек, Байсейіт, Тауасар, Жоламан, Әжібай, Шағаман батырлардың ерлік істері тарих беттерінде көмескіленіп, белгілі тұлғалардың тасасында қалғандай. Оларға қатысты азды-көпті деректер Ғылым Министрлігі, Ғылым Академиясы Орталық кітапханасының сирек қоры мен М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына қарасты қолжазба орталығында шаң басып, жанашырларын күтіп жатқанын көп зерттеушілер білмейтін де сыңайлы» –деп жазыпты тарих ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Кеңес Нұрпейіс. 10*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тұрдақын Құдайқұлов «Біредер сөз», «Қазақ батырлары» газеті №5,2001ж.
2. Б.Әділбеков «Бөлек батыр»,»Ұлан» газеті №2,14 қаңтар 2003 ж.
3. Нұрсадық Сарқожаев «Бөлек Сатайұлы – ел қорғаған ер баба», «Президент және халық» газеті №4 2-43, 19 қазан 2007 ж.
4. Қазақ кеңес энциклопедиясы 7 том 116-бет.
5. Тұрдақын Құдайқұлов «Біредер сөз», «Қазақ батырлары» газеті №5,2001ж.
6. Зайыр Сәдібеков «Қазақ шежіресі» Ташкент-1994ж. 76-бет.
7. Мұхамеджан Тынышбаев «Қазақ шежіресі» Ташкент – 1925ж.
8. Нұрсадық Сарқожаев «Президент және халық» газеті №42,2007 ж.
9. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 2 том А-99, 406-бет.
10. К.Нұрпейіс «Ер Әжібай», «Қазақ батырлары» №9,2000 ж.

**АТЫРАУ
АРДАГЕРЛЕРІ**

42-НІҢ КӨКТЕМІ ЕДІ

Күнделікті әдетінше ерте тұрған Шәкең үй жанындағы тәжірибе станциясының алма бағының ішіне серуенге шықты. Бұл өңірге биылғы жылы кешігіңкіреп келген көктемнің таңғы жұпар ауасы кеудені кеңітіп сала берді.

Табиғат-Ана өз әдетінен жаңылар емес, жыл он екі айда қайталап жаңарып, жасарып отыратын гүлді дәуреннің міне, мынау бастамасы. Алма ағаштары бүршіктене бастапты.

– Әне, тіршілік күші деген осы, – деп қойды Шәкең ішінен.

Күн сәулесі түсе бақ ішіндегі жібек перде жеңіл тұмандық баяу ғана қозғалып, жоғары көтеріле берді.

– Тоқта! – деп қалды Шәкең өзіне-өзі. – Тоқта, мынау дәл сол көрініс қой!

Соғыс және еңбек ардагері Досмағұлов Шайдолланың бұдан 43 жыл бұрын майдан даласында болған оқиға көз алдынан тізбектеліп өте берді. Сонда да осындай маужыраған көктем таңы болатын...

Мыңтөбе ауылынан майданға аттанған жігіттер Соль-Илецкіде 3 айдай соғыс ісіне жаттықтырылды да, олар құрамына кіретін атқыштар полкі Тула облысының Белев қаласына жақын Ока өзенінің Хородище хуторы орналасқан шығыс бетіне қорғаныс шебін құрды. Өзеннің келесі батыс беті жау бекінісі.

Бекініс шебін құрып болғаннан кейін жауынгерлер арасынан мергендер дайындау туралы нұсқау болды. Бұл кезде аға сержант, взвод командирінің көмекшісі 26 жастағы Шәкең мергендерді іріктеу, үйрету жұмысына белсене араласты. Мыңтөбе мен Нарын құмында өсіп, ержеткен жерлестері ішінде Дәулетов Бегімбет, Қазиев Шамшарып сияқты қыр қоянын қашырып, құсты ұшырып ататын, көздегенін жібермейтін мергендердің де бар екенін білетін. Мергендер қатарында ақтөбелік, орынборлық жігіттер де болды. Міне, солардың өнерін бірлесе отырып жауға бағыттады.

Олар олжасыз да емес. Жаудың саны күніне 2-3-ке болса да кеми түсуде. Өзеннің жау бекінген батыс беті тік жар, барлау жасауға, тіл әкелуге өте қолайсыз. Бұл жөнінде Шәкең мергендермен ақылдаса келіп, былайша тоқтамға келді. Өзеннің шығыс жағасына төніп тұрған қалың орманды пайдаланып, түн ішінде мергеннің бірі ағаш басына қауіпсіздеу орналасады да, таң саз бере жау бекінісін, ондағы қозғалысты, тылмен қатынасын, қару-жарақ түрлері орналасуы туралы мәліметтері жеткізілді. Взвод командирі бұл ұсынысты қолдады. Сөйтіп, бекініс шебінің дәл желкесіндегі қалың қарағайдың басы, жер жастантқан жауының саны 17-ге жеткен Бегімбеттің үйреншікті орнына айналды.

Полк жау жөнінде біршама хабардар болды, біздің атыс ұяларымызға айқын бағдар беріліп отырылды. Осы жұмыстары үшін Шәкең және мергендер тобы «Ерлігі үшін» медалімен наградталды.

Жау жағы да қарап жатпады. Мыңтөбедегі «Қызыл ту» колхозының колхозшысы, Шәкеңнің бірге өскен құрдасы Исламов Сыралы жау мергенінің оғынан қаза тапты.

Онда да осындай маужыраған көктем таңы болатын. Мергендер таң біліне өз орындарына кетті. Кешікпей-ақ Шамшарып нысана тапты. Неміс офицерін сұлатқаны сол еді, оның бергі жағынан әскери шені жоғары біреуі мерген мылтығының қаруылына іліге кеткені. Кідірместен екіншісін де атып жіберді, бірақ осы сәтте неміс атқышының оғы Шамшарыпты да тапты. Орын ауыстырып үлгермеді, қайран ер!

Бегімбет те бағып жатса керек, фашистің сазайын тартқызды. Бірақ, онымен қыршын кеткен боздақтар орны толар ма?!

Иә, онда да осындай маужыраған көктем таңы еді-ау. Бұдан 43 жыл бұрын.

Сонау 1942 жылдың көктемі еді ол. Ауыр күрсінген Шәкеңнің ойын үй жақтан:

– Шал-ау, қайдасың? Шәй дайын – деген бәйбішесі Меруерттің даусы бөліп жіберді. Жетпісті алқымдап

қалған Шәкең бүгінгі күні өз қатарынан әлдеқайда жас көрінеді, қайратты қара шашты қырау дендеген жоқ. Ұл өсірген, қыз өсірген үлгілі жанұя басшысы. Қыздары шаруашылықтың әр саласында өз үлестерін қосса, ұлы Балтабек – кәсіптік-техникалық училищеде оқу озаты.

Ел басына күн туған сол бір ауыр кезеңнің үш жылын Шәкең оқ пен от ортасында өткізді. Жараланып елге келген ол саулығын күтіп отыра алмады, бірден жең түріп шаруашылыққа араласып кетті. Жасы жетіп демалысқа шыққанша ел экономикасын көтеруге өз үлесін қосты. Шаруашылық жөнінде жастарға өз тәжірибесі мен ақыл-кеңесін беруге Шәкең әрқашан ерінбейді. Мектептің оқушылар жиындарында, училищенің курсанттары арасында арнаулы шақырумен келген Шәкеңді жиі кездестіруге болады.

– Білімдерің, күш-қуаттарың бейбіт еңбекке жұмсалсын, шырақтарым! – дейді Шәкең. Ардагер ағаның сөзін біз де шын жүректен қостаймыз.

– Жасай беріңіздер, ардагер Ағалар!

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Ұлтымызда көшпенді өмір салты туғызған әр ауылдың аузына қарар кемеңгер ақсақалы болғанын тарихтан ғана білеміз. Бүгінгі ауылымызда сол қазына қарттардың қалдығындай, асылдың сынығындай бір батагөй ақсақалымыз болса дейсің. Тәрбиедегі барлық проблемаларды шешіп тастамаса да, халқы қастерлейтін сол қартыңның жанарын тіктеген бір қарасының өзінен-ақ бүгінгі бейбастақ масаң жігітіміз тізгінін жиып, жастарымыз ашық-шашық етегінен қымсынар ма еді?!

* * *

*

«Бес саусақ бірдей емес» дегендей, мына пәни дүниеде адамдар да әртүрлі. Ауылда көпшілік жиналған басқосуларда ақсақалдар санатындағы қарттар аузынан бір жақта өткен ас та төк той, бүгінгі беріліп жатқан ас, біреудің түрмеге түсуі, ұрланған мал, қала берді күнделікті тіршілік қарекеттерінен өзге (бұларды айтпасын демейміз ғой, әрине) тұщымды әңгіме тыңдай алмай, көңіл күйіміздің төмендеп қайтатын кездері болады. Егер осы жиынға біздің Мүсекең аға қатысып отырған болса, сіз үйіңізге ат мініп қайтқандай болар едіңіз.

Үй-ішін, үрім-бұтақ аман болсын,
Дастархан кең жайылған тағам болсын!
Ұл-қызың еңбегінен бақыт тауып,
Ынтымақ, әділетті заман болсын!— деп, үй иелеріне арнаған батасымен қоса,
Ауылыңыз малды болсын,
Мал біткені жалды болсын!
Ұрпақтарыңыз еңбеккер болып,
Ағайынның алды болсын! — деп, ауыл-аймағына, сол басқосуда отырғандардың бірі — Сізге де арналған, әр сөзі алтынға тұражақ батасын тыңдағанда көңіліңіз көтеріліп-ақ қалады.

«Жақсы сөз — жарым ырыс» деген емес пе!

Ел ішінде батагөй қарттар баршылық. Олар көпшілікке таңсық болмауы да мүмкін. Мүсекең ағаның ерекшелігі сол – қуаныш иесі қарт, егде жастағы кісі ме, жаңа отау тіккелі жатқан жастар ма, оқу орнын бітіріп келген жас маман ба, өмірге енді қанат қақпақшы жас талап па, сүндеттелген ұлан ба, әлде жас нәрестеге арналған шілдехана ма – бәрі-бәріне арналған ақсақалымыздың батасы дайын.

Көпті көрген, көп оқыған, өмірден түйгені де көп қартымыз бата мәтінін өзі дайындайды. Жүрекке жып-жылы тиетін мағыналы сөз тіркестері жымдасқан ұйқастармен бабалар заманындағы жыр түрінде аға аузынан түйдектей төгілгенде, жүйкеңіздің біршама қыртыстары жазылып, бір жасап қаласыз.

Ата сөзі дарып мол,
Абылайдай алып бол!
Шоқан сынды жарық бол
Абайға ұқсап милы бол,
Құрманғазыдай күйлі бол.
Жамбылдайын дүлдүл бол,
Күләштайын бұлбұл бол,
Мұхтарға ұқсап терең бол,
Қанышқа ұқсап кемел бол,
Бауыржандай батыр бол,
Рақымжандай батыл бол,
Марғұландай шежіре,
Қасымдайын ақын бол,
Бағың жанып әрдайым
Жақсыларға жақын бол!

(Тұрғынбайдың батасы)

Сарайшық ауылына келе қалғаныңызда, спортшы жігіттердей денесі тіп-тік, үстіндегі киімдерінде әрқашан қылау болмайтын, жасы 85-ке келсе де, 60-тар шамасындағы қарттардан айырмасы байқалмайтын, жүзінен әрдайым мейірім шуағы төгіліп тұратын адамды кездестірсеңіз – ол біздің Мұса аға болғаны.

Мүсекең үстіміздегі жылы ақпан айының онында 85 жасқа толады. Ол 1920 жылы облысымыздың сол кез-

дегі Бақсай ауданы Ортақшыл колхозында (15-ші ауыл, Жайық өзенінің сол беті) дүниеге келген. 1940 жылы Сарайшық ауылында орта мектепті бітірген Мүсекең Бақсай аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөліміне жұмысқа алынады.

Соғыс басталды...

1941 жылдың қыркүйегінде армия қатарына алынған Мұса аға Орынбордағы кіші командирлер дайындайтын қысқа мерзімді курста соғыс ісіне біршама машықтанғаннан кейін, сол жылдың қараша айында Отан соғысы тарихында аты қалған 16-шы армияның 10-шы мотомеханикаландырылған атқыштар бригадасының пулемет ротасы құрамында бөлімше командирі болып Москваны фашистердің жойқын шабуылынан қорғауға қатысады. Бұл жылдар совет халқы үшін өте бір ауыр кезең болғаны белгілі. Бойында жастық оты жалындаған, жүректе жауға деген өшпенділік, сан мыңдаған Мұсалар, отқа да, суға да түсті. «Шегінетін жер жоқ, артында Москва» екендігін жанымен сезінген олар шоқ шайнап, от түкірді, жайшылықта адамның қолынан келместі істеді. Сөйтті де, жауды астана маңынан қуып шықты.

– Жау солдаттары да қырғынға ұшырады, біздің де талай марқасқа жігіттеріміз қыршын кетті ғой, – деп еске алады бұл кезенді Мүсекең аға.

Мәскеуді қорғауда ерен ерлік пен табандылық көрсеткен жауынгерлер марапатталғанда бөлімше командирі Мұса Шілбаев «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталады.

Ол 1942 жылдың көктемінде Орталық майданда Подольск, Калуга қалаларын жау қолынан босату шайқастарына қатысады. Осы жылдың аяқ кезінен Мүсекең Орталық майданның 65-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 18-ші полкі пулемет ротасы құрамында взвод командирі болып соғысқа араласады.

Совет Армиясының құрылған күніне тарту ретінде 1943 жылдың 20 ақпанында Орталық майдан Брянск бағытында ірі шабуылын бастады. Мерекеге тарту

қомақты болады, бірақ шығын да болмай қалған жоқ. Шабуыл кезінде Мұса аға жараланып, госпиталға түседі. Бұл оның соғыс басынан бергі үшінші жаралануы болатын.

1943 жылдың тамыз айында Орталық майданның 16-шы армиясының 22-ші гвардиялық ерікті Сібірлік дивизиясы 62-ші полкында пулемет взводының командирі болып, Смоленск қаласын жау қолынан босату шабуылына қатысады. Тамыздың аяғында Смоленск жаудан азат етілгенін тарихтан білеміз. Осы қиян-кескі ұрыста лейтенант шеніндегі Мүсекең төртінші рет ауыр жарақат алып, саптан шығады. Бұл ұрыстағы ерлігі үшін Мұса аға «Отан соғысы» бірінші дәрежелі орденімен екінші рет наградталады. Госпиталда ұзақ емделген Мүсекең елге 1944 жылдың тамызында оралады. Кешікпей жас жігіт еңбекке араласты. Алғашқы жылы Бақсай аудандық оқу бөлімінде әскери іс сабақтары жөнінде нұсқаушы болып істейді.

Сөйтіп, Мүсекең соғыстан кейінгі өмірінің біраз жылдарын ұстаздық-ағартушылық қызметпен өткізді. Ол 1945 жылдан бастап он жылдай Бақсай ауданының жетіжылдық, орта мектептерінде мұғалім, мектеп басшысы жұмыстарын абыроймен атқарды. Елімізде ұсақ колхоздарды ірілендіру кезеңінде 1955 жылы Бақсай аудандық партия комитеті бюросы өз ісіне жауапты, 1951 жылдан партия мүшесі Мұса Шілбаевты жаңадан ірілендірілген «Красный Каспий» балық колхозына партия ұйымының жетекшілігіне жұмсайды.

Шаруашылық ұжымдарында партия-кәсіподақ ұйымдары жетекшісі болып 10 жылдай жемісті еңбек еткен Мүсекең саулығына байланысты 1965 жылдан кейін ауылда мәдени жұмыстар саласына ауысады.

Мүсекең 1974 жылдан бастап 15 жылдай Сарайшық ауылында орналасқан облыстық ауылшаруашылық тәжірибе станциясы ғылыми кітапханасын басқарды. Бұл жылдары тәжірибе станциясы экономикасы өрлеген, тәжірибе шаруашылығы жолға қойылған алдыңғы қатарлылар сапында аталып жүрді. Мал

шаруашылығы, егін шаруашылығы салаларында бірнеше ғылыми тәжірибелер жасалып, еңбектер қорғалды. Осы жетістіктерде Мұса ағаның да белгілі мөлшерде үлесі бар. Ол ізденуші ғалымдарды қажетті ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етуде, жаңа түскен ғылыми әдебиеттерді саралап, аннотация жазуда уақытпен санаспай еңбектенді.

Зейнеткерлік демалыстағы Мүсекең қарт бүгінде ауыл ақсақалдарымен бірге ауылдың қоғамдық, мәдени өміріне де араласып, қажет жерінде аталық ақылдарын айтып отырады.

85 жасқа толуын құттықтай барып, Мүсекеңмен пікірлескенімізде қадірлі қартымызға соғыс туралы еске түсіру ауыр тиетінін байқадық.

Адам қолымен жасалынған байлықтың жойқын бомбаның жарылуынан бір сәтте талқаны шығып қирауы, небір сұлулықтардың өрт құшағында күлге айналуы, өмір сүруге ғана жаралған адамның жазықсыздан жазықсыз құмырсқадай қырылуы, әкесіз қалған бала, тұл қалған ана, өзінің көз алдында қыршын кеткен қарулас достары...

Біраз үзіліс жасап,

– Біз көргенді ендігі ұрпақ көрмесін. Біз көрген соғыс адамзаттың бір есерсоқ ұрпағының ылаңы ретінде тарихта ғана қалсын! – дейді Мүсекең.

Мүсекең ағамыз аз сөйлеп, көп тыңдайды, сұрақпен суыртпақтап қана айтқызасыз. Ол қажетсінбейтін ортада әңгімесін тықпалайтындардан емес. Әрдайым ұқыптылық, тазалық, тұрмыстық тұтыну заттарының кейбірін эстетикалық талғамға сай қолдан жасау, киімді сән пішініне келтіру – бұлар Мұса ағаның күнделікті тұрмыстағы ұстанымдары. Қоса айтарымыз, қандайда бір бұйым Мүсекең қолымен жасалған болса, онда оның сапалық белгісі бар деп есептеңіз, біздің Мұса аға сондай адам!

Үш жауынгерлік орден, он алты медальдармен марапатталған ағамыздың отбасы, ұрпағы туралы сұрадық.

– Соғыстан келгесін кешікпей Ағила есімді қызбен отау құрдым. Үш балалы болдық, оның біреуі ерте қайтыс болды. Ұл мен қызым екеуі де дәрігер. Үш немере сүйіп отырмын. Шүкіршілік етемін. Бәйбішем ерте дүние салғанымен бала-келінім мен қызымның күтімінде, немерелерімнің болашағының жарқын болуын тілеп отырамын. Немерелерімнің бірі – мұнайшы-инженер, бірі – мұғалім, ал кішісі техника маманы болғалы жүр.

– Жастар туралы, қазіргі заман туралы қандай пікіріңіз бар? – деген сұрағымызға:

– Біздің кезіміздегідей емес, заманда, заңда өзгерді. Тәуелсіз болдық, қуандық. Бәрі жақсы. Айтпағым – ұлтымыздың болашағы, жастарымыз қай бағытқа бара жатыр? Жастар арасындағы бүгінгі келеңсіз көріністер: ішімдік, нашақорлық, ұрлық, зорлық, қыздарымыздағы әдептен мәңгүрт арсыздық – бұлардың түп тамыры неде жатыр? Қай жерден қателестік? Бұған мен сияқты қарттардың күші мен ақылы енді жетпейді. Ол енді сен және сен қатарлылардың міндеті. Тәрбиедегі қатені тауып, өрт кезіндегідей жедел дабыл қағатын кезеңге жеттік, менің ойымша!

Осы бір қауіптің алдын алсаңдар, мен сияқты қарттарыңның түн ұйқысы бұзылмас еді, інім – деп, Мұсекең қарт қаупін де, аталық тапсырмасын да айтты.

Иә, қадірменді қартымыз зейнетақысының аздығы, не күнкөріс жөнінде емес, ұлтымыздың болашағы туралы мазасызданып отыр. Асылдың сынығындай Мұса ақсақалдың аталық аманаты туралы бәріміз де ойланайық, оқырман.

Қаңтар, 2008 ж.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Жасы сексенге жуықтаған, ұзақ жылдар облыс ауыл шаруашылықтарында шаруашылық басшысы, бас маман болып істеген еңбек ардагері Ахметжанов Сапи ағаның үйінде отырмыз. Сәкең өзі басқарған шаруашылықтарда еңбек жетістіктері үшін Одақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс және қола медальдарымен, ағарту ісіне қосқан қомақты үлесі үшін «Қазақ ССР оқу ісінің үздігі» белгісімен, аудандық, облыстық басшы органдар тарапынан сан рет мақтау қағаздарымен марапатталған екен.

— Аға, өмір жолыңыздың бүгінгі жастарға үлгі боларлық бір-екі кезеңін әңгімелеп берсеңіз,— деп, қолқа салдық.

Сәкең өзі туып-өскен Новобогат (қазіргі Махамбет) ауданының Забурын совхозында бас зоотехник болып істеп жүрген кезі. Н.С.Хрущевтің сол жылдардағы Қазақстанда қой санын 50 млн-ға жеткізу жөніндегі тапсырмасын кейінгілер ұрандап қарсы алды. Республика қой санын өсіру жөнінде облысқа көтеріңкі тапсырма берген. Өз кезегінде облыс бұл тапсырманы аудандарға таратады. Махамбет ауданы қой санын өсіру жөніндегі тапсырмасын әр совхоздарға үлестірсін... Сәкең еңбек етіп жүрген Забурын совхозына жуықтағы он жылда қой санын 80 мыңға жеткізуге тапсырма беріледі. Сол кезде партия ұран тастады екен, оны орындау міндет, шаруашылық басшылары, мамандары тарапынан талқылау немесе нақты мүмкіндіктердің жоқтығын дәлел ету әдетте жоқ нәрсе. Совхоздың, аудандық ауылшаруашылығы басқарма басшыларының пікірі «қарсы шығып опа таппаймыз, қазір келіскеніміз жөн болар, кейін көре жатармыз»-ға сайыды. Сәкең ой үстінде отыр. Орындауға мүмкіндік жоқ екенін біле тұра неге міндетімізге аламыз? Партия тапсырмасы болса, қайтеміз, нақты жағдаймен санаспағандығын дәлелдеуім керек деп шешті маман.

Бұрыннан өзіне таныс жайылымдық жер, совхоз аумағындағы бірнеше жылдардан бері жемшөп қорын дайындап алып жүрген шабындық жер шамасы да белгілеулі. Сәкең есепке отырды. Сонау 1950 жылдардың ортасында Алматыдағы зооветеринарлық институттағы өздеріне экономикадан дәріс берген оқытушыларының «қоғамдық мал шаруашылығының рентабельді болуы, одан алынатын мал өнімдерінің өзіндік құнының төмен болуы – шаруашылықтағы экономикалық есептің білгірлікпен жүргізілуіне және сол есепке сәйкесті ұтымды жоспарлануына тікелей байланысты» – екендігін айтатындары есінде. Атырау (ол кезде Гурьев) облысының қатаң табиғаты жағдайында қой малын өсіру үшін алдымен оған қажетті жемшөп қорын қамтамасыз ету керек. Ал жемшөп қорын дайындайтын табиғи шабындық жер аумағы шектеулі (ол жылдары мал шаруашылығы үшін екпешөп өсіру қолға алына қоймаған кез). Совхоздың мемлекет алдындағы міндеттемелерін (ет,сүт,жүн,елтірі,т.т.) орындау үшін тек қой ғана емес, өзге мал түрлерін де өсіру қажет. Оларға да жемшөптің белгілі мөлшері бөлінеді. Осы шарттарды түгелдей есепке алған Сәкең Забурын совхозы аумағындағы шабындық жерден түсетін жемшөп қорының мөлшерімен есептегенде шаруашылықта өсірілетін қойдың 50 мыңнан аспауы керектігін есептеп шығарды. Экономикалық есепті совхоз басшысы мен мамандарымен бірлесе отырып талқылады, дұрыстығына көздері жетті.

Аудандық партия комитетінің Пленумында (онда республикадан Ауыл шаруашылығы Министрлігі экономика бөлімінің бастығы қатысып отырды) аудан шаруашылықтарында қой санын көбейтуді ұйымдастыру туралы мәселе талқыланды. Осы Пленумда Сапи Ахметжанов өзі жұмыс істеп жүрген Забурын совхозында қой санын таяу жылдарда 80 мыңға жеткізу мүмкін еместігін, шаруашылықтың барлық резервтерін іске қосқанның өзінде, таяудағы 7-8 жыл ішінде совхозда қой санын 50 мыңнан асырмау керектігін экономикалық нақты есептеулермен дәлелдеп шықты.

– Жемшөп жетіспесе, көрші шаруашылықтардан шабындық жер сұраса, әлде көрші Ақтөбе, Орал облыстарынан жемшөп сатып алыну жағы неге қарастырылмаған? – деген сұраққа:

– Ауданымыздағы көрші шаруашылықтардың әрқайсысы осы мәселемен бастарын ауыртуда, шабындық жер жетіспейді. Ал көрші облыстардан 500-600 км жерден сатып алып, тасылған шөп өсірілмек әр қойдың өзіндік құнын аспандатып жібергелі тұр – деп жауап берілді.

– Мал басын өсіру жөніндегі партия шақыруына коммунист бола тұрып, түрлі сылтаулармен үн қоспауды қалай түсінеміз?

– Бұл шаруашылық маманының қиындықтан қашуы емес пе? – деген сұрақтарды Министрліктен келген уәкіл тоқтатты.

– Маманның есебі дұрыс. Шаруашылықтың ішкі мүмкіндіктерін пайдаланғанның өзінде 50 мыңнан асыра алмаса, сол санды совхозында қалдыралық. Маманның ісін – партия саясатына қарсылық немесе қиындықтан қашу деп емес, совхозының шын патриотының, мал шаруашылығының жетік маманының ісі деп қабылдағанымыз жөн болар – деп, Сәкеңді қорғап қалыпты.

Бұдан кейін Сапи бірнеше жыл осы аудандағы Чапаев совхозын басқарды. Осы жылдары «өндіріс пен мектептің байланысы» деген үкімет қаулысы шықты. Қаулының негізгі мақсаты – өндіріс орындары мен шаруашылықтардың жалпы білім беру мектептеріне ғимаратын салу, жөндеу жұмыстары, материалдық базасын жасақтауға қаржылай да, техникамен де көмегін ұйымдастыру. Ал осы жылдары он бір жылдыққа көшірілген мектептер өз тарапынан шаруашылықтарға қажетті механизатор кадрлар даярлап берумен үлес қосуы керек болды. Бұған дейін совхоздың ферма орталықтарында бастауыш мектептер ғана болатын. Олар орналасқан үйлер де талапқа сай емес-тін. Үкімет қаулысын басшылыққа алған совхоз басшылары (ди-

ректор С.Ахметжанов) қой фермасы орталығы «Қызыл үйден» сегіз жылдық мектеп, малшы балалары үшін жатақхана, асхана және осында жүз орындық клуб үйін дәріханасымен салып берген.

Оқушы саны көбейгендіктен совхоз орталығы Аққыстауда бұрынғы орта мектепке қосымша сегізжылдық мектеп үйі салынған.

Он бір жылдық мектептің соңғы сыныптарында дайындалып шыққан шофер, механизатор-шопандардың совхоз шаруашылықтарында комсомол-жастар бригадаларын құрып, шаруашылыққа айтарлықтай қолғабыс жасағандарын еске алған Сәкең, совхозда екі жыл істеп, жолдамамен халық шаруашылығы институтына түскен ауылдың бірнеше түлектерінің есімдерін атап отыр.

– Бұл бір шаруашылық үшін де, ауылдың жастары үшін де пайдалы іс болды – дейді Сәкең.

1964 жылы Үкіметтің аталған қаулысын іске асырудағы нәтижелі еңбегі және облыс ағарту ісіне қосқан қомақты үлесі үшін Қазақ ССР Оқу Министрі шаруашылық басшысы Сапи Ахметжановты «ҚССР оқу ісінің үздігі» белгісімен марапаттады.

Шаруашылықты ғылыми негізде, экономикалық есеппен жоспарлап жүргізу нәтижелерін де берді. Совхоз жыл сайын таза пайдаға шығып отырды. Шаруашылық басшысы Сәкең осы жетістіктері үшін 1963 жылы Мәскеуде Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен марапатталды. Кейін, 1977 жылы осы көрменің қола медалін де алды.

1989 жылы зейнеткерлікке шыққан Сәкең үлкен отбасының ұйтқысы. Қосағы Кәзиба апа екеуі ұл-қыз өсіріп, олардың бәрінің сәйкесті жоғары білім мен мамандық алуларына жағдай жасады. Үлкен ұлы Мейрам республикамыздағы мұнай өнеркәсібінің білікті мамандарының бірі, балаларының өзгелері шаруашылықтың әр саласында өз мамандықтары бойынша еңбек етуде. Еңбекқор атадан үлгі алған балалары да жұмыс салаларында алғыр.

Сәкең бүгінгі күні ондаған немере-шөберелерінің шат күлкісіне бөленіп отырған бақытты ардагерлердің бірі. Әңгімеміздің соңында еңбек ардагері Сапи аға мен Кәзиба апаға ұрпақтарының қызығын көріп, ұзақ жасауларына тілек білдірдік.

Мамыр, 2008 ж.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Облысымыздың ауыл шаруашылығына механизатор кадрлар даярлауда ұзақ жылдар еңбек еткен ардагер-ұстаз Сайлау Есекенов үстіміздегі жылдың маусым айында 70 жасқа толады.

Ол 1938 жылы Махамбет ауданы Есбол ауылында дүниеге келген. Осы ауданның Қызыл үй орта мектебін 1956 жылы бітірген Сайлау жазғы демалыс кезінде Фурманов атындағы колхоздың қоғамдық малға жемшөп дайындау жұмыстарына белсене араласты, еңбекте көзге түсті.

1959 жылы Орал қаласындағы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» техникумын бітіріп, осы ауданның Заурал совхозында мамандығы бойынша үш жылдай еңбек етеді. Еңбекке ынталы жасқа совхоз ұжымы жоғары білім алуына жолдама береді. Сөйтіп, Сайлау Алматыдағы Қазақ Ұлттық агротехникалық университетін бітіріп, инженер-механик мамандығымен туған ауылына оралады. Техникумда және жоғары оқу орнында оқып жүрген жылдары жазғы демалыс кездерінде Сайлау ауыл шаруашылығының науқанды жұмыстарына қатысты. Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Павлодар облыстарында тың астығын жинауға үнемі қатысып жүрді.

Ол 1967 жылдан күні бүгінге дейін Махамбет ауданындағы №7 кәсіптік мектепте (бұрын кәсіптік-техникалық училище деп аталған) облысымыздың ауыл шаруашылығының түрлі салаларына маман кадрлар да-

ярлау ісіне атсалысып келеді. Ұзақ жылдарғы кәсіптік мектепте еңбек еткен кезінде Сәкең директордың орынбасары, арнаулы пәндер оқытушысы болуымен бірге мекеме кәсіподағы төрағасы, селолық кеңес депутаты, халық заседателі сияқты қоғамдық негіздегі жұмыстарды да атқарды. Өзі спорттың жеңіл атлетика түрімен айналысқан Сәкең мектеп жастары арасында спортты насихаттап, оларды баулуға көңіл бөлді.

Әр іске тиянақты, жауапкершілікпен қарайтын Сәкең педагогикалық жұмыстарында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. «Тракторлар мен автомобильдер» пәнінен оның «оқу кабинеті мен лабораториялық классты жасақтау және оқу көрнекті құралдарын жүйелеу» жөніндегі іс-тәжірибесі 1976 жылы бетше болып шығарылып, бүкіл Республиканың кәсіптік-техникалық училищелеріне таратылды.

Кәсіптік-техникалық білім беру саласы бойынша Республикалық, Одақтық педагогикалық оқулар мен семинарларда әртүрлі тақырыптарда Сәкеңнің өзінің іс-тәжірибесі туралы баяндамалары тыңдалып, оң бағаларын алды. Оның «Арнаулы пәндерді оқытуда жалпы білім беретін пәндермен байланысын жетілдіру» тақырыбындағы сан жылдарғы ізденісі 1987 жылы Көкшетау қаласында өткен XXIV Республикалық және 1988 жылы Ташкентте өткен VIII Бүкілодақтық педагогикалық оқуларда жоғары бағаланып, арнаулы диплом мен бағалы сыйлықтар алған.

Ауыл шаруашылығына білікті мамандар даярлауда, жастарға өнегелі тәрбие мен жүйелі білім берудегі көп жылғы нәтижелі еңбегі бағаланып, үкімет Сайлау Есенкеновты 1981 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапаттады.

Іргесі 1958 жылы қаланған, үстіміздегі жылы жұмыс істегеніне 50 жыл толғалы отырған Сарайшық кәсіптік мектебі жарты ғасыр ішінде облысымыздың ауыл шаруашылығының түрлі салаларына 13 мыңдай маман кадрлар даярлап берді. Бұл оқу орны ауыл шаруашылығына білікті мамандар даярлау ісінде-

гі жетістіктері үшін 1982 жылы Одақтық кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің Ауыспалы Туын жеңіп алған, бірнеше рет осы жүйенің Республикалық жүлделерін иемденген. Оқу орнының осы аталған жетістіктерінде ардагер-ұстаз Сайлаудың да елеулі үлесі бар.

Еңбек ардагері Сәкең бүгінгі күні өзінің қырық жылдан астам еңбек еткен ұжымында дәріс бере жүріп, өз тәжірибесін жас педагогтарға үйретуден жалықпайды.

Сәкең өмірде қарапайым, үлгілі отбасында зайыбы Зейнелғадат екеуі бірнеше бала тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырып отырған армансыз ата-аналардың бірі. Балаларының бәрінің жоғары білім алуына жағдай жасады. Ұлы – инженер-механик болса, қыздары экономист, бухгалтер мамандықтары бойынша еңбек етуде.

Бүгінгі күні, біздер, Сәкеңнің бұрынғы жұмыстастары, ауылдас қатарлары, «Мерейлі 70 жасың құтты болсын, ұрпағыңның қызығын көріп, ел игілігіне қызмет ете бер!» деген жүрекжарды тілегімізді айтамыз.

Сарайшық, маусым, 2008 ж.

**Адам – бүкіл дүниенің тірегі,
Адам — бүкіл тіршіліктің жүрегі.
Адам алып, буырқанған жойқын күш,
Бейбітшілік мәңгі оның тірегі.**

**Тұнған бойы шежірелі сыр адам,
Әр минуты өшпес^{өлмес} жыр адам.
Ол – өмірдің жаңартушы иесі,
Сондықтан да бәрінен де ұлы адам.**

МАЗМҰНЫ

Арнау	3
Алғы сөз	5
Пікір жазған тарих ғылымдарының докторы, профессор Хисмет Табылдиев, Қазбек қажы Ахметов – Қазақстан діни басқармасының Атырау облысы бойынша өкілі	7
Автордан	9
І тарау Атырау өлкесі І – ХІХ ғасырларда	
Атырау өлкесі Алтын Ордаға дейін	13
Ұлы Жібек Жолы – дүниежүзілік өркениет жолы	32
Бабамның жұрты – Ноғайлы	61
Аңызға толы Сарайшық	80
Сарайшықтың екінші өмірі (1600-1900 жж.)	86
Алтын Орда хандары	98
ІІ тарау Әлемдік өркениет биігінде	
Әлемдік өркениет биігінде	138
Исламның Қазақстанда таралуы	150
Тұран өлкесі, Дешті Қыпшақта, кейін Қазақстанда исламның тағдырын шешкен айқастар....	179
Қазақ топырағындағы тұңғыш Хазіреті Сұлтан әз Машайық.....	190
Құран – ғылымдар негізі	198
ІІІ тарау Тарих туралы ойлар	
Түрік туыстар туралы	208
ІV тарау Елін ерлері танытады	
Қасым ханы қазақтың	232
Малайсары батыр.....	243
Атырау ардагерлері	
42-нің көктемі еді	270
Асылдың сынығы	273
Өнегелі өмір	279
Ұстаз ұлағаты	283

*Автор осы кітаптың баспадан шығарылуына
демеушілік жасаған «Теңізшевроил» ЖШС,
кәсіпорын ұжымына, оның басшылары
Подд Леви мырза мен Линси Крэйн ханымға
ризашылығын білдіреді.*


Ж. ҒИЗАТОВ

**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ҚАСИЕТТІ КҮМБЕЗІ**

Компьютерде терген *Орын Сағынбаева*
Көркемдеуші дизайнер *Ерболат Жанұзақұлы*

Теруге 23.06.09 ж. берілді. Басуға 30.06.2009 қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Таймс». Көлемі 18 б. т. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 2092.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41 үй.



Жанұзақ Ғизатов

Атырау облысы, Исатай ауданы,
Забурын ауылында 1939 жылы
дүниеге келген. 1963 жылы Атырау
пединститутын бітіріп, ұзақ жылдар
кәсіптік-техникалық білім беру
саласында істеді. Оған 1975 жылы
“Қазақ ССРінің еңбек сіңірген мұғалімі”
күрметті атағы берілген. Қазір
“Хан Ордалы Сарайшық”
мұражай-қорығының аға ғылыми қызметкері.
Ғылыми зерттеу мақалалары Республикалық
басылымдарда жарияланып келеді.
Ол – Республикалық “Қазақ тарихы”
ғылыми-әдістемелік журналдың
Атырау облысындағы меншікті тілшісі.
2004 жылы “Арыс” баспасынан
“Сарайшық - астана қала”
кітабы шығарылған.